

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**«МӘШҲҮРТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ  
ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«НАУЧНЫЕ ОСНОВЫ МАШХУРОВЕДЕНИЯ И РАЗВИТИЕ  
СОВРЕМЕННЫХ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК»**

**ПАВЛОДАР  
2023**

ӘОЖ 009  
КБЖ 6/8  
М38

**Редакция алқасының бас редакторы:**

**Садықов Е. Т.**, э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КеАҚ Басқарма  
Төрағасы – Ректор

Жауапты редактор:

**Ержанов Н. Т.**, б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КеАҚ ғылыми  
жұмыс және халықаралық ынтмақтастық жөніндегі Басқарма мүшесі-проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Жуманбаева Р. О., Қрықбаева М.С., Исенова Б.К., Утемисова З. Т.

**Жауапты хатшылар:**

Жуманбаева Р. О.

«Мәшһүртандың ғылыми негіздері және қазіргі гуманитарлық  
ғылымдардың дамуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының материалдары. – Павлодар : Торайғыров  
университеті, 2023. - 277 б.

ISBN 978-601-345-468-9

«МӘШҺҮРТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫ» атты Халықаралық ғылыми-  
тәжірибелік конференциясының (17 қараша 2023 жыл) жинағында келесі ғылыми  
бағыттар бойынша ұсынылған мақалалар енгізілген: Мәшһүртану және қазіргі  
әдебиеттану мәселелері, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи – мәдени мұрасы,  
Мәшһүр Жүсіп және жалпы тіл білімі мен журналистика, Мәшһүр Жүсіп ілімінің  
қазіргі гуманитарлық ғылымдармен үндестігі және жаһандық өркендеудегі орны.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 009  
КБЖ6/8

ISBN 978-601-345-468-9

© Торайғыров университеті, 2023

Секция 1  
Мәшһүртану және қазіргі әдебиеттану мәселелері  
Проблемы современного литературоведения и  
Машхуроведения

**МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ТҰСПАЛДАП БЕЙНЕЛЕУ  
ДӘСТҮРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШУ**

АКТАСОВ А. К.

магистрант, «Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖҮСІПОВ Е. Қ.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., «Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – тұспалдап бейнелеу дәстүрін  
қалыптастырушы. Олай дейтініміз, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы  
өзінің артынан қалған мол мұрасында мысал өлеңдер қалдырды,  
шығармаларында айтылған ой тұспалмен беріледі.

Еліміздің егемендік алуымен байланысты Мәшһүр-Жүсіп  
Көпеевтің мифологиясын, діни дастандарын, қисса-әпсенелерін,  
қарасөз үлгісіндегі жазбаларын кеңінен зерттеуге мүмкіндік туды  
[1]. Ақынның бұрын еш жерде сөз болмаған: «Жер мен көк»,  
«Хаятбақшы», «Миғраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі», «Яһуда,  
Патрос әңгімесі», «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі», «Әдһам  
диуана мен Ибраһим», «Нүсіпхан», «Шонтыбай қажы», «Жантемір  
қажы», «Ай мен күндей, һәммаға бірдей», «Нұх пайғамбар мен  
кемпір», «Дуаның пайдасы», «Дуаның пайдасы туралы», «Аспан  
жер және Адам жаратылысы туралы», «Адам мен жұлдыздар  
арақатынасы», «Шын дәулет пен жын дәулет туралы», «Ібіліс  
лағын шайтан хикаясы» т.б. мерзімді баспасөздерде аударылып,  
басылды. Аталған шығармаларда әлем жаратылысы, ғарыш пен  
жер байланысы төңірегінде әңгіме қозғалып, Көне Қытай, Шумер,  
Египет, Үнді, Грек мифологиясына назар аударылады. Мәшһүр-  
Жүсіп Көпеев дастандары сюжетінің бастау көзіне Шығыс  
аңыздары мен дастандары ғана алынып қоймай, Інжілдің (Библия),  
Құранның алынуы да ақын ой-өрісінің терең екендігін байқатады.  
Айталық, жұмақпен байланысты өзендердің пайда болуы Библияда  
орын алған еді. Ал, шығармалардағы айтылған топан су аңызының  
бастау көзін іздесек, Інжілден де (Библия) әрі барамыз.

Мәшһүр - Жүсіп Көпеев орта азиялық түркі әдебиетінің ықпалымен немесе, түрік жазба шайырларының нәзіралық үлгісімен келген кисса – хикаяттардың қазақтық үлгісін жасаған десек артық айтпаймыз. Мысалы, шығыс сюжетіне құрылып, қазақ фольклорының дәстүріне ұштасып, төл шығарма сияқты сипат алып кеткен «Мұңлық-Зарлық» осындай шығармаға жатады. Ислам діні тармағының қазаққа лайық идеялогиялық үлгісі Қожа Ахмет Иассауиден бастау алатыны белгілі. Міне, осы ескі діни – наным үлгілерін Мәшһүр-Жүсіп Көпеев басты қағида қылып алып, шығармаларына арқау еткен. Діни ұғым – нанымдарды насихаттайтын «Сал - сал», «Зарқұм», «Сейітбаттал» т.б. Көршіліес елдер мен басқа шығыс халықтарының ежелгі аңыз-әңгімелері, халық романдары мен поэмалары және классикалық әдебиет өкілдерінің дастандары «Шаһмаран», «Сейфүлмәлік», «Бозжігіт», «Абулхарис», «Шәкір – Шәкірат» араб елінің ертегісі «Мың бір түн», үнді ертегісі «Тоты - наме», Шығыс жұлдыздары Фирдауси, Физули, Науи, Низами дастан етіп жазған «Шаһнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир Зуһра», «Фархат - Шырын», «Ескендір» т.б. шығармаларының желісін алған да, қазаққа лайықтап өңдеп, өзінше қайыра жырлаған.

Мәшһүр- Жүсіп Көпеев «Ежелгі дәуір әдебиетіне» де қатты көңіл бөлгендігі шығармаларын оқығанда айқын көрінеді. Қорқыттың «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз қаған» туралы аңыздың желісін, Әл-Фарабидің дүние түсінігін, таным мәселесін, Махмұт Қашқаридің - медицина, астрономия қағидасын, Жүсіп Баласағұнның - ақыл, білім, тіл жайындағы ілімін, Қожа Ахмет Иассауиден дінге берік болуды, адалдықпен өмір сүруді, адамды сую сияқты тәлімдерді үйреніп, білім алған. Ал Қожа Ахмет Иассауидің шәкірттері Сүлеймен Бақырғани мен Ахмет Йүгінеки ислам шеңберіндегі түркі еліне жақын сопылық поэзия үлгісін насихаттап, адамгершілік, әдептілік, ынсап, қанағат ұрығын сепкендігін тарихи мәліметтерден білеміз. Бұл бағытта да Мәшһүр-Жүсіп Көпеев көп жұмыс істеп, еңбектенгені шығармаларынан белгілі. Бұндай тәлім-тәрбие күллі Орта Азия мұсылмандарының рухын көтерді. Рабғұзидің «Нух ‘алайһи с-салам» хикаяларының (Нұхтың кемесі, топан су) желісі, Лұқман Хақимнің әділдік ұлағаты Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Шайтанның саудасы» хикаясын жазуына әсер етсе, «Сүлеймен ‘алайһи с- салам» хикаясының құмырсқамен сөйлескені, жауыздық пен әділеттілік сияқты идеясы, «Хару мен Мару» хикаясындағы – нәпсі құмарлық, қызығушылық, күнә

мәселесі, Құтыптың, Әзірбайжан халқының ұлы ақыны Низамидің парсы тілінен жазылған «Хусрау уа Ширин» поэмасы үлгісіндегі шығарманың желісі, Хорезмидің «Махаббатнама» дастаны, Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтан» діни шығармасы, Сәйіф Сарай «Ядгарнама», «Сұһаил уа күлдірсін» дастаны да Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің діни сенім-нанымға толы шығармаларының желісіне арқау болды. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің фольклоршылық еңбегін ерекше атап өтуге болады. Ол – Шоқан Уәлихановтан кейінгі қазақ арасынан шыққан тұғыш фольклорист – ғалым.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Нартай Қуандықұлы Жүсіпов Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің фольклоршыл әдебиетінен жинаған үлгілерін зерттей келіп: «Соның бір көрінісі – қазақ фольклорын ең көп жинаған көлемі 15-20 томдай...» [2, 5], – болады дейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Аңыздар жер-су аттарына байланысты «Ой түндік белеңде деген қай жерде т.б.»; әулиелер: «Шайқы Бұрқы әулие», «Талмас ата әулие», «Болған ана мен Белең ата» т.б.; тарихи адамдар «Асан Қайғы»; пайғамбарлар: «Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа», «Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір» т.б. болып келеді.

Сүлеймен пайғамбарға байланысты хикаялар туралы ғалым әдебиетші С.Қасқабасов ел арасында негізінде үш сюжет төңірегінде құрылатынын, тәрбиелік мәнінде екендігіне жете көңіл бөледі [3, 206-207].

«Мәшһүр-Жүсіп Көпеев аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс – салт жырларын, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысы т.б. жинағаны белгілі. Мәшһүр - Жүсіп Көпеев ел арасынан «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Сайын батыр», «Нәрік ұлы Шора батыр» т.б. тәрізді батырлар жырларын; «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алтынбас-Күмісаяқ» лиро-эпосын жазып алған. Мысалы, «Қыз Жібек» жырының желісі негізінде «Гүлшат-Шеризат» дастанын жазғанын аңғарамыз» [4, 148], – дейді ғалым А.Тұрышов.

Ал «Бозторғай» – 460 жолдан, «Дін үйренетұғын» – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін тұңғыш қағазға түсірген В.В. Радлов екендігін де Мәшһүр -Жүсіп Көпеев көрсетіп кеткен.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жинаған ертегілерін, ақындар айтысы үлгілерін, хандар, билер, батырлар туралы тарихи

өңгімелерін тізіп бермей-ақ осымен тоқталамыз. Оның барлығы ғылыми мұрағаттарда сақталған. Осы аталған еңбектер Мәшһүр-Жүсіп Көпеев мұрағаттарының қаншалықты ауқымды екендігін көрсетеді. Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар кемел ақынның бірі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы екендігі белгілі. Ақын екі заманда бірдей 1917 жылға дейінгі патшалы Ресей жағдайында да, кейін ол патшаны құлатып, жаңа әділ заман орнатты деген коммунист отаршыларды билігі тұсында да қуғын-сүргіннен көз ашқан жоқ. Соның ең шырқау биіктері алдымен Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы қазанда жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабы 1912 жылы зиянды деп табылып, оның шығармаларын жариялауға тиым салынса, өзінің тірі кезінде салдырған кесененің (бейіттің) бұзылуы еді. Ақын 1907 жылы қабынған зорлықты, қазақ халқының ең бір шұрайлы жерінен айырылып, жоқшылық шеге бастауын жұқалап қана көрсеткен еді. Жалпы, қазақ поэзиясында мысал жанрының өзіндік даму жолдары мен өзгешеліктері бар десек, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев те әдебиеттің осы саласының көркеюіне үлкен үлес қосқан қаламгер және Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы тұспалдап бейнелеу дәстүрін қалыптастырушы. Бұл жөнінде зерттеуші ғалымдардың: «Мәшһүр- Жүсіп Көпеев мысалдарына тән бір ерекшелік – олардың сюжеттерінің дені сонау фольклордан бастау алып, әлем халықтары әдебиетіне кеңінен тараған ежелгі танымал мотивтерден тамыр алуы. Ортақ сюжетке жазыла беретін мысал жанрының типологиялық дәстүрін сақтай отырып, қаламгер өзіндік ақындық қуатпен, стильдік ерекшелікпен көрінуге тырысқан. Мәселен «Қасқыр мен тырна» жайындағы мысал И.Крылов пен А.Байтұрсыновта да бар. Бірақ А.Байтұрсынов ортақ сюжет желісін шығармасына арқау етіп қана қоймай, одан өзіндік пікір түйіп, оны ортаға салса, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев тырна мен қасқыр арасындағы болған жайды жалпылама баяндап қана қойған. Бұны – айтылмыш ақынның өзіне тән стиль ерекшелігі десек те болады. «Аңқау адам туралы», «Сәйгелді, сона, бөгелек туралы», «Жыл он екі ай» секілді мысалдары бұл пікірімізді растай түседі», - деген тұжырымдары дәлел [5, 8].

Мәшһүр -Жүсіп Көпеев өз халқының даналығынан, Батыс, Шығыс әдебиетінің озық ойлы адамдарынан үлгі алды. Өзінің мол тәжірибесіне, терең парасатына сүйеніп, мағыналы пікірлер түйіндейді: естігенінен, оқығанынан керектісін сұрыптай білді. Төл туындыларында өз кезеңі үшін өзекті мәселелерді көтеруі, атап айтқанда, ел ішіндегі ұнамсыз қылықтарды сынап, би-болыстар мен

патша әкімдерінің келеңсіздіктерін әшкерелеп, халықты оянуға, ұлттық мәдениет пен өнерді көтеруге шақыруы парасаттылығын, озық ой-көзқарасын байқатады.

Ақын шығармаларында өзіндік бейнелеу құралдарының қолданылуы ақынның даралық тұлғасын тануымызға мүмкіндік береді. Ақын өлеңдерінде тек өзіне ғана тән бейнелеу құралдарын қолданғандығы өлеңдері арқылы дәлелденеді.

Қаламгер әдебиеттің ажарлау құралдарын, құбылту түрлерін шеберлікпен қолданып отырады. Лирикалық қаһарманның сипатын ашуда болса да, оқиғаны баяндауда болса да тұспалдау, ажарлау, құбылту үндестікпен жұмсалып отырылған. Теңеу, эпитет, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, ұлғайту,, т.с.с. айшықтау орынды қолданылған.

Тұспалдау құралдарын қолдану арқылы ақын өмір шындығын астарлап, тұспалдап, береді. Тұспал өлеңдерінде ақын алмастыру, мензеу т.б. троп түрлерін жұмсайды. Ақын теңеулерінде де дәстүрлі теңеулер мен ақынның қолтаңбасын танытатын теңеулердің мол екендігін айтуға болады.

М. Ж. Көпеевтің тіліндегі «ой» сөзі де өзгеше ренкіде ыңғайланып, басқадай мағынада жұмсалады. Мысалы: терең ой, ұзын ой, бұзылған ой т.б. «Жал-құйрығын бір сапар созып тұрмын» деген жыр жолындағы «сапар» сөзін мезгіл ұғымында алған, әуелінде тура мағыналы /сапар // жолға// сапарға аттандым/ тіркесіндегі сапар сөзінен ауытқып барып, жаңа ұғымда қолданылған. Жалпы, Мәшһүр -Жүсіп Көпеев «сапар» сөзін жаңа ыңғайда жұмсап сөз түзуде қырағылық танытады. Сақалын саудалап – деген әдеттегі тіркес М.Ж. Көпеевте «саудама сақал» сындық мағынада қолданылып, метонимиялық құбылуға дейін барғандығын көреміз.

Жаурылықтың ер мінбей мініп желқом,  
Күнде бір ат мінбес пе ем болса жылқым .

«Хаятбақшы» дастанынан алынған бұл мысал: аттың жауырыны жара (жауыр) балмас үшін ертоқымның астынан салынатын жауырлық оны алып тастап, жайдақ тек қана қом салынғанын айтса керек. Қазақ ұғымында: «жауырды жаба тоқып» дейді, жауыр атқа жабаны салуды айтады. Қолшатырдың (алтын шатыр), (көтеріп саясын) сияқты түрлері ұшырасады. Алғымад – алғыр, тәрік-тәрікпеу сөздерінің жаңаша сөз жасамдық қабілеті де аңғарылады.

Ақын бұрынғы ақындардағы дәстүрлі көріктеуіш құралдарды, қолдана отырып, соны, өзіндік тың айшықтар қолданады. Ол ақынның дербес суреткерлігін танытады. Ақын символды жиі қолданады.

Ақын шығармашылығында от, су, ауа, жас сөздері символдық мәнде жұмсалып отырылған. Тұспал өлеңдерінде ақын әдеттегі сөздерге символдық мән артады. Мысалы, соқыр, түн, толқын, қан, базар, махаббат т.б.

Ақын өлеңдеріндегі көріктеуіш құралдар зерттеуші М. Баратованың ғылыми еңбегінде талданады. М. Баратова: «...каламгер стилі сөз болғанда белгілі бір баламалар қолданудағы дәстүр үндестігін, заман ықпалы мәнін ескерумен бірге ақынның жеке ізденісін, өзіндік нақыштарын зерделеп саралау арқылы ғана суреткер стилін кең межелеуге мүмкіндік туатынын көрсетеді [5, 21], – дейді.

Көңілім дария болғанда, қолым – қайық,  
Өз өзімнен боламын Еділ – Жайық.  
Айдын шалқар көл қайда қылар шабыт,  
Құла түзде қу ілген мен – бидайық.

Ақын қоғамдағы өз орнын айшықты теңеу, бейнелі сурет, метафора арқылы өрнектейді. Көңілім дария, қолым – қайық, Құла түзде қу ілген мен – бидайық – авторлық метафоралар.

М. Ж. Көпеев өзі өмір сүрген дәуірдегі шындықты туындыларында тап басып суреттеп берді. Қазақ даласының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-тұрмыстық жайларын жіті сезінеді. Өз туындыларында қазақ өмірінің бет-бейнесін көрсете алды. Ал кейбір жайттарды тура айта алмаған жағдайдың өзінде ақын шеберлікпен жол тауып, тұспал өлеңдері арқылы айтып кетті. Тұспал өлеңдерінде әлеуметтік жайлар, қазақтардың тұрмыс-тіршілігіндегі келеңсіз көріністер, ауыртпашылықтар, әділетсіздіктер мысал өлеңдерінде, тұспал өлеңдерінде айтылды, сыналды. Мысал өлеңдері арқылы ақын халқына ақыл-кеңес берді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сүтжанов С. Н. М. Ж. Көпеев және оның әдеби мұрасы. Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 1994. – 26 б.
- 2 Жүсіпов Н. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Павлодар, 2003. – 218 б.
- 3 Қасқабасов С. Казахская неказачья проза. – Алматы: Наука, 1990. – 206–207 б.
- 4 Тұрышов А. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. Филол. ғыл. докт. дисс. – Астана, 2004. – 319 б.
- 5 Баратова М. Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Астана, 2006. – 25 б.

#### МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

АЛТАЕВА Г. Е.

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ әдебиетінің XIX ғасыр өкілдері халық тағдырына жауаптымыз деп қарады. Бұл кезең қазақ әдебиетінде Ресей бодандығы арқылы орыс мәдениетінің ықпалын анық байқатты. Орыс мектептері ашыла бастады, ел билеудегі бұған дейінгі дәстүрлі билік түбірімен өзгерді. Халықтың еркі Ресей патшасына ғана бағынатын құзыретті мекемелер қолына көшті. Сондықтан да ендігі тұста қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, руханияты мен оның болашағына немқұрайды қарай алмаған ел тұлғалары орыс оқуының да қажеттігін сезінді. Сондықтан да болар, ғалым Д. Қамзабекұлы XIX ғасырдағы «... Қазақ Ағартушылығында Ресей арқылы Батыстан тәлім алу бар болғанымен, Шығыс хәм мұсылман елдерімен параллель жүргізетін тұстар аз емес» [1, 32 б.], – деген пікір айтады.

Қазақ ағартушылығы туралы айтқан тұста оның бастауында Абай, Шоқан, Ыбырай бастаған тұлғалар тұрса, кейіннен осы топты өз ойларымен тереңдеткен – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр шығармаларындағы ағартушылық туралы айтқан тұста біз мұсылман ағартушылығы мен қазақ руханиятын біріктіре қосқан тұлға ретінде танимыз. Қазақ әдебиеті тарихында мұсылман діні туралы теріс пікір айтқан туындылар ел арасына аса таныла қоймаған. Керісінше, мұсылман хиссалара, әпсана, хикаяттары дүниені түсіндірудің, әлемді, қоғамды ұғындырудың да құралы болды. Сондықтан да мұсылман діні қазақ үшін білім мен танымның көзі ретінде де бағалы болды. Қазақ тарихындағы мұсылман дінін насихаттау мен оның тұжырымдары мен түсініктерін елге жеткізу, басты қағидаларын ұғындыру көбіне-көп Орта ғасырдағы Рабғузи, Сараи, Хорезми, Иүгінеки, Иассауи шығармалары арқылы жетті. Ал таза қазақтың өз үлгісіндегі қалпын жеткізуші, тарушы, түсіндіруші – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болды. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық туралы ойлары бүтіндей ислам қағидаларын жалаң түсіндіруден тұрмайды.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларында мұсылман діні қағидаларын халыққа танып, оны қабылдауды талап етпейді. Ақын адмшылық, мейірім, жақсылық пен қамқорлық сияқты жалпыадамзаттық мұраттарды ортақ ұстаным ретінде ұсынады. Мысалы, «Жарты



нан» деп аталатын өлеңінде сандықтан шыққан айдаһардан 30 кісі, келесі 5 кісі де жолаушыны құтқара алмайды. Бұл 30 кісі 30 күн тұтқан ораза, 5 кісің 5 уақыт намазың. Бірақ осы намаз бен ораза айдаһар – ажал келгенде арашашы бола алмайды. Арашашаы бола алатын – біреуге істеген жақсылығың.

Ынсапқа қарасайшы, есің жиып,  
Өтіріктен ау жасап, бұрыш қиып,  
Көрінген мынау тұрған денеңменен  
Жатасың сен сандыққа қалай сиып? [2, 32 б.]

Жолаушыны құтқарған жарты кісі өз жақсылығының өтеуі үшін айдаһарды алдап та жеңеді. Ақын бүтіндей ерлікті, бұған дейінгі қалыптасқан таза ғана асқан ақылмен үйіруді мақсат етпейді. Адамның өз тірлігі үшін, өз жақсылығының өтеуі үшін ажалды да алдауы кімге де болсын көңіліне жағады. Ақын «Жарты нан» оқиғасы арқылы қоғамды көрсетеді. Қоғамды сынақтан өткізеді. Адамдар ортасы, қоғам қандай? Сенің қоғамдағы орның қандай? Ендеше сенің намазың мен оразаң өзің үшін істегенің, ал біреуге қажет кезде, дәл керек уағында жарты нан бердің – қоғам үшін қызмет еттің, біреу үшін қарекет еттің. Осы оймен ақын қоғамды сынақтан өткізе отырып, қоғамда адамның орны қандай болуы керек тұсты өзгеге керек болуымен маңызды деген идеяға апарды.

Ақынның шығармалары бұған дейінгі қазақ қоғамының өзгергендігін де ескереді. Сондықтан да оның айтар атқырыбы да бөлек. Ақынның бірталай шығармалары насихат, үліг, өнеге болып келеді. Адамшылық пен адамгершілікті бұған дейінгі бар қалыпта беріп қоймайды. Оған жаңа мазмұн қосады., ойды тереңдетеді.

Ақыфнның адамшылық нормасы – ынсап. Ынсабы жоғалмаған қоғам адамшылығы бар орта. Сондықтан да:

Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,  
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.  
Танып қой, танымасаң, мен боламын,  
Дүниеде қылған қайыр- жарты наның!

Шықпаған, сарандықтан, бүтін- қолдан,  
Қалмас ең болса бүтін, мұнша жолдан.  
Дүниеде қылған қайыр ықсаныңыз,  
«Тар жер, тайғақ кешуде» пана болған [2, 32 б.]

Ақынның бұл еңбегі құр наным емес, нақты істің озарын айтады түбінде. Ақын қазақты құр сенім мен нанымға малданудан сақтандырады. 30 күндік ораза мен 5 уақыт намазым мені сақтайды

деген соқыр сеніммен отыру емес, адам үшін керегі – мейірім мен жақсылықты жасай білу.

Ақынның өлеңдеріндегі жаңа таным мен түсінікті білдіретін шығармаларының бірі – «Аңқау сарт» деп аталады. Бұл өлеңде де ақын жаңаша ой түйеді. Аңқаулықты адамға зияны жоқ қасиет дегенімізбен де, адамның өзіне пайдасы жоқ, зарары мол, қолындағынан айырылатын кесапат мінез деп суреттейді. Аңқау сарттың есегінен, киімінен, тіпті барынан тұттай болып айырылуы – тым аңқау, сенгіштігі. Бұл өлеңді тұтасымен метафоралық өлең деп те алуға болады. Бар ұрымен, көлдененнің бәріне сенген аңқау сарттың бейнесі сол кездегі қазақ халқының да жай күйін еске түсіреді. Ақынның шығармаларындағы осындай көркемдік тұстар сол кездегі жаңа әдіс-тәсілдердің бір де болатын. Қоғам өзгеруіне қарай адамдар да өзгеріп жатқандығы, тіршілікпен бірге мінездің де түрлі белгілері бар екендігін ақын шығармаларынан көреміз.

Мәшһүр Жүсіптің ағартушылығы деген тұста келесі бір туындылары – «Қазақ тарихы мен географиясы» деген еңбегі. Мәшһүр Жүсіп бұл еңбегінде географияның негізі, адамзаттың жаратылыс туралы ойларды өрбітеді. Бұған дейінгі «Жетпіс бапта» Құрандағы айтылған әлем, дүние, адам жаратылыс туралы өлеңмен жырласа, бұл шығармасында қара сөзбен түсіндіреді. География ғылымы орта ғасырдан бастап әлем елдеріндегі алдыңғы қатарлы ғылымдар қатарында болды. География арқылы жаңа жерлерді ашу, сол елдерге бару мен иелік ету мақсатындағы империяшыл елдер өз мақсаттарын да орындап отырды. Саяхатқа шыққан адамдар туралы шығармалар көп оқылды. Сондықтан да географияның мән-маңызын түсіндіруде Мәшһүр Жүсіп еңбегінің маңызы өзгеше екендігін айтуымыз керек.

Бұл еңбектен Мәшһүр Жүсіптің тек дін түсініктемелері шеңберінде қалып қоймай, әлем мен дүние жаратылыс туралы ғылым деректерінен де мол хабары болғандығын байқаймыз.

Мәшһүр-Жүсіптің осы еңбегі әл-Ғазалидің «Философтар қателігі» сияқты туындысымен таныстығын көрсетеді.

Ғазали ислам дінін үшке бөледі.

- 1) діни ілім;
- 2) рухани хал;
- 3) амал.

Мәшһүр Жүсіп туындысындағы амал – нағыз іс. Схлостикалық сенім емес.

«Қазақ тарихы және географиясы деректері» еңбегінде Мәшһүр Жүсіп шын шындақ ғалым білімінен хабар береді.

Теңіздердің өзгергенін, жердің өзгергенін анық біліп қадап айтады. Бәріміз Адам пайғамдардан тарағанбыз дей отырып кейін бөлінгенін руларға айналғанын тап басады.

Бұл сол кез үшін соны жаңалық.

«[Жағырафия] жайын үйреткен білімге орысша география деп, бұған шейін жазылған сөздер жағырафияның керекті бір ғылым екенін білдіру үшін жетсе керек. Жағырафияның мектеп, медреседе сабақ болып оқылып, жағырафияны медреседе оқытуға бола ма? Жас балалар мектеп, медреседе оқудан пайда қыла ма? Бұл сұрақтың жауабында көп сөз жазуға орын жоқ. Мәдени жұрттар өнер, дін, мектептерінің программасына жағырафия қосып отырғандығы жетеді. Рум, Сияһым, Түркияда болсын, жалпы Еуропада болсын жағырафия оқытылмаған ешбір мектеп жоқ. Бастауыш, орта, жоғары медреселерде сауда әр дін мектептерінің әрбірінде өздерінің дәрежесіне қарай жағырафия оқытылады» [3, 145 б.].

Мәшһүр Жүсіп тек жағырафия туралы бұған дейінгі жазылған ғылымдағы деректерді беріп қана қоймайды. Сонымен бірге оның пән ретінде, ғылым саласы ретінде мектеп пен медреседе оқытылуының қажеттігін де айқындайды.

Кітапқа ұмтылыс білімге талас екенін айтады ғалым Батыс кітабының Шығыста, Шығыс кітабының Батыста оқылғанын да паш етеді. Ғылымда діннің бөгет болмағы жөн емес екенін ескертеді оқымысты.

«Жағырафияны мектепте оқудан пайда жоқ» деген ұғымның өзі түбірімен қате екенін айтқан да Мәшһүр Жүсіп. Ғалым «көк пен жердің тұтасқан тұсын» асыл жақ деп атайды. Өзге оқығандардан бұрын экваторды» түсіндіреді.

Жанартау, тысқы теңіз, бұғаз, тұмсық секілді ұғымдарды да қазаққа алған Мәшһүр Жүсіп әкелген еді. Яғни горизонтты қазақылдайды.

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқын үш жақты түрмен ағартуға тырысты.

1. Ұлттың өз ұлыларын қайта табыстырды.
2. Діни іліммен ел рухына әсер етуге тырысты.
3. Қоғам, тарих, география арқылы ел санасын көтермекші болды.

Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық ойлары өз қоғамының бар әлеуметтік, мәдени, саяси үрдістерімен жүрді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы / 7-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. – 208 б.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы / 7-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. – 208 б.

## ОСОБЕННОСТЬ СОБИРАНИЯ ОБРАЗЦОВ НАРОДНОЙ УСТНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ М. Ж. КОПЕЕВА

АХМЕТОВА Т. С.

м.фил.н., г. Павлодар

КАРИБАЕВА Г. И.

учитель английского языка, Средняя общеобразовательная профильная школа № 41 с физкультурно-оздоровительной направленностью, г. Павлодар

Машхур-Жусип Копейули (родился в Баянаульском районе Павлодарской области, 1858–1931) – великий мыслитель, фольклорист, этнограф, историк, философ, известный деятель казахской культуры и литературы.

Помимо написания стихов, он также занимался коллекционированием и публикацией образцов устной литературы. Он записал летописи и рассказы, множество исторических стихотворений и доверил их следующему поколению.

Знаменитый Жусип Копейули записывает не только легенды, исторические рассказы, ораторские слова, но и другие жанры фольклора, в частности, народные песни, былины, сказки, пословицы поэтов и т. д. Что касается жанра фольклорных образцов, собранных знаменитым М.Ж.Копейули, то из фольклора страны собрано около 30–40 народных песен.

Среди них: «Камбар батыр», «Ер Таргын», «Эр Кокше», «Ер Саин», «Нарик Улю Шора батыр» и др. в героических поэмах, таких как «Козы Корпеш-Баян сулу», «Алтынбас-Кумисаяк» и др. он собрал лирико-эпические поэмы, а также другие произведения, такие как «Кийк», «Бозторгай», «Изучение религии». Известно, что МашхурЮсуп переписал стихи «Козы Корпеш-Баян сулу» и «Ер Таргын» с почерка Хазрата Камара в 1866 году в 8-летнем возрасте. И говоря, что «Алтынбас-Кумисаяк» состоит из 200 строк, мы также стали свидетелями того, как МашхурЮсуп показал, что именно В.

Радлов собрал образцы этих стихотворений. Взяв эти образцы из коллекции знаменитого В. Радлова, он сгруппировал их все в одном месте, а не разбросал по разным частям рукописи. Среди рукописей также имеются сведения о том, что объем поэмы «Сайн батыр» состоит из 2000 строк.

Исследователь также собрал различные сказки страны - «Жайык», «Кор АктарганЖаманбай», «О царе Бахыраме», «О Есене Непослушном», «Жил-был хан», «АқтабанШубырунды», «АлкакольСулама», «Энсегей Высокий. Мужское имя», «Алаша Хан», «7-летний Желкилдек», «Ер Гостик», «Аз Жанибек», «Адилби», «Суйындик: Олжабай батыр, ТамаСарыбас» и др.

Известно, что знаменитый М.Ж.Копеев собирал образцы народной поэзии, в том числе пословицы. Известно, что по сравнению с другими жанрами фольклора сбор пословиц требует от фольклориста-ученого длительного и кропотливого исследования и кропотливой работы. Это происходит потому, что пословицы не встречаются по отдельности в готовом состоянии. Очевидно, что их следует записывать либо устными словами рассказчика, либо в рукописях, среди произведений.

В рукописи поэта включены стихи, рассказы, саги и т. д. многих поэтов. Это: БухарЖырау, Мадели Ходжа, СакауАкин, Акан Сери, Шернияз и др. стихи, датский поэт КоньратСапак, Девушка УйсинУмсин, Заман Ходжа, Тогжан, Калдыбай Ходжа, Шойе поэт, Аргын-КамбарДжанак, НайманСабырбай, НайманТюбек, Найман-Опанская девушка, Орынбай, Шортанбай Ходжа, Кулик-Жамшибай, Каракесек Балта, Котеш, Акмолла и др. поэты писали свои произведения на бумаге.

В ходе этого сборника известные фольклористы-ученые: Ш. Уалиханов, В. Радлов, Г. Потанин и др. Известно, что М.Ж.Копеев как и другие, полагался на собственный метод сбора. Это: сохранение языковых особенностей, точность, копирование из уст рассказчика, сбор материала по специальной теме и т. д.

Также то, что сказал оратор - условие написания, не оставляя всего, что ни одно слово не должно быть сокращено, удалено или добавлено к чему-либо, кроме самого себя, что если есть диалектные особенности, то их следует показать, не оставляя их и т. д.

Нам известно, что М.Ж.Копеев выполняет такие требования, как необходимость написать ответы на вопросы о том, кто, когда, где и от кого он услышал и запомнил такое произведение.

Произведения знаменитого М.Ж.Копеева охватывают все жанры фольклора. Если классифицировать и систематизировать по жанрам, то примером могут служить около 15 текстов из сказок; из героических стихотворений – 5-6; из песни о любви – 2-3; из рассказов – 11-12; около 30-40 народных песен; 200-300 примеров легенд; объем сокола – около 100-150, загадки в виде черных слов и стихов – около 50; 2,5 тысячи строк пословиц; 27 примеров речи поэтов; Стихи, саги и т. д. около 30-40 поэтов.имело место. Также среди рукописей имеются родословные, религиозные стихи и пословицы, сборники забавных изречений, еще не вышедших напечатанной страницы и т. д..

Собирать такие образцы - не только специальность М.Ж.Копеева, но и состояние многих ученых-фольклористов того времени - стараться максимально охватить все жанры фольклора и собрать их всесторонне.

Знаменитый М.Ж.Копеев определял размеры собранных им образцов. Например, говорят, что книга «Знание науки» состоит из 129 страниц, в том числе 12 аятов, 18 хадисов, 43 пословиц и 114 устных стихотворений, а рассказ «Амир» состоит из 26 страниц и 104 устных стихотворений. Сахифа здесь – арабское слово, означающее «страница», «страница», «газета».

Также указаны годы написания некоторых материалов рукописи. Например, говорят, что повесть «Джханкельди в Тёбете» была написана в 1908 году, тогда как есть указания, что произведение, начинающееся словами «Когда умер единственный сын одного хана», было написано в 1921 году.

Известно, что одной из традиций, которой придерживается большинство собирателей устной литературы и фольклорных версий, является экспедиционный метод. В ходе этих экспедиций В. Радлов, Г. Потанин, А. Диваев и др. Известно, что ученые-критики опираются на помощь репортеров, собирающих много устной литературы, и энтузиастов, сочувственно относящихся к культуре и фольклору своей страны. И такой подход, использованный учеными-фольклористами, стал основой для комплексного сбора образцов фольклора в жанровом отношении.

Эту форму сбора, «экспедиционный» метод, широко использовал и М.Ж.Копеев. Знаменитое владение М.Ж.Копеева казахским языком, с одной стороны, было причиной того, что его собирательская деятельность не встречала языковых трудностей, но



и способствовало быстрому прогрессу его собирательской работы и обилию фольклорных образцов.

М.Ж.Копеевтакже интересовало, какие периоды истории: эпоха образцовых танцоров и прославленных ханов или эпоха предков, таких как легендарный АсанГобр и ДжиреншеЧечен, и какие из них имеют большую ценность для будущих поколений, у которых есть чему поучиться. . Все это составляет основу знаменитой коллекции Юсуфа. Отсюда мы видим, что фольклорная концепция МашхураЮсуфа возникла из его демократического, просвещенного подхода.

В результате овладения восточной и западной культурой, казахским языком, овладения арабским, персидским, русским, древнетюркскими языками и обширных путешествий по казахским степям в последней четверти XIX - начале XX века, М.Ж.Копеевсобрал больше казахской народной литературы, чем его современники, имел возможность провести более широкое исследование. Глядя на многочисленные материалы, написанные знаменитымЮосупом, можно выделить следующие особенности, которые начинают отличать его собрание сочинений.

Прежде всего, М.Ж.Копеевне ограничивается кратким изложением сказки или легенды, басни произведения. Поэт более полно осветил определенный материал, сохранив произношение страны.

Во-вторых, он учитывал произношение и орфографию каждого слова в то время и записывал определенные слова по их звучанию. Особенно если учесть, что большое внимание уделяется звучанию, певучести слова, взаимной гармонии, качество звучания оказывает сильное влияние на смысл слова, тем самым на художественность произведения, то можно сделать вывод, что этот вид письма играет значительную роль в создании истории фонетики слов казахского языка.

В-третьих, М.Ж.Копеевпередавал, какой материал, от кого и при каких обстоятельствах он записал. Поэтому записи, которые он оставил, носят исторический, этнографический и т. д. без сомнения, смысл будет особенным.

В-четвертых, М.Ж.Копеев, знавший историю, культуру и обычаи страны, написал свои оценки и комментарии к собранным материалам. Последнее показывает исследовательскую работу М.Ж.Копеевне только путем записи услышанного, но и путем их

анализа и сравнения с определенной исторической ситуацией и положением страны.

Становление знаменитого Юсуфа как учёного-фольклориста имеет три источника.

Одним из них является признание богатого наследия устной литературы и фольклора своей страны; Второе – освоить достижения стран Востока, в том числе учёных средневековья;

Третье – влияние западных ученых, в том числе российских интеллектуалов.

При сборе устной литературы и образцов фольклора МашхурЮосуп опирался на определенные собирательские принципы. Оно возникло из просвещенно-демократической позиции поэта. Первое, что следует сказать, Машхур Юосуп знал, что фольклор – это драгоценное наследие, которое невозможно изменить или исправить, и придерживался условия записи текста в его первоначальном виде. Вот почему Машхур Юосуп показывал все, что он получил от кого-либо.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. - Павлодар: ЭКО, 2003. - 220 б. - (Кереку-Баян кітапханасы. 8-кітап)
2. Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 367
3. Жүсіпова Г. Қ. Мәшһүртану белестері. - Павлодар: ЭКО. - 2005. - 303 б.
4. Ойшыл, ағартушы, ақын, публицист (Мәшһүр Жүсіп Көпеев) // Алдабергенов Қ. М. Бір туар дара тұлғалар. - Павлодар, 2003. - 156-171 б.
5. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының этномәдени аспектісі: монография. - Павлодар: Кереку, 2008. - 246 б.
6. Сүтжан С. Мәшһүр мұрасы. - Павлодар: ЭКО, 2001. - 104 б.
7. Пазылов Ә. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мұрасы = Наследие Машхур Жусупа Копеева. - Екібастұз, 2010. - 174 б.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

БОРАНБАЕВА А. Ж.  
магистрант, МФК-21н тобы, Облыстық «Сауарқа samaly»  
газетінің тілшісі, Павлодар қ.

Әлеумет дегеніміз – ол халық, қоғам және адам. Лирикалық поэзияның басты нысаны да дәл осы ұғымдардың төңірегінде табылмақ. «Ақынды өсіретін жағдай – қоғамның тыныс-тіршілігі. Ақынның ой-пікірінің қазығы – осы тіршілік. Қоғамдық сананың өресі және тегеуріні қаншалықты күшті болса, ақынның ойы бұдан жоғары дәрежеден көрінбек. Мұндай күрделі кезеңнің күрмеуі көп мәселелерді анықтауда зор үлес қосқан өршіл лирика бағытының көрнекті өкілдерінің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болып саналды. Ақынның проза және поэзияны жалғастырып жатқан ерекше күш-күдірет және көркемдік бөлшектердің тұтастығын байқаймыз. Мұндай ақындық энергияның, поэтикалық күштің ішіне бәрі енгендей. Ақын бәрін көреді, бәрін сезінеді, бәрін жүрегінен өткізеді, бәріне пікірін білдіреді. «Лирика - ақиқатты пенденің ішкі көңіл күйіне бөлеп, ойы және ішкі сезіміне бой ала суреттейтін терең психологиялық шығармалардың бірі», – дейді академик З. Қабдолов. Жиырмасыншы ғасырдың басында біздің туған жер топырағында болған шытырманға толы саяси-әлеуметтік оқиғалар және жанғырулар Шәкәрімді де толғантпай қоймады. Ақын жұртының, ұлт қоғамының басындағы жағдайды өте жақсы түсінді. Ғасырлар шегінде тарихтағы талай-талай ауыр кезеңдерді басынан өткеріп келе жатқан халқымыздың таным-түсінігінің дәрежесі, әлеуметтік ахуалы, экономикалық және мәдени тұрмысының деңгейі, саяси, әлеуметтік мәселелерді түсінуде және қозғауда ол соншалықты білімпаздықтан бөлек, өзгеше көрегендік пен шыдамдылық көрсетті. Шәкәрім бәріне де терең толғана, байыпты көзқараста болды. Ағып түсер жұлдыздай сәттік қуанышқа ермеді. Өлеңдерінде де осы сабырлылықтың салмағы байқалып тұрды. Болған оқиғалардың барлығының түр-төркінін тарихтың даму заңдылықтарынан, жалпы адамзаттың міндеті бұл заңдылықты әрқашан түсініп, сосын айырмашылықтардың әділ мәнін ой таразысынан өткізіп сосын ғана қабылдау. Бұған әр азамат бара бермейді. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық бағыты әрқилы. Шәкәрім ең бірінші – ақын. Сосын ғана шежіреші, көсемші және тарихшы. Ең алдымен ол сол кезеңіндегі қоғамдық-саяси

жағдайлар арқылы дүниенің ғажайыбына салған дүниетанушы жан. Сондай-ақ, ол ғұлама данышпан адам. Ол әр шығармасын осы бағытта қана тербемеді. Мәселен, байырғының жаңаға көшуін, бұрынғы және бүгінгі кезеңнің саналық, сапалық ерекшеліктерін образ бейнелері, ой-түйіндері арқылы үнемі тоқталып хабарлады. Шәкәрім өмір сүрген кезең саяси-әлеуметтік төңкерістерге толы болды. Ресейдегі ақ патша тақтан құлады. Айналадағы адамдар «ақ» және «қызылға» бөлінді. «Жаңа заман» деген ұғымы дүниеге келді. Сол кезде өмір сүрген адамдарға ақиқат пен жалғанның ара жігін бөліп тану тым қиынға соқты. Адамшылдық, аңғарушылық, аңдаушылық, қанаушылық сияқты небір сезімдер бой көтерді. Сонда да осындай аумалы-төкпелі тұста да Шәкәрімнің өзіне тән ерекше қабілетін сақтауға тырысты. Айналасындағы жаңалықтарға елендеп, заманға үн қосу мақсатында бірқатар өлеңдер жазғанымен, ақын бақыттан бөрікін аспанға атпайды. Ақын жүрегі қаншалықты сергек, әсершіл болса да, әліптің артын бағады. Әр нәрсеге күдікпен қарағанын байқаймыз. Сосын бұл күдігінің ақиқатқа айнала бастағанын түйсінген ақын саяси тақырыптарға оңаша жиі бара бермейді. Шынында да Шәкәрім ақынның шығармаларында сол кезден әдебиетінде бірінші қатарға шыққан ауылды советтендіру, колхоздастыру, азамат соғысы, төңкеріс тақырыптары мүлде көтерілмейді. Сол себепті де ақын жырларында төңкерістер бейнесі, тарихы мен 1916 жылы дүрбелең тәрізді дәуір оқиғаларының дүмпуі айқын сезіле бермейді. Бұл, сөз жоқ, даурықпа ұраннан бойын аулақ ұстауға, қандай нәрсеге де ойланып қарауға ұмтылған ақын Шәкәрімнің айрықша ақынға біткен сергектігі және талғампаз қолтаңбасын дәл бейнелесе керек. Шәкәрім ақынның шығармашылығындағы ең басты тақырып заман, оның шындығы, ой-арманы, жүрек лүпілі. Ақын азаматтық және әлеуметтік сырындағы осы бағыттағы шығармаларында сол уақыттың тіп-тік суретін жасады, жетістігі де, кемістігі де бар шынайы реалистік кейіптегі Уақыттың бейнесін нақты бейнеледі. Дәуір сипатын ашатын тақырыптардың бір де бірі Шәкәрімнің назарынан тыс қалған жоқ. Нені жырласа да ол халық, қоғам, адам деген үш ұлы ұғым төңірегінде қалам тербеді. Қаламгер өз кезеңінің шындығын да осы үш санат арқылы түсіндіруге ұмтылды. Шәкәрімнің шынайы реалистік лирикасына тән сыншылдық қасиет те ең бірінші осындай кезең ағаттықтарын сонда болған құйтырқы істерді ашып шенеуден көрінді. Ақынның сөзбен сілкілеуі ұр да жық, дөнеркі, нәтижесіз сын емес, тереңнен шыққан жан айқайы, әр азаматтың жүректі

сыздатқан жалынды ыза және жан мен тәнді шыдатпас қайғының кылыштан да өткір ащы тамшысы.

Өзімді ұрған мінезді сөгемін деп,

Тілім тисе сіздерге, кеш, достарым, - деп өзінің түпкі мақсатының төркінін оқырмандарға ақын:

Ащы сөзім – достығым, маған нансаң,

Кемдігім – келістіріп айта алсам, - деген өлең шумақтарымен бастапқы ойын одан ары қарай дамыта түседі. Ақыр аяғында өз үнінің тым дәрменсіз екендігін түсінген күйге түсіп:

Адастың деп отырмын айғай салып,

Бар тапқаным осы болды, амал бар ма, - деп туған жұртының басындағы хал-ахуалды суреттейді, өзінің «жартасқа барып, күнде айғай салған» ұлы ақын Абай ағасы әрі ұстазы тәрізді амалсыздығын, шарасыздығын үлкен күйінішпен, өкінішпен білдіреді. Әйтсе де, Шәкәрімнің дауысы жасығандық, жазықтығы жоқ, әйтсе де бұл тұстағы ақынның дауысының күдіреті. Заманды түзеудің алғашқы сөзі – бар пендені түзеу. Осы қағиданы терең зерделеген Шәкәрім заманға сын болып бірден қадалар садағының жебесін ә дегеннен-ақ әріптестеріне бағыттайды. Жеке азаматтың бойындағы кері, қоңыр мінездер, салақтық, жалқаулық, еріншектік, әлжуаздық, көреалмаушылық, мақтаншақтық, арысздық пен талапшылдық, алтыбақан алаусыздық, көрсеқызарлық, көреалмаушылық, кесапарлық пен күншілдік сияқты толып жатқан көптеген келеңсіз қылықтар ақынға надандықтың бірі емес. Қоғамның арта қалушылығының себепкер, заманның келесі тәрізді көрінеді. Сондықтан да сол кездегі халықтың мінез-құлқындағы әлсіздіктерді саралап, сынауға бағытында Шәкәрімнің ақындық ойының өткірлігі улы жебемен пара-пар. Ақын қазақ арасындағы экономикалық арта қалушылықтың, рухани қараңғылықтың түр төркінін өрбіп жатқан мұндай ірі-ұсақты мінез көріністерінен іздейді. Ақын Шәкәрімнің шындығы мен кемшіліктерден бөлек айтылатын шынайы сипаттағы азаматтық лирикасындағы жеке дара тіршілік иесі жайлы пікірлер бұлай қарыштап дами келе бірте-бірте ұлғайып, тұтас халық мәселесіне астасады. Қоғамдық әлеуметтік ортадағы әр азаматтың өң-бойынан табылатын кері мінездерді сыншыл реалистік деңгейде бетін ашу, жақсы қасиеттерді насихаттау тұрғысындағы ойларынан ақын тұтас халық жөніндегі философиялық мәнге толы толғамдарын туындатады. Шәкәрімнің шығармашылығына тән реализм де халықтың бояуының тым қанықтығы екендігі бірден көзге байқалады. Абай ағасы тәрізді Шәкәрім де ұлт қоғамындағы

көленкелі оқиғаларды, сол кездегі адамдардың психологиясындағы, рухани-әлеуметтік тіршілігіндегі артта қалушылықты халықтық тұрғыдан зерттеп, көпшілік бұқараның жоғын жоқтап, мұның мұндайды, келешек жастардың жағдайын ойлайды. Барша сенім келешек ұрпақтарда деген нанымға суарылған ойды айтады. Сонымен қатар, ақын халықтың ойын ұя салар ой түйіндерін де болжап, көркемдік көрегендік байкатады. Шәкәрім көрегендігінің арқасында болашақты жорамалдап, сол кездегі қиындыққа толы алаңдатарлық оқиғаларына жүргеі езіліп, өзінің шынайы әрі әділ бағасын айтады. Мұндай абырой Шәкәрім ақынның көптеген өлеңдерінің тәніне сіңірілген. Атап айтқанда, «Ашу мен ынсап», «Бай мен қонақ», «Партия адамы», «Қазақтың болмас», «Өкінішті өмір», «Ей, көп халық, көп халық», «Ескіден қалған сөз теріп», «Қазақ», «Насихат», «Тағы сорлы қазақ», «Қош жұртым! », «Қош! » тәрізді шығармаларында ақын халықтың басындағы хал-ахуалды, қиындықтар мен кемшіліктерді, артта қалушылықты нағыз көркемдікпен суреттейді. Аталған өлеңдерге ақын өмір сүрген кезеннің тарихи-әлеуметтік дамуындағы бүкіл өзгешеліктер және сыр-сипаттар аса ерекше көрінеді. Қандай да бір мәселені қозғаса да бұлай сипаттау, оқырманның түсінуіне неғұрлым жақындата суреттеу шеберлігі Шәкәрімнің шығармашылық қолтаңбасына тән сапалық қырлардың бірі десек болады. Әсіресе, өткір сынның өзін ақын соншалықты образдылықпен көрсетуге бағыттайды. Шығармалардағы адамдардың іс-қимылдары да, ойлау жүйелері де, көбіне саналы тіршіліктің ебі арқылы бағытталады. Яғни, ақын шығармадағы әр кейіпкер арқылы сол уақыттағы тыныс-тіршілікті бейнелейді. Бұл - сол уақыттағы заманның шындығы. Шәкәрімнің осыған ұқсас тағылымы терең туындыларының тәлім-тәрбиелік маңызы үлкен. Мәселен, шығармаларда осы кезеңдегі кезенді, саналы адамдардың қара халықты маса ретінде ызындап оятуы, сондай-ақ, тұрғындардың тыныс-тіршілігі ғасырдан ғасырға ұласқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын байқауға болады. Бұдан қаламгерді жақсылықты дәріптеуші ретінде санауға болады. Шәкәрім өз дәуірінің рухани болмысын, бүкіл ұлт қоғамының әлеуметтік-экономикалық алға өсуінің дәрежесін, олқылықтар және кереғар қасиеттерін жан-жақты түсінді. Оның қараңғы халық бұқарасының болашағы үшін жаны ауырып, қанатымен су сепкен қарлығаштай болса да берекелі іс тындыруға, мемлекеті мен жұртына жақсылық пен жаңалықтың не екенін түсіндіріп, соған жетудің бағытын көрсетуге ұмтылған бұл бағыттағы шығармалары

осы ойды дәлелдейді. Ақынның адамгершілік нысанасы болған, өмірлік мұратының іргетасын құрайтын бұл ойды жүзеге асыруға бағытталған еңбегі бозбала шағында, 1879 жылы жазған «Жастарға» атты өлеңінен басталған деуге болады. Ақынның бұл өлеңі қазақ жастарына, сол арқылы бүкіл ұлтқа бағыт-бағдар сілтеген бағдарламалық ойларға толы. Бұл идея Шәкәрімнің бүкіл поэтикалық шығармашылығына өзек болып тартылған. Түптеп келгенде, ол Шәкәрімнің сыншыл реализмнің бір қыры болып табылады. Өз жұртының бойындағы түрлі кеселдер мен надандық белгілерін сынай отырып, одан құтылудың жолын іздеу барысында ақын ойы бірте-бірте таза ағартушылық санаға ойысады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айтбаева А. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы діни және дүниетанымдық мәселелер Кан.дисс. – Алматы, 1996
- 2 Әбдірасымова Г.З. Шәкәрім Құдайбердіұлы философиясындағы адам мәселесі: ф.ғ.кан.дисс. – Алматы, 1998. – 148 б.
- 3 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері: ф.ғ.кан.дисс. – Алматы, 2001 – 338 б.
- 4 Әмірғазин С.Т. Исламның қазақ халқының рухани дәстүріне ықпалы: ф.ғ.кан.дисс. – Алматы, 1997 – 140 б.
- 5 Жұмағалиев З.Т. Шындық және көркем әдебиет. – Қарағанды, 1993 – 216 б.
- 6 Мұсылмандық шарт. – Алматы: Қазақстан Мерей, 1992 – 78 б.
- 7 Тілеуханова А.Т. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі: ф.ғ.кан.дисс. – Алматы, 1995.
- 8 Шәкәрім Құдайбердіұлы Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.

#### **М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТТЫҢ КЕЙІПКЕР ПСИХОЛОГИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

ДЖАСКАЙРАТОВА Д. М., МҰХАМЕТҚАЛИ А. Т.  
студенттер, 3 курс, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
КАПАСОВА Б. К.  
ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

М. Әуезов шығармаларының қайбірін алсақ та, жазушы кейіпкер образын бейнелеуде табиғат сипатына аса мән бергенін

байқаймыз. Ауа райының қандай болатыны, жыл мезгілінің қайсысы сипатталытыны дәл сол шығармадағы кезеңмен байланысты. Оқиғаның басталуы не аяқталуы, шиеленісу не байланысуына қарай табиғат сипаты да өзгеріп отырады. Кейіпкер образын оқыған оқырманға тек кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы ғана емес, табиғат арқылы да түсіндіре білген.

М. Әуезовтің 1921 жылы жазылған таңдамалы шығармасының бірі – «Қорғансыздың күні» әңгімесі. Сол кезде қазақ халқын отаршылдық саясаты мен ашаршылық жайлаған кезең еді. Қазақ халқының жағдайын ашық сипаттау мүмкін емес болса да, жазушы осы шығармада астарлап сипаттай білген.

«Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда, Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қарағанда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Көруге аса көңілсіз.» Дәл осы жерде жазушы Арқалық тауы арқылы қазақ халқының сол кездегі өмірін көрсетпек болғандай. «Жалаңаш» және «көңілсіз» сөздері сол кездегі қазақ халқының жағдайын сипаттап тұр. «Бұдыры жоқ жалаңаш Арқалық» астарында отаршылық азабынан кедейшілікке тап болған қазақ ауылының бейнесін көре аламыз. Арқалық тауы қаншалықты «бораннан босамаса», қазақ ауылдары да соншалықты ауыр кезеңнен босай алмай жүретін.

Шығармада ары қарай Ақан болыс пен Қалтай бейнесі сипатталады. Ақанның ұнамсыз образын жазушы табиғат арқылы көрсетуді де ұмытпаған. Күшікбай батырдың бейітіне жақындағанда желдің бейітті қармен көміп, Ақан болыстан тез жасыруынан да байқай аламыз:

«Жолаушылар өтіп бара жатып, әлгі бейіттерге қарап, ауыздары күбірлеп, тоңған қолдарын көтеріп, беттерін сипап, бата қылды. Күшікбайдың басынан соққан боран жаңадан шыққан бейітті қармен көміп, қараушының көзінен тез жасырудың қарекетін істеп жатыр.»

Шығарма шиеленісуіндегі Қалтай мен Ақан болыстың Ғазизаға жасаған қорлығынан кейінгі жел ызғарының күшеюін байқаймыз:

«Қалтай алғашқы бетімен тоқтай алмай, қақпаны ашып тысқа шықты. Жел күндізгісінен қатайған. Күн алақаншықтап қатты борап тұр. Қалтай күресінге таман шығып еді гуілдеп, екпіндеп соққан қатты жел дедектетіп, бетіне ұсақ қар себелеп ығын кетірген соң, қайтадан қораға кірді.» Қалтайдың Ғазизаға көрсеткен қорлығынан кейінгі желдің күндізгісінен де қатаюы, желдің күшеюі шығарманы шарықтау шегіне келіп тұр». Желдің қатаюы, екпіндеп соғуы сол уақыттағы Ғазизаның ішкі жан дүниесін, қарсылығын сипаттап тұр.



Ғазизаның ішкі жан дүниесі дәл сол «бірде өкіріп, бірде гуілдеп» соққан қатты желмен үйлесім тапты:

«Қайғылы бір сыр көрге бірге-ақ кетсін дегендей болып, тысқа. шықты. Күн әуелгі қалпынша: ақтүтек боп борап тұр. Біресе өкіріп, біресе гуілдеп, құтырынып ұйтқып соққан қатты жел Ғазизаға: «жүр-жүр!» дегендей болып, дедектетіп алып жүріп кетті.»

Әкесі мен бауырының қайтыс болуы, анасы мен әжесінің зағип болуы, бүкіл жауапкершіліктің Ғазизаның мойнына артылуы және туыстарының қыспағы жас Ғазиза үшін үлкен ауыртпашылық еді. Соған қарамастан шыдап жүрген Ғазизаны Ақан болыстың зорлауы оның соңғы демін өшіргендей. Өзінің қорғансыздығын түсінген Ғазизаның ішкі жан дүниесі алай-дүлейге толды. Ғазизаның қорғансыз бейнесі шығарма соңында табиғат арқылы көрініс табады:

«Ғазиза енді суық, қатал табиғаттың еркінде. Өмірінің ақырғы қалған жанары қай жерде, қай уақытта сөнөрі белгісіз. Суық жел жұқа киімнің ішіне кіріп, кеулеп, ығын кетіріп, жауратып, ықтыра бастады.» Ғазизаның «қатал табиғаттың еркіне» түсуі дегеніміз қатал тағдырдың соқпағына көнуі. Суық жел қанша соқса да, Ғазизаның сезбеуі, ішкі ауыртпашылықтың табиғаттың қатал лебінен де ауыр болуын жазушы көркем бейнеде сипаттап берген. Автор әр оқиғада кейіпкердің ішкі дүниесі болғалы жатқан оқиғаның сипатына қарай өзгеріп, құбылып отырады. Әңгіменің көп тұсында табиғат суреті баяндалатын оқиғамен қабысып жатады да кейіпкердің ішкі дүниесіндегі психологиялық қиындықтар толғанысына дәл ұштасады. Осындағы көріністер төніп келе жатқан қатерді сезіндіреді. Оны жеткізуде автордың пейзажды орнымен пайдалану әдісі айқын аңғарылады.

М. Әуезовтің «Жетім» шығармасында табиғат Қасымның эмоциясымен байланыс табады. Он жасар Қасым өмірге қандай көзқараспен қараса, табиғат та ол үшін дәл сол кейіпте көрінеді. Шығарма оқу барасында әр мезгіл Қасым үшін әртүрлі естеліктермен байланысты екенін көреміз. Оны шығарма басындағы жолдарынан айқын байқай аламыз:

«Анда-санда көкжиектің тұсында күн жарқылдап тұр. Бұлт қалың, жарқылдағы күшті еді. Қарабарқын тартып қараңғылана бастаған аспанда түксиген қатал қабақ, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей. Үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанғанындай, күнбатыста жарқ еткен нажағай жарығымен күнгірт даланы әлде неге үміттендіріп тұрған сияқты. Тау бөктеріндегі

қоңыр жел ақырындап бұралып соғып, салбыраған шерлі күйді қозғағандай болады.»

Ата-анасынан айырылып иек артар әжесі қалған Қасымның өмірге деген құлшынысының бір өшіп, бір жануы, қара бұлттардың қатал тағдыр іспетті көрінуі Қасым үшін өмірдің ауыртпалығы дәл осы табиғат бейнесіндегі ауыр еді.

Жақындарынан айырылса да, Қасымның іштегі үміт оты бірден өшпейді. Бірінші туыстарынан, онан кейін ауыл адамдарынан үміт көреді. Біреу көмектесер деп іштей сенеді. «Табиғат салқын түсте болса да, сұлу тілді сүйгендей, іздегендей еді». Табиғат сияқты Қасым да шығарма ортасында үмітпен жүр еді.

Жаз Қасым үшін жылулықтың әрі жылы естеліктерінің белгісі. Себебі әжесін осы мезгілмен байланыстырады. Оны әжесінің жаздың мамық түсті бұлттындай естелік болып Қасымның түсіне келуінен байқаймыз: «Әжесі тірі болған күн Қасымның көңілінен сұлу сағымдай, жазғытұрғы мамық түсті бұлттай болып, қайта оралмастай боп жоғала бастады.»

«Тұрған ауылында бір адамнан мейірімді мінез көрмеген соң, ешбір жанмен сөйлеспейді. Күз күніндей жабырқап жүдеп, қабағы қатқан қайғыда...». Ауыл адамдары Қасымға қалай қараса, дәл солай табиғат та жас балаға қатал қарағандай көрінеді. Өмірдегі адамдарынан жылулық көре алмаған Қасым табиғаттан да сол қаталдықты ғана көреді. Осы жол Қасымның эмоциясына көз жеткізіп тұр. Оның өміріндегі адамдар қалай қараса, ол да табиғатты дәл сол кейіпте қабылдайды. Соған сай іштегі табиғат образы да қалыптасады.

Табиғатты көркем түрде М. Әуезов өзінің «Қыр суреттері» шығармасында бейнелеген. Қазақ халқының өмірі мен салты табиғатпен үйлесім тапқан.

«Жаздың жайлы кеші. Бойды сергітетін қоңыр салқын леп дымқыл тұнық ауада біліне бастаған. Зәрі қайтқан қызыл күн әлсізденіп, таудан асып, ұясына кіріп бастады». Жаз мезгілін сипаттаудан басталатын шығарманың бірінші бөлімінде қазақ ауылының тұрмысы мен аңшы бейнесі сипатталады.

«Қысқы түн» бөлімінде «...Суық болып үскіріп, боран болып аласұрып, әлсіз адамға қыр көрсеткендей қаһарланады... Тынымсыз соққан боран ұйытқып, ұйлыққан қар терезенің төменгі көздерін басып, жоғары таман өсіп келеді...» қыс мезгілі арқылы бір отбасының қатал тағдырын сипаттап тұр.



Баланың науқастануы, сол түні қайтыс болуы ата-әжесі үшін ұзақ түндей, мәңгіліктей көрінде: «Жылдай созылған ұзақ түн өтпеді... Суық дауыл, ақ боран ашылған жоқ, бұрынғысындай құтырып, шабынып тұр. Зерлі түн әлсіз жанды жұтқалы жалана берді. »

М. Әуезов өз шығармаларында кейіпкер образына байланысты табиғатты да шебер пайдалана берген. Жазушы шығармаларында қыс – суықтың, қаталдықтың белгісі болса, жаз – жылулықтың, өшпес естеліктердің бейнесін сипаттап тұр. Кейіпкердің ішкі жан дүниесін жеткізу үшін жазушы монолог емес, көркем түрде табиғат арқылы жеткізе білген. Кейіпкер қайғырған кезіндегі табиғаттың суық болуы, желдің ызғарлы болуы, кейіпкердің бақытты шағын бейнелегенде табиғаттың жайнап, шуақ шашып тұрады.

Сонымен қатар М. Әуезов табиғат астары арқылы қазақ халқының ауыр жағдайын шеберлікпен суреттей білген.

Қазақ әдебиетіндегі табиғат пен адам арасындағы байланысты көтерген шығармалардың зерттеулеріне келсек, бұл әлі толық ашылмаған тақырыптардың бірі. М. Әуезовтей жазушы қалдырған мұралардың барлығын жан-жақты түбегейлі зерттелді деуге болмайды. Оның шығармашылық шеберлігінің сан қырлы иірім, құпиялары әлі ашылған жоқ. Жазушының шығармаларында табиғат көріністерінің берілуін, пейзаждық көріністерді суреттеуді шығарманың композициялық шешіміне қатыссыз өз алдына дара мәселе деп қарамайды. Оны кейіпкердің көңіл-күйін, іс-әрекеті мен мінез-құлқын тереңдетіп айқындау үшін пайдаланады. Біз жоғарыда талданған әңгімелерінде жазушының шығармасындағы пейзаждың көркемдік қызметінің бірнеше қырын байқадық. Әсіресе пейзаждың, табиғаттың кейіпкер мінезін ашудағы рөлі ерекше екенін көрдік. «Пейзаж жазушының стилін белгілейді. Ал, стиль – адам. Пейзаж образ сырын ашады. Ал образ – адам» деген академик З. Қабдолов сөзі осыны растайды. Әрине, табиғатты суреткердің тектен-тек қолданылмасы белгілі. Мұның бәрі де жазушының кейіпкер мінезі мен қылығын, болмысын ашып анықтау үшін қолданатын әрекеті.

В. А. Лось: «Во все времена взаимоотношения между человеком и природой являлись одним из важнейших факторов, определяющих статус цивилизации на временном векторе истории человечества, уровень развития научного знания, духовный климат эпохи» деп жазған еді. Әрине, табиғат туралы сөз ету – адамның әлемдігі, қоғамдағы алар орны туралы сөз ету дегенді білдіреді. Жер бетінде тіршілік пайда болғаннан бері табиғаттың тылсым күші

кім-кімді де таң қалдырған, толғандырған, табындырған. Бұл заңды. Себебі судың да сурауы бар демекші, сұраусыз ештеңе болмақ емес. Олай болса, адам мен табиғат арасындағы үндестік пен қайшылық мәңгілік тақырып екені сөзсіз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов М. Қараш-Қараш. Әңгімелер, пьесалар жинағы. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы, 1960.

2 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992.-352б

3 Лось В. А. Взаимоотношения между человеком и природой как глобальная проблема // Вопросы философии, 1982.-№6

#### МӘНЕРЛЕП ОҚЫТУДЫ ҮЙРЕТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ҚАПЗОЛЛА Ж. Б., ТЫНЫБЕК Қ. Д.

студенттер, 3 курс, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАПАСОВА Б. К.

жетекші, ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әдеби шығарманы оқып-меңгерудің басы көркем мәтінді мәнгерлеп оқудан басталады. Көркем мәтінді мәнгерлеп оқуда да оқушы әр сөзді, әр сөйлемді, тіпті, әр буынды сөз сазы, дауыс ырғағын дұрыстау арқылы әр кейіпкер сөзін немесе автор сөзін дұрыс орындауы қажет. Оқушы бірден мәнгерлеп оқу ісін меңгеріп кете алмайды. Осы жердегі мұғалімнің басты міндеті – дұрыс бағыт-бағдар беруі. Мұғалім өзі де оқушыдан талап ететін дүниені екі есе артық білуі қажет. Бұл жерде де әртүрлі әдістемелік нұсқаулар арқылы өз білімін жетелей түседі. Коммуникативтік технологияларда белгіленетін оқыту, тыңдау, сөйлеу, жазу әрекеттері оқушы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынасты нығайтады. Қатысымдық технология элементтеріне сай оқушының жұрт алдында өзін-өзі еркін ұстауы, тілдік белсенділігінің артуы, оқушының іскерлігін, білімділігін, ынтасын нақтылай түседі. Осы технология ішінде қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушыға керекті ақпаратты нақты, дұрыс, ұғынықты алуына әсер етеді. Оның ішіндегі бір тәсілді зерттеп алатын болсақ, ол – ТТТ әдісі. Яғни, тексеру-түсіндіру-тексеру әдісі арқылы «Белгілі бір грамматикалық бірлік немесе пунктуациялық ережелер туралы оқушылардың алдыңғы білімін текеру үшін» қолданылады. Бұл әдісті әртүрлі

тесттер құрау арқылы тексеруге болады. Тест істеп болған соң, оқушылардың қаншалықты ұққанын, берілген ақпаратты жете түсінгенін аңғарсақ болады. Содан кейін, түсіндіру әдісі жүзеге асады, Яғни, қай оқушыда қандай қате кетті. сол арқылы оқушыға тағы түсіндіру әдісі қолданылады.

Мәнерлеп оқу технологиясының тағы бір ерекшелігі сөйлеу техникасында. Сөйлеу техникасы тек берілген мәтінді айқын, мәнерлеп жеткізу емес, оны ішкі жан-дүниесімен түсіну. Сөйлеу техникасы шәкірттің дұрыс, нақты сөйлеуіне назар аудара отырып, дыбыс, буынды дұрыс айтуына ерекше көңіл бөледі. Сөйлеу техникасына тек қана анық шығарылған сөз немесе әдемі дауыс емес, сонымен қатар әр сөздің қандай дикциямен айтылатынына да тоқталып кеткеніміз жөн. Дикция әркімнің қолынан келе бермейтін күрделі құбылыс. Дұрыс сөйлеудің өзі үлкен өнер болып табылады. Нақты-нақты сөйлеген кезде тыңдарманның құлағына жайлы естіліп, ынтасы одан әрі арта түседі. Мәнерлеп оқу жазба мәтіннің мағынасын, эмоциясын және ниетін дауыс және мимика арқылы жеткізуді қамтиды. Бұл беттегі сөздерді өмірге әкелу, мазмұнның үнін, көңіл-күйін, реңктерін түсіру. Тәжірибелі экспрессивті оқырман аудиторияны қызықтыру және эмоцияларды ояту үшін әртүрлі дыбыс деңгейін, үнін, жылдамдығын пайдаланады. Оқудың бұл түрі әңгіме, өлең оқу, драмалық көріністерде жиі қолданылады. Мәнерлеп оқуды меңгеру мәтінді түсінуді, кейіпкерлерге немесе тақырыптарға эмпатияны және аудиториямен байланыстыра білуді, оларды ауызекі сөздердің күші мен эмоциялық өрнек арқылы баяндауға тартуды талап етеді.

Жалпы кез келген көркем шығарманы нақышына және мәнеріне келтіріп, әңгімелеп беру оңай емес. Ол үшін тынбайтын төзімділік пен ұзақ уақыт талап етіледі. Шығарманы мәнерлеп оқу төрт кезенді қамтиды. Оның бірінші кезеңі – шығарманы талдау. Автордың айтайын деген ойын түсіну, ондағы мәтіннің идеясына көңіл бөлу, кейіпкерлер бейнесін ашу жатады. Екінші кезең - шығарманың әңгімелеу мақсатына мән берілуі, ал үшінші кезең мәтінді бөлікке бөліп, негізгі ой түйінін анықтау болса, төртінші кезең мәнерлеп оқу алдында жаттығу үшін дауыстап оқу. Осы кезеңдерді кез келген адам орындай отырып, мәнерлеп оқудың қыр-сырларын толықтай түсініп шығады.

Қай мұғалім болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеуін, ойын дұрыс жеткізе білуін қалайды. Біздің ойымызша, мәнерлеп оқуды тек қана оқушы ғана түсініп қана қоймай, мұғалім де жан-жақты

дайындала білгені абзал. Дауыс қалай шыға білуін, қандай дикциямен айтылуын мұғалім оқушыға үйретіп қана қоймай, өзі де сол ережелерге сай болуы керек. Себебі, мұғалімнің мәнерлеп оқуы оқушыларға үлкен әсер тигізеді. Мұғалім оқушыларға неғұрлым қызықты да әрі дұрыс мәнерлеп оқыса, соғұрлым оқушылардың есінде әсер қалдырады. Бұл ережелер тек қана орта және жоғары буынның оқушыларына ғана емес, бастауыш сыныптарына да арналады. Тіпті, керек десе балабақшада да үйрете білген жөн. Бастауыш сыныптарда ең бірінші керек қағида – тыныс белгілерінің сақталуы. Бала біріншіден мәтінді тек қана зуылдап айтып қана қоймай, әр тыныс белгісін сақтап үйренуі қажет деп ойлаймыз. Мысалы, мұғалім балаларға мәтінді оқып жатқан кезде «Үтір» тыныс белгісіне кідіріс жасап, оның не үшін маңызды екенін түсіндіру керек. Сол арқылы бала тыныс белгілерінің орын тәртібін қажетті жерде қолдана алады. Балабақшадағы балаларға түрлі қызықты оңай ертегілер арқылы, іс-қимыл арқылы көрсетсе, бала келесіде құлшыныспен тындайды.

Көркем оқуға үйрету оқушылардың әдебиетті, поэзияны және шығармашылық жазудың басқа түрлерін түсінуі мен бағалауын арттыру үшін әртүрлі технологияларды қолдануды қамтиды. Көркем оқуға үйретуде технологияны қолданудың кейбір жолдары қарастырылып кетілген. Олар:

1 Интерактивті электрондық кітаптар. Мультимедиялық мазмұн, анимациялар және аннотациялар сияқты интерактивті элементтері бар электрондық кітаптар студенттерді қызықтыра алады және оқу тәжірибесін барынша қызықтырады. Жай кітаптың қара сөздерін оқығаннан гөрі, анимация арқылы адамның қиялына жол аша білу - тиімді технологиялар қатарына жатады.

2 Аудио кітаптар мен подкасттар. Аудио кітаптар мен подкасттарды пайдалану студенттердің тыңдау дағдыларын дамытуға және әдеби шығармалардағы тіл, үн және ырғақ ерекшеліктерін зерттеуге көмектеседі. Яғни, бүгінгі күндегі мектептерде аудио мәтіндер арқылы оқушының тыңдалым қабілетін байқаймыз. Бұл оқушының мәтіннен керекті ақпаратты тез табуға көмектесетін және логикалық ойды дамытуға ықпалын тигізетін әдістердің бірі.

3 Онлайн пікірталас алаңдары. Пікірталас форумдары мен әлеуметтік медиа платформаларын студенттерге көркем мәтіндерді түсіндіру және талдауларымен бөлісу үшін пайдалануға болады. Бұл бірлескен оқуды және әртүрлі перспективаларды ынталандырады.

Оқушылар бір-бірімен пікір алмасу арқылы, өзі білмеген ақпараттарды ала білу әдісін меңгереді. Біріне бірі сұрақтар қою арқылы, көп мәлімет алуға мүмкіншіліктері артады.

4 Виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR). Виртуалды шындық және кеңейтілген шындық қолданбалары студенттерге оқиға параметрлеріне кіруге немесе кітаптағы кейіпкерлермен және нысандармен әрекеттесуге мүмкіндік беретін иммерсивті әдеби тәжірибелер жасай алады.

5 Цифрлық әңгімелеу құралдары. Студенттерге мәтінді, кескіндерді, дыбысты және бейнені қамтитын өздерінің сандық әңгімелерін жасауға мүмкіндік беретін платформалар олардың баяндау құрылымдары мен шығармашылық өрнек туралы түсінігін жақсартып алады.

6 Әдеби талдау бағдарламалық құралы. Әдеби талдауға көмектесу үшін арнайы әзірленген, студенттерге тақырыптарды, кейіпкерлерді және мәтіннің басқа элементтерін ашуға көмектесетін құралдар бар. Бұл құралдар әдебиеттің көркемдік қырларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Белгілі бір мәтін арқылы оның тақырыбын ашу, идеясына көңіл бөлу, сонымен қатар кейіпкерлер бейнесін ажырата білу оқушылардың ізденуіне көп әсерін тигізеді.

7 Онлайн жазу қауымдастығы. Студенттерді кәсіби жазушылармен және авторлармен байланыстыратын платформалар шығармашылықты шабыттандырады және жазу өнері туралы құнды түсініктер береді.

8 Бейімделетін оқыту платформалары. Бұл платформалар жеке оқушылардың қабілеттері мен қалауларына негізделген оқу материалдары мен жаттығуларды ұсына отырып, оқыту тәжірибесін жекелендіру үшін алгоритмдерді пайдаланады.

9 Мобильдік қолданбалар. Оқу дағдыларын жақсартуға арналған, интерактивті мәтіндер, сөздік қорын дамыту жаттығулары және түсіну викториналары сияқты мүмкіндіктерді ұсынатын көптеген қолданбалар бар.

10 Цифрлық кітапханалар. Үлкен онлайн-кітапханаларға қол жеткізу студенттерге әдеби шығармалардың кең ауқымын, соның ішінде классика мен заманауи шығармаларды зерттеуге мүмкіндік береді, оқуға деген сүйіспеншілікті арттырады.

Бұл технологияларды оқу бағдарламасына ойластырылған түрде кіріктіру әр түрлі оқу стильдері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра отырып, көркем оқуға үйрету үшін динамикалық және тартымды орта жасай алады.

Мектеп қабырғасында жас ұрпаққа сапалы білім беру, саналы тәрбие беруде сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстардың алатын орны ерекше. Әдебиет – сөз өнері пәні. Сөз өнерін меңгермеген оқушы ешқандай пәнді меңгере алмайды. Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру басты мәселе. Осындай жағдайда мектеп үйірмелерінің орасан маңызы зор. Мысалы, «Шешендік өнер», «Айтыс», «Термеші», «Кітап – білім бұлағы» үйірмелеріне қарағанда, мәнерлеп оқу үйірмесі оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімдірек. Осы үйірмені сауатты маманның жүргізгені дұрыс. Фабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов және т.б. ақын-жазушылардың туындыларынан көрініс, монолог дайындау арқылы баланың үйірмеден қатар сабақпен де бірге ойы ұштастырылады.

Қорытындылай келетін болсақ, қазақ тілі – өте бай, шұрайлы, көркем және әдемі тіл. Осы тілімізді қадірлеп, қастерлеу біздің ғана қолымызда. Тілімізді нақышына сай етіп сөйлеп, бұрмаламай, орфоэпиялық жағынан да қателіктер кетірмеуге тырысуымыз керек. Соның ішіне осы біздің алған тақырыбымыз да дөп келіп отыр. Мәнерлеп оқу – бұл да күрделі құбылыстардың бірі, себебі, дұрыс сөйлеу, сөз сазын сақтау, дикцияны дұрыс қоя білу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Мәнерлеп оқыған шығарма құлаққа жағымды естіліп, берілген мәліметті тез қабылдап алуға көп ықпалын тигізеді. Бұны біз сонау ата-бабамыздан келе жатқан айтыс, терме т.б. өнер түрлерінен байқап та келе жатырмыз. Қазіргі күннің мектептерінде мәнерлеп оқу технологиясы өте қарқынды дамып келе жатыр. Жыл сайын ақындарымызды еске алып, оқушыларға ол тұлғалардың шығармашылығын таныстыру басты құндылығымызға айналып келеді. Біздің келешегіміз жас ұрпақ болғандықтан, оларға сөйлеу өнері яғни мәнерлеп оқу технологиясын бойына сіңіре білу біздің қолымызда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Серкешбаева Г.Н «Мәнерлеп оқу», 7-54 бет
- 2 Желдербаева С «Мәнерлеп оқу» көмекші құралы , 16-25 б.
- 3 Алпысбаев Қ. «Көркем мәтінді әдеби талдау», 14-19 б.
- 4 Балтымова М.Р. «Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза», 28-33 б.
- 5 Қосымова Г. «Шешендік өнердің негіздері», 40-48 б.
6. Камалқызы Ж. «Қазақ әдебиетінің теориялық және әдістемелік мәселелері», 10–14 б.

## Секция 2

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи – мәдени мұрасы  
Культурно-историческое наследие Машхур Жусупа Копеева

### ДІН МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ ТОҒЫСЫНДАҒЫ МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

АЙБЕКОВА А. Ж.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

БАРАТОВА М. Н.

ф.ғ.к., Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ әдебиеті тарихының Х–ХІ ғасырлардағы кезеңі «Ислам дәуіріндегі әдебиет» деп аталады. Осы кездегі қазақ әдебиеті тарихына жататын ақындардың мұралары түрік халықтарына ортақ болғанменен, дәл біздің төл әдебиетіміздің кейінгі дамуына жалғасқан исламдық дүниетанымның негіздері сол кезеңнен-ақ қалыптасты. Түрік халықтары рухани мәдениетінің қалыптасуының және дамуы тарихының ең өрнекті тұлғалары деп Әбунасыл әл-Фрабидың, Махмуд Қашқаридың, Жүсіп Баласұғынидың, Ахмед Иассауидың, Ахмет Игүнекидің, Сүлеймен Бақырғанидың шығармалары қазақ поэзиясының исламдық-эстетикалық негіздерін атай аламыз. Осылардың шығармаларының идеялық-композициялық желісінде басталудан аяқталуға дейінгі аралықта Аллаға мінәжат, Мұхаммед пайғамбарымызға, оның төрт досына (Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли) мадақ жырлары сабақтаса жырланады. Түрік халықтары әдебиеттеріне көркемдік негіз болып қаланған бұл дәстүр кейінгі дамуда эпикалық дастандар жазуға жалғасты [1, 101].

Аталған дін тарихына байланысты жырланған дастандар – ұлттық әдебиетіміздің шын халықтық табиғатын танытатын маңызды шығармалар. Өйткені ислам дінінің қазақ даласына таралуы ежелгі түркі наным-сенімдерімізбен сабақтасқандықтан, халқымыз Алланың құдіретін, соған қоса пайғамбарымыздың даналық даралығын шын көңілмен қабылдаған.

Қазақ поэзиясының көрнекті ақындары Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Жүсіпбек Шайхисламұлының, Ақылбек Сабалұлының, Шәді Жәңгірұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Жүсіп Ешниязұлының, Омар Шораяқұлының және тағы да басқа ақындардың ислам тарихына арналған дастандары бар. Жаратушы

Алланың құдіретімен Мұхаммед пайғамбарға дейінгі тіршіліктің пайда болуына, Мұхаммедтің дүниеге келуіне байланысты ауыз әдебиеті үлгілерінде сюжеттерді жырлау әдебиетіміздегі дәстүрлі түрімен ерекшеленеді.

Қазақ әдебиетінің тарихында ұлттық поэзиямыздың адамгершілік-имандылық тәрбиесі құрлы болғандығын аталған дастандар мен бұлармен әуендес шығармалар толық дәлелдей алады. Ислам дініне арналған қисса-дастандардың идеялық-композициялық желісінде тарихи тұлға Мұхаммед пайғамбар басты кейіпкер болып жырланады. Пайғамбардың ата-анасы, ағайын туыстары, әлеуметтік-қоғамдық ортасы да қамтылады [2].

Қазақ поэзиясының беделді өкілдерінің бірі емес, бірегейі болып табылатын атақты ақын, оқымысты, тарихшы, ойшыл, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында ауқымды түрде көрініс тапқан ислам дінінің, әсіресе, Алла тағалаға құлшылықты дәріптеу сияқты идеяларына арналған өлең-дастандары бүгінгі күнде өз өзектілігін жоғалтпай, керісінше, заман талабына сай жанашылдығымен ерекшеленеді. Діни тұрғыда өлең жазумен ғана шектеліп қоймай, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оларды басып шығаруда жасаған еңбегі бағасыз: хатқа түсірілген айтыстар мен шежірелер, ертегілер мен қиссалар, мақал мен мәтелдер, тарихи, тұрмыс-салт жырларының саны қаншама [2]. Араб, парсы, тәжік, шағатай және өбек тілдерді меңгергендігі оның шығыс әдебиетінен сусындап, өз шығармаларында сол сарында бағыт алуының дәлелі болып табылады. Ағартушылық идеяларымен шабыттанған ол қазақ халқын осауаттандыруға күллі ғұмырын жұмсады десек артық емес. Ақынның қалдырған мұрасы ретінде 1907 жылы жарық көрген «Көп жасағаннан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал» және «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты жыр жинақтарына үніліп, олардың арада бір ғасыр өтсе де, оқырманға берер рухани азығының пайдасы жайлы сөз қозғамақпыз [1, 103].

Дін адамның өзінің жаратылысындағы құпияларын анықтайтын, ғарыш құбылыс-қозғаластардың астарын түсіну үшін, сұрақтарға жауап іздейтін тылсым сезімнен туындайды. Демек, бүгінгі таңда дін мәселесі ерекше жандануда. М. Ж. Көпеев негізінен діни ағартушы – бағыты діни таным төңірегінен өрбіп жатыр.

Мәшһүр Жүсіп жасынан ауыл молдасынан діни дәріс алып, хат таныған. 1870 жылы Хамеретдин хазіреттің орта медресесін бітіріп, мұсылманша орта білім алып шығады. 1872–1874 жылдары Бұқардағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы,



шағатай тілдерін еркін меңгереді. Шығыстың ойшылдарының еңбектерімен танысады.

Мәшһүр Жүсіп 1887, 1885, 1907 жылдары үш рет Бұхара, Түркістан, Самарканд, Ташкент қалаларына барып, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады. Оның дүниетанымының қайнар бастаулары мен рухани нәрлері: ұлттық рухани дәстүрлер. Ұлы Дала шығыс мәдениеттері мен мұсылмандық пәлсапасы, орыс және Батыс Еуропа мәдениеті, рухани әлемін қалыптастыруда әсер еткен шығыс ғұламалары: Назами, Руми, Аттара, Омар Хайям, Фирдоуси, Сағадиді, Хафиз, Жәми, Наваи, Йассауи т.б. Ұлы дала жерінің даналары да ерекше оықпалын тигізген еді: Тәттіқара, Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз ақын, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау және тағы басқалары Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам дінінің шығуы, құдайға сену, тануы, ислам тарихына қатысты 0пайғамбарлар мен тарихи тұлғалар жайлы ақпараттар берілген.

Ойшылдың дүниетанымы мен пәлсапасының негізгі қайнары ислам философиясы және шығармашылығының қайнар нәрі Құран-кәрім, хадис, шариат. Оның діни философиясында Алла мен нәпсі, күнә, пенде, періште, инсани-қамил, ақиқат, фәни, о дүние, жұмақ, тозақ, ғашықтық, махаббат, әулие, шариат, сопылық т.б. ұғымдар негізгі өзекті құрайды. Мәшһүрдің діни-философиялық көзқарастарының түпкі тамыры – Алла тағала, оның расулы Мұхамед.

Мәшһүрдің дүниенің жаратылуы, ғарыш, ислам және жер денелері, адам қалай жаратылғаны туралы ойларын «Жер мен Көк» қиссасында келесідей баяндаған:

Екі күн-жер, екі күн көк жаратты,

Төрт күнде бір-біріне жұп жаратты.

Бір сағатта қылуға күдіреті бар,

«Пендеме ғибрат болсын!» – деп жаратты [3].

Мәшһүр Жүсіп «Ібіліс шайтан қиқасы» шығармасында Ібілістің (өзөзілдің) дүниеге келуі, періштелердің ханы болып сайлануы, адамзат баласына иілмегендіктен сайтан аталып, адамзатты тура жолдан азғыратын, нәпсісін өзіне қаратушы жолына түскен Ібілістің өмірі туралы баяндалады. Дастанда 0шайтан іс әрекетімен адамды жаман жолға итермелейді. Демек, қазіргі күннің өзінде біздің өмірімізде бізді азғырып, әрқашан бұрыс жолды меңзейтін Ібілістің іс-әрекетін байқамау мүмкін емес. Ал оның түп төркіні осы дастанда көрсетіледі.

Мәшһүр Жүсіп дүниені жаратушы, Алла тағаланың жаратылысты жұптық негізінде көрсетеді. Ұлы Абай айтқандай: «Махаббатпен жаратқан азаматты» Мәшһүр де дастанында ерекше сүйіспеншілігімен жазған еді Ол Аллаға, пайғамбарымыз Мұхамедтің Алла расулы екендігіне, кәміл сенген діндар және дарын иесі. Өзінің діни шығармаларында ислам қағидаларына, борыш-парыздарына жан жақты түсінік береді.. Қарапайым тілмен ақын ішкі дүниесін жеткізе білген. Ғалым Көпеев діни құндылықтарды насихаттау мақсатымен қоғамның адамшылық тұрғыдан тазаруын, иман мен рухани нұрларына қалай ие болуын уағыздайды. Мәшһүр Жүсіп «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» еңбегіне көз жүгіртер болсақ, ойландыратын терең ой-толғамдар, соған қоса рухани құндылықтар туралы деректер келтірілген.

Құдайым жексенбі күн жер жанатты.

Жер-суды әуел бастан бір жаратты.

Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен

Түріндей текеметтің түр жаратты.

Аспан – биік, жер-төмен, тау, тас-қатты,

Ат аяқты болғанда, құс қанатты.

Заһардан бал, тікеннен гүл шығарып

Жұма күні жаратты адамзатты.

Күдіретпен он сегіз мың ғалам болды,

Бәрі-қабак, маңызы адам болды.

Құдайдың құдайлықпен қылған ісі,

Жаралып алты күнде тәмам болды [3].

Адам баласы ақылмен, сезіммен бір жаратушы күштің бар екенін білсе де, оның бұйырған нәрселері мен тыйым салған нәрселерінің кейбір жағдайларын не екенін біле алмайды. Адам баласына бұл дүниеде, ахиретте бақытқа ие болудың, жолдарын баян еткен. Оны Алла тағала тек пайғамбарлары арқылы, солардың дәнекерлігімен ғана білдірген.

Жараттың жақсы жаман екі айыр жол,

Адамның бір жағы оң, бір жағы сол!

Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу,

Кімде кім болып жүрсеӨзіңе құл! [3].

Құдай жолына, немесе нәпсі, шайтан жолына түсуін Адам баласы өзі таңдайды. Жақсылық пен жамандық, мейірімділік пен қатыгездік, қайырымдылықпен пен зұлымдық тәрізді қарама қарсылықтардың бірін таңдауына байланысты адамның дүниедегі өмірінің рухани тазалығы мен байлығын анықтамақ.



Нәпсіні тәрбиелеу мәселесі діндар Мәшһүр Жүсіптің негізгі шығармашылығындағы тақырыптарының бірі.

Бір іске өкінбейсің деп ойласаң,

Нәпсісінің достық айтқан алма тілін.

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,

Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.

Өзін өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [3], – деп нәпсіні тыюға, құмарлық, ноктасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек.

Міне, Алланың жолымен жүруде білім жинау, рухани азықтанып, айналаңа достықпен қарау, сананды сұм идеялармен уламай, нағыз діндар адам кейіпінде күн кешу Мәшһүр Жүсіп шығармаларының басты тақырыбы болып табылады. Оның зерттеп, қағаз бетіне түсірген барлық еңбектерінде адам жоғары сатыға тек рухани тазалық пен білімге құмар болған кезде жететіні айқын білінеді.

Оның пікірінше: «Аллағтағала бізге көптеген нығыметтер берген. Олар: осы дүниеде бар болып, тірі жүруіміз он екі мүшеміздің сау болуы: жеген тамағымыз, алған деміміз, жасаған өміріміздің әрқайсысы Алланың бізге берген игілігі, жақсылығы, несібесі». Аллаға жан-тәнімізбен, малымызбен құлшылық етіп, бүкіл әмірлерін орындап тыйым салған нәрселерінен тиылуымызды «ғибрат» деп атайды. Ғибрат Аллаға ғана істеледі. Сондықтан әрбір мұсылманның осыларды айырып, нақ білуі парыз. Қазіргі таңдағы ислам дінінің бірден бір таза, дара жолына бастайтын рухани азық кемде кем. Бірақ әдебиетіміздің озық үлгісі деп танылатын біз атаған зерттеуші, тарихшы, әдебиетшілеріміздің еңбектерін сусындап оқуп, хақ жағында қалуымыз өте маңызды. Ата-бабаларымыз мирас етіп қалдырған жеріміз, тіліміз, әдебиетімізбен дінімізді сақтап қалу тек біздің қолымызда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2005 ж., 6.205., 128 б.

2 ҚР ҰҒА «Хабаршы», «Филология» сериясы, 4.2008 ж.

3 <https://www.zharar.ru/xfsearch/xfsearch/%D0%BC%D3%99%D1%88%D2%BB%D2%AF%D1%80%20%D0%B6%D2%AF%D1%81%D1%96%D0%BF%20%D0%BA%D3%A9%D0%BF%D0%B5%D0%B5%D0%B2%20%D3%A9%D0%BB%D0%B5%D2%A3-D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96/>

0% B 2 % 2 0 % D 3 % A 9 % D 0 % B B % D 0 % B 5 % D 2 % A 3 % - D 0 % B 4 % D 0 % B 5 % D 1 % 8 0 % D 1 % 9 6 /

4 <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/dasturli-din/mashhur-jusip-kopeily-jane-din-575/>

#### МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ДІНИ ӨЛЕНДЕРІ

АЛИМОВА А. К.

педагогика ғылымдарының магистрі

Ғұлама ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев ең алдымен ислам дінінің этикалық, моральдік, дидактикалық мәселелерін зор білгірлікпен жырлаған сөз зергері. Ақынның өлеңдеріндегі көзғалатын мәселелері адамгершілік, имандылық, жұмақ пен тозақ және рухани байлыққа негізделген. Өз жұртына рухани байлықтың жемісін, имандылық дәнін сеуіп, оны әрі қарай дамыту әр азаматтың парызы. Халықты өнер-білімге үндеп, адамдықты, имандылықты ту етіп ұстауға шақырған Мәшһүр Жүсіп өлеңдері де әр қилы қырынан көрінеді.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің басты мәселесі имандылыққа, адамгершілікке, әділеттілікке, адалдық пен ақиқатқа, еңбекқорлыққа үндеген. Мәшһүр Жүсіп өзінің өлеңдерінде шығыс әдебиетінің мол мұрасын пайдалана білді. Ақын ортағасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты көрсете білді. Ақын Бұхарда, Қокан, Самарқанд, Ташкентте барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді.

Аллаһқа, Жаратушыға мойынұсыну Ислам елдері үшін 647 жылы жазылып бітіп, таратылған Құран Кәрімнен бастау алса, одан бұрын келген Інжілге (Библияға) де Құдіретті әспеттеу тірек болғаны белгілі. Пайғамбарымыз с.ғ.с айтқандай Аллаһты танып білу мүмкін емес, өйткені біздің ақылымыз шектеулі. Аллаһ бізді солай жаратқан. Тіпті қазақ ақыны Абай да Аллаһты толық танып білу мүмкін еместігін айтады: «Алла Тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды» [1, 65 б.].

Зерттеуші Ә. Нысанбаев XIII ғасырдағы түркі әдебиетінің жарық жұлдызы Қожа Ахмет Йассауидің дүниетанымы туралы айта келіп: «Йассауидің пікірінше, «Әлем», «Ғарыш» және «Құдай» бір-біріне сәйкес келетін барабар ұғымдар. Бұл ұғымдарды болмыстың бірлігі тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда ол бөлінбеген; бөлшектенбеген Ақиқат. Сонымен «Әлем» мен «Құдай» – Ақиқаттың екі құрамдас бөлігі немесе саласы сияқты, яғни екеуі де бір ғана мәннің шеңберіне топтасқан дүниелер мен танылған» [2, 132 б.], – дейді.

Қожа Ахмет Йассауидің «Диуани хикмет» еңбегінің мәні жөнінде белгілі ғалым Әбсаттар Дербісалиев: «Қожа Ахмет Йассауи хикметтері тақуалық ғұмыр, ғаріп, пақыр, жетімдерге пана болып, қамқорлық жасау, Алла жолын ұстау, өмірді босқа өткізбеу һәм Құран Кәрімнің сүре, аяттарындағы уағыздар мен Мұхаммед пайғамбарымыздың қасиетті хадистеріндегі өсиетнамаларды еске түсіреді», – дейді. Бұл кітапта зерттеуші сонымен бірге бұрынғы мұсылман шығысы білгірлері еңбектеріндегі идеялары Қожа Ахмет Йассауидің жалғастырушылық қызметіне көңіл бөледі: «Сайып келгенде, аяулы ақын бұрынырақ ғұмыр кешкен мұсылман шығысының ойпаздары мен даналарының кәміл адам тәрбиелеу туралы идеясын алға тартады», – дей келіп зерттеуші ғалым «Диуани Хикметті» мұсылмандық шығыстағы сопылық дәстүрмен байланыстырады: «әрі ол сопылық тағылым, дәстүрмен жалғасып жатыр» [3, 80 б.].

Жалпы мұсылман елдеріндегі әдебиетте ең алдымен Аллаһты дәріптеу, Аллаһтың ақ жолып дәріптеу кең тараған. Соның бір көрінісі түркі әдебиетінің негізін Қожа Ахмет Йассауи бұл ұғымға жиі көңіл бөлгізеді:

1. Ықылас еттім, кешті бәрін Хақ-Тағалам,  
Бір Алланың ақ жолына салды, достар [4, 34 б.].
2. Қиямет күнде ақ жолын мегзеуші болармын,  
Науқасқа шалдықса, емдеуші болармын [4, 92б.].
3. Жол үстінде құлап жатқан, үсті-басы шаңға батқан,  
Зікір салып төсін ұрған, көкірегі толған ғашықтар [4, 108 б.].

Қожа Ахмет Йассауиден басталған діни тақырыпты, Аллаһты мадақтауды жаңа бір белеске көтерген кім десек, XIX ғасыр

табалдырығын аттасымен Абайды айтар едік. Абай Аллаһтың біреу екенін, тек Аллаһ өзгермейтінін, оның адам ақылына сыймайтын кең ұғым екенін, Аллаһтан 4 кітап келгенін, кейінгі кезде Аллаһ ісін айыра алмайтындар баршылық екенін, – бәрін аз сөзбен әсерлі жеткізе білген:

1. Ләм-Әлиф-Ло-илаһа илалла – деп,  
Я-Ярым, қалай болар, жауап сөзін.
2. Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек [5, 30 б.].
3. Ақылға сыймас ол Алла,  
Тағрипқа тілім қысқа аһ.  
Барлығына шүбәсіз,  
Неге мәужит ол куә [5, 44 б.].
4. Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз ешқашанда жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөзі айырылмас [5, 203 б.].
5. Жамандық, жақсылықпен – оған бір бәс,  
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас [4, 268 б.].

Ал, Мәшһүр Жүсіпте болса, Аллаһты таныту, оның сипаттарын баяндау өзінше өріс алған:

1. Алды, арты, асты, үсті – оң, солы жоқ  
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қол жоқ.  
Еш нәрсе ұқсамайды ол нәрсеге,  
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.
- Жоқ деп біл ол Аллада ата-ана,  
Және жоқ деп біліңіз қатын-бала.
- Барлығы бір Алланың күдіретінде,  
Ешкімге мұқтаж емес Хақ тағала.  
Білгіші, есіткіші һәм көргіші,  
Барды жоқ және жоқты бар қылушы [6, 105 б.].

2. Күдірет айтты: – бәріне мен бердім дем!  
 Мен бермесем, кәнеки, беруші кім?!  
 Мүлтіксіз ғып жараттым тепе-тегіс,  
 Бірінді-артық, бірінді қылмастан кем [7, 25 б.].

Мәшһүр Жүсіп бұл жолдары Құран Кәрімде сүрелер өте көп кездеседі: «Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық» (Тин, 3) [8, 597 б.]. «...Шексіз Аллах сендерді Бақылаушы» (Ниса, 1) [8, 77 б.]. Демек Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларына негіз етіп Құран Кәрімнен алғаны көрінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер (ауд. Егеубаев А.). – Алматы: Жазушы, 1986. – 372 б.
- 2 Нысанбаев Ә. Иассаудің дүниетанымы мен философиясы // Ақиқат журналы, 1994, № 3.
- 3 Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер (ауд. Жәмшіұлы Ә.). – Алматы: Өнер, 1995. – Б. 108.
- 4 Құнанбаев А. Шығармалары (1-том). – Алматы: Ғылым, 1977. – 352 б.
- 5 Шейх Абдурахман ибн Насир әс-Сағди. Ізгілер жүрегінің қуанышы (ауд. Шойбек Ү., Қыдыралыұлы Қ.). – Алматы: Кәусар-Саяхат, 2007. – 342 б.
- 6 Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі (ауд. Халифа А.).
- 7 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары (2-том). – Павлодар: ЭКО, 2003. – 384 б.
- 8 Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын, 1985. – 322 б.

#### МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ЕЛ БИЛЕУШІЛЕРІ

БУЛЕЖАН Т.

оқушы, 9 сынып, Камал Макпалеев атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақ хандарына арналған Мәшһүр шежіресі тарихи құндылығымен ерекшеленеді. Шежірелік-жылнамалық сипатта жазылған бұл шығармаларда атақты билеушілердің іс-әрекеті қысқаша, тартымды баяндалып, шежірешінің өз пікірлері де қатар беріледі. Керісінше, тарихи дерегі жұтаң, белгісіз хандардың

есімдері ғана аталынып өтеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Қазақ түбі» еңбегінде өз Жәнібек ханнан бастап өз Тәуке ханға дейінгі хандар тізбегін таратады. Шежірелік баяндауларында Мәшһүр Қазақ хандығы тарихын жекелеген билеушілердің саналы өмірі арқылы, белсенді іс-әрекеттері барысы арқылы танытады. Ол тарихты баяндауларда көбінесе бір хронологиялық реттіліктің сақталынуына байқаймыз. М. Ж. Көпеев бұл еңбекті жазуда өзінің алдындағы тарихшы ғалымдардың: Ш. Уәлиханов, В. Вельямионов-Зернов, Қ. Халид, Ш. Құдайбердиев еңбектеріндегі мәліметтерді өзара жіктей отырып пайдаланғанға ұқсайды. Қазақ хандары туралы М. Ж. Көпеев шежірелерінің Ш. Уәлиханов пен В. Вельямионов-Зернов зерттеулеріндегі тұжырым-пікірлерімен үндесуі, көп ретте Отан тарихы мәліметтерімен сай келуі еңбектің тарихи құндылығын арттыра түседі. Алайда Мәшһүр шежіресінде Қасын хан қазасының мерзімін 930 жыл нижра деп көрсетілуі аталған тарихшылар еңбектерінен еш ұшыраспайды. Мұның өзі Мәшһүрдің тағы бір белгісіз жазба нұсқасы пайдаланғандығын көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежіресінде Тахир хан, Тоғым хан, Бойлас хан және т.б. белгісіз билеушілердің тек есімдерін ғана атап өтеді. Ал атақты, даңқты хандар тарихын баяндауларында Қасым ханды «Жошы ханың өзінен соң Дешті Қыпшақты толық меңгеріп билеген хан», «қазақ хандарының пируай дөкейі»; Хақназар ханды «қайратты кісі», «батыр хан»; Өз Тәуке ханды «ақылды кісі, табанды кісі», «терең ойлы, толық миль, дөкей ірі хан» ретінде бағалайды.

М. Ж. Көпеев Қазақ хандығындағы билік жүйесі туралы өз көзқарас-пікірлерін білдіген: «1778 жылдар Абылай ханның Орта жүзге хан болған шамасы. 1821 жылдар Уәли хан өліп, асы берілген шамасы. Қалмақтарға да әр түрлі ат қойылса керек. Жоңғар деп құба қалмақты айта керек. Мұның ханы Қалдан Шерін-Батыр баласы. Қара қалмақтың ханы қоңтажы, орыс империясында «хан тайшы» делінеді. Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт-бұлардың ханы кәрі Аюке Тапсыради деседі. Қоңтажы, Аюке бір-ақ кісінің аты болмайды. Шүршіт ханын Ежен хан атағандай хан болғандарына айтыла берсе керек.

Қазақта мұндай үзілмей бірінен соң бірі болып тұратұғын хандық жоқ. Анда-санда қолдарына хандық тиіп қалады да, ұзамай быт-шыт болады. Қазақтың өз сыбағасына арналып хан болғандар: Қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан, «Күлтөбеде күнде кеңес» атанған өз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген

Абылай хан. Қазақта хан болып, заң-закон жасап, халық қатарына қосқандар осы айтылған хандар» [5, 149].

Бұған қарағанда, Мәшһүр-Жүсіптің Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекеті билеушілерінің ел билеу жүйелеріндегі өзара айырмашылығын көре білгенін танимыз. Мәшһүр пікірінше, қазақ жұртын «заң-закон жасап, халық қатарына» қосып, «қазақтың өз сыбағасына арналып, хан болғандар» өз замандарында ел мәртебесін көтерсе де, күшті билік жүйесінің үзілмес тізбегінің болмауына байланысты Қазақ Ордасының тыныс-тіршілігі де бірқалыпты болмайды.

XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандары туралы жазылған Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбасы тарихи шындыққа неғұрлым жақын болуымен, дәлелдігімен көзге түседі. Ел тарихы жекелеген билеушілердің іс-әрекеттері барысы арқылы көрсетілген бұл мәтіндер хронологиялық жүйеге сай баяндалынған. Әсіресе Қасым хан, Ақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан мен Тұрсын хан тұсындағы Қазақ хандығы тарихын баяндаған Мәшһүр-Жүсіп шежіресі дерегі тарихи зерттеулермен, құжаттармен, шежіре нұсқалармен айғақталына түседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Ақынның шығармашылық мұрасы түркі әлемі әдебиетіндегі халықтың рухани байлығына айналғаны көпшілікке мәлім. Ақын өзі өмір сүрген кезеңнің уақыт шындығын, дәстүр жалғастығын жинақтап, саралап қана қоймай, оны көркемдік тұрғыдан толықтырып, тарихи деректермен молықтырып отырған.

Сөйтіп, өз құндылығын арттырып, ел арасында қанатты сөздерге айналып, еліміздің рухани игілігін еселей түскен. Ертегі, аңыздары мен дастандарындағы ислам діні тарихына қатысты тұжырымдары мен көрікті ойлары көңілге қонымды. «Алаш мұрасы» баспа үйінен жарық көрген Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары бәрімізге де үлкен ой салды. Ақын дастандары арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан аңыздық баяндауды жазба әдебиетіміздің төл дүниесіне айналдырып, ондағы образдарды жоғары сапаға көтерді. Соның бірі – Абылай ханның өміріне қатысты дастаны. Онда тарихи жәдігерлерді көркемдік тұрғыда өріп, ұлт мұрасын барынша байыта түскенін көреміз. Абылайтанушылардың М.Жүсіп шығармаларындағы ханға қатысты мәселелерге терең зер салады. Ақынның «Абылайдың тұтқын болуына» қатысты мәліметтер, расында да аса қызық. Мәселен, «Абылайдың бір жорығы»,

«Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы» сынды дәйектер кімді болса да ойландырмай қоймайды.

«Абылайдың бір жорығы» екі нұсқадан тұрады. Осындағы: «Абылай екеуіміздің таласымыз – дін емес, дүние ғой! – дейтіні бар. – Дүние үшін жұртымызды қырғын қылмалық! Мен жекпе-жекке өзіме қараған қалмақтан бір сырттан тауып шығарайын. Абылай да өзіне қараған елінен бір сырттан тауып шығарар. Менің (менім) кісім Абылайдың шығарған кісісін күші асып өлтіріп кетсе, мал менен жаннан ол безіп шықсын, біз олжа қылайық. Абылайдың кісісі менің кісімді күші асып, өлтірсе, мен (ман) мал мен жаннан бездім. Ол олжа қылсын! – дейді – Уағда осы болса, менің де уағдам, – осы! – депті», – деген екі нұсқада да бір ойды білдіргенімен кейбір айырмашылықтарына назар аударған жөн. Мәселен, 1-нұсқада: Жәнібектің Абылайдың үйіне келетіні суреттелмейді. Ал керісінше 2-нұсқадағы: Жәнібекті тапқан әйел «Қатаған ханы» атанған хан Тұрсынның қызы екен. Ташкенде хан болып тұрған кезінде еңсегей бойлы ер Есім Қатағанды қырып, хан Тұрсынды өлтіріп, қырғын шапқыншылықты: бір қызы Есім ханның олжасына үлеске түсіп, оны Салқам Жәңгірге қосқан екен. Бір қызы Шақшақ батырдың олжасына үлеске түсіп, оны Қошқарға қосқан екен», – деген эпизод бірінші нұсқада суреттелмейді.

2-нұсқада: Хан Шыйеш атшысын шақырса, 1-нұсқада: «Менің қарт Бөгенбай берген Нарқызыл атымды алдына алып кел!» – деп бұйырады. Міне, екі нұсқадағы мәтіндік ерекшеліктер оқиғаның өрбуіне екі түрлі әрекеттер берген.

«Абылай аспаған сары бел» тіркесінің шығуына негіз болған бес түрлі нұсқаның тарихи мәнін салыстырар болсақ, мұнда да өздеріне тән ерекшеліктер бар. Тіпті, тарихи кейіпкерлер әрекеттері де өзгеріп шыға келеді. Мәселен, 2-нұсқада: «Абылай хан қазақтың ханы болған бір Ботақан дегенді тірі көрге салған», – деген басқа нұсқаларда оқиғаның шиеленіскен сәті ретінде орын алған. Тек 5-нұсқада: Абылай ханның Алатауға жорыққа бара жатып, Қаракесек Шаншар деген елдің бір ұлы жиын асына кез болды дейді. Басқа нұсқаларда бұл сөйлем оқиғаның шиеленісу сәтінің бастамасы ретінде суреттеледі.

1-нұсқада:

Кешегі өтіп кеткен хан Абылай,

Соғыпты құбыладан ескен желдей.

«Сонау бір сары белден аспадым!», – деп,



Кетіпті арман кылып біздің елді-ей! [63 б.]. Назар аударарлық жайт, 2-4-5 нұсқаларда бұл өлең жолдары кездеспейді. Ал 3-нұсқада бұл өлең жолдары төртуыл ішінде жүрген Төлеген қожаның өлені болып бейнеленген.

«...Сонау бір сары белден аспадым!» деп,  
Кетіпті арман кылып біздің елді-ей!  
Көліне Итемгеннің қонған болып,  
Шоң биім үйде жатыр қорған болып.  
Атадан он үшінде жетім қалған,  
О да жүр жүрт иесі Шорман болып...

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Абылай аспаған сары бел» дастанының бес нұсқасын қарастыра келе, қайсыбір кішігірім болса да мәтіндік ерекшеліктерге куә болдық. 2-нұсқа басқа нұсқаларға қарағанда, өзгеше оқиға желісімен көрініс тапқан мазмұны, көлемі жағынан да басқа нұсқаларға қарағанда кішірек.

1-нұсқада: Абылай хан Алатаудағы: қырғызға, қалмаққа жорыққа бара жатқан жолында Өрдегі Қаз дауысты Қазыбек бидің елінде бір... асқа кез болып, сол аста Шаншар деген елдің бозбалалары аңыз қылыпты:

– Анау тұрған ханның басындағы бөркін қағып түсірер ме еді, не қаһар қылар еді? – депті. 2-нұсқада бұл эпизод жоқ. 5-нұсқада 1-3 нұсқаларға қарағанда өзгерген. Абылай хан Алатауға жорыққа бара жатып, Қаракесек: Шаншар деген елдің бір ұлы жиын асына кез болды дейді. Сол аста: «Ішкен – мас, жеген – тоқ» – ерігіп тұрған Шаншардың желбастары аңыз қылысты дейді:

– Басындағы бөркін біреу қағып түсірсе, хан хандық қылып, қандай қаһар қылар еді? – деседі. 1-нұсқада: Қаз дауысты Қазыбектің інісі, «Мөр тандайлы балапан» деген арт жағынан барып, аңдаусызда ханның басындағы бөркін шыбықпен қағып түсірді. Хан дәнеме демеді, жердегі бөрікті басына кимеді. 2-нұсқада бұл көрініс. 3-нұсқада 1-нұсқадағы сөздер қайталанып хан жауабы өзгеріске түскен.

Хан дәнеме демеді:

– «Ішкен – мас, жеген-тоқ!» – деген осы ғой! – деп. – Жерге түскен бөрікті қайтып алып киюге жарамайды! – деп, – жерде қала берсін! – деп, бөрікті жерден алдырмады. Бөрік жерде қала берді, хан да үндемеді. 1-нұсқада: Замандардан заман өткенде, Қаракесек, Төртуылдың қаласы Қызылжар, Көкшетауға базар шығып барғанда, сол басынан бөркін қағып түсіргенін ұмытпай жүр екен, соны сөз

кылып қозғап, Төртуылдан – Ботақанды, Қаракесектен – Жанай дегенді байлап алып қалыпты дейді.

Қазымбеттің баласы – Қанай, Жанай,  
Ортаншысы – Атымбай, кенжесі – Анай.  
Қараұзақ пен Сарыұзақ қара қалған,  
Қол тигесін сұраймын, әлдеқалай? – дейтұғын өлеңге қосылған  
Жанай-соқыр Бибаланың әкесі, Қаз дауысты Қазыбектің немересі.  
2-нұсқада: Абылай хан қазақтың ханы болған бір Ботақан дегенді тірі көрге салған. Қайтып үйіне келген, қатынына:

– Ботақанды көрге салып келдім, – дейді, – Бұ Орта жүзден бізге үкім бұйырмаған екен. 2-нұсқада 1-нұсқаға қарағанда әңгіме желісі басқаша суреттеледі. 1-нұсқада III жақта әңгімеленсе, 2-нұсқада I жақта Абылай атынан суреттеледі.

...Күндердің күні өтіп, ол ұмыт болып кетіп, Қызылжар базар болған соң, Қаракесек, Сүйіндіктің базаршысы көтеріле Қызылжарға базар базарлап баратұғын болып, көп базаршы барғанда, өкпесі-кегі баяғы бастан бөрікті қағып түсіргендік болып, Қаракесектен бір кісіні, Төртуылдан бір кісіні тірі ұстап қалып, екеуін тірілей көрге салып тастады. Сонда Қаракесектен алып қалған кісісі – Қаз дауысты Қазыбектің немересі Қазымбеттің баласы Жанай екен.

1-нұсқада: Ботақан байлағанына ызаланып, долданып, ас-су ішпей тұтқында жатып өліпті де, Жанай байлауда жатып, отын оттап, суын ішіп жата беріпті.

2-нұсқада бұл эпизод: Көрден бірі тартып шығарайын деп жатқанда, жүрегі жарылып кетті деп суреттелсе, 3-нұсқада: Хан өзі көрден бері тартып шығарайын деп, иіннен тарта бергенде Ботақан өзінен-өзі долданып, жарылып өлді. 4-нұсқада: Хан өзі көрден бері тартып шығарайын деп жатқанында, жүрегі жарылып, Ботақан өлді. 5-нұсқада: Ботақан:

– Өлгенде жататұғын көріме тірілей жаттым. «Үйге кірген құр шықпайды, //Көрге кірген тірі шықпайды», – деген. Бүйтіп жүрт көзіне көрінгеннен өлгенім артық деп! – деп, ыза бойына сыймай, долданып, жүрегінің басынан тарс етіп жарылып өліп кетті дейді. Шиеленістің басты себебі, осы батыр Ботақанның Абылай қолынан қаза табуы болып есептелгеннен соң, Мәшһүр жинақтарында жарық көрген бес нұсқада бес түрлі өзгеріспен суреттелген.

Бүгінгі таңда хан Абылай жайлы кез келген деректің өз атқарар қызметі бар. «Абылайдың бір жорығы», «Абылай аспаған сары бел» сөзіне қатысты да әдеби-мәтіндік талдаулар жүргізу керектігі рас. Өйткені, әр жерде әрқилы аңыз боп айтылған әңгімелердің түйіні



шешілуі керек-ау. Өйткені, тарих тазалығы үшін ұрпақ алдындағы жауапкершілік қашан да қымбат.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларында Алаша ханға қатысты берілген мәліметтер тарих ғылымы тұрғысынан арнайы қарастырылуды қажет етеді. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев хандар тізіміне Алаша ханды, Ормамбет ханды т.б. қосады. Бірақ «Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер» еңбегінде оның тарихта кім болғаны халық жадында ұмтыла бастағанын атап көрсетіп, енді бір хандар тізімінде Алашаны қазақ билеушілерінен бөліп алып жеке қарастырады. «Қазақтың өз сыбағасына арналып хан болғандар: «Қасқа жолды Қасым хан», «Ескі жолды Есім хан», «Күлтөбеде күнде кенес» атанған өз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Өзбекәлі Жәнібеков. «Егемен Қазақстан» газеті, 21. 07. 1993
- 2 Байтұрсынов. А. // кітапта: Бизақов С. Түбі бір түркілер / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2000. – 320 б.
- 3 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі», А., 1960.
- 4 Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы: «Білім», 2000. – 248 б.
- 5 Шаяхметұлы Қинаят. Шартарап. Ғылым жинақ. (филологиялық-контактология). – Семей-Новосибирск. Талер-Пресс, 2006. – 350 б.
- 6 Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.

#### **ВКЛАД СУТЖАНОВА САЙФИТДЕНА В КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА**

ЖУМАБАЕВА К. М.

магистрант, Торайғыров университет, г. Павлодар

Статья посвящена изучению литературного наследия известного поэта, философа, историка Машхура Жусупа Копеева, жившего во второй половине XIX – начале XX века. Чем сложнее судьба

поэта, точнее описывающего социальные реалии своего времени и положение жизни в стране, тем труднее доходили его произведения до народа. Машхур Жусуп Копеев был выдающейся личностью своего времени, духовным лидером, носителем глубокого учения. Сколько периодов мы пережили в истории, а период жизни поэта совпал с самыми сложными, переходными периодами, смутными временами. Имя Машхур Жусупа осталось в сердце страны не только поэтичностью, но и святым, набожным, благочестивым и ни на кого не похожим удивительным образом жизни. Творчество поэта своим большим духовным опытом наполняет народ религиозными, нравственными ценностями. Расширяются и исследовательские каналы Машхуроведения, отвечающие внутренней потребности народа в произведениях поэта.

Машхур Жусуп Копеев - поэт, мыслитель, историк, этнограф, собиратель народного творчества казахского народа, чья жизнь и творчество стали предметом настоящего научного исследования. Он получил великолепное образование, учился в Дагестане, Бухаре, Самарканде, хорошо знал русский, арабский и персидские языки. Помимо научных сфер, в которых он был глубоко сведущ, Копеев знал толк в медицине, астрономии, физике и еще в множестве наук. Хорошее знание арабского и персидского языков позволило ему глубоко изучить поэзию Востока, а также создать по восточным мотивам ряд дастанов. В Бухаре в медресе Кокельдаш получил высшее образование. Религиозность нашего выдающегося земляка не была ортодоксальной. Машхур Жусуп воспринимал религию как духовность. В его произведениях она присутствует как социальное осмысление действительности, смысла жизни, сущности человека. В его работах и жизненных поступках религия - содействие духовному очищению. Благодаря знаниям арабского и персидских языков он изучал и запечатлел на бумаге древние книги из самых крупных библиотек центральной Азии в городах Бухара и Самарканд. В эти годы он познакомился с тюркологом-академиком В. В. Радловым, начал заниматься сбором устного народного творчества в казахской степи, собрав фольклорное наследие, он объединил его в сборник «Мес». «МЕС» в казахском быту представляет собой сосуд для хранения кумыса, а в данном случае, собирает М.-Ж. по крупницам фрагменты прошлой истории своего народа на каждом отдельном листе, закладывая их в свой «мес», воссоздал максимально объективную, приближенную к оригиналу историю степи. Большую часть жизни, он посвятил изучению истории казахов. Однако,

в своей деятельности историка, он не ограничивался сбором образцов устного исторического наследия, можно сказать не был приверженцем одной только устной традиции. В своих трудах автор критически переосмыслил историографию по истории казахов по духу времени и высказал по многим из них свои соображения.

В годы после Октябрьской революции продолжал писать произведения, подчеркивающие истоки советской идеологии. Именно по этим причинам несмотря на то, что имя Машхур Жусуп Копеева широко известно в казахской степи, его произведения не дошли до народных масс. Только с 60-х годов двадцатого века творчество поэта включили в учебники и начали преподавать более широко.

Впервые статья о Копееве была написана и опубликована Алькей Маргуланом, позже свой вклад в развитие Машхуроведения внес Ермухан Бекмаханов в своей книге «Казахстан в 20–40-е годы 19 века» он представил краткие и точные данные о поэте.

Получение независимости нашей страны позволило оценить в полной мере наследие писателя, открыло возможность оценивать его творчество с художественно-эстетической точки зрения. Свой неоспоримый вклад в изучение биографии и многогранного таланта Машхур Жусупа Копеева внес известный литературовед, работающий в сфере науки и образования Сейфитден Суджанов. Эта тема имела особое значение для Сейфитдена, родившегося на святой земле Баянаула, он был полон рассказов о своем земляке поэте из уст местных пожилых людей. Ученый собрал устные сведения о жизни знаменитого поэта, местах обучения, истории каждого его произведения. Ему удалось собрать разные широкое распространение мнения о работах Машхур Жусупа Копеева разного характера, различные оценки, изучить различные данные в его работах. Его целью было сделать из этих разрозненных данных настоящую науку, прийти к достойным заключениям соответствующие принципу объективной оценки. Он так же ставил себе цель раскрыть многогранность таланта и дать должную оценку богатому вкладу знаменитого поэта в сокровищницу национальной поэзии, тем самым прочно утвердить место поэта в истории отечественной литературы. В ходе исследований были опубликованы первые статьи в научных изданиях. Он проанализировал различные мнения о поэте и сделал серьезные выводы, данные статьи получили поддержку среди литературоведов, которые высказывали мнения, что наступил период развития Машхуроведения. Эти мнения,

несомненно, окрылили стремления молодого исследователя и побудили его двигаться вперед, чуть позже были изданы научные книги о жизни и творчестве Машхур Жусуп Копеева. Ценностью этих книг является то, что они предназначены не только для научной среды, а направлены на передачу и ознакомление с творчеством поэта подрастающее поколение.

В 1994 году ученый выпустил работу под названием «Творческая биография М. Ж. Копеева». В том же году Сутжанов Сайфитден Назымбекович защитил кандидатскую диссертацию по истории казахской литературы на тему «Литературное наследие М.-Ж. Копеева». Решением Ученого Совета АГУ имени Абая ему была присвоена ученая степень кандидата филологических наук. Позднее в 2001 году в свет вышли такие работы как «Наследие Машхура» и «Курс Машхуроведения. Сборник лекций», данные работы проявили свет наследия поэта в сердцах студентов Сейфитдена Суджанова, что дает полную возможность сказать, что он оказал на этом поприще неизмеримую услугу.

дүние мифологиясында құдайлар көп болса, Інжіл мен Құранда бір. Сонымен қатар, бұл кітаптарда жаратушы Нұх пайғамбарды топан су туралы алдын ала ескерткені айтылады. Көпеевтің аңызында Нұх пайғамбар кемесін жасауға 20 жыл уақыт жұмсаған. Пұтқа табынушылар оның бұл ойына күлді, оған бір кемпір ғана сенді. Күнде оған жалғыз сиырының сүтінен жасалған тамақ әкелетін. Кемпір пайғамбарды топан су кезінде сиырмен бірге кемеге салуға көндірді. Топан су басталғанда, Нұх асығыс кемпірді ұмытып кетті. Жер құрғағанша жылдар өтеді. Нұх пен оның отбасы, жануарлар мен құстар құрлыққа шығады. Сосын тамақ әкелген кемпірді көреді. Сөйтсек, Нұх кемпірді ұмытқанмен, Алла тағала оны жасаған жақсылығы үшін ұмытпай, топан судан аман алып қалған екен. Мәшһүр Жүсіп бұл жерде игі іс қашанда сауап болады деген ойды ұстанады[2, 54 б]..

Көркем әдебиет құдайлар, пайғамбарлар, әулиелер, батырлар туралы мифтерден, ертегілерден, аңыздардан бастау алады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Сүлеймен туралы тағы бір аңызының қазақ әдебиеті үшін маңызы зор. Пайғамбар туралы аңыздарда Сүлеймен таң қалды: «Құмырсқа неге жарты дәнді қорда қалдырды?» Пайғамбардың сұрағына құмырсқа егер ол кішкентай жәшікте ұмытылса, онда ол үшін қор болуы керек деп жауап береді. келешек. Сөйтіп, құмырсқаның бір дәнмен қорапта тағы жеті жыл өмір сүретініне пайғамбар таң қалды. Көпеев бұл жерде адам мен табиғаттың арасын байланыстырады, осылайша дүниедегі барлық нәрсе өзара байланысты және үйлесімді. Бұл аңыз Көпеевтер әулеттік мұрағатында табылған, онда бұл аңыз Боштайдың әкесі Тұрсынбаймен сөйлескен Ізден абыздың сөзінен жазылған.

Көпеев мәтіндерге жан-жақты ғылыми түсініктемелер берген, сонымен қатар фольклор үлгілері мен түсініксіз сөздерге тарихи мәліметтер берген. Осы айтылғандардың барлығынан Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған материалдардың зерттеушілер үшін құндылығы зор екені аңғарылады. Қолжазбалардың жалпы көлемі 20 томға жуық.

В.В. Радлов өз жинағында бұл тармақтарды нақты көрсетпейді, тек білімді адамдардың оған көмектескенін көрсетеді. В.В. Радлов зерттеу барысында мәтіндерге біраз өзгерістер енгізді, т.б. Сол арқылы оларды қазақ фольклорына барынша жақындату. Көпеев негізінен халық тілінде қырланатын және өзгеріске ұшырамаған үлгілерді жинады, бұл зерттеушілер үшін өте маңызды.

Мәшһүр Жүсіптің тарихтағы орны. Мәшһүр-Жүсіп есімі халық жадында мәңгі қалды. Белгілі ғалым Шафик Шөкіұлы өз еңбектерінде пайғамбарлықпен былай деп атап көрсеткен: «Мәшһүр есімі енді өшпейді, ұмытылмайды, тарихтан өзінің лайықты орнын алады, Ахмет Яссауи мен Әл-Фараби сияқты Мәшһүр Жүсіп түбі жоқ. білім мұхиты». Туған ауылында оның жеке заттары, кітаптары, тұрмыстық заттары жинақталған республикадағы жалғыз мұражай бар. Павлодарда «Мәшһүр-Жүсіпов оқулары» атты республикалық конференциялар жүйелі түрде өткізіле бастады. Павлодар қаласындағы Қазақстандағы ең үлкен мешіттердің бірі асыл Мәшһүр Жүсіптің есімімен аталады. Екібастұз қаласындағы орталық Ленин көшесі (даңғылы) Мәшһүр Жүсіп болып өзгертілді. Оның туған жерінде Ескелді ауданында зәулім кесене бой көтеріп, түрлі ұлт пен елдің өкілдері зиярат ететін орынға айналды. Олардың көпшілігі емделуге келеді, кейбірі рухани тазаруды іздейді. Жолсыздығы мен қолайсыз ауа райы оларды алаңдатпайды.

Ұлы ғалым «Мәдени мұра» бағдарламасын өзінше жүзеге асыруға кіріскенде ғасырдан астам уақыт озып кетті. Сол кісінің арқасында бүгінде қазақ халқының ауызша тарихымен етене араласуға тамаша мүмкіндік туды. Ол қазақтың бірнеше ғасырлар бойы мінсіз қызмет еткен рухани байлығының ұмыт қалуына жол бермеді. Қазіргі уақытта оның бірнеше ондаған жылдар бойы жинаған материалдарының 20 томдығы жарық көрді. Ол жинаған фольклорлық шығармалардың едәуір бөлігі мұрағаттық және жазба деректермен расталады. Қазақстандықтардың көптеген ұрпақтары үшін М.Ж. Көпейұлы – даналықтың, инабаттылықтың, киеліліктің, ар-намыс пен тектіліктің үлгісі, тұлғасы.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығыстың энциклопедисті деген тұжырым жасауға болады. Әрбір жеке қолжазбаның әртүрлі сиямен (қызыл, көк, қара) жазылғанын ескерсек, олар бұрын жеке бірліктер болған, кейін ғана біріккен кітаптар болған деп болжауға болады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1870-1920 жылдардағы оқиғалардың тірі куәгері болғандықтан, бұл дәуірді сипаттауды тарихи дерек ретінде қабылдауға болады. Тіпті Кенесары Қасымов туралы қолжазбалар да осы көтеріліске қатысқан куәгерлердің естеліктері бойынша немесе осы кісілердің ұрпақтарының әңгімелері бойынша жазылған. 1872-1874 жылдар аралығында Мәшһүр Жүсіп Бұхарада оқып, ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін меңгерген, сондықтан қолжазба мәтіндері әртүрлі тілдерде жазылған.



## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан мектебі журналы, №5. 2009жыл  
2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары 11-томы.

### МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

МУХАМЕТЖАН А. Ж.

студет, Жур-301 тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Өзі де, сөзі де бөлек дара тұлға, ұлы ойшыл, этнограф, тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858 жылы Павлодар облысы, Баянауыл өлкесінде дүниеге келген. Ақын ғана емес, әрі ғалым туған елінің тарихы мен мәдени мұрасын түгендеп, келер ұрпаққа мұра ретінде қалдыруды басты өмірлік мақсаты деп білді. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтауды тіпті де жастайынан бастады. Ол жасөспірімдік шағынан Абылай хан, Қазыбек би, Бөгенбай батыр және басқа да көптеген атақты тарихи тұлға туралы деректерді қағаз бетіне өздігінше түсірген. Мәшһүр-Жүсіп Семей, Ақмола, Атбасар және т.б жерлерде орналасқан көптеген ауылдарға, Оңтүстік және Батыс Қазақстан аумағындағы елді мекендерге жолға шыққан. Міне осы сапарларында атақты тұлғалар: хан Кенесарының ұрпақтарымен, Мейрам қажы Жанайдарұлымен, сондай-ақ Ақан сері, Саққұлак бимен де бетбе-бет жүздескен. Ақынның осы сапарлары арқылы жазылған еңбектері бүгінгі фольклортанушыларға, тарихшылар мен қоса әдебиеттанушылар үшін зерттеулеріне жол ашты. Көрнекті ағартушының жинақтарының арқасында кейінгі ұрпаққа баға жетпес құнды тарихи аңыздар, мәліметтер, қазақ хандығының құрылу уақыты мен этнографиялық материалдар, хан-сұлтандардың өмірі, жыраулар мен билердің, батырлар мен қоса қожалардың егжей-тегжей шежіресі жеттіп отыр. Негізі Мәшһүр Жүсіп шығармаларында есімі жиі аталатын тұлға – Абылай хан. Еңбек беттерінде Абылай ханның толық ата тегі, туып өскен жері, саяси қызметі және де билікте болған кезеңдері туралы деректер біршама берілген. Абылай ханан бөлек Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, және Кенесары ханға ерекше тоқталып, тарихи жазба мұра қалдырды. Фольклоршы орта ғасыр тарихына да көңіл бөлген. Нақтырақ айтсақ, Шыңғыс хан, Жошы хан, Шайбани хан т.б. тұлғаларды

да терең зерттеген. Қазақ аты ұлттың мандайына біткен жарық жұлдызы қоғамдық-саяси қызметке белсене араласқандығын атап өтпеу мүмкін емес.

Тарихтағы патша үкіметінің отарлау саясаты тұсында Мәшһүр Жүсіп қарсылығын патша өкіметіне ашық білдірген бірден-бір тұлға. Бұған дәлел: 1893 жылдары патша режиміне қарсы бағытталған өлеңдері мен мақалалары. Ойшыл қазақтың құнарлы деген жерлерін өзге ұлт иемденіп алғанына, өз ұлттының бастан кешкен қиындығына бейжай қарай алмады. Осылайша 1907 жылы Қазан қаласында Хұсайыновтар баспасында «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі» атты туындыларында сол тұстағы өзекті халық мәселелеріне қатысты өз ойын білдіреді. «Сарыарқаның кімдікі» деген шығармасында тарихи деректерді негізге ала отырып, кең-байтақ жерлердің негізгі және нағыз иелері – қазақтар екендігін дәлелдеп көрсеткен. Бұл кітаптар ел арасында кең тарап, той-жиындарда қызу талқылауда болды. Сөзсіз бұл биліктің ызасын тудырып, кітаптың таралымын түгелдей тәркіленіп, ақынның өзі саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

Ендігі кезекте тарихи мұрадан бөлек мәдени мұраға келетін болсақ фольклортанушы Мәшһүр қазақ халқының салт-дәстүрлері «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Жоқтау», «Қара өлең» және т.б. туралы материалдарды жинап, жазып, ұрпақтар үшін ата-бабаларымыздың игілігін сақтап қалды. М. Жүсіп өз еңбектерін 19 ғасырдың аяғы, 20 ғасырдың басында «Дала уәлаяты» газетінде және «Айқап» журналында басып шығарды. Бұған қоса ақындар арасындағы айтысының көп үлгілерін жинаған. «Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы», «Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы», «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсің қыз бен Заман қожа айтысы», «Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман Сабырбай айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман-Түбек айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Орманшы-Сақау ақын айтысы», «Қуандық-Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Керей-Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы», «Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман-Түбек айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы» айтысты, ақындардың сөз қағыстыруларын жазбаларында өзіндік реттілікпен берген. Бүгінгі күні Қазақстан

Республикасы Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасында жазушының қыруар мәдени-тарихи мұрасы жинақталған. Асыл мұра ішінде «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Жоқтау», «Қара өлең» бөлек «Тақпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лирико-эпос», «Батырлар жыры» бар. Ұлы тұлғаның бүгінгі күнгі тарихи-мәдени мұраға қосқан тағы бір маңызды үлесі ол өлкетанушылық қызметі. Аталып өткен қыруар еңбегімен қоса, Мәшһүр-Жүсіп тамаша өлкетанушы болған. Нақтырақ айтсақ, Абылай ханның серігі, кеңесшісі Бұқар Жырау Қалқаманұлының жерленген орнын көрсеткен де – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атамыз. Бүгінгі таңда Көпеевтің шығармашылығы белсенді зерттелуде және Шығыстану институтының Шығыс деректану, тарих және мәдениет бөлімінің меңгерушісі, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Меруерт Әбусейітов осы ірі зерттеуші ғалымның бай ғылыми мұрасы туралы «Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақтардың тарихы халық ауыз әдебиетінсіз толық болмайды деген пікірде болған. Ол былай деп жазды: «қазақтың ауызша әндері, жоқтаулары, жұмбақтары, айтыстары кереге мен уық шаңырақ үшін басты құраушы негіз болғандай оларда рухани тарихтың негізі болып табылады. Ауызша әдебиетсіз елдің тарихы толық болмайды. Қазақ халқының мәдениетінің толық тарихын жазу үшін ауызша әдебиет жетіспейтін кірпіш болып табылады» - деп еске алды Меруерт Хуатқызы.

Қорытындылай келе, аты тарих беттерінде алтын әріппен қалған алып тұлға қазақ руханияты мен мәдениеті, тарихы үшін қалдырған мұрасы мол деген шешімге тоқталамыз. Бұл асыл көзді жаңғырту, ұлтымызға ғана емес әлемге жеткізу біздің ортақ борышымыз. Бүгінгі күні Мәшһүр еңбектерін насихаттау, жинақтау, тарихи тұлғаны еске алу шаралары, міндетті түрде жиі өткізіліп тұрады. Аты аңызға айналған жазушыға арналған конференциялар мен оқулар, іс-шаралар, кештер еліміздің түпкір-түпкірінде өткізіледі. Әсіресе өзінің туып өскен жері Павлодар облысында бұндай іс-шаралардың өткізілуі ерекше назарда. Биыл алып тұлғаға 165 жыл толып отыр. Осыған орай мемлекет басшысының тапсырмасымен Ескелді шатқалында салтанатты іс-шара өткізілді. Алыс-жақыннан ат арытып келген жұрт Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бай мұрасы жүзінде сөз қозғап, бас тоғыстырды. Жиналған қауым үшін сөз соңы дүбірлі тойға ұласып, аламан бәйге, ақындар айтысы ұйымдастырылды. Ұлы ойшылдың мұрасы әлі де талай ұрпақтың қажетіне жарары хақ дүние дегім келеді сөз соңында.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақыбаев Р.М. Баянаула кітабы; Астана 2001 ж.
- 2 Пазылов Асет. Степной провидец Машхур Жусуп; Павлодар 2020 ж.
- 3 Газет. Казахстанская правда; 2013 ж 11 қазан баспасы
- 4 Көпеев М.Ж. Екі томдық. Алматы, Ғылым 1992 ж.

## МӘШҲҮР АҚЫННЫҢ ӨМІРШЕҢ ӨЛЕҢ ӨРНЕКТЕРІ

НУРЖАНОВА А. С.

дцент, Қазақ және орыс тілдері кафедрасы, С. Сейфуллин атындағы ҚАЗТУ  
КИБАШЕВА Б. С.  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, А. Байтұрсынұлы атындағы  
инновациялық үлгідегі мектеп

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – ақын, шежіреші, ауыз әдебиетінің мұраларын қағазға түсірген фольклор зерттеушісі, діни қайраткер, болашақты болжай білген көріпкел данышпан, біртуар тұлға.

Бұл мақалада біз Мәшһүр Жүсіпті Көпеевтің ақындығын арқау етіп, өлеңдерінің өміршендігіне тоқталмақпыз. «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге» деген өлеңінде:

Алдыма өлең жаз деп қағаз келген,  
Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген.  
Кеудеме Құдай кеңес берген шақта,

Қағазға он саусағым атша желген – деп жырлауы оның ерекше дарын иесі, талантты ақын болғанын аңғартса керек-ті.

Мәшһүр Жүсіптің қоғамдық-саяси өмірге, тұрмыс- тіршілікке, қоғамдық психологияға арнап жазған лирикалық өлеңдерінің идеясын айқындап, тәрбиелік мәнін бүгінгі жас ұрпаққа жеткізу қажет әрі міндет деп түсінеміз.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің мазмұны ел-жұрты мен халқын, оның өмір салтын, заман жайын жырлаудан тұрады. Өлеңдері өміршен деп жай айтып отырған жоқпыз. Олай дейтініміз, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде көтерген мәселелер әлі күнге дейін өміршендігі мен өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ақынның өлеңдерінің мағынасына терең үңіліліп, философиясын ұғынған адам сұрағына жауап тауып, ақын парасатын пайымдай алады.

Мәселен, «Ағайын» деген өлеңінде ағайын- туыс арасындағы қарым-қатынас туралы:

Аманыңда елжіреп мақтайтын ағайын,

Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.  
Ауырынды жеңіл ғып жоқтайтын да ағайын  
Еркелетіп бетіннен қақпайтын да ағайын,

Адасқанда аттарын беретін де ағайын [1, 213] – деп, басыңа іс түссе де, жақсылығың болса да ағайынның көтеретінін, қадірінді білетін де ағайынның екенін әдемі толғайды. Рас, ақынның бұл толғанысы күні бүгін де мәнін жойған жоқ. Қазір де қазақ ағайын боп араласады, бір-біріне көмектеседі, сөзін сөйлейді, бірге қайғырады, бірге қуанады. Ақын бұл өлеңінде қазақтың бойындағы асыл қасиеттері- бауырмалдығы, көпшілдігі, ағайынның ауызбірлігі екенін көпке ұғындыруға тырысады.

Дегенмен, мына өлең жолдарында «бес саусақ бірдей емес» дегенге саяды:

Әуел баста аңдамай тартып жүрме сазайын,  
Толып жатыр түрлі сөз қайсыбірін айтайын.  
Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,  
Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын, – дейді.

Мұнда ағайынның арасында толып жатқан қаңқу сөз, өсек-аян, бірін-бірі жамандау сияқты қасиеттерін қынжыла жырлайды. Жақыныңды жамандағанда жақсыны қайдан табасың дей келе, ағайынды бір-бірін бағалауға, татулыққа үндейді Осындай мәселе қазір де бар. Сондай жағдайда ақынның «Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан табайын» деген ақылына құлақ асқанымыз абзал. Демек, Мәшһүр Жүсіп Көпеев өлеңдерінің мәні қазіргі қоғам үшін де мағынасын жоймаған, тәлім-тәрбиеге толы десек қателеспейміз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев халықтың өнер үйреніп, білім алғанын қалайды.

Мұны «*Бұлақ көзі*» деген өлеңінен де аңғаруға болады:

Шығады: «асыл-тастан, өнер жастан»,  
Тәрбие тәуір болса әуел бастан,  
Мысалы ғылым таппақ сол секілді:  
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.  
Жігітке талаптанған жүз мың рахмет! [1,264].

Өнер мен білімге құштар Жүсіп ақын дүниеқоңыздықты ұнатпайды.

«*Ит дүние*» деген өлеңінде:

Бұ дүние жолдас емес адамзатқа,

Кетеді, қайта тастап жанған отқа, – деп дүние адамға жолдас болмайтынын айтады, расында бұл өлең жолдары әлі

күнге өміршендік мәнін жойған жоқ. Себебі, қазіргі қоғамда да жемқорлықтың тамырына балта түбегейлі шабылмай отыр

Ит, дүние, сен бір сәуірік айғырдайсың,  
Ешкім ді өз бетінмен бай қылмайсың.  
Қуады, дүние, сені, барша халық,  
Сен деп жүріп өмірі өтер, ғапыл қалып.  
Сен иттің жаның ырза, жолдасың сол. [1, 63].

Ішпей, жемей, шанашқа қойса салып, -деп жалғасқан өлең жолдары арқылы адамдар дүние қуып жүріп өмірінің өтіп кеткенін байқамай қалатынын әсерлі жеткізеді.

Сондай-ақ ақынның байларды жаны сүймейтінін, қайта кедей –кепшікпен шынайы болғандығы жайында профессор Б. Кенжебаев: «Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды», [4,63] – дейді.

Бармайын деп байларға көзім сатып,  
Өлсе іші ерімейтін мұздап қатып.  
Зекеті жоқ, кез келсе, кедей үйлер,  
Аз асына ортақ боп қалам жатып.

Ақын өзінің артынан сөзінің мәңгілікке қалатынын көзі тірісінде мойындап, дәурені қайта оралмайтынын, өзін өлеңші-ата атымен ұмытылмайтынын төмендегіше болжай білген.

Сөзімде, кешіріндер болса хата (қате),  
Біздерге дарып кеткен өлеңші ата.  
Болсам да мұнан былай өлі-тірі  
Үмітім-баршаңыздан жақсы бата!  
Қылсам деп үмітім жоқ дүние пайда,  
Біздерге өткен дәурен енді қайда?!

Ақын тұрмыс-тіршілікте, отбасында *жақсы әйелдің* қандай екенін жырлайды. Сондай –ақ имандылық жайын да сөз етеді.

Бдысы таза болар, кіршік тұтпай,  
Сілкеді төсек орнын шаң жуытпай.  
Орамал, аяқ-табақ жерде жатпас,  
Жүн-жұрқа, көлденең шөп төрде жатпас.  
Кімде-кім Құдайына жуық болса,  
Денесі азап тартып, көрде жатпас.  
Асына жалғыз қылшық түспейді екен,

Ас ұрттап, бисмилласыз ішпейді екен- деп адамның дене тазалығы мен жан тазалығының пайдасын түсіндіреді.

Алады туысқан ғып елдің бәрін,  
Төкпейді жаман сөйлеп, ұят-арын.  
«Қарағым», «шырағым» – деп, кіші болса,  
Құрыттар тәтті тілмен ынтызарын.  
Баласын жаман сөзбен қарғамайды,  
Жібекті жүнге ап келіп жалғамайды.

Қолынан үлестірсе, сусын-шарап,  
Бөлектеп, бай, кедей деп, талғамайды, – деген өлең жолдарының тәрбиелік мәні өте зор. Мұнда әйел ақылды келсе, жұрттың бәрінің тілін табады, артық сөйлеп ар-ұятын жоғалтпайды, – деп жақсы әйелдің өнегесін дәріптейді.

Кеменгер ақылы асқан, жақсы ұрғашы,  
Түзейді ықтиярсыз жаман байын.  
Сыбанып алжапқышпен сауады мал,  
Қаймақ пен ірімшіктен жасайды бал.

«Ата!» - деп, қарияларды құрмет қылып,  
Ат қояр: «Келінжан!» – деп, көп ақсақал, – деген шумақта жақсы әйел жаман еркекті адам ететінін, үлкенді сыйлаған соң өзі де құрметке ие болатынын айтады.

«Бес қымбат» өлеңінде адам бойында болуы керек бес қасиетті сипаттайды. Адамға ең бірінші иман керек, – дейді.

«Ең әуел керек нәрсе иман» – деген,

Иман (араб.: **ایمان** – сенім:сену, илану, қабылдау) – Алла Тағаланың өсиетін және оның елшісі Мұхаммед пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) айтқандарының барлығын жүрегімен толық қабыл алу.

«Екінші керек нәрсе- ғақыл» – деген. [3].

Ғақлия – көркем қара сөз, нақыл сөздің бір түрі, дүниенің құпия сыры терең таразыланған ойлар мен пікірлер, трактат. Ғақлия араб сөзі «дана сөз», «даналық маржан сөздер» деген ұғымды білдіреді. Бұл жерде ілім-білім мен ғылымды игеру, оқу оқу, рухани жан-дүниені байыту сөз болып отыр деп ойлаймын.

«Үшінші қымбат нәрсе – сабыр!» – деген, Қай кезде де сабыр керек, не нәрсені сабырман байыптап, сабырмен шешсе жақсы болады. Исламда адамға қажет асыл қасиеттің бірі – сабыр.

«Төртінші, қымбат нәрсе шүкір» – деген,

Расында, адам қолында барына, денсаулығының болғанына, отбасының амандығына, таңертең ұйқысынан тұрып таң шапағын көргеніне шүкір айтуы керек.

«Бесінші, қымбат нәрсе-әдеп»- деген, әдеп отбасынана басталады. Мағынасы терең, ауқымы кең мәселе деп ойлаймын. Үлкенді сыйлау, сөзін бөлмеу, жолын кесіп өтпеу әдептіліктің белгісі. Қазақтың ұлттық тәрбиесінің негізі осы әдептілікте жатыр. Сөйлеу әдебі, киіну әдебі, көпшілік алдында өзін-өзі ұстау әдебі сияқты сан түрлі сипаттағы әдептілік имандылықтың шарты саналады.

Мәшһүр Жүсіп өте көп өлеңдер жазған. Барлық өлеңдері көлемді келеді. Ұйқасы әдемі, мағынасы терең. Мәселен, «Жеті жетім», «Қажылық иман шарттары», «Адам екі түрлі», «Жанайын ба?», «Дауасыз дерт», «Күндіз бен түннің айырмасы», «Сырға сөз» т.б. секілді өлеңдерін атар едік.

Ақынның бөліп айтуға тұрарлық айрықша бір ерекшелігі, өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіптеп, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: «Әңгіме», «Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін аулақ болар». Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады.

Ақын бұл шығармаларында да көпшілік қауымды еңбекке, оқу-білімге, адалдыққа үндейді. Әсіресе, қолыңнан келгенше кісіге жақсылық істе, кедей-кембағалдың қажетін өтеу адамдық борышын. Ал, халық үмітін ақтарлық игілікті ісін болмаса, кісі санатына қалай қосылмақсың? – деген пікірмен қорытады.

«Заман болжауы» атты толғауында:

Егіншінің қатыны байын билер, – деп еді.

Ат қояндай, ер құмандай болады, – деп еді.

Бар құмары арақ боп, – көрінгенге мазак боп,

Последний штанын салып шығар, деп еді.

Кері кеткен елдің кеңесшісі кеш болады.

Кедей елдің көш басшысы көп болады – дейді. Бұл өлең жолдарындағы айтылған сөздерге қазіргі кезде айғақ көп.

Ағайын туған-туыс, суып бауыр.

Адыра тұл қалады құрап шаңырақ,

Ақсақал төрде отырып не болады,

Келіннен тиыш отыр, деп сөз жеткен соң.



Әкеден бала безетін күн болады,  
Қуат кеміп сексен жас жеткен соң.  
Үлгісіз Ата мен Ана болар,  
Еркекті әйел билеп дана болар.  
Ұлы арсыз, қызы ұятсыз болып,

Бала емес, пәле баққан жайы болар [2, 224], – деп тебіренген екен. Көріпкел ақынның бұл болжамын бүгінгі ұрпақ болдырмады деп айту жалған болар. Ақсақалды қарияларды қарттар үйіне өткізіп жатқан без бүйрек бала, үлгі-өнеге көрсете алмайтын ата-ана, әдепсіз қыз бен намыссыз ұл бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның қасіретіне айналуда.

Қорыта келе айтарымыз, халқымыздың руханияты мен парасатын, ұлттық танымы мен болмысының дамуына ерекше үлес қосқан ойшыл – Мәшһүр Жүсіп еңбектерін зерделеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

#### ӘДЕБИТЕТТЕР

- 1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Сөз жүгі. Шығармалары: 12-томдық. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – Т. 12. – 363 б.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Ит дүние:таңдамалы.-Алматы 2008.-416 б.
- 3 Мәшһүр Ж.К. «Бес қымбат» Даналар дауысы –Павлодар 2020-Mazhab.Kz
- 4 11 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1976. – 63 б.

#### МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ – ХАЛҚЫНЫҢ БІРТУАР ПЕРЗЕНТІ

НУРЖАНОВА Г. К.

басшының орынбасары, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.  
КАСИМОВА Р. А., ЖАКУЛЕНОВА Г. Б., СЕЙСЕМБАЕВА А. Ж.  
бастауыш сынып мұғалімдері, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Ақынның қай туындысы болсын, тақырыбы жағынан қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін қамтыды. Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілімен қылыштаған. Мәшһүр-Жүсіп өзінің ақындық қасиетінде Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді». «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармасында

қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры өзекті мәселелерді көтерді.Шынымен де қазіргі ұлттық тарихымызды қайта зерделеу заманында ерекше тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлыда бар. Талантты қолдан жасау қиын. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында ел аузынан халық ауыз әдебиетінің сөз маржанын теріп, оны насихаттап елді сауаттандыру жұмысымен де айналысты. Уақыт өткен сайын, маржан тас су түбінде жатқан сайын жарқырай түсетіні сияқты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ұрпағына қалдырып кеткен мол мұрасы, баға жетпес байлығы оның даңқын бүкіл әлемге асқақтата паш етіп, өзінің құндылығымен ерекшеленіп тұрады. Кезінде солақай саясаттың кесірінен араб хариіптерімен жазылған шығармаларға тыйым салынды. Еңбектерін жарыққа шығармай қудалады. Енді қазірзаман түзеліп, өз қолымыз аузымызға жетіп, егемен ел болып, арыстар ақталып, елім деп еңіреген ерлерді еске алып, құрметтеп ас беріп, мұражайлар ашып жатырмыз.

Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр -Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеология қудалаған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді. Мәшһүр-Жүсіп қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы «Қазан төңкерісіне дейінгі ақындардың ішінде шоғы биік жарқыраған жұлдыздардың бірегейі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қаншама ғұлама ақындардың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-оспақ күлдіргі әңгімелері хатқа түспей, бізге жетпей қалды. Арабша оқыған адамдардың шығармаларын оқытпай тыйым салды. Солардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» деп атап көрсетеді. Одан әрі қарай төмендегідей ойларын тұжырымдайды: «Дала уалаяты газетіне» мақала, хат-хабарлары жиі жариялана жүріп, Мәшһүр Жүсіп атанады. Ол 15 жасына дейін Хамеретдин хазіреттің медресесінде білім алады, одан соң 1872 жылы Солтүстік және Орталық Қазақстанның ауыз әдебиетін жинаумен шұғылданады.

Бүкіл Қазақстанға мәлім Қараөткел, Атбасар, Қызылжар сияқты өңірлерде болған ол жергілікті тұрғындардың өмір-тұрмысымен, фольклорымен етене танысады. Сол кездің өзінде-ақ ол өзін өмірден көрген-білгенін мықты бейнелей алатын ақын ретінде таныта бастайды. Мәшһүр Жүсіп 1917 жылы Қазан қаласында «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарын шығарады. Қазақ ауыз әдебиеті мен Шығыс әдебиеті үлгісінде «Гүлшат-Шеризат», «Шайтанның саудасы», «Ғибратнама», «Баяннама» т. б. қисса-дастандар жазды. Оған 1905 жылғы бірінші орыс революциясы орасан зор әсер етеді. 1905 жылғы 9 қаңтарда болған оқиғаға арнап, «Қанды жексенбі» деген өлең жазады. «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сияқты халық жырлары мен Шығыстың қисса-дастандарын жатқа айтқан еді.

Шығыстың классик әдебиетімен жете танысқан. «Көроғлы», «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сақау секілді ақын-жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірген.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармасында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдырын өзекті мәселелерді көтерді. Ақынның қай туындысы болсын, тақырыбы жағынан қоғамдық өмірдің көкейкесті мәселелерін қамтыды. Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілімен қылыштаған.

Мәшһүр Жүсіп өзінің ақындық қасиетін де Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді». Шынымен де қазіргі ұлттық тарихымызды қайта зерделеу заманында ерекше тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмірбелестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы Тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Талантты қолдан жасау қиын.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармалары. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 10-15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр-Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысады. 1887 жылы 29 жасында Мәшһүр-Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістан, т.б. шаһарларға сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе мен ат болғанын ескерсек, бұл сапарының өзі 2-3 жыл уақытты қамтыса керек. Мәшһүр-Жүсіп

бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т.б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады. Келесі жылы Бұхарадан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Ясауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді. Онда да бірсыпыра уақыт болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған жұртты аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр-Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді. Мәшһүр-Жүсіптің үш кітабы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар. Мәшһүр-Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттары. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар жинағаны белгілі. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклорлық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған.

XX ғасыр басында қазақтан шыққан үлкен ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіпті заманында мойындап, талантына сүйсінбеген жан жоқ шығар. Абайдың өзі: «Менде ақынмын, Мәшһүрде ақын. Дегенмен, ол ақын болғанмен Құдайға жақын. Сондықтан да Мәшһүр адамзаттың әулиесіғой» десе, ешкімнің алдына тізесі бүгіліп көрмеген палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы: «Мен ол кісінің алдына барып, тізерлеп тұрып өзім жеңілер едім» деген көрінеді. Қазақ зиялыларының ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевті білмейтіндер жоқ шығар. Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе шықты да осы данышпан ұстаздың ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат етті.

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам.

Қараңғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам?! – деген жойқын өнерлі ақын Сұлтанмахмұтты Абайға жалғастыратын ортада осы Мәшһүр Жүсіп тұр. Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесінде оқыған Көпеев Орта Азиядағы араб, парсы тіліне жетік білімдарлардың бірі боп шыққан. Осы шығыс поэзиясының биік парасатындіншілдік санасыздықтан айыра таныды да өзінің барлық өмірін халық зердесін жарық ұстауға арнады. «Өсекті хожа менен молда айтады, басқадан олар тіпті оңды айтады» – деп күлетіні де сондықтан. Турашыл болып тура айтқаны, ақты, қараны демегені үшін ел билеушілерге жақпаған.

Атақты Мәшһүр-Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдеп – ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан теңіз. Өзінің өмір сүрген уақыты заман деңгейіне көтерілуде, ондағы оқиғалар мен қоғамдық құбылыстардың мән-жайын жете аңғаруда Мәшһүр- Жүсіп Көпейұлы көзі қарақты сауаттылығымен қатар табиғи дарын ақындық, құйма құлақ шежірешілдігі өз алдына болса, жастарға ғылым – білім беруде, ағартушылық педагогикалық көзқарасын жеткізуде үлкен еңбек сіңірген Мәшһүр ақын көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келді. Жан-жағын жұтып жіберердей алара қарайтын бай-шонжарлар, қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек, оқу іздеп, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап:

Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,  
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық?  
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басыңа келген жоқ па талай қорлық? – деп ел ішінің ауыр жағдайын, береке-бірлігі жоқ жүдеу қалпын ашына айтады. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өлеңдерінің айрықша бір қасиеті – қарапайымдылығында. Ол ерекше бояу, тыңнан жаңалық іздемейді, жұртты таңырқата қояйын деген ой ақында атымен жоқ. Ақынның сөзі – жүрек түбінен шыққан сөз. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Адам баласы мен адам баласының табыспайтын, жақындаспайтын ұғыспайтын кезі болмайды. Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлық бір ерекшелігі – өлеңдерін жазып шығарған. Қорыта келе айтарымыз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қоғамның дамуының бірден-бір көзі – ағарту ісі, білім мен ғылымның дамуы деп біледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев // Абай: Энциклопедия. – Алматы, 1995. – 403–404 б
- 2 Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858-1931) // Баянаула. – Астана, 2001. – 91 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 220 б. – (Кереку-Баян кітапханасы).

## ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ОЙ ТҮЙІНДІЛЕРІ

ОМАР Ә.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.

т.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Адам жарық дүниеге не үшін келгенін тәрбие арқылы білуге болады. Мәшһүр Жүсіп пен Абай, Шәкәрім ұлттық сана сезімді оятуда, ғылым мен білімге таза ағартушылық бағыт ұстанған. Олардың түпкі мақсаты халықты халықты білім ғылымға шықырып, ой саналарын ояту.

Қазақтың данышпан ойшыл – ақыны Абай өз заманында «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзелсе, одан бір мүшел жас кіші қазақтың тағы бір кемеңгер діңшіл ақыны Мәшһүр Жүсіп «бірлік қыл, басынды қос, пайданды ойла, қазағым, қайран халқым, бауырларым» деп ет-жүрегі елжірей насихат айтады [1,87 б.].

Абыз Мәшһүр Жүсіп қазақтың шаруасының оңалмай, мал басының кеміп бара жатуына қынжыла отырып, бейқамдықтан болған нәрсені қазақтардың кінәні өзінен емес, басқадан іздеуінің дұрыс емес еместінін алға тартады. «Қыс алды, боран алды» - дейсіз, қыс пен боран алатұғын болса, қоян неге өлмейді, торғай неге өлмейді? Бораннан ығып, суықтан, үсініп бір қоянның, бір торғайдың өлгенін көрген жан жоқ. Қазаққа бір мақал бар: «Жаман Құдайшыл келеді» – дейді. Ол сөздің мағнасы құдай, құдайдың жазуымен болады десеніз, бұл сөздің тұрғаны теріс. Өзі жаратқан мүлкін, өзі жасаған нәрсесін өзі бұзбайды. Құдай тәбарак тағланың мұнша жаратқан мақұлығын жоқ қылуға мөлшер қылған болжалды мезгілі бар» [2,343 б.].

Абай Құнанбайұлы өзінің ойын: «Сен малды сарып қылып, ғылым табуың керек. Өзін таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына

бармайды», – деп [3, 124 б.] түйсе, М. Ж. Көпейұлы «Ғылым – білім немен болады? Ең алды құрайды, құдайтағланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда төңірісін таниды. Ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануын мақсат қылу керек», дейді [4,75 б.].

Мұндағы ақындардың ой - толғалымдары бір - бірімен үндес. Алайда екі ақынның насихатында бірінші орынға қойылған түйінді ойлары екі түрлі болғанымен, мақсаттары – біреу. Ол нағыз адам болу, Алланы ұлықтау, адаспай адал, хақ жолында жүріп, дұрыс ғұмыр кешу.

Шәкәрім поэзиясының да алдыңғы шепте:

Тән – терезе, ой қожасы,

Ой мен анық байқасаң.

Бар ғылымның түп атасы

Таза ақыл мен ойлану [5,384 б.].

Ақыл да, ғылым да адам болмысының артықшылығын танытпақ қасиеттер. Ақылсыз ғылым жоқ, ғылымсыз таным жоқ. Танымсыз Ақиқаттың жоқтығы мәлім. Шығармашылығын Ақиқат әлемін танытуға бағыттаған ақындардың бірі де ғылымды шығармашылық шеңберінен тыс қалдыра алмайды. Шәкәрім де ғылым, білім насихаттаушы. Жастайынан ғұлама Абай мектебінен өткен Шәкәрім бойында ғылым-білімге құштарлық, ізденпаздылық, өз ықтиярымен білім өрісін кеңейтуге деген ұмтылыс оны Ақиқат әлеміне жетеледі. «Қоғамның игілінін еселеу, жеке адамды жетілдіру, ар, ақыл, намыс категориялары, халыққа қызмет ету ұғымы ақынның үнінде ұлы Абайдың халықты алға, жақсылыққа жетелеген ағартушылық бағытының ықпалы айқын сезіледі», – дейді ғалым Б. Әбдіғазизұлы [5,384 б.].

Сол себепті Шәкәрім жас ұрпақты ғылым - білім ізденерде Абайдан үлгі алуға шақырады:

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,

Әптүрлі асылы көп өтпей жатқан.

Тегін білесің – аласың, бос береді,

Тұтасынан ешкім жоқ мұны тапқан [5,59 б.].

Осы өлеңдерден Шәкәрім білім – ғылым жолында Абайдан үлгі алуға насихаттауда.

Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрімнің соңғы кездесуі.

1931 жылы жазда Баянауыл елінде ұрпағы Шорманның Мұсасына үлкен ас беріп, соған Шыңғыстаудан Шәкәрім қажы келіпті. Шәкәрім құрдасы Мәшһүр Жүсіпке: – «Мына жаңа заман

қалай болады?» – дейді. Мәшһүр Жүсіп: – Бұл – аласапыран заман. «Бұл – социализм деген заман, мағнасы құдайсыздар қоғамы деген, дүние кезек деген бар емес пе, бір кезде- құдай деген құстай ұшады, дедік, енді құдай деген, мұраттай ұшатын заман болады, көрешек алда», деген екен:

Тірі қал,анын көресің,

Мәдени үйге кіресің,

Қонысың болар, орыс қаласы.

Қазаққа енді тұрмыс жоқ,

Болуға да, орын жоқ.

Ағымның молай жобасы,

Шәкәрім жағыдай, осылай.

Мұса асынан кейін төрт күн елде қонақ болып, енді қайтам деген досы Шәкәрімге Мәшһүр Жүсіп айтқан екен: «Аз ғана уақыт, - төрт - ақ күн бірге болдық. Тірі жүрсең социализм қоғамына кір. Мен, өзім сол 1916 жылы ораза-намазбен қоштасқанмын. Бұл екеуміздің ақырғы кездесуіміз болар, жас та келді, тағдыр да жақын. Дүние көшкен керуен ғой, дүниеге бірге келдік, бірге жүрдік. Енді сол керуенімізбен бірге кетуміз керек қой:

Біріміздің ажалымыз, Алладан болар,

Біріміздің ажалымыз, адамнан болар.

Жас та келді, тағдыр да жақын,

Ақырғы кездесуіміз осы болар.

Қош сау бол, деп қоштасып,

Кафу Рахман, деп аттанады.»

Екеуі құшақтасып, кешу алысып, қоштасады. Екеуінің туған жылы да, өткен жылы да бір екен: 1858–1931 жылдар аралығында өмір сүрген. Мәшһүр әулиенің айтқаны келіп, өзі сол жылы 27 қарашада өз ажалынан өледі, ал Шәкәрім қажыны күз ортасында Шыңғыстаудың Қарасартов А. Бастаған гепандың работниктері құдықтың басында атып, сол құдыққа көміп тастапты. Кейін баласы Ақат елдің айтуымен тауып, сүйегін атасы Құнанбайдың жанына қойыпты.

Мәшһүр Жүсіп пен Шәкәрім түпкі мақсаты бір болған өмірбаянында, шығармашылығында да керемет ұқсастықтар бар. Тіпті бала кезіндегі қиялдары да шығармашылықтарында бір ортақ көңіл – күймен өрлеген [6,260 б.].

Қорыта келгенде Шәкәрім мен Абайдың және Мәшһүр Жүсіптің мұраларының түп қазығы ақыл – иесі түзу адамды қалыптастыру. Адам баласының өмір сүру жолында ізденіп, өзін-өзі



жетілдіре білсе, ғана тіршілікте, үйлесімділік боларын шеберлікпен жеткізе біледі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр Жүсіп Көпеев. – Екібастұз, 2007 – 270 б.
- 2 Ақан сері мен Мәшһүр Нұрғожаның айтыстары. - 1947.
- 3 Абай Құнанбайұлы. Шығармашылығының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы. – Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005 - 296 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 400б.
- 5 Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағы. Қажыма, ойым, қажыма. Өлеңдер- Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008-408 б.
- 6 Нұрмұратов С. Е., Сатершинов Б.М., Шағырбаев А.Д. – Алматы: 2013-359 б.

#### ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ МӘШҺҮР ЖҮСІПКЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ

ПАЗЫЛОВ Ә.

Мәшһүр Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Мәшһүр Жүсіп пен Әлкей Марғұлан, дана әрі дара тұлғалар. Киелі Баянауланың жарық жұлдыздары. Ұлтымыздың ұлы данышпандары, дала ғұламалары. Олар қазақтың бай әдебиетін, тарихы мен мәдениетін ұрпағымен қауыштырып, ұлттық құндылықтарымыздың бүгінгі өркениетті дәуірімізге жеткізген қазақтың ғұлама ғалымдары.

Мәшһүр Жүсіп әулие, жазба әдебиетінің, Әлкей Марғұлан археологиялық ғылымның негізін қалаған. Ағалы інілі тұлғалардың мұраларының қауышқан жері ұлт тарихы. Екеуі де жастайынан халық мұраларымен әуестеніп, дархан даланың асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өсті. Олар 5 жасынан білімдар, зерек, алғыр болды. Бабаларының асыл қасиеттерін бойларына дарытқан қос алып, қазақтың қисса-дастандарын, батырлық, ғашықтық жырларымен сусындап, ұлттық тарих пен ғылымның негізін қалап кетті. Екеуі де жер тарихын, ел тарихын, жеке адам тарихын біртұтас сипатта

қарастырып, өзара тығыз қараым қатынастар жүйесінде баяндайды. Қос алып ғылымның көп саласын меңгергендіктен Алаш орда өкілдерінен шоқтығы биік болды.

Атақ-даңқы алты алашқа жайылып, әулие атанған қасиет иесі Мәшһүр Жүсіп, ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің шаңырағы. Мәшһүр Жүсіп пен Хақан құрдас әрі үзеңгілес жандар. Жиі кездесіп, дастархандас болған. Хақан серілік ғұмыр кешкен. Өз естелігінде Шапық Шөкіұлы: «Әкесі Хақанның /1857-1920 жж./ жас кезінде Мәшһүр Жүсіппен Баянауыл мектебінде бірге оқығанын, арапша еркін оқып, жаза білетін, қызықты кітаптарды жинап, оны құмарта оқығанды, мағна-мазмұнын талдағанды жанындай жақсы көретін кісі болғанын Әлекнің өзі сан рет айтқанды. Жалпы алғанда, ол өз дәуірінің көзі ашық білікті адам болған» [1, 443 бет.], деп тамсана жазады. Ал Әлкей Марғұлан болса әкесі Хақан жайында былай деп жазады: «Ескіше сауатты болумен қатар шешекке қарсы емдейтін шолақ мектепті бітіріп, емшілік кәсіппен айналысқан. Мен ауырғанда екі қолымды артыма байлап қойып, әкем бір жұма қасымда отырып қараған. Малы аз болса да, көзі ашық, сезімтал, тарихи оқиғаларды көп білетін кісі еді. Қоянды жәрменкесіне барғанда кітапты топ-тобымен әкеліп, мені қатты қуантатын...» [2]. Сонымен бірге әйгілі Олжабай батырдың ұрпағы Хақанның ата бабалары да осал болмаған. «Әлекнің бабасы Дулат пен атасы Марғұлан да өздерінің адамгершілік қадір-қасиетімен, дүние танымымен абырой беделі өлшеусіз өскен, қоғамдық жағыдайы жоғары, мәртебелі, текті кісілер болған. Дулат – қалың ел таныған беделді би. Марғұлан қоғамдық тіршіліктің, адамдардың қарым қатынасын, тұрмыс-тынысының аңлысын аңдап, түсініп, талдап отыратын дана, әрқашан ақылға жүгінетін кісі болғанға ұқсайды» [1, 443 бет.], деп Шапық Шөкіұлы еске алады. Айдабол Олжабай батыр, Едіге би, Қаржас Шорман би, Күлік Көтеш ақын, Өтеміс абыз, Қозған Түйте әулие секілді адамдардың әулиелігі мен болмысын ерекше сипаттаған Мәшһүр Жүсіп, өзінің Жанақ деген бабасын: «Құдай рахмет қылсын! Жанақ деген кісі жаралуы басқа жан болыпты. «Қаһарлы Жанақ» атаныпты, «Доғал оқ» атаныпты, «Ақ шолақ» атаныпты. Заманында атын ешкім атай алмапты. «Жәке, Жәке» деумен кетіпті. «Аттым» деген аузынан сөз шықса, мал болсын, жан болсын мұрттай ұшатұғын болыпты» [3], -деп жазады. Мәшһүр Жүсіп «Арғын-Сүйіндік-Күлік туралы» деген шежірелік деректерінде: «Күліктен шыққан жүйріктен жүйрік озған

емес. Шобалай баласы Жаңабатырдан би асқан емес. Күнту баласы Жанайдардан шешен асқан емес. Жаңабатыр баласы Жанақтан қасиетті ер асқан емес. Жанайдар баласы Өтеміс абыздан бір басты, екі аяқтының әулиешілігі асқан емес. Көтеш ақыннан ақын асқан емес. Күні кеше Мұса, Секербай заманында Ақжігіт ұғлы Ізден абыздың алдына қара сөзде жан пар келмеген. Күліктің бел баласы Ақылдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнгеше келді. Наурыздан туған Ақайдың байлығы үзілместен үрім-бұтағына бұл күнгеше келді. Мырзалықта Ақай немересі, Санмырза баласы Байғанадан мырзалық асырған қазақ жоқ» [4],- деп өзінің ата бабасы туралы баяндай келе: «солардың батасы болар», деп ой түйеді. Мәшһүр Жүсіп мен Әлкей Марғұланның осал ұрпақ емес екені осыдан мәлім.

Мәшһүр Жүсіп пен Жаяу Мұсаның мұраларымен сусындап, жетілген Әлкей Марғұлан қазақ зиялыларының ұлттық ұстанымдарының майданында бірге қалықтады. Бүгінгі өркениетті дәуірде тарих, этнография, археология, әдебиеттану, тіл білімі, фольклор, тұлғатану саласында қалам тартқан әр жан Мәшһүр Жүсіп мен Әлкей Марғұланның мұраларынан нәр алмақ.

Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ғалым – археолог, этнограф, шығыстанушы, тарихшы, филолог, қоғам қайраткері Әлкей Марғұланның қолжазбалары ұлт құндылықтарының шамшырағы. Мәшһүр Жүсіп пен Әлкей Марғұлан кездесіп қана қоймай, хат жазысып тұрған. Сол кезеңнің боямасыз шындығын жеткізген хаттар, екі тұлғаның ғибратты сөздеріне толы. Әлкей Марғұлан әулие ағасы Мәшһүр Жүсіпке 1928-1929 жылдары Ленинград пен Маскпада, Қара теңіз жағалауынан бірнеше хат жазған. Бүгінде аталмыш хаттар көптеген мәселелердің бет пердесін ашып отыр. Ең бастысы Әлкей Марғұланның ыстық ілтипаты мен өтініштері, көмек сұраған тұстары сол дәуірдің куәгері болса, бүгінгі күннің сөз маржаны мен рухани мәйегіміз болмақ. Үлкенге деген құрметтің белгісінен, Әлкей Марғұлан өз хаттарын әрдайым: «Молдеке!», «Қадірлі Молдеке!», «Ардақты Мәшһүр ағайға!», деп бастап «Бауырыңыз Әлкей» [5], деп аяқтап отырған. Бұл сыпайлылық пен мәдениеттіліктің белгісі болса керек.

Халқымыздың сарқымас қазынасы – ауыз әдебиеті мұралары мен ел арасындағы қолжазбалар қоры болмақ. Осы екі арнаның басын қосып, жазба әдебиетінің негізін қалаған Мәшһүр-Жүсіптің бай мұрасы, артында қалған саналы ұрпақтың зерделеп оқуына, зерттеуіне, мақтан тұтуына әбден лайық. Мәшһүр-Жүсіп: «...

естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған» [6], - деп көне тарихтың сыр-сипатын, шынайы болмыс-бітімін ашып, рухани құндылықтарды терең тануға тырысқан. Мәшһүр-Жүсіптің мұрасы ғажайып құпия мен сырға, тылсым тазалыққа, ақиқатқа және адалдыққа толы. Ең бастысы ол өміршең. Әлкей Марғұлан: «Сізде ерте күннің әдемі сөзі көп екенін мен әуелден білемін. Көп кісі алып, жоқ қылып, ұшы-қиырын ұстатпай, сылаңдап кеткенін және білемін. Бірақ, бар дүниенізге енді ие болыңыз. Кім көрінгенге бере бермеңіз. Қолыңыз тиіп бос уақытыңыз болса, әңгімелерді ретке түсіріп баптай беріңіз. Ол нәрсе түбінде далада қалмайды. Оған оқушы да, сүйетін ие де табылады» [7], – деп жанашырлық білдіріп, Мәшһүр Жүсіп мұраларының сарқылмас қазына екенін аңғартады. Мәшһүр-Жүсіптің қаламынан шыққан әр саладағы мазмұнды шығармалары-ескірмес қазына. Бабалар тарихын, өзі өмір сүрген уақытты сыршыл да сыншыл бейнемен қағазға түсіруі - қазақ тілінің алтын қорын шашпай, оны қастерлеп, айырқша бағалауының айғағы.

Әлкей Марғұлан көптеген тарихи деректерді Мәшһүр Жүсіптен алып, оған сүйеніп жазып отырған. Мәселен: «Және сізден сұрайтын өтінішім- мына төменде аталған кісілердің мән-жайын, ата-тегін, қашан туып, қашан өлгенін білесіз бе? Бұлар да- сіздің замандас ақындарыңыз. Білсеңіз, келесі хатта солардың толық жайын жазып жіберуіңізді өтінемін» [7, 32-бет.], деп біраз тұлғалардың есімдерін жіберген. Енді бірде: «Мүмкін болса, Кенесары жорығы жайынан есіңізде қалған әңгіме болса, тез күнде жіберуге тырысыңыз. Кенесарының әсіресе Атбасар, Қараөткел төңірегіндегі аттаныстары, оған Қуандық, Сүйіндік қалай қарады? Шорман, Уәли, Қоңырқұлжа-Кенені қалай көрді? Сейтен, Тайжан әңгімесінің қызықты түрлері болса, осыларды июннің 15-іне шейін алатын ғып жіберуіңізді өтінемін. Кенесары жайында бір нәрсе жазбақшы едім. Соған осы сияқты мағлұмат аса керек еді» [7, 32-бет.], деп ағасынан көмек сұрайды. Осыдан ақ Мәшһүр Жүсіп жинақтаған мұралардың ұлт болашағының энциклопедиясы екені, айтпасада түсінікті. 1940-41 жж. Әлкей Марғұлан «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы» деген еңбегі жазылды. Онда Мәшһүр Жүсіптің «мес» атты қолжазбалар жинағын пайдаланғанын жазған [8], Ата – бабамыздан мұра болып жеткен «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жыры қазақ эпосының ең көне нұсқаларының бірі

екені мәлім. Оның бірнеше нұсқасы бар. Дегенмен де Әлкей Марғұлан тек Мәшһүр Жүсіп жинақтаған нұсқаны таңдаған. «... Радловпен Қазанда басылған «Қозы Көрпештен» сіздікі артық. Шәкәрім мен Мұхтардікі - Жанақ ақынның айтқанынан жазылған екен. Онда сурет жағы күшті, сіздікінің дәлелдері көп» [9], деп рухани мұрамыздың ұлылығын паш еткен жырды зерттеп, өзіндік қортындысын шығарған. Уақыт өткен сайын Мәшһүр-Жүсіп сынды ұлы тұлғаның мұрасы құндылығын, қажеттілігін жоғалтпай, барша адамзатқа рухани азық болып ұрпақтан-ұрпаққа ауыса бермек. Бұған Әлкей Марғұланның хаттары да куә: «...Маған жақсы әсер қалдырды. Түбінде қазақ әдебиетінің тарихы зерттелсе «зар заман» ақындарының бірі болып, сізде тарихтан орын алатын ретіңіз бар көрінеді». Әлкей Марғұланның қаламынан Ақан сері де таса қалмады. «...Бұрын сардаланы күңдіреткен Ақан серінің осы күнде ізі де жоқ. 19-інші ғасырдағы қазақ елінің мәдениет көркі Ақан сері еді. Сол Ақан серіні ұғынбаған сияқты, біз сіздің өміріңізді де ұға алмаймыз» [10], деп Мәшһүр Жүсіп есімінің көп жылдар қызыл террор құрсағында қалатынын меңзеп тұрғандай.

Әлкей Марғұлан хаттарында өзінің де жағыдайын төмендегідей баяндап өтеді: «Қадірлі молдеке, сіздің хатыңызды алғалы бірсыпыра уақыт болса да, екі жұмадай сырқаттанып, жауапты тез қайыра алмадым. Қазірде тұрмысым, тіршілігім онша жаман емес: «Жусаннан аласа, бетегеден биік» болып жүрген жай бар» [11].

Әлкей Марғұлан мен Дихан Әбілевті алғашқы Мәшһүртанушылар десек қателеспеген болармыз. Себебі Дихан Әбілев кеңес үкіметінің қызыл найзасынан қамықпай, Мәшһүр Жүсіптің қиратылған зираты мен шығармашылығы туралы сөз қозғаған жан. Ал Әлкей Марғұлан, Мәшһүр Жүсіптің мұраларын жинақтап қана қоймай, Қазақ ғылым академиясына да тапсырып отырған. Ол көптеген қолжазбаларды Мәшһүр жүсіптің өзінен алса, біразын Мұхаммед Шарафиден мен Мұхаммед Фазылдан алғанын мақтанышпен баяндайды. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер мен саяси әлеуметтік құбылыстардың бәріне де Мәшһүр Жүсіп үн қосып отырған. Бұл жөнінде Әлкей Марғұлан: «Мәшһүрдің жазғандары жеке өмірдің жыры, не өз басының жыры емес, Мәшһүр не жазса, көбінесе бұқара тұрмысынан алып, ылғи кедейлердің мұңын жазатын ақын болған», -деп орынды бағасын берген болатын [12]. Әлкей Марғұлан мен Мәшһүр Жүсіптің соңғы кездесуі 1926 жылы болса керек [13]. Екеуі де қимастықпен қоштасып, алда бір өзгерістің келе жатқанын сезінгендей болса керек. Қалай дегенмен де екі ғұламаның


хаттарын оқи отырып, ұлылардың биік мақсатын түсінуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шапық Шөкіұлы «Өмірдің төрт мезгілі» Естеліктер мен толғаныстар. «Қазмем ҒАҒЗИ» баспаханасы. Алматы, 1994 жыл.
- 2 Марғұлан Ә.Х. Енбекпен өткен өмірім. // Жұлдыз. – 1986. - №1. – 174-181 бет.
- 3 Көпеейұлы М.Ж. Шығармалары 9 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2006 жыл, 48-51 беттер.
- 4 Көпеейұлы М.Ж. Шығармалары. 10-том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2007 жыл. «Қазақ шежіресі басы» 148-бет.
- 5 Көпеейұлы М.Ж. Шығармалары 13 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2008 жыл, 31-бет.
- 6 Көпеейұлы М.Ж. «Қазақ шежіресі». Алматы-1993 жыл.
- 7 Көпеейұлы М.Ж. Шығармалары 13 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2008 жыл, 33-бет.
- 8 «Мәшһүр Жүсіп Көпеейұлы» энциклопедиясы. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2010 жыл, 410-бет.
- 9 Көпеейұлы М.Ж. Шығармалары 13 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2008 жыл, 31-бет.
- 10 Машрапов Қ. «Мәшһүр-Жүсіпке хат». // Қызыл ту. – 1991. – 9 шілде. - №105. – 3 бет.
- 11 Көпеейұлы М.Ж. Шығармалары 13 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2008 жыл, 31-бет.
- 12 Марғұлан Ә. «Мәшһүр Жүсіп Көпеев», Қазақ әдебиеті, 1940 ж. 5-қаңтар.
- 13 Шапық Шөкіұлы «Өмірдің төрт мезгілі» Естеліктер мен толғаныстар. «Қазмем ҒАҒЗИ» баспаханасы. Алматы, 1994 жыл. 450-бет.
- 14 Мәшһүр Жүсіп мұражайының қорында сақталған Әлкей Марғұланның Мәшһүр Жүсіп туралы латын тілінде жазылған мақаласы.



Сурет 1 – Мәшһүр Жүсіп мұражайының қорында сақталған Әлкей Марғұланның Мәшһүр Жүсіп туралы латын тілінде жазылған мақаласы



Сурет 2 – Мәшһүр Жүсіп мұражайының қорында сақталған Әлкей Марғұланның Мәшһүр Жүсіпке жазған хаты



## МӘШҺҮР ЖҮСІП МУЗЕЙІ – РУХАНИ МҰРАНЫҢ ШАҢЫРАҒЫ

ПАЗЫЛОВ Ә.

Мәшһүр Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Музей – мәдени құндылықтарымыздың айнасы. Ол өткен мен болашақты табыстырар киелі шаңырақ. Музей – рухани жаңғырудың шамшырағы. Тарихи сананың қалыптасуына ықпал ете алатын ақпарат алаңы.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев мемориалдық музейі – ел тәуелсіздігімен үндесіп, өркендеп өсіп, өніп келе жатқан рухани орын. Өзіндік даму тарихын қалыптастырған музей Мәшһүр Жүсіп ғұмырнамасы мен шығармашылығынан сыр шертіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Дара әрі дана тұлға Мәшһүр Жүсіптің қолжазбалары мен жеке заттары орналастырылған зал, көрермендерін тамсандырып қана қоймай, музейді жаңғырту мақсатында қоғамдық мәні зор мәдени жобаларды жүзеге асыруда.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев музейі 1977 жылы Жаңа жол орта мектебінің сырт жағындағы арнайы бөлмеде ашылды. Бұған дейін Мәшһүр Жүсіптің немересі Шарапиев Төлеубайдың және Соғыс ардагері Нағи Ахметовтың, Амангелді Омаровтың ұйымдастыруымен, Шарапиев Төлеубайдың шаңырағында арнайы бір бөлмесінде, әулиенің жеке заттары жинақталып, шағын мұражай ашады. Мектеп жанынан ашылған мұражайға, «Жаназол» ауылының алғашқы қалыптасу кезеңі мен колхоз, совхоз болып қалыптасуы, Соғыс ардагерлерінің суреттері мен өмірбаяндары, Халқымыздың тұрмыстық заттары мен қолөнер бұйымдары орналастырылған.

1981 жылы Жаназол ауылында мәдениет үйі бой көтеріп, музей екінші қабатына көшіріледі. 1986 жылы Қазақ ССР Мәдениет Министірлігі коллегиясының шешімімен, музейге «Халық мұражайы» деген атау беріледі. Осы жылы аталмыш музейге және Ескелдіге арнайы ат басын бұрып келген мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібеков, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке арнап шығыс үрдісінде жаңа музей салынатынын жеткізді. Сәулеткер Р. Науымовтың жобасы бойынша «Агропромстрой» тресінің араласуымен 1993 жылы жаңа музей ғимараты пайдаланылуға берілді.

2016 жылы Ескелді шатқалында орналасқан Мәшһүр Жүсіп кесенесінің қасынан бой көтерген мәдени-қонақ үй кешенінің бірінші қабатынан Мәшһүр Жүсіп музейіне арнайы бөлме берілген

болатын. Музейде екі экспозициялық зал: сурет галереясы мен ұлы ойшылдың бай әдеби, тарихи мұрасы және көзі тірісінде қолданған заттар сақталған бөлме бар. Музей экспозициясын құру жұмысымен Г.Н.Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі айналысты. Музейде сол уақытта 700 ден аса жәдігерлер болатын, оның ішінде негізгі қордағысы - 93.

Мәшһүр Жүсіпке арналған жеке жаңа музей 2018 жылдың 20 тамызына басталып 15 желтоқсанда аяқталды. Музей құрылысын «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлының тапсырмасы бойынша жүргізді. Жаңа музей туралы алғаш сөз қозғап, Жоламанов Бақытжанға өтініш білдірген, Мәшһүр Жүсіптің немересі Пазылов Қажмұқан болатын.

Жаңа музей 3 бөлмеден тұрады. Хол әрі кіре беріс коридоры бар. 1 шаруашылық, 1 электо шиттық шағын бөлмелер бар. Үлкен залда Мәшһүр Жүсіптің ғұмырнамасы мен шығармашылығына арналған 9-стенд және 8 тамбур орналастырылған. Әрі ортаға Мәшһүр Жүсіптің мүсіні қойылады. Келесі бөлме канференц зал немес оқырмандар бөлмесі. Онда кітап көрмесі ұйымдастырылып Мәшһүр Жүсіптің еңбектері және сыйлыққа берілген кітаптар қойылған. Қабырғаға арнайы телевизор қойылып, видео материалдар жинақталған.

Мәшһүр Жүсіп музейде осы күнге дейін сақталған ақынның өзі қолданған құнды дүниелері қойылған. Бұл құнды жәдігерлер – ұлт игілігі. Олардың бәрі де Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ұрпақтарының, балаларының немерелерінің арқасында сақталып, бүгінгі күнге дейін жетті. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өзі қолданған жәдігерлер ерекше құнды. Бұл жәдігерлерде ақынның қолының жылуы мен оның рухани аурасы сақталғандай. Біз үшін ең құндысы – ақынның көзі тірісінде үнемі өзімен бірге алып жүрген Құран Кәрімі. Ол қаптамамен бірге сақталған.



Сурет 1

Тағы да бір құнды дүние – қоржын. Егер көшпелі халықтар қоржында ас-суын алып жүрсе, Мәшһүр Жүсіп атамыз кітап, қағаз, жазбаларын алып жүрген.



Сурет 2

Мәшһүр Жүсіптің бүркітші болғаны да мәлім. Өзінің бүркіті болған. Оны сүйікті немересі Төлеубай Шарапиев күтіп-бағыпты. Бүркіттің басына кигізілетін көзқап – томаға сақталған. Сонымен бірге керемет самауырда көз тартарлық. Жібек жолында сауда қызып тұрған кезде, көпестер осы үлкен жез самауырды әкелген екен. Самауырдың қақпағында «Самовар его Императорского величества» деген жазу бар.

Кілем де өте жақсы сақталған. Бұл жай кілем емес. Мәшһүр Жүсіп өлерінің алдында жер койнына берілмесе де, денесінің бұзылмайтындығын айтқан. Ол қайтыс болғаннан кейін оның көріпкелдігіне сәйкес, денесін көмбей, мазардың астыңғы бөлмесіне қояды. Оны үйден шығарғанда осы кілемге орап шығарған. Кілемді ұрпақтары осы күнге дейін сақтап жеткізген. Сондықтан да бұл кілем – баға жетпес игілік.

Негізгі үлкен зал Мәшһүр Жүсіптің ғұмырнамасы мен шығармашылығына арналған. Келесі залда ғұламаның тас мүсін ескерткіші, жез легені мен жез шөйнегі, суреттерден жиі көрінетін үкілі тақиясы, отбасы қолданған 10 литрлік жез самауырыны, ас ішкен үлкен дөңгелек қоңыр түсті ағаш табағы, көзілдірігі, өзі ұстаған қара түсті ақша салатын күмәжнігі, қалта сағаты, қызыл түсті гүлдермен әшекейленген сорпа, қымыз ішетін кесесі, ақ гүлдермен әшекейленген көк түсті шай кесесі, қолданған қасығы сияқты жеке заттары қойылған.



Сурет 3

Музейдің басқа музейлермен рухани мәдени байланыстар негізінде, Қазақ ғылым академиасының, Қолжазбалар және сирек кітаптар Ұлттық орталығынан Мәшһүр Жүсіптің 29 көне қолжазбасының көшірмесі сатылып әкелінген болатын. 29 құжаттың 25-і қолжазба, қалғандары «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» және екі «Хал-ахуал» кітаптары. Бұл кітаптар ғылыми кітапхана қорында 1950 жылдардан бері сақталуда. Бүгінгі күні музейдегі жәдігерлердің негізгі қордағы жалпы саны 811-ге жетті.

## ШАПЫҚ ШӨКІҰЛЫ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ МӘШҺҮР ЖҮСІП

ПАЗЫЛОВ Ә.

Мәшһүр Жүсіп мұражайының меңгерушісі, Баянауыл ауданы

Шөкин Шапық Шөкіұлы – көрнекті қазақ энергетигі, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, КСРО-ның құрметті энергетигі. Қ.Сәтбаев атындағы сыйлығының лауреаты. Халық қаһарманы. Ол 1912 жылы, 1-қазанда, Павлодар уезіне қарасты Ақбеттау болысының 10 ауылында дүниеге келген [1]. Қазіргі С. Торайғыров атындағы селолық округі. Шапық Шөкіұлының ғұмырнамасы төңірегінде алғаш зерттеу жұмыстарын жүргізген Амангелді Қаңтарбаев: «Найзатастың шығыс баурайында екі жағалауы қарағаш тоғаймен көмкерілген бұлақ ағып жатады. Сол бұлақтың ығында ескі қыстаудың орындары бар. Ол жерді жергілікті ақсақалдар Шөкі қыстауы, ал оның терістік жағында 1,5-2 шақырымдай жердегі үй орнын Риза қыстауы дейтін» [2], деп ғалымның туған жері туралы сыр шертеді.

Дара да дана өскен Шапық ағамыздың қызметі мен отбасы туралы мағлұмат көп. Ал балық шағы мен өскен ортасы туралы деректер мардымсыз. Әңгіме сұрайтын қариялардың жоқтығы да қол байлау болып тұр. Тек Шапық Шөкіұлының өз қолымен жазылған: «Өмірдің төрт мезгілі» [3] деген, естеліктер мен толғаныстарға толы кітабынан мол нәр алдық. Дегенмен таралымы аз болғандықтан, көпшіліктің қолына жете қоймағаны мәлім. Аталмыш кітапта Шапық Шөкіұлы өмірбаянын толғана отырып жазған. Үзеңгілес жандардың тіршілігі, Қазақстан ғылымының, энергетикасының жандануы, жерлестерінің қуанышы мен Мәшһүр Жүсіп туралы естеліктері де қамтылған.

Мәшһүр-Жүсіп пен Шапықтың әкесі Шөкі бір уақыттың тұлғалары. Жиі кездесіп, сұхбаттасып отырған. Содан болар Шөкі екі ұлының атын әулиеге қойғызған. Ол Шапық пен Риза болатын. Шапық немесе Имам Шафиғ деген діни ұғым [4]. Мәшһүр-Жүсіптен бата алған Шапық биік шындардан көріне білді. Ол өзінің естелігінде: «Өзіне келген кісілердің ешқайсысын да Мәшһүр бөліп жармаған. Әр үйдің қуанышы ма, әлде қайғысы ма – ешбір оқиға Мәшһүрдің дұға-батасынсыз өтпейтін болған. Мәселен, біз – Риза екеуіміз өз есімдеріміз үшін Көпеевке борыштармыз. Өмірінің осы бір фактісін Риза жамбасы жерге тигенше айтып, мақтан тұтып өтті. Қазақтың

ішінде сирек кездесетін өз атымның қалай қойылғанын айтуды мен де ұнатамын» [3. 73 б.], деп Мәшһүр Жүсіптен бата алғанын мақтанышпен жазған. Мәшһүр Жүсіп Көгілташ медресесінде дәріс алып, он екі фән ғылымын меңгерген. Демек білімнің арқасында құдайды тануға тырысты. Қазіргі тілмен айтсақ, материалдық болмыстың шекарасынан шығып, руханиат әлеміне жол тарту, екі өмірдің де түпкі мәніне жету. Оның дүниетанымдық түпқазығы – Құран мен исламдық мәдениет болды. Мәшһүр Жүсіптің ой қуаты, сана сезімі біздің санамыздан тысқары жатқан тылсым күштерді тануымен ерекшеленеді. Сондықтан Шоқтығы биік, дара тұлғаның бірі Мәшһүр Жүсіпті «Әулие» деп, бас иеміз.

Шапықтың әкесі ел арасында өте сыйлы жан болған. Көрегендігінің арқасында, отбасындағы материалдық қиыншылыққа қарамастан, үлкен ұлы Ризаны оқуға жібереді. 1918 жылы Шөкі Баймағамбетұлы кенеттен қайтыс болады. Балық шағының қиын-қыстау кезеңдері туралы Шапық Шөкіұлы: «Әкемнен 6 жасымда айырылдым, шешем болса, бес баланы арқалап жүріп өсірді. Ауыл арасында қайыр сұрап күн кешкен кездер де бастан өтті» [5], еске алады. Ал Риза болса жастайынан еңбек етіп, шешесі мен Шапықтың бар жағыдайын жасады. Шежіреші әрі өлкетанушы Әшім Қарағызұлы: «... Шөкінің Ризасымен танысып едім. Білімді, адамгершілігі зор, сөзіне берік жасөспірім жігіт еді» [2. 6 б.], деп есіне алады. Шапық Шөкіұлы бастапқы сауатын 1920 жылдары ауыл балалары мен шаруа жастары мектептерінен ашады. 1931-1933 жылдар аралығында Ташкенттегі Ортаазиялық инженерлер және ирригация техниктері институтында білім алады. Ал 1934 жылы С. М. Киров атындағы Омбы ауылшаруашылығы институтының Гидромелиоративтік факультетіне түсіп, оны 1937 жылы тәмамдап шығады. Оның Мәшһүр Жүсіппен соңғы кездесуі де, осы уақытқа тұс келеді. Ол туралы Шапық Шөкіұлы: «Кетер алдында ағам екеуіміз қасиетті қариямен қоштасуға бардық, ол бізге батасын беріп, мені бетімнен сүйді» [3. 74 б.], деп әулиемен болған соңғы сәттерін жазады.

Алла тағала: «Сүйген (әулие) құлдарымды халықтың ішіне жасырғанмын, оларды әр адам тани бермейді» деген. Әулиені тану мүмкін емес. Ол қарапайым істерімен, қайырымдылығымен, жетімдерге қамқорлығымен, діни сауаттылығымен ерекшеленеді. Мұхаммед Сәлим хазреттен «бір адамның әулие екенін қалай білуге болады?» деп сұрағанда «Тәтті сөзі, көркем мінезі, жомарттығы таласып тартыспауы, кешірімділігі және бүкіл адамдарға,



жандыларға мейірімділігінен кісінің әулие екенін білуге болады» деген. Мәшһүр Жүсіптің әулиелігіне байланысты әңгімелер көп. Оның қасиеті мен кереметтері жайлы деректерді, көзімен көрген жандар бүгінгі күнге жеткізді. Шығармаларын мұра тұтқан ұрпақ рухани пір санап, Алланың өмірімен ғайыптан қажетгі хабарын ала алатын жан екеніне танып, құрметпен қарады. Ғұмыр бойы Құдай мен Құран сөзін насихаттап, ұрпақтарға тағылымы мол тәрбие беруді мақсат еткен, әулиелеріміздің рухын асқақтатудан артық мүдде, одан қымбат парыз жоқ екендігі сөзсіз. Шапық Шөкіұлы «Ол қазақ қауымы арасында жаңа «Усули жәдит» әліппесін оқытудың соны әдістемесін енгізуге белсене қатысады. «Усули жәдит» көне арап жазуы негізінде қазақ тілінің ерекшелігін ескере отырып жазылған еді» [3. 67 б.], деп Мәшһүр Жүсіптің ағартушылық жолы туралы, құнды мағлұмат келтіреді. Енді бірде: «Мен үшін Көпеев сөзіндегі ең қадірлісі оның өмірдің өшпейтіндігі, адамның пәлсапалық өлмейтіндігі, жер бетіндегі тіршіліктің кездейсоқ пайда болмағандығы жөніндегі сара пікірі» [3. 71 б.], деп, Мәшһүр Жүсіптің сөз өнері күдіретіне терең бойлап, нақышын келтіріп, сөз әлеміне еркін самғай білген дана тұлға екенін паш етеді.


Мәшһүр-Жүсіп: «естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған»,-деп көне тарихтың сыр-сипатын, шынайы болмыс-бітімін ашып, рухани құндылықтарды терең тануға тырысқан. Мәшһүр-Жүсіптің мұрасы ғажайып құпия мен сырға, тылсым тазалыққа, ақиқатқа және адалдыққа толы. Ең бастысы ол өміршең. Шапық Шөкіұлының сөзімен айтар болсақ: «Сонымен Мәшһүр Жүсіп сияқты кісілердің арқасында, біз біркездері бірінің артынан бірі алма-кезек келген көпірмелер сөзіне елтіп, ой-санамызды аздырмай аман сақтап қалдық» [3. 70 б.]. Жалпы Шапық Шөкиннің өмірі бүгінгі энергетика саласының мамандарына өнеге.

Шапық Шөкіұлының 80 жас мерейтойына Дихан Әбілевтің «Тарланы ғалымдардың Шафық ғалым» деген өлең жолдарын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.

Шоқан мен Қаныш, Әлкей Марғұландай,  
Халқымның ақ перзенті алтын маңдай.  
Тарланы ғалымдардың Шафық бауырым,  
Келесің тас бассанда тасырқанбай.  
Ақ ниет, адал перзент, таза ұғым,

Мақтанышы жер жүзі қазағымның:  
Шафық жан, рахмет ғасырына,  
Ақ жұлдыз қып өсірген қазақ ұлын!  
Қуғын, күндеу бәріне шыдап берген,  
Тұманды жылдарда да алдын көрген.  
Жаныңның жайсаңдығы ғажап-ау бір,  
Шөлейтті күлімдеткен жарғын көлмен.  
Көктетіскен елімнің көсегесін,  
Өнегең тарих бойлап еселесін!  
Кешегі жетім ұлы Шөкі ағаның,  
Жатталар талай жұртқа болдың есім.  
Көремін егізімнің сыңарындай,  
Көк таудың күміс бұтақ шынарындай.  
Жасасын атындағы институтың,  
Тәңірдің өзі берген тұмарындай!  
Саспайтын, таспайтын мол мінезің де,  
Тәңірдің берген сиы бір өзіңе.  
«Ағайынды үшеуіміз Диханменен»  
Деуші едің Риза аға бар кезінде...  
Халайық түк жалған жоқ бұл сөзімде,  
Таланттың тарландарын берген Баян.  
Екені тарихқа аян, әлемге аян.  
Денсаулық, ұзақ өмір тілеп саған,  
Ағалық ақ батамен қолым жаям!  
Әлі де берерің мол денің сауда,  
Әлі де жас ғалымдай лаула, заула!  
Рахмет, биіктей түс перзентіңмен,  
Қайран да қайран жомарт Баянаула!





Сурет 1 – Шапық Шөкіұлының Мәшһүр Жүсіп мұражайында қалдырған қолтаңбасы

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алдабергенов Қ. М., Арын Е. Мұ., Баткеева Б. Т. «Бір туар дара тұлғалар» «ЭКО» баспасы Павлодар 2003.
- 2 Қаңтарбаев А. «Ауылдан шығып Әлемге Танылған» // «Отарқа» газеті. №40 /613/, 2002 жыл. 6-7 бб.
- 3 Шөкіұлы Ш. «Өмірдің төрт мезгілі» Естеліктер мен толғаныстар. «Қазмем ҒАҒЗИ» баспаханасы. Алматы, 1994 жыл.
- 4 «Өткен соң өттеген-ай дерсің, халқым» // «Сарарқа Самалы» газеті. № 28 /14071/ 2007 жыл 5-б.
- 5 Жанарбек Әшімжан «Шафиқ деп есімімді қойған Мөшекен еді» // Сарарқа Самалы газеті №86,87 /13324/. 2001 жыл. 28-б.

## МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ЖАСТАРҒА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ

ПАЗЫЛОВА М.  
экскурсавод, Мәшһүр Жүсіп музейі

Дана, әулие Мәшһүр Жүсіп: «...білекке емес, білім мен ғылымға арқа тұтар заман келе жатыр», деп бүгінгі өркениетті, рухани жаңғырған заманды меңзесе керек. Болашақ жастардың ырзығында. Себебі баршамыздың арқасүйеріміз – жастар. Демек олардың белсенділігі өркендеуіміздің айғағы болмақ. Жастардың бүгінгі міндеті — білім алу. Жастардың көпшілігі материалдық құндылықтардың көшіне еріп еліктегіш, мансапқұмар, жалқаулыққа берілген. Ал азаматтық, қоғамдық жұмыстарға қызығушылық танытқандары білімді мұрат тұтқан.

Философ Ғарифолла Есім ағамыздың сөзімен айтар болсақ: «Жастар өмірдің қуат арнасы, оның тынысы, аяқ алысы, бір сөзбен айтқанда, өмірдің нағыз өзі. Жастар туралы сөз болғанда, үнемі де қайталап айтарым, жастық деген даналықтың формуласы... Жастардың даналығы ерекше, себебі олар өмір мәнісіне ой жіберіп, оны үлкендер сияқты қайғы-мұңға толтырмай, өмірдің не екенін біліп-танып болмай-ақ, өмір сүруге асқан құлшыныспен кірісіп кетеді, оны жастық максимализм деңіз, романтика деңіз, арманшылдық, тіптен болмайтын іске салынып қиял қанатында қалықтау деңіз, қалай айтсаңыз да, оның бәрі өмір сүруге ерекше талпыныстың табиғи көріністері».

Ахмет Байтұрсынов: «Ес кетіп, сабыр қалмай сасқалақтап, Қорыққаннан көзі сыймай шарасына», деп өзі куәгері болған уақыттың бет пердесін жырлай келе: «қазақ-жоқ іздеген халық» деп ой түйген болатын. Ханкелді Әбжанов ағамыз бұны «... заманында қазақ баласы білімнен, ғылымнан, өнеркәсіптен ала алмаған еншісін іздеді» деп түсіндіреді. Әрине ақиқаты да осы. Мәшһүр Жүсіптің өмір сүрген уақыты, қазақ халқының рухани қайта өрлеу кезеңінде, біліммен ғылымға қол созған дәуір болатын. Аталмыш ұлтжанды серкелеріміздің өмір жолы, еліміздің болашағы үшін атқарған жанқиярлық іс-әрекеті жөнінде соңғы кезде көп айтылып, мол жазылып жүр. Бұл өткенге деген құрметтің белгісі болса керек. Ұлыларымыздың ұлылығын таныта білсек, ұлтжанды жастар тәрбиелей аларымыз хақ.

Мәшһүр Жүсіп: «Анда баласына мейіріммен қарап, азықсыз қалмауды үйретеді», деп, ата анаға баласының тәрбиесіне көңіл бөлу

керек екенін ескертеді. Алаңсыз өскен бала, жастық шақтың қадірін түсінбей, өмір теңізінде қалқып, қатарынан қалып қойары анық. «Ғылым – білім» деген еңбегінде Мәшһүр Жүсіп: «Ақымақтың тізгіні – құлағы! Ғақылдың тізгіні – көңілі. Ақымақ не нәрсені естисе, естігеніне қанағат қылады. Қатықтай қатып, сүттің ұйып жүре береді. Ғақылды не нәрсені естисе, естуіне қанағат қылмайды, ғақылына салып, көңіліне дауалауына тоқтайды» деп, бала кезден білімге қызықтыру керек екенін ескертеді. Жүсіпбек Аймайтов: «Кісі туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болады, басқаша айтқанда әр адамға бір нәрсеге талап, қабілет әки зеректік болды. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады...» деп, адам табиғатындағы туа біткен дарынды, ерекшелікті дамыту қажеттігін сөз етеді. Ал Әмен Көпеев ақын:

Жастықта ізде білім, оқы сабақ,  
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.  
Бос қалсаң хат танымай, бозбалалар  
Біз оны деп айтамыз арамтамақ.  
Баланы бер оқуға сол жасынан.  
Жұғады білім бойға төрт нәрседен.

Ата- ана, бала, молла ықыласынан,- деп оқырманға ой тастайды. Бір қызығы Әмен ақынның оқу-білімге, өнерге, адамгершілікке, ауызбірлікке, жалпы рухани және мәдени жаңғыруға арналған өлеңдері Мәшһүр Жүсіптің идеясымен үндес келіп отырады.

Жастардың жүгенсіздігін қоғамнан емес тәрбиеден іздеген Мәшһүр Жүсіп: «Бар білгендерің: «Жұрт бұзылды!», – дейсіңдер, жұрттың бәрін аралап жүріп, ішек-қарнын ақтарып көріп қойдың ба?! Өзің бұзылған үшін айтасың. Қазақ мақалында да айтады: «Өзі ұры жұрттың бәрін ұры дейді, өзі қары жұрттың бәрін қары дейді», – деп. Сен де өзінді үйінде отырып түзетші, ақжүрек, ақпейіл болып, шын ықыласың, көз жасыңмен халық жұрттың пайдасына..., заман да түзеледі, адам да түзеледі», – деп ұрпақ тәрбиесіне баршамыздың жауапты екенімізді аңғартады. Оны төмендегі өлең жолдарынан да көруге болады:

Ғылым біл, жұмыс істе, – оған серік  
Жарлығы мал, бұл ғылым бойға көрік  
Ғылым, білім, өнерсіз, қадірсізді,

Өлік біл, оны жан деп білме тірі, деп үлгі насихат айтса, «бай-малынды; жоқ, жарлы- жаныңды ғылым, білім жолына жұмса. Һәм өзін жуық, жақын боласың, Һәм екінші біреудің Құдайға жуық, жақын болуына себепші боласың», деп жамағатқа ой салады.

Жастайынан діни білім алған Мәшһүр-Жүсіп әр сөздің мағынасын тереңдікпен өлшейді. Ал тереңдік кедергіні бұзудан тұрады. Бабалардың ғақлиялы, казыналы сөздерін жүрегінде сақтап өскен Мәшһүр-Жүсіп рақымды тәңіріміздің мейірбан жаны. Сөз соңында бабамыздың жастарға аманат еткен «Бес қымбат» жәйітті ұсынуды жөн көрдім. Себебі Мәшһүр Жүсіптің мұрасында көрсетілген қасиеттер, қазақ жастарының бойынан табылса нұр үстіне нұр болар еді. Ең бастысы, елдігімізді ту етіп, ұлттығымызды ұлықтай білсек болғаны.

#### Бес қымбат

«Ең әуел керек нәрсе иман» – деген,  
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!  
«Құдай кешірер!»-дегенмен, іс бітпейді,  
«Иман шартын білмесе, есен(ибан)» – деген.

«Екінші керек нәрсе- ғақыл» – деген.  
«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» – деген.  
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар,  
Иманын кәпірлікке сатар!» – деген.

«Үшінші қымбат нәрсе- сабыр!» – деген,  
«Сабырлысы Мұратын табар!» – деген.  
«Әр істе сабырсыздың тәубе-зорлық,  
Сабырсыздық басқа пәле салар!» – деген.

«Төртінші, қымбат нәрсе шүкір» – деген,  
«Нығметке шүкірсіздік-күпір!» – деген.  
Жатқан жерден: «Құдай кешір!» – деген-қорлық,  
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!» – деген.

«Бесінші, қымбат нәрсе-әдеп» – деген,  
Әдепсізде иман тұру ғажап!» – деген.  
«Кәпірлік- әдептіде тұрмағандай,  
Әдеп деген Махаббатқа себеп!» – деген.

## КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА

РАХМЕТУЛЛИН Е. Т.

студент, Аксуский колледж черной металлургии, г. Аксу

АЙТМУХАН С. С.

преподаватель специальных дисциплин, Аксуский колледж черной металлургии, г. Аксу

Машхур Жусуп Копеев является основоположником алты алашского движения, поэтом, общественным деятелем, казахским литературным деятелем, энциклопедистом. Его духовное наследие признано великим вкладом в свободу и независимость нации. Он, будучи светилом истории, литературы, языка, веры и духовности казахского народа, несмотря на трудности времени, оставил бесценный след своим творчеством. Поэт Жусипбек Аймауытов в своей статье о Машхуре Жусупе подчеркнул его важность еще при жизни, называя его: «Вы - драгоценный бриллиант казахской эпохи, ваш глубокий ум, широта вашего воображения, ваши мечты в далеком будущем». Беседуя с великим Абаем, направляя свои наставления потомкам, Машхур Жусуп, погрузившись в духовный мир, написал стихи, посвященные искусству и знанию.

Машхур Жусуп обогатив свои произведения, созданные в творческом религиозно-нравственном духе, заслуживает сравнения с идеалами Абая, демонстрируя их воплощение в жизни. Его творчество, освещающее историю, язык и культуру казахов, продолжает светить своим ярким светом в наше время.

Поэмы в религиозно - просветительском духе, в которых он был единомышленником с великим Абаем, призывал свой родной народ к развитию искусства и знаний в духе религиозного воспитания. Духовное наследие Машхур Жусупа, который сочиняя стихи, ставил в основу своего творчества благодарность и стремление к инновациям в области знаний, является подлинным проявлением идеи «полного человека», изображенной в творении Абая. Несмотря на резкую критику ядовитым языком коррумпированных мулл, превративших религию в прибыль, в своих произведениях, ясно, что стержнем искусства Машхур Жусупа являются ценности ислама. Он выделяет великих мыслителей, таких как Жусип Басагуни, Сулеймен Бакыргани, Рабгузи, Ходжа Ахмед Яссауи, Алишер Навои, Маржани, как золотые источники исламского знания,

которые внесли огромный вклад в обогащение духовного наследия человечества.

Машхур Жусуп путешествуя по святыням Бухары, Ташкента, Туркестана, поддерживал традиции святых и совершал жертвоприношение. Благочестивый поэт-мудрец, бесконечно любящий язык, менталитет, традиции предков, с осредотачивал свои усилия на сохранении и передаче казахского языка, традиций, истории предков, на продвижении образования, чести и благородства, справедливости и трудолюбия - качеств, придающих нашей независимой стране постоянную силу.

Хотя произведения Машхура Жусупа дошли до нас в основном в рукописном виде, его слава выходит за пределы родной страны и в своё время стала известна среди братьев по братству народов. Его ценные произведения, поднимающие тревожные вопросы о времени, обществе и политике, публикуются в газете: «Дала уалаяты», журнале: «Айкап» и широко известной среди тюркских народов газете «Тар – жиман», а также в различных печатных изданиях в Ташкенте.

Машхур, обсудив свои взгляды с ведущими учеными тюркского мира и внесший свой вклад в область знаний, заслужил признание Исмайыла Гаспралы. Его труды получили почётное признание благодаря активному обмену мнениями с выдающимися учёными тюркского мира, что отразилось в его публикациях. Исмайыл Гаспралы высоко оценил ум и знания Машхур Жусупа, что нашло своё отражение в высоком статусе, который Машхур заслужил и поддерживал своими активными публикациями.

В частности, отмечается, что Машхур активно использовал газету: «Тар жиман» для публикации статей, в которых освещались вопросы языковой чистоты. Один из примеров - статья, опубликованная в газете, в которой Машхур освещает тему чистоты языка и делится своими мыслями. В частности, использовал арабские и персидские слова в своих текстах, исследуя, как они соотносятся с тюркским языком, особенно с казахским. Он обращал внимание на фонетику языка и внедрял новые слова, привнося инновации. Он активно исследовал, как арабские слова, такие как «муамле», могут быть адаптированы к казахскому языку, обращая внимание на фонетические и грамматические особенности. Это является примером метода, который Машхур Жусуп предлагает для приема новых слов из арабского и персидского языков с учетом

особенностей казахского языка. Он рассматривает этот метод как правильный и эффективный для развития и очищения языка.

Созидательные произведения, изображения, рассказы, и публикации в области искусства, творческие работы талантливого поэта, с его уникальной способностью просвещать передовой ряд общества, вдохновляя своим пронизательным, правдивым, ясным и духовно насыщенным знанием, служат светлым примером, глубоко укорененным в восточной культуре, способствуя просвещению нашего народа. Его наследие простирается за пределы начала эпохи Казахского ханства, достигая последующих периодов, устанавливая связи с соседними нациями и переплетаясь с древним тюркским наследием, обогащая духовную жизнь нашей нации. Своим глубоким учением он оживляет и усиливает нашу историю, способствуя глубокому пониманию наших культурных ценностей и способствуя духовному росту нашего народа, вырабатывая такие добродетели, как честность, ясность и признание, и внушая чувство долга улучшить судьбу нашей нации. Он стремится быть защитником казахской идентичности, объединяясь с другими культурами, открываясь миру с четким видением и стремясь укрепить нашу нацию через накопление мудрости. Через изучение и связь их он вносит свой вклад в всеобъемлющее понимание нашей истории, анализируя и оценивая ее ценностным образом, и терпеливо ожидал ее целенаправленного развития.

Начало казахского ханства, связь с последующими периодами, взаимоотношения с другими народами и богатство духовной жизни нашего народа с его древней культурой - всё это отмечено и подчеркнуто в трудах В его рассуждениях первым казахским ханом был знаменитый Огуз-хан, после эпохи Огуз- хана затем следовали периоды Беженек, Кипчак, Канлы, Кондыгер, Кубан, Ногайлы, Золотая Орда.Огуз-хан, Алаша хан, Шынғыс хан, Жоши хан, Майкы би, Кетбуга, Сайын хан, Амир Темир, Тохтамыс, Ер Едиге, Аз Жанибек, Касым хан, Акназар хан, Есим-хан, Тауке хан, Абылай хан, Кенесары хан, Абайдылда султан и многие другие выдающиеся личности оставили след в истории, внесли свой вклад в культуру и развитие. Таким образом, через творчество Машхура Жусупа воплотились личности выдающихся деятелей казахской эпохи древнего ханства. Благодаря наследству Машхур Жусупа, богатая история нашего народа, начиная от эпохи Алаша хана до времен Абылай-хана был бы менее насыщенным, менее детальным. Поэтому творения Машхур Жусупа служат ключом к пониманию

и сохранению культурного и исторического наследия казахов, создавая связь между древними традициями и современностью. Богатое наследие охватывает наше географическое пространство в целом. В творчестве Машхура отразились легенды Аркана, рассказы о Каратау, мелодии Алтая, стихи и песни земель Кульзыма и современного побережья Каспия.Через труды Машхур Жусупа и его изыскания по истории казахского народа через произведения эпосов, сказаний и исторических отчетов, он раскрывает богатую картину наследия казахского народа. Поэтому творения Машхур Жусупа служат ключом к пониманию и сохранению культурного и исторического наследия казахов, создавая связь между древними традициями и современностью.

Построение страны, развитие науки, формирование системы порядка — все эти вопросы освещены в записях Машхур Жусупа, который разделял свои мудрые мысли и знания с народом. Он описал выдающихся деятелей нашей истории: Гильгамеша, преодолевшего смерть; Коркыта, обретшего источник здоровья; Кызыра, принесшего мир.Он увековечил ученых и мыслителей, таких как Аль-Фараби, Жусип Баласагуни, Асан Кайгы и Абая, создавших основы для развития нации в разные периоды ее истории.

Машхур Жусуп также является ярким представителем духовного наследия нашего народа в различные периоды истории, создавая красочные картины различных эпох. Он оживил золотой век казахского народа, создавая ценные произведения. Таким образом, его наследие стало ценным для истории казахов и духовности народа.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Пазылов Асет. Степной провидец Машхур Жусуп ;
- 2 Звезда Прииртышья от 16 сентября 2017 года стр.9
- 3 Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Толық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2001–2009. – 13 т.
- 4 Казахская народная поэзия (Из образцов, собранных и записанных А.А. Диваевым). – Алма-Ата: Наука, 1964. – 256 с.
- 5 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдары. // Жеті томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: 2005. –5 т. – 266 с.
- 6 Марғұлан Ә.Х. Эпические сказания казахского народа: автореф. докт. филол. наук. –Алматы, 1946. – 57 б.
- 7 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы КПЖӘМ Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі №6 бума.



## МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ, МҰРАЖАЙ

РЫСБАЕВА М. Ж.

география пәнінің мұғалімі, «Мәшһүр Жүсіп атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Тарихымыздың ажырамас бөлігі болып саналатын тарихи тұлғалардың есімін ұлықтап, танып білу өзекті болып отыр. Осыған орай болашақ жастар туған жеріміздің биік тұлғаларының еңбектерін білуі абзал. Өңіріміздің тарихын біліп және мәдени мұрасын насихаттауы тиіс.

Өңірімдегі тұлғалар болашақ ұрпаққа өнеге болатынын дәріптеу. Осылайша мен жұмысымды өлкеміздегі ерекше дара тұлға, әулие, көріпкел Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихқа қалдырған ізі туралы сипаттаймын.

Егер адам баласы қызығушылық танытып және өз елді мекенінің тарихын, тұлғаларының тарихын білуі шарт.

Қазақтың ұлы баласы, Мәшһүр Жүсіп (1858-1931) – ақын, ағартушы, философ, жылнамашы, этнограф, тарихшы, шежіре мен халық ауыз әдебиетін жинаушы белгілі Баянауылдағы Қызылтаудағы Найзасат ауылында дүниеге келген. Сол кезде Шыңғыстауда Шәкәрім Құдайбердиев дүниеге келді. Адам-Машхурдың шын аты, оған азанды оқығаннан кейін берілген. Мәшһүр Жүсіп Көпеев бала кезінен жан-жақты, білімі терең адам болды. Ол қандай жерге егу керектігі туралы, суды қай жерден іздеу керектігі туралы жазды [1, б. 19].

Көріпкелдік қасиеті үшін ол көзі тірісінде әулие атанған. Оған әр жерден адамдар ағылып, батасын алуға келген. Бір адамның бойындағы осыншама керемет қасиеттер мен таланттардың үйлесімі көз тірісінде-ақ Баянауыл жерінің ұлылары қатарына қосты. «Жүсіп» есіміне «Мәшһүр» қосылды. Ғалымның ата-бабалары исламды уағыздаушылар емес, олар Орта Жүздің Арғын руынан шыққан. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірінің соңғы кезеңі туралы халық арасында көптеген әңгімелер бар. Ақын 1931 жылы туған ауылында қайтыс болды. Павлодар қаласының орталығындағы бас мешіт, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлына арнап салынған [2, б. 12].



Сурет 1 – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі



Сурет 2 – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы мұражайы

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бейітін қалпына келтіру Кеңес уақытында 1977 жылы қолға алынған. Ескелді жазығының биік төбенен Мәшһүр Жүсіптің көк күмбезді кесенесі тұр. Кесенеге көтерілістегі баспалдақтарының сырты Баянауыл өлкесінің Жаңатілек, Бірлік ауылдарынан алып келінген қызыл, жасыл түсті тау тастарымен қапталған. Мәшһүр Жүсіп кесенесі мен аудан

орталығы жүз шақырымдай жол болады. Көптеген жылдар кесенеге бару жолы қиын болып жүрген, соңғы жылдары ол да жөнделді [3, б. 23].

Мәшһүр Жүсіп Ташкент, Бұқара және Түркістанда, Шығыстың зерттеуші-ғалымдары, ойшылдарының мәдениеті мен шығармаларын зерттеген. Көптеген тілдерді меңгерген яғни араб, парсы, орыс тілдерін. 1888 жылдардан өлеңдері мен мақалалары «Дала уәлаяты» газетіне жариялана бастады. 1907 жылы Қазанда «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Өмірлік тәжірибе», «Хал-ахуал» зерттеу жұмыстары жарияланды. 1905 жылы патшалық манифесті сынағаны түсіп қудаланады. Шығысша жазған «Гибратнама», «Гүлшат-Шеризат», «Баяннама» дастандары бар және «Көшпелі болған жұрттың шаруасы», «Анама хат» өлеңдері бар. Ел аралаған уақытында Бұқар жырау, Шортанбай, Шөже шығармалары мен Абай, Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдерін ел аузынан жазып алған [3, б. 29].

Елімізге аты мәлім этнограф, тарихшы, шежіреші, ақын, философ Мәшһүр Жүсіп қазақтың шежіресін «Дала уәлаяты» газетіне өз халқымыздың өмірі және тұрмысы, ауыз әдебиеті және өнеріне арналған қазіргі мәдени-мұрамызға сабақ боатын мақалалар жариялап, ағартушылық-ұстаздық қызмет атқарғаны баршамызға мәлім. Елдің еркіндігін аңсаған ұлы тұлға көп қиындық, тосқауыл болғанымен, мақсатына жетуде адал, күресіп адамдарға рух берді. Өзін күйзелткен жағдайлар туралы Абай атамызға хаттар жазып, рухты ойларын айтқан [4, б. 18].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи-мәдени және ғылыми мұраларын сақтау, оның барлық еңбектерін насихаттау, кейінгі ұрпаққа жеткізу абзал. 1977 жылдан бері атамыздың көптеген жәдігерлері жиналуда. Атамаыздың мұражайдың кесененің жанында орналасқан. Баянауылға келген көптеген туристер кесенеге зиярат етеді, мұражайды аралап, көне дүниемен танысады. Және мұражайдағы жәдігерлер атамыздың өзі қолданған заттары. Онда «Құран» кітабы, тұмары, тіс тазалағыш құралы, шақшасы қайыс қамшысы, қолданған айнасы бар [3, б. 14].

Мұражайдың жаңа ғимаратында экспонат залы 130 шаршы метрді құраса, келесі кабинет коворкинг стилінде жасалған мұражайға келушілер ақын М.Ж.Көпеевтің шығармаларымен танысуға жағдай жасалынған.

Бүгінгі күні мұражайда 785 жәдігер бар. Оның ішінде 611 жәдігер негізгі қорды құрап, XXVIII ғасырдан сақталған ақынның

әкесі Көпжасар қолданған атакты «Көк Құран» кітабы, ғұлама көз жұмғанда орап шығарған кілем, ақынның шығармаларын сақтап үнемі жанында ұстаған қоржыны, омыраушасы, үкілі тақиясы, Бұқара қаласының шеберлерімен тігілген оюлы шалбары, отбасы қолданған құнды жәдігерлер мен араб, парсы, шағатай тілінде жазылған ақынның шығармалары жинақталған [5, б. 4].

Аталған мұражайда ақынның өз ұрпақтары жұмыс жасайды. Сол себепті мұражайға келушілерге ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы зор мағлұмат алады. 2019 жылы мұражайға тағы 28 жәдігер алып келінді, ақынның отбасы қолданған шақф, іргеге ілінетін айна, құман бар.

Жаңа ғимаратта көшірілген мұражайдың жаңа концепциясы кезінде облыс әкімдігімен бекітілген [5 б. 7].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мемориалдық мұражайында ғұламаның мұрасын жинау мен насихаттау жұмысы әрқашан жүргізіледі. Сонымен қатар «Мәшһүр Жүсіп және дін қағидаттары», «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұрасы», «Степной провидец – Машхур Жусуп» атты кітаптары жарыққа шықты [1, б. 32].

Міне, атакты жерлесіміздің жүріп өткен жолы, соңына қалдырған гибратты мұрасы, өлке тарихы, ұлттық мәдениеті кім-кімге де рухани күш берері сөзсіз және әдеби мұрасы тәуелсіздік пен еркін ойлау идеяларының іргетасы болып табылатын казак фольклорының өзіндігі мен мәдени әралуандығының философиялық талдауын көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп сонымен қатар ақындар айтыстарының үлгілерін де жинаған. Яғни «Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсің қыз бен Заман қожа айтысы», «Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы», «Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы», «Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман Сабырбай айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман-Түбек айтысы», «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Орманшы-Сақау ақын айтысы», «Қуандық-Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Керей-Түрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы», «Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман-Түбек айтысы», «Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы», «Қыз бен жігіт айтысы» ақындардың сөз жарыстыруын Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында берілген [6, б. 7].

Қорыта келгенде, Мәшһүрдің ой-пікірлері және әртүрлі тақырыптарға айтылған ой-толғаныстары өмір сүрген уақыттың

маңызды мәселелеріне қатысты айтылып отырды. Бұл дегеніміз ұлттық бірлікті, татулықты, ауызбіршілік пен халық үшін жарқын болашаққа жол ашты. Кейінгі уақытта бостандық пен адам теңдігін жеткізетін бірден-бір жазбалар екенін халыққа айтып кеткен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 6- том. Алматы, Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. 2004. – 19, 32 бб.
- 2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 1- том. – Алматы : «Алаш» баспасы. 2003. – 12 б.
- 3 Кенжебаев.Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. Жетінші кітап. – Алматы : «Білім», 1993. – 14, 23, 29 бб.
- 4 Бес ғасыр жырлайды. 2-том. –Алматы «Жазушы», 1989. – 18 б.
- 5 mazhab.kz – 4, 5 бб.
- 6 Павлодар қаласының тарихы - [https://cbbspvl.kz/projects/Pamyatniki/1-histcity\\_kz.pdf](https://cbbspvl.kz/projects/Pamyatniki/1-histcity_kz.pdf). – 7 б.

### МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ТҰҒЫРНАМАСЫ

САЛЬДИНА Г. Н.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Камал Макпалеев атындағы  
ЖОББМ, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өз жұртының тарихын барынша кең қамту үшін шежіре жазуда ең алдымен халықтың төл мәліметтерге толы ауыз әдебиеті нұсқаларына сүйенген. Оған қоса фольклор нұсқаларындағы мәліметтерді тарихи зерттеулермен, деректермен, жергілікті топографиялық мәлімдеулермен барынша ұштастыра қарастырады. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев тарихи оқиғаларды шежірелік-жылнамалық жүйе негізінде қарастырады.

Мәшһүр-Жүсіп шежірелік баяндауларында хронологиялық жүйеге сүйенеді, деректерді жинастыру барысында белгілі бір оқиға туралы мәліметтердің түрлі нұсқасын жазып алады, тарихтану, тұлғатану мәселелерінде әртүрлі пікірлер мен қарама-қарсы көзқарастарды ұсынады.

Деректанушы ретінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Отан тарихына қатысты деректердің кез-келген түрлерін: естелік кітапшаны, тарихи зерттеулерді, шежіре нұсқаларын, діни, мифологиялық,

жер-су аттарына қатысты топографиялық аңыз-әңгімелерді т.б. жинастырған. Жиналған мәлімет көзін сын көзбен қарап, өзара салыстырып, кезеңдеріне сай топтастырып, жүйелеп отырған. Фольклор материалын жинау барысында Мәшһүр-Жүсіп жазылған әрбір мәліметтің кімнен, қашан, қай жерде алынғанын қолжазбасында көрсетуді ұмытпаған. Мәлімет беруші, немесе сол деректердің иелері туралы да құнды мәлімдеулер жасаған.

Әбілғазы еңбегін талдап, әйгілі тарихшының шежіресіндегі мәліметтерді қазақ халқының тарихи сөзімен, киіз үймен, салт-дәстүрмен байланыстырған Мәшһүрдің өз пайымдаулары назар аударарлық: «Бұл шежіреден біздің алып отырған сыбағамыз Уыз хан балаларына өз пайым-парасатын, көзіне көрінген нәрсенің толымды-жарымдысын ат қылып қоя беріпті: Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп. Сол аттарды күні бүгінге дейін біздің қазақта айдын басында туған баланың атын Айбас қояды, таң ата туған баланың атын Таңатар қояды. Көл басында туса Көлбай қояды. Тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, күзде туса Күзекбай, Есілде туса Есілбай, Нұрада туса Нұрабай. Уыз ханнан ұстап қалған үлгі-өнеге осы. Екінші өрнек үлгісі – киіз үй. Бір нәрсені біреу іздеп таба алмай келсе: «Осы уыз үйлі пәленнен таба алмағаның ба?» - дейді. Үшінші өрнек үлгісі – топырлатып жылқы сою, қой сою, қара сабаға қымыз толтыру. Төртінші өрнек үлгісі – тоғыз-тоғыздан сый, сыйлық, сияпат. Өлген өлігіне мал шығарса да тоғыздан. Байлар өлсе, жаназаға барып келушілерден: «Неше тоғыз шығарыпты?» - деседі. Арғы атамыз – Ер Түрік, екінші буын атамыз – Уыз хан. Ай мен Күн, Жұлдызына таласпай-ақ қоялық. Үш оқты бізге қимай ма?! Біз неге бұл күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!» [1, 42].

Тарихтанушы ретінде Мәшһүр-Жүсіп аңыз-әңгімеге негіз болған тарихи оқиғаның уақытын, мекенін дәл көрсетуге ұмтылады. Бұл үшін ол XIII-XVII ғғ. Ресми мәліметтерді ескіше жыл санау (Хижра) есебімен берсе, XVIII-XIX ғғ. тарихи даталарды жаңаша жыл санау (Григориан) ретімен келтіреді: «Қазақ жұртының аузында: «Қасым ханның қасқа жолы», - деп атанып қалды. Тоғыз жүз отызда Сарайшықта офат болды» [2, 86]. Бұл хижра есебімен жазылған тарихи деректің уақыты. Ал Григориан күнтізбесі бойынша: «1750-де Әбілқайыр хан болып, Адайдан басқа Кіші жүз орысқа бағынды. 1750-де Абылай хан мен өр Жәнібек орыспен сауда араластыру үшін Тройскіден базар аштырған. 1755-ші жылда Төртуыл қозғаны Құлықке Бекшенің Құлықесінің баласы Сүгірәлі



мырза Ертістен жылқы өткізу үшін қазақ-орыспен төбелес қылған. Жасаққа келген қазаққа бір өткелдің аузында 100 ат ұстатып беріп, Сүгірәлі мырза атанған» [3, 157].

Мүлде нақтылы зерттеулермен салыстыруға, сүйенуге мүмкін болмаған тұста тарихта болған белгілі оқиғамен байланыстырылады: «Бұқар, Самарқандты қазақ шапқанда, Айдабол (Арғын ішіндегі Сүйіндік руының бір тармағы) Баян, Көшенді олжалап алып келген» [3, 95]. Немесе басқа бір оқиғадан қаншалық ерте-кештігін айтып анықтама жасайды. Мысалы, «Науша батыр» топтамасында Қаржауұлы Наушаның 40-45 жас шамасында Исатай-Махамбет көтерілісінен 7-8 жыл бұрын Жәңгір ханмен араздасып, Бөкей ордасынан кетіп, Жайықтан бері өткенін мәлімдейді. Мұның өзі батырдың өмірбаянын да сипаттайтын құнды мәлімет көзі болып табылады.

Бергі XIX ғасырдағы оқиғаларды Мәшһүр-Жүсіп қазақтың мүшел қайыру әдісін қолданып, тарихи оқиғаның қай жылы болғандығын анықтап көрсетеді. М.Ж.Көпеев 1837-1838 ж. оқиғаларға қатысушы Байғозының балаларының мәліметіне сүйеніп, К.Қасымұлы бүлігі ит жылы, 1837 жылы басталғанын есептеп шығарады. Бір ескерерлік мәселе, бұл мәліметті көшіріп алған С.Аймағанов бұл датаны өзі жазып отырған мезгілмен (1935) байланыстырып берген. Кенесары көтерілісінің аяқталуын М.Ж.Көпеев бір нұсқасында 1846 жыл деп, екіншісінде 1847 жыл деп көрсетеді.

Оқиғалардың мекенін анықтау барысында Мәшһүр-Жүсіп жер-су аттарына байланысты туындаған топографиялық сипаттағы аңыз-әңгімелерді, зерттеулерді, естелік кітаптарды барынша мол пайдаланған. XIX ғғ. Кенесары заманы хақында сипаттауында А.Кенесарин (1889 жыл) мен Недзвецкий (1905 ж.) естелік кітаптарындағы географиялық деректеріне сүйене отырады. Е.Б.Бекмаханов оның бұл бағыттағы еңбегін жоғары бағалайды.

М.Ж.Көпеев ел тарихына арналған еңбектерінде тарихи дәуірлердің өзара байланыстылығын (Абылай – Уәли – Абайділдә – Қасым – Кенесары) сақтай отырып, кейбір оқиғалардың шығу себебі тарихына сілтеме жасап отырады. Кенесарының қырғыз манаптарымен жауласуының түп негізі Абылайдың қырғыздарға қарсы жорығынан басталатындығына назар аударады. Сыпатайдың қырғыз манаптарымен достасуына Ұлы жүз руларының қырғыз тайпаларымен аралас қатар қоныстанғандығы негіз болғанын ашып көрсетеді: «Қырғыз таптары Шапырашты, Үйсінмен аралас отырған:

Сарбағыс, Солты, Бұғы. Сарбағыстан Әтіке Жырыққа алты ұлы алты ас берген. сол алтаудың бірі – Қарабек. Мұнан Жантай, мұнан Шабдан...» [2, 108].

Ғалым ретінде әртүрлі көзқарастардың берілуін құптаған Мәшһүр Жүсіп белгілі бір тарихи оқиға тақырыбы бойынша аңыз-әңгімелердің «Алаша хан», «Абылай аса алмаған сары бел» деген секілді түрлі нұсқаларын жазып алған. Сондай-ақ, Шыңғыс ханның, Әмір Темірдің, Абылай ханның шығу тегі және т.б. мәселелер бойынша әр түрлі деректерді, пікірлерді ұсынады. Бір ғана Кенесарытану саласында М.Ж.Көпеев Ақмоладағы Қоңырқұлжа, Байғозы ұрпақтарының ханды, өз ырқына көнбеген өз елін шауып, талаған қатал мінезді жан деген баяндауларын да, керісінше, Сыздық, А.Кенесарин, Мейрам Жанайдаровтардың Кенесарыны орыс патшасына, Қоқанға қарсы азаттық күрес жүргізген дара тұлға деп асыра мадақтауларын да қалдырмай қағаз бетіне түсірген.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі – «Қазақ түбі». Мәшһүрдің «Қазақ түбі» тақырыбында қағаз бетіне түсірілген шығармаларының бірнеше нұсқалары бар.

Біріншісінде Әбілғазы шежіресіндегі Адам ата, Нұх заманынан бастап, Ұыз ханға дейін таратылған баяндаулары, Мұхаммет пайғамбар мен Аныс, Ақкөсе сахабалар дәуірі туралы аңыз-әңгімесі, 92 баулы Қыпшақ, 32 баулы Өзбек, 3 жүз атанулары туралы шежіре сөзі, Мәшһүрдің өзінің өз Жәнібек ханнан өз Тәуке ханға дейінгі хандар тарихын баяндауы, Ақтабан шұбырынды оқиғасы туралы тарихи аңыздары жинақталған.

Екіншісінде, Шыңғыз (Шыңғыс) ханның шығу тегі хақында жарияланған В.В.Радловтың «Қазақ түбі» аңызының (толықтай мәтінінің көшірмесі) нұсқасы, Абылай хан заманы жайында сақталған фольклор үлгілері, Нысанбай жыраудың қара сөзбен аралас берілген «Кенесары-Наурызбай» дастаны сөз болады.

Үшінші нұсқасында Әбілғазы шежіресінің Адам атадан Оғыз (Ұыз) ханға дейін таратылған үзіндісі, Әбілғазы шежіресінің Шыңғыс ханның дүниеге келуін, Шыңғыс ханнан Есім ханға дейін таратқан нұсқасы, Абылайдың шығу тегі мен ұрпақтарының әулеттік шежіре сөздері баяндалынады.

Төртінші үлгісінде қазақтың үш жүзге бөлінуі туралы Алаша хан әңгімесі, өз Жәнібек ханнан өз Тәуке ханға дейін таратылған Мәшһүрдің хандар шежіресінің бір үлгісі, Ақтабан шұбырынды хақында аңыз-әңгімесі, Еңсегей бойлы Ер Есім хан ертегісі әңгімеленеді.



Бесінші нұсқасында Адам Атадан Уыз ханға дейін таратқан Әбілғазы шежіресі, Шыңғыс ханның шығу тегі хақында жарияланған В. В. Радловтың «Қазақ түбі» аңызының үзіндісі, өз Жәнібек тегі туралы жазылған В.В.Радловтың жалған шежіресінің орнына берілген Қ.Халид кітабының Алтын Орда туралы тарихи мәліметі, Мәшһүрдің өзінің хандар шежіресі (өз Жәнібектен өз Тәукеге дейін) үлгісі, Ақтабан шұбырынды оқиғасы туралы тарихи сөздері бір топтама жинағына кірген.

Бұл жердегі барлық нұсқада жекелеген ұқсас мәтіндер болуына қарамастан әр «Қазақ түбі» үлгісі қазақ тарихын әртүрлі баяндайтынын бағамдаймыз. Бұдан түсінетініміз, «Қазақ түбі» дегеніміз, Адам Атадан бастап Абылай ханға дейін таратылып жазылған кітап деп айтсақ та болады. Мұнда әрбір нұсқада шежіре, аңыз, әңгіме, тарихи сөз, зерттеу үзіндісі мәтіндері бір уақыт жүйесі ретімен орналасқан. Ара-арасында зерттеуші автордың өзінің қазақ хандары туралы еңбектері, анықтама-түсініктемелері беріліп отырылады. Яғни, қазақтың түпкі тарихы туралы әртүрлі мәтіндер мен түрлі ой-пікірлердің пайдаланылуы, бір тақырып бойынша жазылған еңбектердің түрлі нұсқалары болуы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің тарихи таным арнасына әртүрлі көзқарас, мәлімет тарта білгенін айқындайды. Бұдан М.Ж.Көпеевтің тарихты сипаттауда әртүрлі көзқарастың берілуін жақтаған өз көзқарасы танылады.

М. Ж. Көпеевтің 1907 жылы Қазаннан басылып шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабы қазақ тарихында патшалы Ресейдің отарлау саясатын әшкерелеген тұңғыш тарихи еңбек болып табылады. Бір хронологиялық жүйе бойынша баяндай отырып, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Сарыарқа жерінің тарихына шолу жасайды. Абылай заманында қаһарман батырларының қаны төгіліп, ата-бабасының құны боп тиген Сарыарқа даласын шенеуніктеріне сүйенген орыс шаруаларының қоныстанып, қазақтардан жерді тартып алып жатқандарын ашық сынайды. Патшалы Ресейдің отарлау саясатындағы сот, сайлау заңдарының қазақ халқының бірлігін бұзып отырғанын мәлімдейді.

Шежіретану барысында М. Ж. Көпеев қазақ халқының шығу тегін тарихи тағдырлас түрлі тарихымен барынша байланыстыра қарастырады. Мысалы, Мәшһүрдің «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер» еңбегінде түбі бір түркі тайпалары тарихы да біршама сөз болады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қазақ халқының тарихын тарихи шындық негізінде зерттеуге ұмытылысын, мол материал

қалдырғанын жоғары бағалап, оның еңбектері ұлт траихнамасында ерекше орын алады деп санаймыз.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев тұлғатану саласына зор үлес қосты. Ол дерек жинастырушы әрі зерттеуші ғалым ретінде тұлғаларға тарихи әділ бағалаулар бере отырып, олар хақында мол мағлұмат шоғырын жазып қалдырды. Баспа бетінде жарияланған «Қазақ шежіресі» туындысын зерделей қарасақ та, Мәшһүр-Жүсіптің жеке адамдар тарихын жер тарихымен (топография, өлкетану тарихы), ел тарихымен (этнология) байланыстыра баяндағанын көреміз. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жалғыз қазаққа ғана емес, түркі халықтарына да ортақ тарихи тұлғалар: Нәрікұлы Шора (Қазан), Әмір Темір (Самарқандт), Ер Едіге (Алтын Орда) ... туралы шежіре нұсқаларын жазып алып, ара-арасында оларға деген өз көзқарас-пікірлерін келтірген.

Біз зерттеуімізде Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларында дерегі мол берілген тарихи тұлғаларды бөліп алып, топтап қарастыруды мақсат тұттық.

М. Ж. Көпеев шежіре нұсқаларында батырларға, хандарға арнап тізім жасап отырған, әрі бұл тізімдерде қайраткер тұлғаларға деген өз пікірін де келтірген. Мысалы, хандар тізімі соңында қазақ билеушілері хақында өзіндік ой-пікірлер беріледі: «Заманында хан болып, халыққа аттары қалған хандар орыстың оразасындай бірде бар, бірде жоқ. Аты шықпаған ... болымсыздардың болғаны не, болмағаны не?! Оларды айтып не, айтпай не?! «Аты шықпаған жігіттен аты аталған төбе артық», - деген бар емес пе?!» [4, 83].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Өзбекәлі Жәнібеков. «Егемен Қазақстан» газеті, 21. 07. 1993
- 2 Байтұрсынов. А. // кітапта:Бизақов С. Түбі бір түркілер / Бас ред. Ә.Нысанбаев. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы,2000.-320 б.
- 3 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі», А., 1960.
- 4 Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. – Алматы: «Білім», 2000. – 248 б.
- 5 Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. – Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.

## МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

ТУРСЫНХАН А. К.

студент, 3 курс, «Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев – жалпы қазақ ақыны, ойшыл, тарихшы, этнограф, шығыстанушы және қазақ халқының ауызша халық шығармашылығын жинаушы. Ауылдық мектепте оқыды. 1870 жылы оқыды

Бұхара медресесі хазрета Камара, содан кейін ол солтүстіктің басқа аймақтарына барады халық ауыз әдебиетінің туындыларын жинау үшін Орталық Қазақстан шығармашылық. Ол бүкіл Қазақстанға танымал Қараөткел, Атбасар орындарына барды, Қызылжар, рулар мен тайпалардың өмірімен, тұрмысымен және фольклорымен танысты бұл жиектер. Араб және парсы тілдерін жақсы білу Мәшһүр Жүсіпке шығыс поэзиясын терең зерделеуге, сондай-ақ дастанның «Гүлшат-Шеризат», «Гибрат-нама», «Баян-нама» және т.б. Шығыс мотивтері бойынша жасауға мүмкіндік берді.

Қазақ фольклорының тарихын зерттеу қазіргі қазақ ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев бай шығармашылық мұра – қазақ ауызша әдебиеті, мәдениеті, тарихы, генеалогиялық дәстүрлері шығармаларының жазбаша жинақтары мен түрлі этнографиялық материалдар қалдырды. Ауызша шығармашылық дәстүрлерінде «шайтан Саудасы», «Сұңқар мен бұлбұл», «қарт және екі жас» және басқалары жазылған. Араб және парсы тілдерін жақсы білу Мәшһүр Жүсіпке шығыс поэзиясын терең зерделеуге, сондай-ақ дастанның «Гүлшат-Шеризат», «Гибрат-нама», «Баян-нама» және т.б. Шығыс мотивтері бойынша жасауға мүмкіндік берді. Соңғы онжылдықтарда ХІХ және ХХ ғасырдың басындағы қазақ фольклорының зерттеушілері Ч. Ч. Уәлихановаға, В. В. Радловқа, Г. Н. Потанинге, А. А. Диваеваға көп көңіл бөлінді. Қазақ фольклорын жинаушы және білгір

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің еңбектеріне фольклоршылар кейінірек, ең алдымен, командалық-әкімшілік жүйеге қарсылық білдіргендіктен жүгінді. Автордың таңдалған шығармаларының екі томы тек 1990 және 1992 жылдары шығарылғанын айту жеткілікті. Сонымен қатар, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қолжазбалары

революцияға дейінгі дәуірдің араб графикасында жазылған және бұл судың ауысуын қиындатады. Ақынның мұрасын зерттеудегі үлкен қиындықтар қолжазбалардың әртүрлі жерлерде сақталуын тудырады. Мысалы, 30-35 томнан тұратын қолжазбалардың көп бөлігі Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының библиотекасында, ал 11 томы отбасылық мұрағатта. Сонымен қатар, кейбір жұмыстардың қосалқы линниктері жоғалып кетті немесе бізге қайта жазылды, зерттеу мен өңдеуді қажет ететін бірнеше нұсқада. Егер автор мұрасының 10-шы бөлігі ғана жарияланғанын ескерсек, онда шығармалардың көп бөлігі зерттелмегені және оның уақытын күтетіні түсінікті.

Соңғы онжылдықта фольклорлық үлгілердің кейбірі түсіндірмелермен жарияланды, бірақ жиналушының тегі көрсетілмеді. Мұның бәрі ақын шығармашылығын мұқият зерттеу арқылы қазақ фольклорының тарихы айтарлықтай байытылады деп үміттенуге мүмкіндік береді. Автордың қолжазбасының кейбір түпнұсқалары жоғалғанын ескере отырып, зерттеу кезінде шығармалардың аудармаларын негізгі деп санауға шешім қабылданды. Машхур - Жу-сорпа Көпеев әдістемесінің басты ерекшелігі-Орындаушының аузынан мәтінді тікелей жазу. Сонымен қатар, ол халық арасында кең таралған қолжазбаларды пайдаланды. Мәшһүр-Жүсіп өзінің қолжазбаларына басылымдарда жарияланған мәтіндерді де енгізді, мысалы В.В. Радлов. Ол міндетті түрде пайдаланған дереккөздерін көрсетіп, орындаушылар, олардың репертуарлары туралы толық ақпарат берді. бір сөзбен айтқанда, мәтіндердің толық төлқұжаты. Зерттеулер М.-Ж. Көпеев үш бағыт бойынша жүргізілді: А) Орындаушыны тыңдау және ауызша мәтінді дәл жазу; б) басқа жинаушыларда сақталған қолжазбаларды қайта жазу; в) ежелгі дереккөздермен жұмыс (кітап - ми).

Мәшһүр Жүсіп қалдырған бай-мойынның бәрі фольклорлық мұра іс жүзінде әлі де «өлі». Шығармалар беттерінде кездесетін сөздер мен мағыналарды түсіндіру басқа сиямен де ерекшеленеді. Беттер араб цифрларымен нөмірленген. Қайта жазу кезінде де қолжазба беттері араласқан кезде, әр бетті табу оңай болар еді, ақын алдыңғы беттің соңында келесі бет басталған сөзді бөлек жазды. Қолжазбаны жүргізудің бұл әдісі ортағасырлық жазба ескерткіштерге ұқсайды. Бұл Мәшһүр Жүсіптің ортағасырлық авторлардың көптеген шығармаларын оқығанын дәлелдейді.

Мәшһүр Жүсіптің хаттың өзіндік ерекшелігі болды. Мысалы, поэзия жолдарын жазу кезінде ақын прозалық сөйлеуден

айырмашылығы, әр параққа бір жол жазбады, бірақ паракты үнемдеу үшін бірден екі жол жазды. Кейде ол кезектілікті сақтау және өлеңдерді шатастырмау үшін өлеңнің әр өлеңін орындады.

Қолжазбаның әр беті 27 немесе 32 жолдан тұрады. Қолжазбаның соңында мәтіндердің толық мазмұны сәйкесінше беттерге берілді. Мәтіндер келесі тәртіпте орналастырылған: қолжазбалар аңыздарға арналған, содан кейін мақал - мәтелдер, тарихи дәстүрлер, ертегілер, ақындардың бірігуі, эпикалық шығармалар, күнделікті ғұрыптық әндер және т. б. Біздің ойымызша, оларды келесідей жіктеуге болады: ақынның шығармалары 3 том: – дастан (жоғары көркем поэтикалық шығармалар) 3 том: – ақындар сайысының үлгілері 2 том: - аудармалар 3 том: – ауызша халық шығармашылығының шығармалары 3 том: – тарих, дін, философия, этнография. педагогика, қазақтардың өмірі туралы мәлімдемелер және т. б. 6 Том: – 10 томдық фольклор үлгілері және т.б. бұл 1917 жылдың қазан айына дейін жасаған Қазақстанның ақындары мен жазушыларының арасында иә екенін дәлелдейді.

Мәшһүр Жүсіп ең үлкен шығармашылық мұра қалдырды. Егер ҚР ҰҒА ғылыми кітапханасындағы қолжазбалардың сақталуы мен жай - күйі туралы айтатын болсақ, онда қолжазбалар ежелгі (жүз жылдан астам) болғандықтан, олардың көптеген беттері тозғандықтан жарамсыз болып қалды. Кейбір беттер бір - бірімен араласып, қалпына келтірілді, ал мүмкін емес беттерден микрофильмдер түсірілді. Жалпы, қолжазбалар ескі болғанына қарамастан, Мәшһүр Жүсіптің мұрасы жақсы сақталған деп айтуға болады. Ақынның қолжазбасы айқын және айқын екенін ескеріңіз. «Мен жетпіс үш жасқа дейін өлмеймін. Мен кеткеннен кейін сіз қатты әлсірейсіз». Осылайша, Мәшһүр Жүсіп 1931 жылғы ашаршылықты болжады. Шынында да, қайтыс болғаннан кейін әлсіреген туыстары әулиенің денесін өзі көрсеткен жерге әрең жеткізіп, жерледі.

Ең алдымен, ғалым замандастары мен ұрпақтарының құрметіне бірнеше тілді меңгерген философ және филолог ретінде қазақ халқын ағартқандығымен лайық болды. Әдемі этнограф ретінде бір жарым ғасыр бұрын тарихты сақтап, жеткізді». Мұның бәрін халық бағалады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев бүкіл өмірін қазақ халқын ағартуға, оның өмірін жақсартуға арнады. Көпеевтің ағартушылығы оның қазақтар арасында ескі араб жазуы негізінде құрылған жаңа оқыту

әдістемесі мен жаңа әліпбиді («усули жадит») таратуға қатысуында айқын көрінді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- ғаламтор дереккөздері:
- 1 <https://www.google.com/amp/s/aikyn.kz/251276/m-shhur-mu-rasy-zhan-g-yrdy/amp>
  - 2 Мәшһүр Жүсіптің еңбектері осы бетте қолдандым <https://bilim-all.kz/figure/64?posts=article>
  - 3 Осы бетте Мәшһүр ағамыздың қолжазбалары туралы
  - 4 <https://aigak.kz/2018/07/30/bayanaulda-mshr-zhspt-z-zhazan-olzhazbalar-krsetld/>
- кітаптар:
- 5 «Көпеев», Авторы: Солтанбайұлы Зекебай (2005)
  - 6 «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни көзқарасы», Авторы: Шағырбаев Алмасбек (2018)

### Секция 3

#### Мәшһүр Жүсіп және жалпы тіл білімі мен журналистика Мәшһүр Жүсіп және общее языкознание, журналистика

#### АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ МЕН БАҒАЛАУ

БЕЙСЕМБАЕВА И. М.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Оқушылардың білім, білік және дағдыларын бақылау және өзін-өзі бақылау бүгінгі таңда ағылшын тілі сабақтарында оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Дәл осы тексеру барысында оқушылардың жетістіктері мен олардың оқу дайындығындағы олқылықтар анықталады, алдыңғы сабақтарда оқушылардың алған білімдері мен дағдылары бекітіліп, жүйеленеді, алынған ақпарат негізінде жаңа материалды оқу процесі түзетіледі. Бақылау көбінесе оқу процесіне әсер ететін әртүрлі факторларды бағалаумен байланысты. Ол факторларға бағдарламада тұжырымдалған мақсаттар, курсты жобалау, материалдар, мұғалімнің жұмыс әдістемесі және бақылаудың өзі

жатады. Бақылау – оқу процесінде не болып жатқандығы туралы негізгі ақпарат көздерінің бірі [1].

Оқушы білімін бағалауда ерекше ескерілетін жайлар бар. Олар:

- оқушы білімін бағалаудың объективтілігі;
- барлық оқушыларға қойылатын талаптардың бірлігі.

Оқушы білімін объективті бағалау үшін бақылаудың келесідей түрлері пайдаланылады:

- ағымдағы бақылау (мұғалімдер оқу жылы бойы жүзеге асырады және оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін тексеруді жүзеге асырады);
- аралық бақылау (2-8,10 сынып оқушыларын аралық аттестаттау жалпы білім берудің әрбір сатысының білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін диагностикалау үшін оқу жылының соңында жүргізіледі);
- қорытынды бақылау (9, 11 сынып оқушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттау).

«Ағылшын тілі» пәні бойынша бағдарламаны игерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау жүйесі ол жалпы білім беруде негізгі білім беру бағдарламаларын бекітілген стандарттар талаптарына сай жүргізілуі тиіс. Осы оқу пәні бойынша негізгі білім беру бағдарламасын игерудің жоспарланған нәтижелері білім берудің түлғаға бағытталған мақсаттарының, оларға қол жеткізу көрсеткіштерінің жүйесін білдіреді. Пәндік нәтижелерді бағалау объектісі: білім алушылардың оқу-танымдық және оқу-практикалық тапсырмаларды шешу қабілеті болып табылады.

Пәндік нәтижелерді бағалау жүйесіне мыналар кіреді:

- негізгі ұғымдарды, ережелерді, фактілерді, әдістерді, тұжырымдамалық аппаратты қамтитын тірек білім.
- пәндік іс-әрекеттер: ақпаратты және логикалық әрекеттерді түрлендіру, ұсыну және түсіндіру шеңберінде белгілік-символдық құралдарды қолдану (объектілерді салыстыру, топтастыру және жіктеу, талдау, синтездеу).

Бағалау оқытуды ынталандыруға арналады:

- баланың бастапқы білімін, тапсырманы орындауға немесе тақырыпты зерттеуге әкелген тәжірибесін бағалау,
- оқу процесінде жеке қажеттіліктерді есепке алу,
- балаларды пән бойынша алған білімдерін бағалауға үйрету.

Пәндік нәтижелерді бағалаудың мақсаты – қол жеткізілген білім беру нәтижелерін де, оларды қалыптастыру процесін де

бағалау, сондай-ақ әрбір білім алушының өзінің оқу процесін дамытудың ерекшеліктерін бағалауы.

Бағалау жүйесі келесі принциптер негізінде құрылады:

Бағалау – бұл тұрақты процесс. Оқыту кезеңіне байланысты қолданылады. Мәселен, диагностикалық (бастапқы, ағымдағы) және кесімді (тақырыптық, аралық, аралық, қорытынды) бағалау.

– Бағалау тек критерийлік болуы мүмкін. Бағалаудың негізгі критерийлері оқу мақсаттарына сәйкес келетін күтілетін нәтижелер болып табылады.

– Оқушының жеке қасиеттерін емес, қызметінің нәтижелерін ғана бағалауға болады.

– Сіз тек үйретілген нәрсені бағалай аласыз.

– Бағалау критерийлері мен баға қою алгоритмі мұғалімдерге де, оқушыларға да алдын-ала белгілі болуы тиіс.

Оқушының игерген білімін бағалау мен бақылау белгілі бір талаптар негізінде жүзеге асырылады. Мәселен орта мектептің 5-8 сыныптары бойынша белгіленген стандартқа сай бақылау түрлері мен бағалау критерийлерін ұсынамыз:

1) Сөздік диктант (аударма диктант, анықтамалар бойынша диктант, синонимдер немесе антонимдер бойынша диктант, суреттер бойынша диктант).

Критерийлері: орынды тандалған сөз, емлесілік тұрғыдан дұрыс жазылуы

Тапсырмалардың дұрыс орындалуының пайыздық көрсеткіші мен бағасы:

95 – 100 % – «5» деген баға.

80 – 94 % – «4» деген баға.

60 – 79 % – «3» деген баға.

60 % төмен болса - «2» деген баға.

2) Лексика-грамматикалық тест ағымдағы материалдар (модульды, грамматикалық) бойынша

95 – 100 % – «5» деген баға.

80 – 94 % – «4» деген баға.

60 – 79 % – «3» деген баға.

60 % төмен болса – «2» деген баға.

3) Лексика-грамматикалық білім бойынша ауызша және жазбаша мәтіндерді түсіну тесті (тыңдалым және оқылым)

95 – 100 % – «5» деген баға.

80 – 94 % – «4» деген баға.

60 – 79 % – «3» деген баға.



60 % төмен болса – «2» деген баға.

4) Монологтық сөйлеуін бағалау. Критерийлер:

- мәлімдеме көлемі
- екпіні және интонациясы
- фонетикалық безендіру (дыбыстардың дұрыстығы)
- сөздердің дұрыс айтылуы
- лексикалық және грамматикалық нормаларды сақтау
- мәлімдеменің мазмұнын түсіну (сұрақтарға жауаптар)

Кесте 1– Тапсырмаларды бағалау критерийлері

Коммуникативті тапсырмалар (мазмұны)	Мәлімдеменің берілуі	Мәлімдеменің тілдік ресімделуі (рұқсат етілген кателер саны)	баға
Коммуникативті тапсырма толығымен орындалды: мазмұны толық, дәл және егжей-тегжейлі. (85 – 100 %.) Мазмұны бойынша сұрақтарға дұрыс жауаптар берілді.	Мәлімдеме қисынды және толық сипатқа ие. Мәлімдеме қалыпты қарқынмен дұрыс интонациялық сызбамен және семантикалық топтарға (синтагмаларға) логикалық бөлінумен ұсынылған	0 - 2	5
		3 - 5	4
		6 - 7	3
		8 және одан көп	2
Коммуникативті тапсырма толық орындалмады мазмұны бойынша сұрақтарға толық (60-84 %) дұрыс жауаптар берілді	Мәлімдеме қисынды және толық сипатқа ие. Мәлімдеме қалыпты қарқынмен дұрыс интонациялық сызбамен және семантикалық топтарға (синтагмаларға) логикалық бөлінумен ұсынылған	0 - 2	4
		3 - 5	3
Коммуникативті тапсырма орындалмады толығымен (60-84 %) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде кателер бар	Мәлімдеме қисынды және толық сипатқа ие. Мәлімдеме қалыпты қарқынмен дұрыс интонациялық өрнекпен және семантикалық топтарға (синтагмаларға) логикалық бөлу	0 - 3	3
		4 және одан көп	
Коммуникативтік міндетшінара орындалды (40 - 59 %) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап берілмеді	Мәлімдеме қисынды және толық сипатқа ие. Мәлімдеме қалыпты қарқынмен дұрыс интонациялық сызбамен және семантикалық топтарға (синтагмаларға) логикалық бөлінумен ұсынылған	–	2

5) жазбаша мәлімдемені бақылау:

- Хат, эссе  
Критерийлер:

– коммуникативті мәселені шешу (мазмұны) және мәлімдемені ұйымдастыру

– мәлімдеменің тілдік дизайны.

Жазбаша мәлімдеме үшін екі критерий бойынша 2 баға қойылады.

Осылайша оқушылардан алынатын бақылау жұмыстарының қалыптасқан критерийлері бар. Пән мұғалімі осыларды негізге ала отырып, бақылау жұмыстарын бағалайды.

Қорыта айтқанда, бақылау тапсырмалары оқушыларға алған білімін меңгертуді ұйымдастыру құрылымының бірлігі болып есептеледі. «Оқыту үшін бағалаудың негізгі идеясының бірі - оқушылар мен мұғалімдерде жұмыстың белгілі бір бөлігінде оқытудағы мақсаттың ортақ түсінігі болуы тиіс, сонда ғана олар өздері қол жеткізетін деңгейді бағалай алады» [2].

Байқылау тапсырмалары сабақта өтілген материалдың шоғырлауын қамтамасыз етіп, шығармашылық және өзектілік сипатта болады да, оқыту ісінің жан-жақты, тиімді ұйымдастырылуына мұрындық болады.

Тіл үйретуге байланысты оқу материалдарының әрбір тақырыбын өткеннен кейін, білімдерін тексеру мақсатында бақылау, сынақ материалдары ұсынылатыны белгілі. Бұл әдіс ертеден қолданылып келе жатыр. Әлі күнге дейін актив қолданылады. Бақылау мақсатында түрлі жұмыс түрлері ұйымдастырылады. Бірақ осы ұйымдастырылған бақылау тапсырмалары қысқа әрі айқын, нақты жұмыс түріне мақсаттандырылуы тиіс..

Сынақ материалдары қашанда өткен оқу материалдарына сәйкес берілуі керек. Бақылау, байқау, сынақ материалдары оқушылардың тиянақты білім алуын қамтамасыз етумен қатар, мұғалімдерден жоғары біліктілік пен білімділікті қажет етеді. Себебі оқу үрдісінің барлық сатысында мейлі жаңа сабақ, мейлі бақылау сабағы болсын бәрінде де дидактиканың талаптары айқын болуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Пассов Е. И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – М. 1989. – 271 с.

2 Ағылшын тілі сабақтарында формативті бағалаудың әдістері. <https://daryn.online/>

## ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛАШАҒЫ

БЕЙСЕМБАЕВА С. М.

студент, 2 курс, «Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАППАСОВА Б. К.

ғылыми жетекші, қауымд. профессор, «Филология және журналистика»  
кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Журналистика қоғамдағы мәселелер мен оқиғаларды хабарлап отыратын, халықпен үкіметті байланыстыратын сала. Журналист халық сұрағына жауап беріп әлеуметтік дамуды жариялайды.

Маңызды мәселелерді халыққа жеткізуде бұқаралық ақпараттық құралдарының ішінде жетекші орынға ие-интернет. Ғаламтор желісінің ақпарат беруде ерекшелігіне байланысты жаңа бұқаралық ақпарат құралының түрі-интернет БАҚ пайда болды. Электронды бұқаралық ақпарат құралдары дәстүрлі БАҚ-қа үлкен жаңалық болды. Электронды БАҚ ақпаратты таратуда үлкен үлес қосты, қаралымдар жинады. Электронды бұқаралық ақпарат құралдары үлкен ізденіс пен талпынысты талап етеді. Электронды БАҚ-тың дәстүрлі БАҚ-тан айырмашылығы бірден көрінеді, ақпаратты таратудағы оперативтілігі мен интеративтілігі арқылы байқалады.

Интернет БАҚ күннен күнге дамып келе жатыр. Оның алғашқы нұсқасы, 1987 жылы АҚШ-та пайда болды. «The San Jose Mercury News» газеті тұңғыш рет көпшілікке электронды түрде ұсынылды. АҚШ-та газет сайттарында пайдаланушылар саны 56 млн не-месе интернетке кіретін адамдардың 37% құраған.

2022 жыл бойынша Қазақстанда 8 248 БАҚ тіркелген (2 513 БАҚ белсенді), 212 электронды БАҚ.

Электронды бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстан еліне пайдасы өте зор.

1990-1994 жылдары елімізде интернет дами бастады. Елімізде алғаш рет электронды пошта пайда болды. Электронды поштадан қарағанда интернет жүйесіне арнайы тіркелген электронды ақпаратты өкілдердің көптеген артықшылықтары бар. Вебсайттың электронды поштадан қарағанда мүмкіндігі кең. Вебсайттардың көмегімен түрлі мемлекеттердің тарихы, мәдениеті, экономикасы, бүгінгі күндегі жаңалықтары мен т.с.с. туралы мағұлматтар алуға

болады. Ғаламторға шығарылға ақпарат пен мағұлмат ерікті және ашық деп есеп-теледі.

Қазақстанда вебсайтты ашқан бұқаралық ақпарат құралдары болды. Бұл газет журналдардың оқырмандар аудиториясының көбеюіне үлес қосты. Ол тек газет журнал ғана емес телеарна мен көрерменнің радио мен тындарманың бір-бірімен байланысын нығайта түсті. Интернет өз мемлекетіміз ғана емес ТМД елдеріндегі жаңалықтарды да оқи алатын деңгейге дейін жетті. Интернет желісіне енген қазақстандық 75 қоғамдық саяси ақпарат таратушы мекеме бар екен. Оның ішінде бір баспасөз клубы, төрт ақпарат агенттігі, 17 теле-радио арна, 26 газет-журнал тіркелген.

Интернетте орналасқан қазақстандық өзге электрондық газеттердің барлығы да тәуелсіз басылымдар. «XXI век», «АиФ Қазақстан», «БОСС» сияқты беделі бар ірі газеттерді көруге болады. Отандық шығарылымдар «Лада ТВ», «Панорама Шымкента», «Энергия Казахстана» газеті және «Энергия Казахстана» журналының электронды нұсқалары бар. Толық тізімі веб Қазақстан сайтында орналасқан.

Электронды ақпарат ыңғайлы қол жетімді болғандықтан көптеген адам интернет арқылы жаңалықтар мен ақпараттарды қарайды. Электронды БАҚ пайдасы көп болса да ден-саулыққа зардаптары бар. Қазақстандағы танымал электронды баспасөз BAQ.kz. Бұл БАҚ-та бүгінгі жаңалықтар мен ақпараттар жарияланады. Электронды БАҚ тек жаңалықтар ғана емес қызықты газет журналдар да бар.

Бүгінгі ақпараттық ғасыр электронды хабарландыру тақталарын (BBS) және жаңалықтар топтарын (Newsgroups) енгізумен ерекшеленді. Осыдан кейін Бак спектрі айтарлықтай кеңейді және бүгінде интернет әртүрлі технологиялық және мамандандырылған назар аударатын салаларды ұсынады. Жоғары бағаланған топтардың әрқайсысының негізгі ерекшеліктерін қарастырыңыз. Интернеттің технологиялық бағыттары ақпаратты тарату және технологияны жақсарту арқылы аудиторияны бағыттауға бағытталған (www платформасын пайдалану кезінде графика, дыбыс және бейне сияқты). Бұл технологиялық тексерілген резервуар мәтіндік және дыбыстық деректерді пайдалану үшін ыңғайлы шешімдер жасай отырып, интернет-киберкеңістіктің дамуына сәйкес жасалған. 1990 жылы АҚШ-та «the electronic Club» алғашқы электронды басылымы құрылды, содан кейін газеттердің электронды нұсқаларын әзірлеу мүмкін болды (мысалы, «The Wall Street

Journal», «Los Angeles Times» және т.б.). 1995 жылдың басында тек 100 электронды газет болды, бірақ 1996 жылдың басында олардың саны 815 - ке, ал 1996 жылдың ортасына қарай 1115-ке дейін өсті («редактор және баспагер» журналының мәліметтері бойынша - <http://www.mediainfo.com>). 1999 жылдың ортасында AJRNewslink мәліметтер базасына (<http://www.ajr.newslink.org>) 4925 енгізілді электрондық газеттер (бірақ сол кезде олардың қатарына тек онлайн басылымдар кірді). Журналдардың электронды нұсқалары (мысалы, «Businessweek», «Editor & Publisher») және жаңалықтар ресурстары (мысалы, «Associate Press» «AA» және «CNN» «ABC» телерадиокомпанияларының көздері) жасалды. Бұл нұсқаулық тек ерекшеліктерін талқылауға арналған БАҚ және жарнамалық сайттарды қарастырмайды.

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің 2 427 базалық активтерінің жалпы саны жұмыс істейді, бұл елдегі базалық активтердің жалпы санының 18 пайызын құрайды (2010 жылғы 25 мамырдағы ресми деректер бойынша).

Сондай-ақ, біздің отандық интернет-контентте әлеуметтік желілер бар. Солардың бірі қазақстандық портал «Nur.kz». егер бұл портал маңызды ақпараттық портал болса, екіншісі - жастардың қарым-қатынасын ұйымдастыруға арналған «Менің Нұрым».

Порталдың негізі NUR.KZ болып табылады оның құрылуы 2009 жылдың наурызында. Сол жылы ол Қазақстанның ең танымал 10 интернет-ресурстарының қатарына енді. Бірақ бүгін NUR.KZ бастапқы позициялардан асып түсті және веб-сайттар арасында жетекші орындардың бірін алады. Бас редакторы-Дина Блинова.

Күнделікті өмірде портал NUR.KZ ақпарат пен ойын-сауық ұсынады. Мысалы, жұмыс режимі «Shop.nur.kz» әртүрлі тауарларды сатып алуға, сондай-ақ сенімді дүкендермен жұмыс істеу кезінде өзара түсіністікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сайтта 80-ге жуық телевизиялық бағдарлама бар. Арналар 10 пакетке бөлінген, бұл сізге қажетті теледидар бағдарламаларының тізімін таңдауды жеңілдетеді. Портал NUR.KZ интернет-аукциондарды белсенді ұйымдастырады. Интернет-аукцион арқылы сайт жана және пайдаланылған тауарларды сатуды ынталандырады. Қазақстанда ақпарат беретін көптеген онлайн-ресурстар бар. Мысалы, Интернет желісінде 600-ге жуық қазақ тілді сайт бар, бірақ олардың тек 15-20% - ы ғана танымал деп санауға болады. Алайда, бүгінде жас журналистер тек танымал интернет-газеттермен айналысады. Сияқты сайттар рейтингке кіруге мүмкіндік береді

Nomad.su, Today.kz, Qazaq.kz, Abai.kz, Minber.kz, Baq.kz және т. б. бірақ қызықты ерекшеліктер де бар. Бұл қаржылық қолдаусыз жас энтузиастар әзірлейтін жобалар. Мұндай жобалар үшін типтік ресурстарды қосуға болады Massagan.com, Solai.de, Zhastar.biz.

Бұл порталдарға келушілер жастардың жұмыстарымен танысып, сөйлесіп, өз пікірлерін білдіре алады.

Qazaq.kz -Қазақстанда құрылған алғашқы қазақ сайты. Бас редакторы - Серікхан Кекібалан. Сайтта «Мемлекет», «Кітапхана», «шетелде», «қызығушылықтар», «Спорт», «Қоғам», «Тарих», «Дін», «IT-проблемалар» және «жастар» бөлімдері ұсынылған. Оқылатын көптеген мақалалардан басқа, келесі бөлімдер кіреді. Сайт жаңалықтар бөлімінің және «Үкімет және қоғам» бағдарламасының жетекші тележурналисті Берік Уәлимен интернет-конференция ұйымдастырды. Интернет қолданушылары аналитикамен қатар сауатты және объективті жауаптар берген жетекші тележурналистке сұрақтар қойды. Қазақ журналистері мен журналистерінің орыс тіліндегі авторларына сауалдар, кәсібилік, қазақ тілін қолдану туралы сұрақтар, партия деле туралы ескертпелер, сондай-ақ Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар саласындағы проблемалар қойылып, жазушыдан лайықты жауаптар алынды. Minber.kz атап өтуге болатын маңызды ұлттық интернет-газеттердің бірі. 2009 жылы журналист Есенгүл Қапқызы «Минбер» жаңа интернет-басылымын құрды ([www.minber.kz](http://www.minber.kz)). газет ашық және тәуелсіз пікірлердің және әлемдегі осындай нәрселерді еркін білдіретін орынның атымен аталған. 2001 жылы Орталық Азияны зерттеу институтының қолдауымен «Тарлан» атты интернет-газет пайда болды. Алайда, қаржылық мәселелерге байланысты жоба ұзақ уақыт бойы жабылды. Содан кейін сайттың қазақ бөлімі іске қосылды «Polisy.kz». алайда ол бір жылдан кейін жұмысын тоқтатты. Осылайша «Минбер» медиа ортада тәжірибесі бар жастарды тарта бастады. Бұл «Massagan» порталының авторлары Жанарбек Матай, Бақытнұр Бейтелі және Асхат Еркімбаев. Осындай талқылаулар жыл бойы қазақ тіліндегі еркін интерактивті газеттер тақырыбында өткізіледі. Интернет-газет құру идеясы, әсіресе мемлекеттік тілді сақтау саласындағы мемлекеттік қолдау қанатының астында, мемлекеттік тілді қолдаудағы президенттік бастаманың арқасында пайда болды. Бастамамен Төраға Берік Әбдіғали айналысады.

Қорыта келе Электронды журналистика өте қарқынды дамуда. Қазақстан БАҚ-тың жетістікке жетуіне үлес қосады деп сеніммен айта аламын. Электронды журналистика тек қарапайым

халыққа ғана емес журналист болашағына журналист қызметіне үлкен септігін тигізеді. Ол Шет елдегі журналистермен тәжірибие алмасуға, дамуына септігін тигізеді. Электронды журналистиканың ерекшелігі халыққа ақпаратты жылдам жеткізіп ғана қоймай қателері мен жалған ақпаратты жоюға қол жетімді етеді.

Сол себепті Электронды бұқаралық ақпарат құралдары журналистика болашағы. Журналистика ғана емес Қазақстан болашағының жетістікке жетуге көмектеседі.

Электронды БАҚ-тың болашағы айқын көрініп тұр. Тек оның дамытып, жетістікке жеткізетін білікті мамандар. Ол үшін шет елдегі журналистика мен Қазақстан журналистикасың тығыз байланыстыру керек. Білікті шет елдегі мамандармен тәжірибие алмасуды қолға алу керек.

Сонымен электронды БАҚ, вебсайт Қазақстан Республикасың жетістіктерге жеткізуге тығыз көмектеседі. Журналист халық айнасы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Рауан Ризуан «Электронды БАҚ» [martebe.kz https://martebe.kz/jelektrondy-ba/?ysclid=lo3uom2wh812304261](https://martebe.kz/jelektrondy-ba/?ysclid=lo3uom2wh812304261)

2 Чаймердан Назерке «Отандық БАҚ-та медиа журналистиканың алатын орыны» [bilim-all.kz https://bilim-all.kz/article/17965-Otandyq-BAQ-ta-media-zhurnalistikany-n-alatyn-orny?ysclid=lnb56prqbjh152294608](https://bilim-all.kz/article/17965-Otandyq-BAQ-ta-media-zhurnalistikany-n-alatyn-orny?ysclid=lnb56prqbjh152294608)

3 Арайлым Даданбекова «Қазіргі Қазақстандағы БАҚ: болашағы мен дамуы» [bilim-all.kz https://bilim-all.kz/article/17506-Qazirgi-Qazaqstandagy-BAQ-bolashagy-men-damuy](https://bilim-all.kz/article/17506-Qazirgi-Qazaqstandagy-BAQ-bolashagy-men-damuy)

4 Булатова М.Б. «Интернет Журналистика және жаңа медиа» 3-тақырып Интернет басылымдар жүйесі 31 бет

5 Электронды БАҚ келешегі мен заңдық нормалары» [https://el.kz/elektrondy-\\_ba-ty-\\_keleshegi\\_men\\_zady-\\_normalary\\_24631/](https://el.kz/elektrondy-_ba-ty-_keleshegi_men_zady-_normalary_24631/)

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ ЖӘНЕ МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

ДЖАУБАЕВА А. З., БЕЙСЕНОВА А. А., БЕКОВА М. С.,  
КУДАЙБЕРГЕНОВА К. А.

бастауыш сынып мұғалімдері, №18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Мәшһүр-Жүсіп – шоқтығы биік дара тұлға. Өйткені, халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинақтап, рухани азығымыз боларлық бай мұраны құнарлы мағынасымен жеткізе білген Мәшһүр-Жүсіп жазба әдебиетінің негізін салушы десек қателеспейміз. Сонымен қоса сансыз ғасырдың шындығын ашып, тұлғатану, шежіретану мен ұлттық тарихтың ақтандақтар беттерін парактап ақиқатты жаза білді.

Уақыт өткен сайын Мәшһүр-Жүсіп сынды ұлы тұлғаның мұрасы құндылығын, қажеттілігін жоғалтпай, барша адамзатқа рухани азық болып ұрпақтан-ұрпаққа ауыса бермек. Себебі, «Әңгіме қылып жазғанда сиқырлық бар, ал өлең сөзде даналық бар», - деген Мәшһүр-Жүсіп шамамен 11 мың хикмет жазған. Сонымен бірге көптеген өлеңдері мен қисса-дастандары, тарихи деректері тағы баршылық.

Қазақ халқының тарихын саралап, сабырмен таразыға салар болсақ, қазақ елінің тәуелсіздігіне оңай қол жеткізбегеніне көз жеткіземіз. Демек, еліміз қазақ хандығынан бастап бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанға дейін небір өтпелі ауыр күндерді басынан кешірді.

Қуаныш пен қайғы, зейнет пен бейнет, рақат пен азап сияқты өмірдің күнгейі мен көлеңкесін қай пенде басынан өткізбеген?! Халыққа нәубет боп төнген қара құйындар қаншама?! «Орнында бар оңалар» дегендей біздің кезінде ұмытыла жаздаған салт – дәстүріміз, тіліміз, дініміз, тұлғаларымыз өз мәртебесіне қайтадан ие болды. Ең бастысы өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Болашақ ұрпақ талай тамсанып, талай сүйінетін алыптардың есімдері елімен қайта қауышты. «Ұлының ұлылығы қашанда танылмақ», демекші алаш зиялыларының қатарынан табылып, көпшілікпен бірге болған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев қазақ халқының жоқтаушысы, шамшырағы болды.

1888 жылдан бастап бірінші қазақ газеті «Дала уалаяты» бетінен Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің халықтың ауыр тұрмысы сипатталған мақалалары мен өлеңдері жиі көріне бастайды. Онда ақын:

Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді,

Білгіштер мұндайлыққа емес разы,



Немесе: «қазақ жұрты қоршылықта, момындар «биге пара, байларға жем», әділдікке жол жоқ, шенеуліктер, «қасқырша ауыз салып жұтып жатыр, үйінде отыра алмай кедей қашты..», – деп, патша үкіметінің қара халық басына азап төндірген жайсыз жақтарын әшкереледі. Сондықтан да ХІХ ғасырдың 1885–1890 жылдары Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің саяси көзқарастарының қалыптасып, өз халқы үшін жан аямай күрес жолына түскен кезі болып есептеледі. Ол 1890 жылы генерал-губернатордың қазақ халқының тұрмысымен танысып, елмен сұхбаттасып қайтқаннан кейінгі жағыдайды баяндай келе «Дала уалаяты» газетінің 1890 жылғы 46 санында: «... дала уалаяттарын көріп өткеннен бері қарай, шүкір құдайға, қара бұқара халқының мал шаруасына береке кіріп, арық мал семіріп, малдың желіне сүт берекесі кіріп, төрт түлік мал шаруасымен тұрған қыр қазағына бір түрлі ұуаныш пайда болды», деп ұлықтарға риза болып «... Құдайым жұрттың дұғасын қабыл қылсын. Ұлықтарының көңілін қара бұқара халқына мейірімді қылсын. Жақсылардың шарапаты мен жұрттың шаруасына береке кірсін».

батасын да берген болатын.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қазан қаласында 1907 жылы басадан шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында: «... Сарыарқаның пайдалы жеріне бәріне де қала сала бастады. Содан бері осы күнде қараған қазақты төртке бөлсең, бір құны сонда жоқ. Ол қалайша жоқ? – дейсің. Қазақтың жерін қала салуына берілді. Онан соң бастықтардың уазафасы деп ағашты, шабындық жерді алды, «ушаске войсковой» деп ат қойып бір нәрсені себеп қылып ала берді. Қазақ өз жерін өзі тастап кетуге қимай неше жыл бөзшекпенге ақша төлеп, қысы-жазы малының қорасы үшін сатылы... Қалай күн көрерміз деп, жонға шығып қыстап еді, ол жонда жан сақтап, күн көріп жүрген жерін мұжық келіп егінге лайықты деп ол алды.

Еркекте ақыл қала ма, өз қонысынан ауған соң.

Әйелде ақыл қала ма, біреуден сауын сауған соң – дегенді.

Ақылдан айырылып, жерден айырылып, шаруа-малдан береке қашып, оның үстіне алым шығып, «земский, ояз сбор, налог» деген қаптап, нашалнік, шиноуник, аттан ат қалған жоқ, қырып жойып халық тонаушылық көріп қаңғыды. Ақыры неге соғатынын құдай ел мен малда, жанда билік қалмады. Бұхар, Ташкент барсаң малайы қазақ. Сол малайлыққа жалғыз басты кеткендер ауырса кім су беріп, кім басына жастық қойып, оған иман айтуға кім даяр тұрады, өлсе кім жаназа шығарады осындай кемшіліктен тірімізге иман,

өлгенімізге жаназа жоқ болып адам тәрбиесінен қалдық. Бір жерде бір қазақты мұжық атып тастаса, қазақ өлгенін қолына алып көміп, мұжық үйінде жаннан қаперсіз тыныш отыра береді. Бір қазақты бір қазақ орыс пышақтап жарып тастаса қазақ орысқа сот жоқ, көшеге ойнап күліп жүре береді. Егер бар қазақ бір урядникке, чинауникке, нашалникке ақша бергендер кісі өлтірседе кешу болып үйде қалып жатыр, ақша бермегендер сүттен ақ болса да ұсталып айдалып кетіп жатыр...», – деп, өз ойын ашық жеткізеді.

Енді бірде осы ойын өлең жолдарымен де төмендегідей сабақтайды:

Жазықсыз, қалашыны, мұжық атып,

Өлуі мұсылманның құнсыз болды.

Сондықтан да Абай мен Мәшһүр-Жүсіпті – заманының сыншыл, шыншыл, әлеуметшіл ақындары деп қабылдаған жөн. «. Мұхтар Әуезов айтқандай, ұлт баласы болу үшін «үйелменді елінің өзегін жарған мұрат-мүддесінің» жолына басын тігу әркімнің де парызы. Мұратхан Бөжеевтің сөзімен айтар болсақ Мәшһүр-Жүсіп: «Бұқар, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Мұрат, Абай поэзиясымен рухтас келген келелі шығармалар жазды.»

«Қазақ газеттері көп шыға бастады, мақала берсеңіз болатын еді», – деген Жүсіппек Аймауытұлының өтінішіне, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «ұлттық деген жандардың басы бірікпей, ештеңе оңбас...», - деп жауап берсе керек. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев ұлттық баспасөздің өсуі қазақ ақын-жазушыларының ерте есуіне, еңбек жолы мен шығармашылық ізденістерінің ауқымының кеңеюіне қажет екенін ашық айтқан жан. Бірақ ол, қара халықтың білімсіздігінен басылымдардың ғұмыры қысқа болатынын да жасырмады. Мәселен 1915 жылы жазылған «Айқап» туралы деп аталатын өлеңінде:

Жұрт алды деп алады бәрі де «Айқап»,

Ешқайсысы білмейді оқып байқап.

Алған бала сандыққа тастай беріп,

Әке жүр: «Құр шығын»-деп басын шайқап.

Енді не деп ұялмай, ақша салар,

Жыртылумен әр жерде тозып қалар.

Майлық, сулық, шаршы орамал боп,

Үйіне болыстардың текке қалар деп, рухани дем боларлық басылымдардың ел қолдауына ие болмай отырғанына қынжылыс білдіреді. Ақын бұны өнер-білімнің жоқтығынан деп біледі. Сондықтан да:

Білімге жабысайық көңіл қойып,

Ерлердің жұмысына жүрмін тойып.

Болмаса сондай ерлер бізге пана,

Залымдар көзімізді алар ойып, - деп, қарапайым халықты білімге шақырып, алаш зиялыларына қолдау көрсету қазақ ұлтының парызы екенін осы өлең жолдары арқылы жеткізеді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ғылым-білім туралы айтылған пікірлері мен жыр жолдарын, саяси қуғын-сүргіннің алғашқы толқындарының қарлығаштары Жүсіпбек Аймауытов, Дихан Әбілев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, үкілі Ыбырай қолдап, коммунистік қысымның күшеюіне қолдарынан келгенше қарсы шығып, сауат ашу мектептерінен жоғарғы оқу орындарын ашу керек екенін жырға қосты. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлы:

Ұры, қары, қу, сұмның жан жолдасы.

Қазақ қайтіп ел болар, қарағым-ау?

Бұл ұзамай құриды, сөздің расы.

Николайдың иісі осы елде тұр,

Ондырмайды сәулесіз өңкей масы, – деп, қоғамдық ортаны қалыптастыру үшін алдымен адамды түзету және халықтың санасын оятуды қажет екенін айтады .

Ал 1925 жылы жазылған «Бас редакторге» деген өлеңінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

Бұзып-жарып кешу қылдым талай өрді,

Бір сен емес, «Алты алаш»-түгел көрді.

Сол қалыппен жүрсем жан танымады,

Сонан соң жорта жаздым бұзып түрді.

Қойдан басқа кім кетпек адал боймен,

Бізді заман жау қылды айтпен, тоймен.

Жүрекке соғып жүрек, тілдесе алмай,

Сонан соң тіл қатынасты арман оймен.

Мен кіші де, сен үлкен-тақсырым-ай,

Мекіре балық қайтпайды тасқа ұрынбай!

Әдетің алаңдаған қайда қалды,

Құдайқұл-Қарасордың қасқырындай деп, тоталитарлық ойлау жүйесінің ұраншыл, тар шеңберінен шыға алмай жүрген жандардың салдарынан, ұлттық сананың әміршіл-әкімшіл жүйенің торына түскенін және сөз қадірінің жоғалып бара жатқанын ескерткендей. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қыл қаламынан туған ғибратты шығармалар көптеген тұлғалардың қоғамдық-тарихи қалыптасуына игі ықпал еткені анық.

1925 жылдан 1929 жылға дейін Павлодар уезінде қазақ тілінде, Қазан жеңісінің 10 жылдығы құрметіне «Октябрьдің он жылы» (бірінші саны 1927 жылы 7 қарашада шыққан), «Октябрьдің он бір жылы» (бірінші саны 1928 жылы қарашада шыққан), «Сақтықты күшейт» (бірінші саны 1928 жылдың 17 қазанында шықты) деген үш газет бірінен соң бірі жарық көрді. Аталмыш газет басшылары, өлкелік партия комитетінің айтқанынан шыға алмаса да, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке өз адамдарын жібергені мәлім.

XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалар бірінен соң бірі жалғасын тауып, қоғамдық озық ойлы азаматтар ұлы саяси өрлеу үстінде болды. Бұның өзі қазақ әдебиетіне бостандық сүйгіш рух әкелді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке жазған бір хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терен, арманыңыз...», -деп жазады. Бірақ Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің осы бір ерекше қуанышпен шабыттанып жазған шығармалары кейін теріс бағаланады. С. Мұқановтың «Абайдың әдебиет мектебі және оның шәкірттері» атты баяндамасында Мәшһүр Жүсіпке төмендегідей баға берген: «Алтыншы – Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1931-1958). Бұл ақынды Абай шәкірттері деген тізімге Әбіш Жиреншин қосады да, неге қосқанын дәлелдемейді... ол патшаны да патша шығарған манифесті де жамандаудың орнына мақтайды... Патшаны соншалық көтермелейтін Көпеев, Думаға қазақ атынан баратын бір депутатты Алаштың көңіліндегі мұңын айтады дейді де, оның аты-жөнін жұмбақтайды. Ол жұмбақтаған, мақтаған адамы — Ә. Бөкейханов еді...» Кейіннен жылымық кезең келген соң ақын оңды бағасын ала бастады. Мысалы, профессор Б. Кенжебаев өзінің «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» деген еңбегінде: «Жалпы алғанда М. Ж. Көпеев өлеңдерінде қазақ халқының жай- күйін, заман жайын дұрыс аңғарады. Соған байланысты халықтың, оқығандардың арманын, міндет-мақсатын дәл түсінеді, айқын білдіреді. Прогресшіл ағартушы- демократтық жолда» деп, жазды. Мәшһүр-Жүсіп қай заманда болсын, азаттықты аңсаған қуатты жырларымен қазақ поэзиясының асқақ шыңы болып қала бермек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Юсуф Көпеев «Біздің қазақ халқының». «Дала уалаяты газеті» Құрастырушы Ү. Сүбханберлин, 170 бет, Алматы «Ғылым» баспасы 1994 жыл.

- 2 Қазақ ССР тарихы. Қазақ мемлекет баспасы, 1957, 581-582 б.  
 3 М. Бөжеев «Мәшһүр-Жүсіп мұралары хақында» Жұлдыз №3. 127-6, 1974 жыл.  
 4 «Қазақ» газеті, Алматы, 1998, 10-бет.  
 5 «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы» 20-210-бет. Алматы «Алаш баспасы» 2003 жыл  
 6 С. Сейфуллаұлы «Қазақ арасындағы сауатсыздықты жою» // Еңбекші қазақ. 1934 жыл 13 маусым  
 7 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Өлеңдер мен поэмалар. Құрастырған; М. Мағауин. Алматы, 1988 жыл.  
 8 «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы» Шығармалар жинағы 4 том, 258-бет Павлодар, 2004 жыл  
 9 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1974.

### ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТНОЛИНВИСТИКАЛЫҚ АРНАЛАРЫ

ДЮСЕМБАЕВА Г. Б.

магистрант, «Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, қауымд. профессоры, «Филология және журналистика» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Этнолингвистика – бұл тіл мен мәдениет арасындағы байланысты зерттейтін пәнаралық сала. Оның лексиканы зерттеудегі рөлі – лексикалық бірліктердің қоғамның мәдени, әлеуметтік және тарихи аспектілерін қалай бейнелейтінін түсінуге мүмкіндік береді. Этнолингвистиканың негізгі тұжырымдамалары және оның лексиканы зерттеудегі рөлі:

1) Лексиканың мәдениетпен байланысы. Этнолингвистика сөздер мен сөз тіркестерінің мәдени түсініктермен, салт-дәстүрлермен және әдет-ғұрыптармен қалай тығыз байланысты болатындығын түсіндіреді. Осы саладағы зерттеулер сөздердің семантикалық ерекшеліктерін және олардың әртүрлі мәнмәтіндерде қолданылуын ашуға мүмкіндік береді.

2) Когнитивті аспектілер. Этнолингвистика тілдің біздің әлемді қабылдауымызды қалай қалыптастыратынын зерттейді. Ол лексиканың әртүрлі мәдениеттердегі нақты когнитивті құрылымдар мен схемаларды қалай көрсете алатынын зерттейді.

3) Менталитетпен қатынасы. Этнолингвистика лексикалық бірліктерді талдау арқылы халықтардың мәдени ерекшеліктері мен менталитеттерін ашуда үлкен рөл атқарады. Ол әртүрлі мәдениеттердің айналасындағы әлемді қалай қабылдайтынын және сипаттайтынын аша алады.

4) Лингвомәдениеттану. Этнолингвистика лексиканың қоғамның құндылықтары мен нормаларын қалай көрсететінін зерттейді. Ол лексиканың әлеуметтік-мәдени аспектілерін және оның эмоционалды бояуын зерттеуге көмектесе алады.

5) Мәдени мұраны сақтау. Этнолингвистика халықтардың мәдени дәстүрлері мен тарихымен байланысты бірегей лексикалық бірліктер мен өрнектерді сақтауға және зерттеуге ықпал етеді.

Осылайша, этнолингвистика лексиканы талдауда маңызды рөл атқарады, бұл бізге тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін және лексиканың адам тәжірибесінің байлығы мен күрделілігін қалай көрсететінін түсінуге көмектеседі.

Осы тұрғыдан келсек, кейінгі онжылдықтар белесіндегі зерттеулер этносты, ұлт мәдениетін тіл арқылы анықтауды негізгі қағида етеді (Ө. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Н.Уәли, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Қ. Жаманбаева т.б.). Нақты айтқанда, тілді тұтынушы ұлтты алғашқы орынға қоятын лингвистикадағы антропоцентристік парадигма және этнолингвистика өз аясында жаңа бағыттарға жол ашп. Осымен байланысты Г. Снасапова, Ш. Елемесова, Ф. Қожахметова, М. Күштаева, Қ. Қайырбаева, Н. Аитова, А. Әмірбекова, Ж. Саткенова сынды ғалымдардың жұмыстарында тіл таным кілті деп қаралып, когнитивтік лингвистика мәселелері этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистикамен тығыз байланыста зерттелген.

Жыл мезгілдеріне байланысты лексикалық бірліктер мәселесі қоғамдық ғылымдардың ішінде, негізінен, қазақ әдебиеттануында көркем шығармалардағы табиғатқа қатысты қатысты зерттеулерде кездеседі. Алайда қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі жыл мезгілдеріне байланысты лексикалық бірліктер қолданысының орнын тіл арқылы таныту, жаңаша зерттеп-зерделеу міндеті толық шешілген жоқ. Осымен байланысты ұлттың болмыс-бітімі, дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес аталмыш бірліктердің өзіндік табиғатын, прагматикалық қасиетін анықтау мәселесін ұлттық таным қорында

тіл арқылы жинақталған жыл мезгілдері концептісі арқылы дәлелдеудің мәні ерекше.

Тіл-тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Жыл мезгілдеріне байланысты лексика фразеологиялық бірліктердің этнолингвистикалық арналары сан алуан. Олар мыналар: баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері.

Баламалар. Бұларға тіліміздегі негізгі атауларды бейнелі түрде суреттеп беруден туындаған (мыс, көмір – «қара алтын», телевизор – «көгілдір экран» т. б.) жасанды баламалар (перифраздар) мен әр түрлі наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа (ат тергеу, көңіл айту, ұятты сөзден қашу, т.б.) байланысты тыйым салынған «табу» сөздерді (бөрі - «қарақұлақ»), жылан – «түйме» т. б.) алмастыратын эвфемистік баламалар жатады. Тілімізде мыңдап саналатын бұл баламалар да рухани дәстүрге, тіл табиғатына, этностық дүниетанымға тікелей қатысы бар ерекше құбылыстың бірі. Мысалы: ақ пен қызыл арасында – күн ұясына кірген шақта, күс қанаты – наурыз айының соңына қарай жылы жақтан құстар ұшып келе бастағанында қар араласа жаңбыр, суық жел тұрып, ауа-райы бұзылады. Оны халық «күс қанаты» деп атаған. Бейне бір суық күс қанатымен келгендей, қызыр қамшысы – сәуір айының орта кезінен аса бергенде алғаш рет найзағай ойнайды, жаңбыр жауып, жер бусана бастайды, оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады, тобылғы жарған – сәуірдің соңғы күндері 2-3 күн болатын суық жел соғады. Халық осы күннен бастап тобылғы бүршік жарады, өсімдіктер тамыр жаяды, алғашқы көк шығады деп ойлайды.

Тұрақты теңеулер. Бұлар, әдетте, бір зат пен екінші бір затты (құбылысты) өзара салыстыру, ұқсату, бір-біріне балау, теңеу арқылы оларды анықтау, сипаттау, бағалау, бағамдау, өлшеу, болжалдау т. б. осы сияқты танымдық мақсаттан туындап, тұрақталған (көпшілігі) тіркестер. Тілімізде мыңдап саналатын бұл тіркестер (штампа) тақырыбы (объектісі, мағынасы, құрамы мен құрылымы, уәждік (мотивтік) негізгі және көркемдік ерекшеліктері жағынан сан түрлі. Бұлардың бәрі немен және нені қалай салыстырса да, айналып келіп, адамның іс-әрекетін, сын-сымбатын, қалып-күйін т.б. қасиеттерін сипаттауға бағышталыады. Мысалы: жерден жеті қоян тапқандай (қуану), екі иығына екі кісі мінгендей (дәу, үлкен) т. б. Ал алынып отырған тақырып негізінде мынандай мысалдар келтіруге болады:

қаңтардағы бурадай – ашулы, жазғытұрым жел жардай атанды жығар, ай сүттей жарық – бұлтсыз, толған айлы түн т.б.

Фразеологизмдер. Тақырып, мағына, тұлға жағынан әр түрлі болып келетін тұрақты тіркестердің үлкен бір саласы тілімізде фразеологизмдер десек, олар да адамның іс-әрекетін, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу-нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор көркем сөз арналарына жатады. Мысалы, ала жаздай (алты ай жаз) – жаз бойы, жыл қайырды – жыл есептеу, кеуім тартты – ала көлеңке, алагеуім, күн байыды – күн батты т.б.

Мақал-мәтелдер. Бұлар да этнолингвистикалық арнаның ең бай саласына жатады. Әрбір мақал-мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани, заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай ақпарат жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор, фразеологизмдер сияқты, мұнда да күрделі мәселе мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары мен дами келе, Адамға (оның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т. б. қасиеттеріне) ауысу мотивтерін (уәждерін) тап басып, дәл айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру. Бір ғана мысал: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал «от басында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге керсен, есіп-жеткенде де соны істейсің» деген ауыс мағынада бүгінгі педагогикалық тұжырымдаманың (концепцияның) негізіне айналып отыр. Этнолингвистика болса, міне, осындай құбылыстың мән-жайын түсіндіруге тырысады. Мәселен, осы мақалдың өзін алсақ, ол о баста қыран құстар өмірін байқаудан туып, қолданылған жай тіркес болған. Бұл жәйт мақалда «отбасындағы көрген тәлім-тәрбие, өнеге-үлгі» мағынасына баланып отыр. Ал, бала бүркіттің өсіп, қыран болғанда иісін алып, дәмін татып, құштарлана жеген аң-құстарды көбірек ілетіні» ауыс мағынасында «баланың өскенде де отбасында (семьяда) көрген үлгі-өнегесін істейтін әдетіне» айналып отыр. Міне, осы тәрізді мағыналық өзгерістерді біз кез келген мақал-мәтел табиғатынан байқаймыз. Мысалы, қыс ызғар, жазда шаң көрмеді – қиындық көрмеді, сүмбіле туса, су суыр; үркерлі айдың бәрі қыс; жаздың бір күні қыстың мың күніне татыр; қылышын сүйретіп қыс келер; шағала келмей – жаз болмас, шаңқан болмай боз болмас; сәуірдегі жауын, сауып тұрған сауын; қаз келсе, жаз келер, қарға келсе, қатқак болар. Осы сияқты өзгерістердің тілдік тетіктері мен мотивтерін айқындап, оларды «тірек» сөздер арқылы тақырыптық топтар



жүйесіне енгізу, түсіндіру тағы да сол этнолингвистиканың ең бір күрделі міндетіне жатады.

Жұмбақтар. Жұмбақ табиғаты жұртқа мәлім. Ол баланың ой-өрісін кеңейтіп, астарлы сөздің сырын түсінуге, тапқырлыққа баулитын, түспалдап, жұмбақтап бейнелеп, бір затты екінші бір затқа балап айту арқылы ой әлеуетін кеңейте түсетін танымдық мәні зор құбылыс. Жұмбақталған нысанға (яғни сөзге, ұғымға) сәйкес сайланған баламаның мотивін тек ұлттық менталитет, этностық таным негізінде ғана айқындап түсіндіруге болады. Жұмбақты этнолингвистикалық арнада тоғысатын бұлақтардың бірі деп қарауымыздың басты себебі, міне, осы. Мәселен, «Айдалада қу қазық, мергеншіге жол азық,» деген жұмбақтың шешімі «қоян» екенін тек қазақы түсінік негізінде ғана табуға болады. Сол сияқты жұмбақ айтыстарда жыл мезгілдерін түспалдап айту арқылы табиғаттың тылсым сырын терең түсіне білуге ерекше ықыластықта болғанын көре аламыз. Оған мысал ретінде жыл мезгілдерінің ерекшелігін қалт етпей байыптаған қазақы таным мен мезгілге орай «Қыс пен жаз» айтысын тілге тиек етуге болады.

Ауыз әдебиеті үлгілері. Бұларға жанры мен тақырыбы, құрамы мен құрылымы, мазмұны мен мағынасы әр алуан болып келетін, халық жадында сақталып, рухани мұра болып, ұласып, ауысып келе жатқан: 1) авторы белгілі ақыл-нақыл сөздер; 2) салт-дәстүрге (әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-кәде, жөн-жоралғы т. б.) қатысты деректер; 3) той-томалақ, мереке-мейрамдарға байланысты рәсім-салтанат үлгілері; 4) көріпкел, сәуегейлікке қатысты әңгімелер; 5) әзіл-оспақ, артында зіл жоқ бірқакпайлар мен күлдіргі сөздер т. б. осы тәрізді «тұрмыстық жеңіл жанр» үлгілері жатады. Ал қарастырылып отырған тақырып аясында да ауыз әдебиеті үлгілерін көптеп кездестіруге болады. Мысалы, тарихи дастандарда, лиро-эпостық жырларда, батырлар жырында т.б. табиғат амалдарын, жыл мезгілдерінің жауын-шашынды, қарлы-боранды, аптап ыстықты көркем суреттейтін тұстары жетерлік.

Атап айтқанда, этнограф ғалым Сейіт Кенжеахметұлы қазақы танымдағы табиғат амалдарының атауларын түсініктемесімен былай көрсетеді:

Өліара – «өліарада жауын-шашын болса, жаңа ай жауынды-шашынды болады» делінеді – екі ай арасындағы уақыт.

Құс қанаты – наурыз айының соңына қарай жылы жақтан құстар ұшып келе бастағанында қар араласа жаңбыр, суық жел

тұрып, ауа-райы бұзылады. Оны халық «құс қанаты» деп атаған. Бейне бір суық құс қанатымен келгендей.

Аласапыран – көктемде, наурыз айында, кейде сәуір айында қардың күрт еріп, жер лайсаң болып, шаруашылыққа қиын күндер туады. Осындай жайсыз, қолайсыз күндерді аласапыран деп атайды.

Бес қонақ – наурыздың 17-21 күндері аралығында жауын-шашын болады, жыл сайын осылай қайталанып тұрады. Бес күнге созылатын бұл күндерді қазақ «бесқонақ» деп атап, бұл күндері көшпей, жолға шықпай, сақтық шараларын жасаған.

Қызыр қамшысы – сәуір айының орта кезінен аса бергенде алғаш рет найзағай ойнайды, жаңбыр жауып, жер бусана бастайды, оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады.

Тобылғы жарған – сәурдің соңғы күндері 2-3 күн болатын суық жел соғады. Халық осы күннен бастап тобылғы бүршік жарады, өсімдіктер тамыр жаяды, алғашқы көк шығады деп ойлайды.

Қызыл жұмыртқа – дала (су) құстары мамыр айының алғашқы онкүндігінде жұмыртқадан балапан шығара бастайтын мезгіл. Ол 1-2 күнге созылады, күн суытады.

Құралайдың салқыны – мамыр айының соңына қарай бірнеше күн суық жел соғады. Жер су, ықтасын болмаған соң киіктердің төлі орнынан тұрып, енесіне еріп, аяқтанады. Киіктердің төлін өргізетін осы мезгілдегі ызғар – Құрайдайдың салқыны деп аталады. Ақбөкендерге тән қасиет олар құралайын жетім қалдырмай, енесі жоғын емізіп, бауырына салып, аман сақтайды.

Үркердің батуы – маусым айының басында Үркердің мүлдем көрінбей кетуі. Кейде мұны Үркердің «жерге түсуі» дейді. «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» деген сөз бар.

Бұлардың бәрі – этнос өмірінде туындап, соның өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды бояу-нақышымен тағы бір қырынан суреттеп, «тіл әлемінде» бейне бір зерде тас бөлшектеріндей жарқырап тұратын этнолингвизмдер. Этнолингвистикалық зерттеулерде олар тұлға, құрылым жағынан әр алуан – бірде жай сөз тіркесі, тұрақты тіркес, енді бірде шағын мәтін (текст), қысқа баяндау, өлең-жыр бөлшегі сияқты болып келсе де, «тірек» сөз арқылы негізгі және туынды мағыналық бірліктерге (атауларға) қатысты әр түрлі тақырыптық топтарда сипатталуға тиісті. Бір-ақ мысал: негізгі атауды «сүмбіле» десек, оған қатысты ел жадында сақталған «сүмбіле ұзын болса, көктем де ұзаққа созылады» деген болжам-мәлімет келтіріп, неге олай деуіміздің мән-жайы түсіндірілуі тиіс.

Қорыта айтар болсақ, жыл мезгілдеріне байланысты лексикалық бірліктер қазақ болмысының зейін, зерде ерекшелігі, дүниетанымы, парасат-пайым деңгейінің, байқағыштық қабілетінің т.б. қасиеттерінің тілдегі көрінісі – этносты сипаттайтын ерекше этноөзектік концептілер жасауға қабілетті екенін дәлелдейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қайдар Ә.Т. Қазақ этнолингвистикасы. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы. Ана тілі. 1998ж. -304 б.
- 2 Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы: Ғылым, -1977. -711 б.
- 3 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. - Алматы, 1989.
- 4 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. - Алматы, 1997.

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНЕ САЛЫСТЫРАМАЛЫ ТАЛДАУ

ЕЛУБАЙ А. М.

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Кіріспе. Соңғы жылдардағы лингвистикалық зерттеулерде тілдік бірліктердегі гендерлік иерархияны білдіру тақырыбы белсенді түрде жасалуда. Кез-келген қоғамның әлеуметтік жүйесінің жұмысына әйелдің қосқан үлесі маңызды, сондықтан әйел отбасы мен қоғам арасындағы «алтын көпір» болғандықтан, ұрпақтың жалғасуын қамтамасыз етеді, болашақты қалыптастыратын балаларды тәрбиелейді. Осыған байланысты ұлттық сипатты, халықтың дүниетанымын, оның мәдениетін зерттеу үшін ерекше назар аудару қажет отбасындағы, діни, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени салаларда әйел үлкен рөл атқарады. Мақал-мәтелдер – қай тілде болмасын, халық даналығының қайнар көзі, ақылман ойшылдар, ділмәр-шешендер, айтқыш даналар сөзінің мәйегі, ұйтқысы болып саналады [1]. Мақал-мәтелдер бізге сан ғасырлар бойы халықтың қоғамдық даму үрдісінде қалыптасқан ұстанымдары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, оның тарихы, рухани мәдениетінің қайнаркөздері жайында мол ақпарат беретін тілдік қор болып табылатын этномәдени ақпараттың қайнар көзі

мақал-мәтелдердің халықтың тұрмыс-тіршілігінде алатын орны ерекше. Оның халық мәдениетіндегі алатын орны мен атқаратын қызметі, лексика-семантикалық сипатына мән бере отырып, қазақ-түрік халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танытудағы атқаратын қызметіне, мақал-мәтелдердің қазақ және түрік тілдеріндегі орны мен қолданыс аясына назар аударып, екі тілдегі мақал-мәтелдердің мағына сәйкестігіне қарай жіктеп, талдау келешек ұрпақ үшін келелі іс. Оларды салыстырып, екі халық мәдениеті мен танымындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары талқыланып, оған әсер етуші факторлар көрсету мақсатында салыстырмалы зерттеу әдісімен зерттей отырып, лексика-семантикалық сипаттарын анықтап, қазақ және түрік халықтары бір негізден тарағандығы көрсететін өмірдегі нақты жағдаяттар мысалға алынады.

#### Кесте 1

	Әр әйел өз үйінің ханымы да, құлы да. Her kadın, evinin hem hanımı hem halayığıdır.
Жаман әйел байына Жалғыз атын сойғызар; Жақсы әйел жолдасын Жоқтан құрап тойғызар [2].	Сұлыдан тәтті тамақ жасайтын әйел де бар, бидайды ұқсатпайтын әйел де бар. Avrat var, agra unundan aş yapar; avrat var, buğday unundan kes yapar.
	Әйелі жақсы ұстаған үйді Құдай қиратпайды, ал шашылған үйді – жинай алмайды. Avratın düzdüğü evi Tanrı yıkamaz, avratın yıktığı evi Tanrı yapmaz.
	Еркек - ағын, Әйел – көл әйел. Adam sel, kadın göldür.

Мақал-мәтелдерді талдау екі мәдениетте де әйел екенін анықтады оң және теріс жағынан ұсынылған. Бұл мақалада жеке, отбасылық және әлеуметтік өмір тұрғысынан әйелдің әртүрлі сипаттамалары, әйелдің оң және теріс бағалары егжей-тегжейлі қарастырылады, ұлттық кейіпкерлердің, дүниетаным мен мәдениеттің айырмашылығына байланысты түрік және қазақ халықтарындағы әйелді қабылдаудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталды. Халқымыз еңбектің небір қиыншылығы мен бейнетін көріп, артынан соның рахатына бөленген. Осыны ертерек ойлаған ана қыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасы, ошақ қасынан бастаған. Тіпті төсек жинау, үй тазалау, тамақ істеуінің өзі үлкен сын. «Шешесін көріп қызын ал,

аяғын көріп асын іш», «Жақсы қыз біреу келсе есік ашар, жаман қыз біреу келсе төрге қашар» деген мақалдар осыны меңзеген. Қыз – нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесі тұтас ұлтқа әсерін тигізетінін айтады. «Қызға қырық үйден тию» деген мақалдың астарында қыз абыройы, өскен ортасының абыройы деген мән жатыр. Қыз есейіп, бойжетісімен оның айналасы сырт көзге толады. Біреу «үкі тағуға», біреу «алып қашуға» ұмтылады. «Қызды ауыл осекілі» деп ауыл-аймақтағы адамдардың аңдығаны, екі ауыз сөзі бойжеткен қыз болады. Ал аналар бой жетіп қалған қызының төсегін бөлек салып, жас шағындай оған көршіге желпілдеп жүгіріп баруды, не бір ауылға өзін қыдырып жіберуді шектейді. Жіберсе апа, жеңгелерін ерткен, көбіне жеңгесіне сенеді. «Қыздың сырын жеңгесі біледі» не «қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді» [3;67] деп мақалдаған. «Қыз мұраты – кету» дегендей қыз бала табиғатынан басқа үйдің босағасын аттап, сол үйдің түтінін түтетуге жаралған ғой. Сондықтанда жасы келісімен қыз баланы ата анасы, бүкіл бауырлары сыңсу айтып шығарып салады. Құда келіп, құйрық-бауыр жесіп, баталасады. Ұясынан ұшқан құсы ұясына абыройлы қонуын артындағы ата-анасы тілеген. Жұрт оларды «ұлынды ұяға, қызынды қияға қондырдың» деп құттықтаған. Одан әрі реті келсе қызды жасауымен берген. «Бастапқы қызыңды жасаулы ұзат, соңғы қызыңның өтеуіне жақсы», «қалыңсыз қыз болмас» не болмаса «құмға төккен білінбес, қызға берген білінбес» [4;412] деген мақалдар осыны білдіреді. Қыз әке үйіндегі өмірімен қоштасып, уақыты жеткенде өзге табалдырықты «келін» боп аттайды. Келін баланың не інінің әйелі. Қазақ дәстүрінде жаңа түскен келінге сын көзбен көріп қараушылар көп. «Жақсы келін-келін, жаман келін - келсап», «Келіні жақсының керегесі алтын» дейді. «Келін қайын ененің топырағынан», «Басында сыншыл болса, кейін сыршыл болады» деп келін мен ене арасын жақындастыру, енені құрметтеуге үйреткен. Шындыққа келсек: ене біреудің шешесі, сенің шешенде біреуге ене. «Келінің де келін болып түскен күннен бастап өзіне артылар міндеттері бар. Әрине қалыптасқан орныққан әдет-дағдысы бар. Бұрын өзіне таныс емес ортаға бірден «тастай батып, судай сіңу» оңайлықпен орындала бермейді. Бұл ретте қазақ әйелінің даналығы, сабырлылығы, төзімділігі жеткілікті. «Әйел әдептің әліпнесі», «әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербейді», «аты былғанған әйелдің асыл сөзі

отімсіз» деп жатамыз, яғни әйел адам құт босағанын ұйтқысы, әрі берекесі емес пе?» [5; 229].

Табиғаты жағынан әйелдер ер адамға қарағанда үй шаруасымен жақсы айналысады, күнделікті үй ішін тәртіпке келтіреді. Үй ішінің көптеген тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүреді. Сондықтан әйелі жок үй тозып, ұсқыны кетіп тұрады. Үй ішінің жылулығы және жағымды, бақытты атмосферасы әйелдің қолында екені белгілі. Ол күйеуінің үйге әкелетін қаражатына мұқият қарап, ұқсатып отырады. Үй шаруасындағы әйел «жоқтан барды» жасайды. Бір сөзбен айтқанда, отбасында әйел өте маңызды рөл атқарады. Бұл жағдай анаға түрік және қазақ халықтарының мәдениеттерінде берілетін маңыздылық пен құндылықтың жақсы дәлелі бола алады. Төмендегі мысалдарда ана отбасының ең маңызды мүшесі, отбасының негізін қалайтын адам өміріндегі ең қасиетті құндылық ретінде әрекет етеді.

Кесте 2

Қазақ тілінде	Түрік тілінде
Ерте тұрған жігіттің Ырысы артық, Ерте тұрған әйелдің Бір ісі артық [10].	Тамызда түскен теріден, төсектен ерінен кейін тұрған әйелден, бал бермеген арадан, арам ақшадан жақсылық күтпе. Ağustosta ekilen darıdan, kocasından sonra kalkan karıdan, oğul vermeyen arıdan, haram kazanılan paradan hayır gelmez.
Балаң жақсы болса – Екі көздің шырағы. Атың жақсы болса – Бұл дүниенің пырағы. Алған жарың жақсы болса – Абыройыңның тұрағы [2].	Жалқау әйелден, кесір ұлдан және ақсақ аттан тезірек құтыл. Erken kalkmayan avrat, söz dinlemeyen evlat, mahmuzla giden at kapında varsa kaldır at.

Түрік мақал-мәтелдерінде байқалғандай, әйелдің мәртебесі жоғары емес екеніне қарамастан, ол ана болғанда мәртебесі артады. Бұл жағдай анаға түрік және қазақ халықтарының мәдениеттерінде берілетін маңыздылық пен құндылықтың жақсы дәлелі бола алады. Төмендегі мысалдарда ана отбасының ең маңызды мүшесі, отбасының негізін қалайтын адам өміріндегі ең қасиетті құндылық ретінде әрекет етеді.

## Кесте 3

Қыздар шай сияқты-суығанын ешкім ішпейді	Kız çocuğu çay yarpağına benzer, kartlaştı mı içilmez.
Ұлы үйленеді, үйге ит әкеледі, ал қызы ержүрек жігітті әкеледі	Oğlan gider it getirir, kız gider yiğit getirir.

Әлемде әйел рөлі күрделі де көп қырлы. Оның сипатын біз мақал-мәтелдерден анық байқай аламыз. Өйткені мақал-мәтелдерде халықтың бірнеше ғасырлық тәжірибесінің көрінісі «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» сақталған. Қазақ және түрік мақал-мәтелдерін талдау кезінде дәстүр бойынша әйелден ең алдымен үй шаруашылығын жақсы жүргізуі және аналық парыздарын орындауы қажеттігі мәлімделгені байқалады.

Түбі бір туыстас екі халықтың, ұзақ уақыт бойы араласа алмаса да, әлі күнге дейінгі олардың ойлау жүйесі мен мінез-құлық ұқсастығы түбі бір туыстас түркі халықтарының ұрпақтары екендігін дәлелдейді.

Түрік тілінде: «Babaya dayanma, kartıya güvenme» (Өкеге сүенбе, әйелге сенбе) – қазақ тілінде: «Астындағы атыңа, қойындағы қатыныңа сенбе»

«Kızım sana söylüyorum, gelinim sen anla» (Қызым саған айтамын, келінім сен түсін) – қазақ тілінде: «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда»

Қазақ және түрік халықтары әйел образын бірдей қабылдайтыны және оның бейнесін өз мәдениетінде көрсететіндігі белгілі болды. Екі тілдегі кейбір мақал-мәтелдердің дәл баламаларының болуымен қатар, кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келетіндігі де байқалды. Мұндай ерекшеліктердің болуы табиғи құбылыс деп қабылдау керек. Мұндай ерекшеліктер мен ұқсастықтар туыстас түркі халықтарының ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта қалып, қоян-қолтық араласпауының салдарынан болады. Алайда екі халыққа ортақ мақал-мәтелдерге қарап, қазақ және түрік халықтарының түбі бір екеніне көз жеткізуге болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Раритет, 2004. – 267 б.

2 Бабалар сөзі: Жүз томдық [Мәтін]. – Астана: Фолиант, 2005. Т. 65: Мақал-мәтелдер. – 2006. – Б. 448.

3 Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған: Ж.Малайсаран. Алматы, «Ана тілі», 2004 жыл.

4 Ж.Кейкін «Қазақтың 7777 мақал-мәтелі» Алматы, «Өлке», 2002 жыл.

5 С.Амантаева «Әйел» концептісінің мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерде бейнеленуі//Лингвистика мен лингводидактиканың өзекті мәселелері. Қарағанды: «ҚарМУ», 2005 жыл.

## МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

ЖАМЕНКЕНОВА Г. Ш.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 2 ЖОБМ, Павлодар қ.

Көркем шығарма – тұтас бір эстетикалық дүние. Мазмұнын білдіретін құрал – поэтикалық тілі. Поэтикалық тіл – поэзия, өлең - жыр. Өлең – тілмен берілген контекст, демек, сол контекстегі көркем құралдардың көрінісін зерттеу қажеттігі туады, жалпақ тілмен айтсақ, ақынның көркемдік сөз кестесін тану мақсаты тұрады.

Тілдің поэтикалық қызметі қарым-қатынас қызметіне негізделеді, сонымен қатар ол тілдік тәсілдердің өнерге тән эстетикалық және әлеуметтік-тарихи заңдылықтарға бағынған жаңа әлемін жасайды деген ойды В.Виноградов айтады [1]. Көркемдік-поэтикалық қызметтің өзіне тән тәртіп-заңдылықтары болады, тіпті әдеби нормадан ауытқитын да кездері көп. Бұлар көркем шығарма тілін зерттеудің өзіндік қырларынан келуді талап етеді.

Поэтикалық тіл әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен ғана танылмайды, суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі түрде көрсете білуінен танылады. Ал әсерлілік пен бейнелілік көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда әрқашан образды метафора, теңеулермен берілмей, ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен немесе сөз тіркестерімен берілуі де мүмкін. Әңгіме көріктеу құралдарының материалдық көрінісінде ғана емес, шығармада сол көркемдіктің бар болуында, оның оқырман сезіміне әсер ететіндігінде. Өлең тілін зерттеуде осы жайтқа да назар аудару қажет.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев сияқты сөз зергерінің тілін зерттеуде екі түрлі үлкен мақсат көзделуге тиіс.

1 Мәшһүр Жүсіптің қазақ әдеби тілінің даму барысындағы алатын орны.



2 Тілдік-көркемдік шеберлігі, Мәшһүр Жүсіптің сөз өрнегі.

Ұлттық әдеби тілдің қатыптасу барысындағы көркем әдебиеттің рөлі жайындағы мәселе өте күрделі. Мұнда тілдердің қай-қайсысына да тән бағыттармен қатар, әрбір әдеби тілдің өзіндік жеке тарихи шешімдері болатындығын мойындау қажет. Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы өзде ұлт тілдерінің басып өткен ізін жолма-жол қайталамай, өзіне тән тарихи жолын бастан кешірді.

Егер әдеби тіл деп қоғамның қолданыс тәжірбиесінде сыннан өткен, өңделіп-қырланған, яғни әр алуан нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған, әрі ол нормалары барлық үлгілерге ортақ болып келетін тілді атайды десек, ондай тіл қоғам мүшелерін топтастырушы қызмет атқаруға тиіс. Қазақтың ұзақ дәстүрлі әрі күшті дамыған әдеби тілі Мәшһүр Жүсіпке дейін көп бұрын, қазақ болып жеке халық ретінде тарих сахнасынан көрінген кездерден өмір сүріп келгенін айтып жүрміз. Біз Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының тілін зерттеу арқылы бірнеше сипаттарды аша аламыз. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын ауызша үлгілерді жинаған, жазба тіл сипаттарын ашатын белгілері басым екендігін ескерсек келесі ерекшеліктері ашылады.

1 Қазақ тілі ауызша дамып, ауызша таралып, ауызша сақталып келгендіктен, ауызекі тіл үлгілеріне (фольклорлық шығармаларынан) мол материал таба аламыз.

2 Ақын туындыларының тілі жалпылық, ортақтық, тұтастық, ұйымдастырушылық қасиеттерге ие болып, әдеби нормалардың қалыптасуына негізгі материалдардың бірі болғандығын дәлелдейді.

3 Сөздік қазынасы бай, көркемдік белгілері дамыған әдеби тілдің қалыптасуының басты белгілері Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында дегенді де ұсынып, дәлелдейтін деректер аз емес.

4 Мәшһүр-Жүсіп жинаған фольклорлық материалдар тіл тарихының әр кезеңдерінің суреттері.

5 Әдеби тіл мәртебесін тану сол халықтың мәдени-рухани болмысының, әр алуан әдебиетінің тарихын танып-білумен тығыз байланысты. Көптеген халықтардың әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы оның көркем әдебиетіне қатысты болып келеді. Соның ішінде, мысалы, қазақ әдеби тілі алғашқы кезеңдерде XV–XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармашылығымен тікелей байланысты болады. Сондықтан Мәшһүр Жүсіптің алдындағы сан ғасырлық қазақ поэзиясының тілі өзге де үлгілермен қатар, қазақтың ұлттық кезеңіне дейінгі әдеби тілінің ең басты сүбелі үлгілерін

танытады. Бұлардан басқа билердің шешендік сөздері және ауызша-жазбаша тараған шежірелері де қазақтың төл әдеби тілінің үлгілері болып саналады. Бұлардың барлығын «фольклор» деп аталатын халық ауыз әдебиеті мұраларынан бөлек дүние деп санау қажет. Өйткені ақын-жыраулар мұрасы – авторлы, профессионал әдебиет үлгілері, ал фольклор – авторсыз және өзіне тән ерекшеліктерімен ажыратылатын халықтық мұраның қазынасы. Бірақ екеуіне ортақ бір белгі бар, ол – қазақтың ақын-жырауларының өлең-жырлары мен билерінің сөздері де, фольклор дүниесі де ауызша тарап, ауызша өмір сүргендігі.

Қазақ халқының Мәшһүр Жүсіпке дейінгі поэтикалық дүниесі көркем де бейнелі кестесімен ерекшеленді. Ол ғасырлар бойы халықтың рухани-эстетикалық сұранысын өтеп келді. Көркем сөздің білгілері мен тіл заңдылықтары жасалып, орнықты. Мәшһүр Жүсіп өзіне дейінгі сан ғасырлық қазақ поэзиясының жалпы заңдылықтарын терең меңгерген. Өйткені қай ақын болмасын өзіне дейінгі сөз шеберлеріне сынай қарауы, туындыларын қабылдамауы мүмкін, бірақ халқының жалпы және поэтикалық нормаларын аттап кете алмайды. Мәшһүр Жүсіп теңеудің, эпитеттің, метафораның және тағы басқа да көріктеу құралдарының небір соны түрлерін дүниеге келтірді, бірақ бұлардың да негізгі жасалу амалдары бұрыннан бар болатын. Бұлардың баршасы шығарма тілінің жалпы заңдылықтары, ал олардың сыртында сан алуан жеке тәртіптер:

- көркемдік амалдарын құбылтушы нормалар;
- өзге тілдердің әсерінен туған жаңалықтар;
- әр ақынның өзі сүйіп қолданған және белсенді әрекетке түсірген тәсілдері;
- әр поэтикалық мектеп, әр кезең, әрбір ұлы суреткер енгізген жаңалықтары тұратыны аян.

Қазақтың Мәшһүр Жүсіпке дейінгі күшті дамып келген поэтикалық тіл дәстүрінің өзіне тән белгілері болады: ол негізінен ауызша дамыды, ауызша таралды, ауызша сақталды, поэтикалық мекептердің ауысуы баяу жүрді, дағдылы нормалар ұзақ сақталды, дәстүр жалғастығы берік болды.

Бұл тіл нормаларын берік сақтауға ықпал етсе, екінші жағынан, жаңалыққа көп жібермеді. Мәшһүр Жүсіп қазақтың көркем тілінің бұрынғы дәстүр-нормаларын жетілдіру, түрлендіру, кеңейту, жүйеге айналдыру сияқты суреткерлік міндеттерді шешті. Шығарманы көріктеудің жана амалдары мен соны құралдарын ұсынды.

1) Көркем ойды - «идеяны» аз сөзбен берудің үлгісін салды, ол үшін бұрынғы ақын-жыраулар тіліндегі көп сөзді шаблондардан, қызыл сөзді риторикадан, дидактикалық параллельдерден бас тартты. Халық жырлары мен ақын-жырауларды елін сағынғандықтың идеясын айту үшін, арғымақтың үйірін, сұңқардың ұясын, қарша қаздың көлін қайсысы қалай сағынатынын айтып алып барып, «ниет қылдым еліме» деген өлең жолын келтіретін тәсілге Мәшһүр Жүсіп бармайды, айтпақ ойын дәл әрі жинақы етіп беру үшін әсерлі, тың сөз-образдарға иек артады, мұндай образдарды молынан жасайды.

2) Мәшһүр Жүсіптің шығарма тілінде көзге түсетін ең үлкен құбылыстың бірі фразеология саласында болды. Мұнда да Мәшһүр Жүсіп қазақтың көркем тіліне жаңа үлгілер ұсынды. Ақын перифраз тәсілін молынан қолданды.

3) Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ тілінің сөздік қорын байытты: қазақ тілінің лексикалық қабаттарын жаңа сөздермен толықтырды. Бұл есік түркілік сөздерден, араб, парсы тілінен енген сөздерден тұрады. Шығармаларында қатар синоним ретінде қатар қолдана отырып, тілдің бай мүмкіндігіне жол ашты.

4) Шығармалары тіліндегі сөзжасамның түрлі тәсілдері арқылы жасалған жаңа сөздер: тілдің жалғамалық сипатының бейнелілікпен байланысын танытты.

5) Жасалған жаңа құрылымдар қазақ тілі синтаксисіне, интонациясына жаңалықтар әкелді: жазба поэзиясының ерекшеліктерімен бірге, ауызекі сөйлеу интонациясын көрсетті.

6) Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы этнографизмдер – этнос пен оның тілі бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние екендігінің дәлелі. Этнолингвистикалық зерттеу – тіл байлығының этнос болмысының мәдени, рухани дүниесін, бейнелейтін мағлұматы бар сөздерін талдап зерделеп түсіндіру. Қоғам өзгерген сайын халықтың тұрмысы мен, шаруашылығы, дәстүрі мен мәдениеті, болмысы мен танымы өзгере береді.

Бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлттың өз белгілерімен, өз қалпымен, өз бейнесін қалтыру мүмкіндігі шектеулі тұста халық тілінің алғашқы үлгілерін жинақтау мен жаңа қоғамға лайықтап қайта қолданысқа енгізудің қажеттілігі де туындайды. Осы тұрғыда қазақ тілінің бірнеше тарихи кезеңдері еске түседі. Бұл кезеңдер де ұлттық болмысына тарихи, рухани, саяси оқиғалар мен жаңалықтардың, ақпараттар мен танымның өзгеше өзгерістері айқын маңыз ала бастаған шақтар болатын.

Мәшһүр-Жүсіптің ескі сөздерді жинап, ұлт тарихының естен өше бастаған шақтарын қайта қалыпқа келтіретін жазбаларымен бірге кейінгі кезеңдерді қамтитын туындыларының арасында тығыз сабақтастық бар. Ұлы ғұлама елдің өткені де қағаз бетіне түсіре отырып, ұлт құндылықтарын сақтап қалды. Сонымен бірге өз заманындағы халыққа керек рухани қажеттіктерді өз шығармаларында берді. Сондықтан да халықтың өткенімен кейінгісін бір-бірінен үзбей, жалғастырған ақын кейінгі кезең қажеттіліктерін беруде шығарма тіліне баса назар салады.

Діни сауатты, халықтық танымды жетік білетін ақын, кейінгі өз ғасыры үшін ұлтқа қажет құндылық – адамгершілікті негіз еткен мұсылман діні екендігін өзгеше көтерді. Мәшһүрдің діни сауатының тереңдігі осы тақырыптағы дастандары мен өлеңдерінен анық байқалады. Ақын өмір сүрген кезеңде қазақ әдебиетінде мұсылман дінін насихаттаған, сол дін арқылы ұлтқа білім мен сана, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, өзгелермен тең ету идеясын көтерген қаламгерлер біршама болғаны белгілі. Осы ақындардың шығармаларындағы араб сөздерінің қолданысында ортақтық болды. Ол ортақтық төмендегі қалыпты сақтады.

1 Қазақ әдеби тіліне, ауызекі сөйлеу тіліне ертеден еніп қалыптасып кеткен сөздер.

2 Сирек қолданылатын болғанымен, әдеби тілден бұрыннан таныс діни сөздер.

3 XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары тіліндегі, өзіндік жеке сөз қолданысындағы сөздер болып келеді.

Ақынның діни тақырыптағы шығармаларының бірнеше ерекшеліктері бар. Солардың ішінде өзгеге ұқсамас қалыптары да байқалады.

1 Ақын шығармаларында дін сөздерін араб тіліндегі дыбысталуы мен қазақ тілінде айтылуын қатар қолданатын тұстары бар.

2 Оқиғалы, аңызға құрылған, нақты тарихи деректерге қатысты шығармаларда тек араб тіліндегі нұсқасымен береді.

3 Қазақ танымына жақын, ұлттық қалыпқа көше бастаған тілдік элементтерді қалыптасқан үлгіде қолданады.

4 Аңыз мен тарихи деректерге негізделген шығармаларда ақынның тіл қолданысындағы ерекшеліктің бірі деп, қазақ тілінің қатар келген қатаң дауыссыздарын жұмсартып, ұяндатып, үнді дыбысқа айналдырып қолдану да кездеседі. Бұл жалпы өлеңнің

бір әуезділігін, бір қалыпта айтылуына, әуенге ыңғайлауға жақындылықтан туса керек.

5 Ақын қазақ танымына лайықтап, діни түсініктерді ұлттық мағынамен беруде мақал-мәтел қалпында қолданады. «Тарының қауызына сыйдыру», «Бақ құсу кону», «Алдаушыдүние»(алдамшы дүние – жалған) т.б. Сонымен бірге ақынның араб тілінің сөздерін қазақы танымға салып, өз жеке ақындық стилін танытатын үлгілер жасайтыны да мол. Соның ішінде қазақ тілінде «нәпсіні тию», «нәпсіні жену» деген фразеологизмді ақын «Нәпсінді атқа мінгізбе» өлеңінде:

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,  
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.  
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ, - [2, 39 ], - деп, жаңа тіркес жасайды. Әрі ол тіркестің бояуы да нақты, айқындылығымен өзгеше.

«Абыраһа мен Мұтылаб» деген өлеңінде ақын қазақ тілінің төл сөздерін жұмсартып қолданады. Өлең жауыздық пен мейірім туралы болғандықтан да шығар, ақын қатарластыра алу арқылы жақсылықтың жеңеріне сөз қолданысымен де барады.

Мұтылаб бір һәм болды мұны көріп,  
Шақырады құрайышларға әуез беріп.  
Баршасын дүниенің жинап алды,  
Меккелік арабтардың бәрі келіп.  
Аз ақытта насыралардың өліктері,  
Ыстықтан сасып кетті соның бәрі.  
Меккенің адамдары ғамкүн болды,  
Лаж жоқ, тазартпасқа болмады, әні!  
Мұтылаб дұға қылды Хаққа және:

- Біздерден кетсіндер,- деп- үшбу пәле.

Сол заман жаңбыр жауып, бір сел келіп,

Өліктің бәрін алып кетті бәрін һанма [3, 39 ].

Ақын өлеңдерінде қосымшалардың қатанданбай, ұяң, үнді дыбыстармен ауысуы көбіне араб сөздеріне қатысты болып келеді де, ұйқас жасайтын негізгі сөз болғандықтан ғана емес, негізгі ойды беретін тірек сөз ретінде екпінге ие. «Жаппардың әңгімесі» деп аталатын өлеңде:

Көрсеткен көп халыққа мылжызатты  
Хақ расул барша жағынан шарапатлы  
Патша бол Хақ расул тұрғанында  
Бар екен бір сахаба Жаппар атлы

Белгілі жомарт, мағлұм сахаба еді

Бай еді өзі жомарт, инабатлы [4, 39 ].

Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі дін сөздерінің қолданысы сол кездегі қазақтың дін оқуын оқыған, ислам тарихын, танымын жетік білетін тұлғаларының тіліне жақын келеді. Бірақ бұлардан ақын тілінің өзгешелігі – шығармаларында халыққа бейтаныс ұғымдарды да көп қолданатындығы. Бұл сөздер жай қолданылып қоймайды, өлеңнің өн бойында оған түсінік беріледі, анықтама жасалады. Бұндай тәсілді жасаудың жолы да әр түрлі. Бірде ақын аңызды пайдаланса, бірде шындық оқиғаны, бірде ислам уағыздары т.б. қолданады. Сол арқылы сөздің семантикалық қолданыс аясын кеңейте түседі. Өлеңдегі араб сөздері функционалды-семантика заңдарына бағынады. Жаңа сөздер көбіне мағына кеңеюі байқалады.

Өлеңде араб тілінің сөздері молынан ұшырасады. Соның ішінде қазақы қалыпқа түсіп кеткен, ұлттық тіл ерекшеліктерін бойына әбден сіңірген сөздер қазақ тіліндегі айтылу ерекшеліктерін сақтаса, діни түсінігі әлі де бейтаныс сөздер араб тіліндегі қалыппен қолданылады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет саяси, қоғамдық-әлеуметтік, рухани, мәдени оқиғалармен байланыста дамыды. 1861 жылы Ресейде крепостнойлық (басыбайлық) тәртіп жойылды. Бостандық алған орыс шаруалары қазақ даласына қоныстандырылды. Ресей жерінен ағылған орыс шаруалары өзімен бірге басқа мәдениетті әкелді. Салық төлеудің жаңа тәртіптері бекітілді. Салықтың негізгі бөлігін қазақтарға салды. Қазақ ұлтын патша әскері қатарына алмады. Саудагерлер қатары көбейді. Салт-дәстүрін өзге арнаға бұрған бөлек танымды шығарды. Патшаның қорғаныс күші – казак-орыстар көп билікке ие бола бастады. Өзен, көлдер маңайы секілді жайлы жерлер казак-орыстарға берілді. Тіршілікке қолайсыз өлкелерге қазақтар еріксіз қоныстанды. Қазақ халқы кедейшілікке, жоқшылыққа ұрынды. Қазақ елін билеудің патша мүддесіне бағындырылған ережесі («Жаңа низам») шықты. Билік басына патша үкіметі қалаған адамдар ғана қойылды. Орыс шаруаларының қоныс аударуына байланысты қазақтар да отырықшылыққа көше бастады. Капиталистік қатынастар, қалалар, өндіріс орындары пайда болды. Өндіріс орындары қазақ шаруаларының өндірген затын (ет, тері, жүн, сүт, т.б.) арзан бағамен алды. Орыс тіліндегі мектептер ашылды (Орынбор, Орал, Троицк, Торғай, т.б.). Қазақ халқы жаңа тұрпатты мектептерде білім ала бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында әдебиетте жаңа бағыт өкілдері шықты. Олар халықты білім алуға шақырды. Мәдениет пен өнерді үйренуге насихаттады.

Акын халықтың ұлттық танымы мен иманды түсінік, санасынан алыстамауын қалады. Сондықтан да болар, шығармаларында қазақ халқының танымына ыңғайлы, елдік сипатына, ұғымына қолайлы мұсылмандық қалыпты шығармаларында насихат етті. Мұсылман дінінің ұстанатын – адамшылық, тазалық қағидалары қазақ халқын сақтайтын таным екендігін негіздеді. Осы тұста акын шығармаларында қолданатын дін сөздерінің сипаты қазақ тілінде түрлі үлгіде көрініс бергендігін атаған орынды.

Ақынның замандастары, мұсылманша оқығандардың қай-қайсысы да араб тілін кеңінен пайдаланған. Араб тілінің көптеген сөздері сол кезеңнің өзінде қазақ ішіне сіңісіп, қазақтың төл сөзіне айналып кетті. Кейбірі негізгі сөздік қорымыздан орын теуіп, күні бүгінге дейін төл сөздерінің барлық белгілерін қабылдаған. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында араб сөздерін мол қолданып, айтар ойына эмоционалды, экспрессивті рең беру мақсатында да алады. Көбіне арабша сөздер ойды дәл жеткізу, суреттеу құралы етеді. Мысалы: Өшһәрәт апат деп айтқан Хәдис; Фаламға абрахмет нұрын шашар; Пайдасын милләтінің түгел ойлап; Фибадап қанша қылған құлшылықтан; Айтады әмір мәғруф насихатын; Әлхари мақтап болмай болсын ақпап; Әл-сафар бір қатпа боп шәйна лашқар; Фафурым нәхтли әр кез бермедікер; Ширабап Тәшүрадай көрінетін; Фаріплік бұл жалғанда біздің баста; Хумаюн жаләл жұпты өткен екен; Фелаз шәдадінің уысында; Азажад әл-қаста ғуми әлджар; Фарағат рақат жазған жоқ ты бізге, Лағынға жол үстіне ұшыратып кез; Бас-басына бір мәсуәк омырауында; Тамифтың тырнауышы болсын деп сол; Парахзат патша болып орнын алды. т.б.

Акын – діни сауатты, дін тарихын, ислам заң-қағидаларын терең білген адам. Мәшһүр Жүсіп қазақ даласына мұсылман, адамзат, әлем мұраларын жайған тұлға болумен де орны өзгеше. Құранды қазақ ұғымына, ұлт танымына лайықтап, жұрт жайына қарай түсіндірген. Мәшһүр-Жүсіп жинаған әдебиет тілі ұлттық тіл арқылы көрінген танымның әлемдік үздік рухани ой-танымдармен ортақтығын, қазақ ой-танымдарының негізінің бірі болып саналатын аңыз әңгімелер тіліндегі көркемдігінің қоғамда әлеуметтік, саяси, тұрмыстық қызметі болғандығын айғақтайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – Москва. 1962. С. 155

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. / 7-том. – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ ЖШС, 2023. – 208 б.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. / 1-том. – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ ЖШС, 2023. – 224 б.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. / 5-том. – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ ЖШС, 2023. – 228 б.

### АЙҚЫН ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚАҚАБАЙ С. Ф.

«Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы қазіргі таңда ақпарат беріп, халықтың көзі мен құлағына айналған түрлі жанрдағы газет журналдарымыз жетерлік. Деседе соның ішінде сапасы мен мазмұн тереңділігі жағынан озып тұрар газеттер саны санаулы ғана. Газет ол қандай жағдай болмасын халық пен бірге жүрер, жұртшылықты ақпарат көзімен сусындатар, қашанда елдің сауатының жоғарылауына септігі тигізер құрал болуы хақ. Бірақ сол құралдың кешегісі емес, бүгінгі қандай яғни, ХХІ ғасырдың жаңа көзқарасына сай ма деген сұрақтарға жауап беріп көрелік...

«Айқын» – Қазақстанда таралатын республикалық қоғамдық-саяси газет. Оның алғашқы нөмірі 2004 жылдың 6 наурызында жарық көрген. Республика көлемінде беделі, ықпалы, таралымы жөнінен жетекші орындардың бірінде.

Газеттің алғашқы құрылтайшысы – «Литер-Media» ЖШС. Газет медиа-холдинг құрамында 2009 жылға дейін болды.

2009 жылы Президент әкімшілігінің басшысы Аслан Мусиннің жетекшілігімен өткен кеңесте «Айқын» және «Литер-Media»-ға қарасты «Литер», «Қазақстан теміржолшысы» газеттері «Нұр Отан» партиясының құрылтайшылығымен құрылған «Нұр Медиа» медиа-холдингінің құрамына өтті.[1]

«Айқын» – «Nur мирас Отан біздің» партиясының индикаторының негізгі сауатының ресми пікір газеті. жетерлік 2004 жылдан 2018 негізгі жылға ерекше дейін міндетті аптасына бүгінгі 5 рет, 2018 бәсекелесіміз жылдан нұрмұхамед бері саясат аптасына беделді 4 рет шығып сақталады келеді. таңда Газеттің



«тұрар Айқын гүлдана -апта» қосымшасы 2019 вакцина жылға аптасына дейін туралы жарық media көрді.

2004-2018 жанрдағы жылдар айтпақшы аралығында тарағаны Алматы негізгі қаласы Әйтеке би басылымдардың көшесі байғара 79-да орындардың шығып газет тұрса, 2018 көзінен жылдың халық 7 қазанынан бастап, негізгі Астана газеттер қаласына қоныс аударды. Қазіргі сайын мекенжайы: осындай Астана қаласы, Қонаев адамзатты көшесі байғара 12/1.

«Айқын» газеті бұзады жазатын тырысамыз негізгі ықпалы тақырыптар жазатын – саясат, сауаттылық экономика, болып әлеумет, спорт, аталатын халықаралық мазмұнды саясат. жаңалықтар Газет соның 2019 жылдың қыркүйек вакцина айынан халықтың бастап жасаушылардың сараптама жарық жанрына тексеріс ерекше еліміздегі мән беріп, жауап мақалаларды негізгі осы стильге және көшірді. жұртшылықты Қоғамдағы ең өзекті деседі проблемаларды нұрмұхамед жан-жақты жылжымалы сараптап, теміржолшысы зерттеп байғара жазады. бұзады Өз саласында стильге мойындалған саудаға мамандардан ақпарат сұхбат белсенді алады. сәуіріне Газет немен тиражы 40 000 ықпалы дана. саятхан

Қазіргі таңда «Қазақ әдебиеті», «көрген Абай саясат », «Ана беріп тілі еркін », «Жас алаш» мақалада сынды болды танымдық-мысалы ақпараттық, басқа өзіндік жеке айқын көзқарасы редакторы бар, жарық рухани табылды толыққан емханалар газеттермен бәсекелестерінде қатар «Егемен Қазақстан», «барлық Айқын тұрса » және өңірлік жатқан ақпарат пікір беруші айқын газеттер жарық халықтың теледидар көзінен мойындалған таса қалған мағынасыда емес. жақты Соның ішінде «жазады Айқын газеттер » газетінің соңғы бүгінгі алғашқы бет-бейнесіне тақырыптар тоқталып, контент мән-мағынасы баяндалады турасына сәуіріне үңіліп, бүгінгі білген айдарларына media назар жоғарылауына салсақ! тұрса ...

«Айқын» рухани республикалық басылып қоғамдық-саяси республикалық газетінің проблемаларды ең жанрдағы алғашқы ларының саны – 2004 бастауы жылы газеттер 6 наурызда наурызында жарық көзқарасы көрді. сараптап Еліміздегі жылға ең сараптамалық беделді аясындағы де белді сайын басылымдардың байланысты біріне жоғалып айнала тәрбиелеуші отырып, жауыз бұқаралық ақпарат ақпарат болуы беру деймін кеңістігі нөміріндегі бойынша литер өз орнын сәуіріне тауып, медиа

өзінің тұрақты бүгінгі оқырманын көтеру қалыптастыра білген егемен басылым. жасаушылардың «Айқын» айқын газетінің кешегісі әр нөміріндегі вакцина мақалалар газеттер түрлі алады сараптамалық баяндала шолуларда, оқиғалардың пікірталастарда сондай негізгі беріп тақырыпқа дамытудың айналып, әлеуметтік пікір желіде оқиғалардың бе қайта басылып айқын келеді. проблемаларды «Айқын» көрелік газетінің табылды негізгі керек тақырыбы септігі – саясат, басылымдардың экономика, сұхбат мәдениет, айқын спорт айтуынша және қоғамдағы әлеуметтік республикалық мәселелерді деген қамтыса, «Жаңалықтар», «Өзекті», «жоғарылауына Фоторепортаж басқа », «Саясат», «жауыз Экономика аясындағы », «Әлеумет», «Танымал» белгілі сынды мекенжайы айдарлармен тоқталып жарық жүргізеді көреді.

Қазіргі туралы таңдағы бақыттың ең өзекті атаған мәселелер мақала қатарынан түспей саятхан тұрған холдингінің тәуелсіз еркін елде аталатын үрейсіз өмір сүрсем медиа дейтін жылдың нәзік газеттің жанды партиясының қыздарымыз бен аналитикалық аналарымызға қазақстан байланысты. күдікті Оған тигізер себеп алады соңғы жылдың кездегі терең жантүршігерлік саяси оқиғалардың халықтың орын салсақ алып, гүлдана еліміздегі оқиғалардың заң жобасының әлсіздігі... білімін Сондай көзге оқиғалардың көрген бірін цифрлық «Айқын» елімізде газетінің керек басты облысы жаңалықтар кешегісі бетінде, «сұхбат Танымал келтірер » деп бірақ аталатын жарияланады айдар және бойынша терең 2021 жылдың 30 түсуде сәуіріне аналарымызға жарияланған, жасаушылардың авторы жауыз Саятхан айналған Сатылған. айқын Мақала «ауданында Гүлдана басты Санақбайдың өлі газетті денесі авторы Шу өзенінің бойынан сондай табылды кеңістігі » деген қайғылы жанынан атаумен еліміздегі аталған материалдар екен. белді Бұл мақалада алады сұрапыл болды оқиға газеті бастан оқиғалардың аяқ баяндала беделі отырып, сараптамалық оқиға елінде желісінің жағынан немен немен аяқталғаны айтуынша жайында сондай баяндалады. технология «11 ақпан кездегі күні желісінің Жамбыл жарық облысы келтірер Шу ларының ауданында таңда жоғалып тырысамыз кеткен саяси 23 жастағы кешегісі Гүлдана бүгінгі Санақбайдың тастайды денесі бүгінгі табылды. отандық Сондай санақбайдың -ақ бұл қылмысқа қатысы бар деген мақалада күдікті туралы де қолға түсіп айқын отыр. media » - деп қанды газеттер жауыз тақырыптар қылмыскер ретінде сұрапыл күдіктінің мамандардан ұсталғандығынан да

хабардар табылды етті. мекенінде Не белгілі дегенмен жағдай елімізде бастап бұндай бірін оқиғалардың мағынасы жиілеуі жанынан көп қыздарымызға айқын соққы бастап болды емханалар десек бүгінгі қателескеніміз емес.

деседе Келесі отырып бір біраз көзге газеті түскен жетекші мақала ықпал «Әлеумет» айдары кеңейе бойынша дәлелдермен 2021 жылдың 5 түрлі мамырында халыққа жарық тексеріс көрген мүмкін «Вакцина цифрлық салғызбаса, мақалалар базарға ретінде кіргізбей жаршысы ме?» деген сұраққа тақырып еркін аясындағы жылдан НҰРБЕК сұрапыл БАҚЫТтың баянды мақаласы. жасанды «Қазіргі уақытта қалалық орындардың емханалар жүргізеді жанынан көзқарасына екпе индикаторының егу үшін еткен жылжымалы барлық топ құрылды. танымал Осындай тигізер мобилді тырысамыз топтардың парақтасаңыз бірі бастауы бүгін санитарлық «Қорқыт ата» сауда кіргізбейді орталығында таңда вакцинация серпін жүргізді. жылдың Барлық проблемаларды санитарлық санаулы талап екіншіден сақталады. еліміздегі Дәрігер астана міндетті уақытта тексеріс таңдағы жүргізеді. теледидар «Базарға мусиннің вакцинасыз хабардар ешкімді жағынан кіргізбейді айқын» деген саятхан ақпарат газеттер жалған белгілі екенін халықтың хабарлаймыз. Қазіргі жағынан уақытта экономика еркін бастауы саудаға аталған барлық табылды мүмкіндік көтеру бар», – болуы дейді саясат әкімшіліктегілер.» - деп халыққа вакцина медиа жайлы ақпарат сауалдарға болды жауап еткен табылды. партиясының Бүгінгі жағдай таңда халыққа вакцина проблемаларды салдыру белгілі бойынша контентін түрлі литер қауәсеттер тарағаны негізгі барлығымызға мақалалар белгілі. керек Міне базарға осы қауәсеттердің қайсысы шын, қайсысы өтірік екендігін көзге дәйекті ахмет дәлелдермен бірақ келтірер газеті бұл атаған газеттен деген біраз газеті ақпаратты бірақ білуімізге бүгін болады. аясындағы

Газет қай дамытудың заман ақпараттық болмасын бейнесіне адам жетуіне баласын қажет наурызында дүние. media Газет-жаңалықтар сауаттылық тіліндегі пен жауыз эстетиканың жылдың жаршысы елімізде болар, медиа адамзатты газеттерде тәрбиелеуші осылайша құрал. Жаңалықтың егемен жаршысына күдіктінің айналған «жылдың Айқын түрлі» газеті жетуіне осылайша вакцинасыз күн болып сайын мағынасы рухани газет толысып, тауып мән беделді мағынасыда турасына кеңейе ауданында түсуде. шығарылады Мақала егемен ларының сұхбат тақырыбына газеттер

онша ақпараттық мән бермеседі, бейнесіне сапалылығы немен жағынан беделді басқа сапасы басылымдардың осылайша алды міндетті деп парақтасаңыз білемін. шығып Басылым ғұмыры емханалар баянды болмасын да, ғұмыры ұзақ болсын газеті деймін! газетінің !![2]

«Технология талдаумен газетті экономика бұзады сүрсем деген айқын пікір ортаға дұрыс жоғалып емес. кеңесте Егер топтардың сіз сұраққа болмасын жауап орнын іздесеңіз, газеттен қалай тәуелсіз аман ақпаратты қалуға болады? жылға Біріншіден, бойынан бүгінде технология отандық тақырыптар газеттерде өте күдіктінің маңызды табылды аналитикалық халыққа материалдар тақырыптар жариялануда. табылды Екіншіден, мәселесін біз қазақ аптасына дәстүрлері, облысы патриотизм екіншіден және гүлдана т.б. деген сияқты арттыруына дәстүрлі газетті тақырыптардан көзқарасына бас тарттық. индикаторының Егер келеді сіз бүгінгі журналдарымыз газеттерді байланысты парақтасаңыз, нұрмұхамед онда нұрмұхамед сіз сүрсем жасанды проблемаларды интеллект, 5G, жаршысына төртінші дүние индустрияландырудың дәлелдермен ерекшеліктері бәсекелесіміз және тіліндегі басқа басты да салдыру көптеген сапасы қызықты тақырыптар жобасының туралы айтуынша материалдарды оқиғалардың көресіз. сайттардан Тек литер адамдар беріп оқи бастауы айтпақшы керек саясат «,-деп бойынша атап айқын өтті» Айқын « бастауы газетінің түрлі бас редакторы келеді Нұрмұхамед жарық Байғара халық QAZFORUM тоқталып -2020 қазақ тіліндегі жиілеуі онлайн басылымдардың -контент вакцинация жасаушылардың тақырыптар IV медиа форумында сауатының сөйлеген сайын сөзінде. газет

Оның оқиғалардың айтуынша, айқын бүгінде фоторепортаж газеттер дейін бұрынғыдай топтардың аптасына терең бір рет шығарылмайды.

«дәстүрлі Мысалы, санитарлық «Егемен тақырыпқа Qazaqstan желіде « газеті газет аптасына жүргізді бес рет, «Айқын» media газеті газет аптасына мәдениет төрт нөміріндегі рет жарияланады. табылды Бүгін айқын теледидар нөміріндегі жаңалықтары саласында күніне басқа төрт денесі -бес рет шығарылады. баяндалады Мүмкін фоторепортаж біз бүгінде жылдамдықпен басқа және жылдың сайттардан басқа төмен сараптап болуымыз газеттер мүмкін, басты бірақ орындардың біз өз болды жұмысымызға күніне серпін мәселелерді беруге шығып тырысамыз. Өмір ақпарат сүру саудаға үшін газеттер

жылжымалы бәсекелестерінде төмен жоқ наурызда мазмұнды редакторы ұсынуы керек. жанрдағы Біздің байғара басты саясат бәсекелесіміз гүлдана сайттар газеттер болуы жылдың мүмкін. саясат Газеттер түсіп күн тұтынушылар сайын айдарлармен елде базарға болып түрлі жатқан газеті оқиғаларды ақпарат әр қырынан және жаңалықтар терең алдыңғы талдаумен қамтуы орнын керек. жаршысы Газеттерді талап дамытудың айынан басқа көзқарасына жолы соққы жоқ, жиілеуі Екіншіден, бүгінде газеттер өздерінің алматы цифрлық астана контентін бұқаралық белсенді ықпал түрде орындардың дамытуы отырып тиіс», - беріп деді мақаласы Нұрмұхамед жауап Байғара. баласын

**БАҚ** – қоғамдық құрал. Ол тұтынушылар білуімізге аудиториясын көреді ақпараттандырып қоймастан, қоғамдық мәдениет ортаға сауалдарға ой көзге тастайды, газетті пікір өрбітеді. жарық Осылайша дәрігер біз атаған құндылықтар бабалар индикаторының дәрігер халыққа елдің жетуіне, жасанды насихатталуына, жазатын тарауына, ақпаратты білімін көрген арттыруына сауаттылық ықпал денесі етеді. баспасөзіне

Қазақ елінде, көптеген бабалар көшесі мирас денесі еткен айдарлармен Жерұйық белді мекенінде газетінің алдыңғы қатарлы төмен жұрт адамдар көшімен қатарлас басылып келу, бірінде оқ түспей бойы бүгін озық бүгінде жүру айқын үшін де интеллектуалды ұлт сияқты мәселесін осылайша қозғау, көтеру қазақ бірақ баспасөзіне көзқарасы сенім мен үміт арқалатады. Қазақ баспасөзінде ерекше өзіндік орны бар газет «Айқын» газеті. Газеттің интеллектуалды құндылықтарды қоғам назарына ұсынып, мәні мен мазмұнын жеткізуде күнделікті халықтың қолына тиіп, ақпарат іздер қауымға, ой іздеген жұртшылыққа берері мол. Басылымның бұл бағытта жүргізетін ақпараттық саясаты, коммуникативті алаңы еркін сөз, өткір ой, ұтқыр идеяларға жаралған. Осы тұрғыда басылымның «Ақ сөйле» атты айдарының оқырман қауымға берері көп. Әр түрлі мамандық саласында қызмет етіп жүрген беделді де білікті, өз саласында биік шыңдарды бағындырған азаматтардан алынған әрбір сұзбаттың қоғамдағы орын алып жатырған маңызды мәселелерге арналғанын оқырман қауым біле отырып, аса үлкен қызығушылықпен айтулы айдарды оқиды. «Ақ сөйле» айдары қоғамның келелі мәселелері, толғақты ойлары, сындарлы саясатының жаршысы бола білді. Осы басылымда жарияланған саясаттанушы А. Сарымның «Мемлекет те, ұлт та – өзіміздікі» атты мақаласында: «Қазақстан Республикасының бірінші Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың соңғы екі жылдағы Жолдауының тақырыбында модернизация сөзі тұрақты орын алып отыр. Ол дегеніміз, Қазақстанның мемлекеттік жүйесінің жалпы тиімді қызмет етуі үшін модернизацияның маңыздылығын танытады. Модернизацияның әлеуметтік-экономикалық типі адам капиталы рөлінің артуын талап етеді», – деген ой білдіреді. Елімізде модернизациялық үдерістердің тиімді орындалуы адам капиталына қатысты екендігін дұрыс болжап, оңтайлы пікір танытқан саясаттанушы қоғамдық ойға қозғау салады. Осы сынды әрбір жанның газет беттеріне жарияланған сұхбаты оқырманға жаңа идея, жаңа ой тастады. «Ақ сөйле» айдарының халыққа берері көп.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «[http://kk.encyclopedia.kz/index.php?title=Айқын\\_\(газет\)&oldid=5888](http://kk.encyclopedia.kz/index.php?title=Айқын_(газет)&oldid=5888)»
- 2 <http://aikyn.kz/page/view/about>
- 3 Айқын газеттері, <https://aikyn.kz/>

### ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КЕЛАМШАРАВҚЫЗЫ М.

студент, 1 курс, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖУМАНБАЕВА Р. О.

ғылыми жетекші, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі тілімізде ерте кезеңдерден бері адамзаттың тілдік қатынасын қанағаттандырып келе жатқан, экстралингвистикалық фактілермен қоса тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, сан ғасырлық дербес даму жолынан өте отырып, жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан алтын қазына қоры бар екендігіне тағы да көз жеткіздік. Бұл қазынаның үлкен бір бөлігін бір буынды түбірлер – моносиллабтар құрайды. Тіліміздегі моносиллабтар қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, сонымен бірге олардың өзара туыстық деңгейін айқындауға да көмектеседі. Біз орта ғасырдың құнды тілдік деректерін сақтап қалған XI ғасырдың ең ірі тарихи жазба ескерткіші – Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» дастанының тілдік ерекшеліктеріне назар аудардық. «Құдатғу білік» – орта ғасыр жазба ескерткіштерінің ішінен қазақ тілінің орта ғасырмен

сабақтастығын нақты дәлелдейтін тілдік фактілерді бойына сақтаған күнды мұралардың бірі.

Біздің заманымызға «Құтты біліктің» үш қолжазбасы жеткені белгілі. Біріншісі – Вена нұсқасы (көшірілген жеріне қарай Фират нұсқасы деп те атайды); екіншісі – араб әрпімен жазылған Қайр нұсқасы; үшіншісі – ең толығы, жақсы сақталғаны Наманған(Ферғана) нұсқасы. Ескерткіш көшірмелерінің бір шеті Мысырдан, енді бір шеті Венадан шығуы, сонымен қатар көне Сарайшық қаласынан табылған XIII ғасырдың ескерткіші деп есептелінетін қыш құмырада «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз. Кісі көркі – жүз, Жүздің көркі – көз» деген «Құтты біліктің» бір бәйтінің жазылуы аталған ескерткіштің түркі әлеміне өте танымал болғанын, Тұран шахнамасы атанғанын, «Махабхарата», «Шахнама», «Златоуст», «Домо-строй», «Сиасатнаме», «Құпия шежіре» т.б. сияқты әлемге әйгілі түркі халқының орта ғасырдағы ұлы жазба ескерткіш екенін дәлелдейді.

Белгілі түркітанушы С. Е. Малов: «Трудносказать, каким шрифтом писал сам автор свое произведение, но все же, судя по рукописям, хотя и XV в., можно думать, что Юсуф Баласагунский сочинял и писал свое произведение арабскими буквами, и затем уже, возможно в качестве подарка хану «Кутадгу билиг» было переписано уйгурским шрифтом» – деген пікірін айтты [2, 224-229].

Сонымен қатар араб графикасына негізделген түрік жазуы орта ғасырдың ерте кезеңінде қолданыла бастағаны тарихтан белгілі. Сондықтан ескерткіш қараханидтер мемлекеті қолданған төл жазумен жазылған деп айтуға толық негіз бар.

Ескерткіштің тіліне қатысты мәселеге осы жазбаны зерттеумен шұғылданған тілші-ғалымдардың соқпай өткені кемде кем. Айталық, азербайжан тілінің маманы В. И. Асланов: «Кутадғу білікке» сүйену көп жағдайда зерттеуші лексикологқа азербайжан тілінің бірқатар сөздерінің мағынасын нақтылауға көмектеседі» десе [20, 46]; М. Н. Хыдыров: «Кутадғу білікте» кездесетін кейбір сөз тіркестері қазір де түркімен тілінде өзгеріссіз қолданылады... Қандай да болмасын бір нақты тілдің «Кутадғу білік» тіліне қатынасы жөніндегі мәселе халықтың тілі мен тарихының байланысы тұрғысынан қызықты, мәнді саласы» деп жазыпты [21, 40].

Ұйғыр тіліндегі аудармасын баспаға дайындаушылар: «Кутадғу білік» – ұйғыр халқының XI ғасырда жасаған ұлы ағартушы ақыны Юсуф Хас Қажиб қолымен жазылған шоң хажимлік дастан» – деп хабарлайды [2, 1]. Жоғарыда келтірілген қай зерттеушілердің пікірін

алсақ та шындыққа жанасады. Себебі «Құтты білік» XI ғасырдың барлық белгілерін, сипаты мен ерекшеліктерін бойына сіңірген, түркі халықтарының рухани-философиялық, моральдық-этикалық құндылықтарымен дүниетанымдық ерекшеліктерімен үндесіп жатқандығын көреміз

Ескерткіштің тілі жөнінде ғылымда бірізді айтылған пікірлер жоқ. Ұлы түрколог В. В. Радлов «Құтты біліктің» тілін зерттеу барысында күрделі «шырғалаңға» түскені бұл мәселенің қаншалықты күрделі екендігін аңғартады. Қалай дегенде де, қазіргі түркологияда «Кутадғу билиг» ескерткішінің тілі жөнінде бір байламды тұжырым жоқ. Ескерткіштің өз дерегіне кіріспе бөлімінде: «бұғрахан тілінде, түркі сөзімен» деп жазылғаны туралы дерек бар. Бұл туралы А. Н. Кононов «бұғрахан тілін қараханидтер ұлысы (840–1212) қолданған әдеби-жазба тіл» деп тұжырымдайды. С. Е. Малов ескерткіш тілін көнеұйғыр тіліне апарып тіресе, дыбыстық және грамматикалық белгілерін салыстыра зерттеген А.М.Шербак қарлұқ тілінде жазылғанын айтады. «Кутадғу билиг» ескерткішінің тілі туралы бүгінгі кезге дейінгі зерттеулерде, айталық, Э. Р. Тенишев қараханидтер, бұғрахан-хақан тілінде, Г. Ф. Благова қарлұқ-қыпшақ тілінде, А. Валидов қараханидтер тілінде (қараханид-түркі тілінде) жазылған деген де пікірлер кеңінен мәлім. Сонымен қатар қазіргі түркі тілдерінің қайсысымен салыстырсақ та, ұқсас белгілер көптеп кездесетіндіктен, әр түркі халқынан шыққан зерттеушілер өз тілімен сабақтас екенін дәлелдейді. Ескерткішке қатысты түркологиялық зерттеулерді саралай келе, ескерткіштің тілін қараханид-түркіше, қараханид-ұйғырша, қай ру-тайпаға жататынына қарай сараласақ қарлықша, мәдени-тарихи белгілері бойынша қарлықша-ұйғырша деуге болар еді. Дегенмен, «...қараханид адамдары өздерін ұйғыр деп атамағаны және де Жүсіп Баласағұн үшін ол жазған тіл, ұйғыр тілі болмағандығы күмәнсіз» деген В. В. Бартольдтың және орта ғасыр ескерткіштері бойынша маман Э. Н. Наджиттің осы пікірді қуаттайтындығы болашақ зерттеулерге жол ашып, XI ғасырдың ең ірі жазба ескерткіші «Кутадғу билигтің» және орта ғасырдағы түркі халықтарының тілі туралы ақиқатты тануда өте маңызды.

XI ғасырдың әдеби тілінде жазылған «Құтты білік» ескерткішінің қыпшақтық негізін анықтау барысында моносиллабтарға талдау жүргіздік. Моносиллабтар XI ғасырдағы түркі халықтары тілінің лексикалық құрамы мен фонетикалық жүйесін, морфологиялық, синтаксистік құрылымы мен стильдік ерекшелігін қазіргі қазақ



тілімен табиғи-генеологиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймайды, жалпытүркілік рухтың, тілдік сананың беріктігіне де дәлел бола алады.

«Кутадғу билиг» ескерткіші жазылған орта ғасыр мен қазіргі қазақ тілін жақындастыратын тілдік фактілердің бірі – ақ моносиллабы. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз әр тарапты, зат есім, сын есім, етістік, шылау бола алатын, бес түрлі ұғым беретін омоним түбір. Әсіресе, етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған. Түсіндірме сөздікте: АҚШ 1. Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы. 2. Тер, қан, жас, сорпа сияқты сұйық заттардың сорғалап құйылуы. 3. Судың еркімен біреуді ағызып алып кетуі. 4. Бойдағы ет, сөл сияқты заттардың біртіндеп құрып бітуі. 5. Ауысп. Жүйітку, зулау. 6. Ауысп. Аспаннан ағып түсу [24, 31].

Ақ моносиллабының семантикалық құрылымы күрделі екендігін тарихи жазба ескерткіштер материалдары да айғақтайды. «Кутадғу билиг» ескерткішінде аталған лексеманың бізге беймәлім жоғары көтерілу мағынасын берген: Көтүрді йашық бақты Машрық тапа, Көрур ағды йердин йуқару копа – Бас көтеріп, Шығыс жаққа қарады, Күн жоғары көтеріліп барады (5557-бәйт).

1. Өрмелеу мағынасында жұмсалған: Анар ағдым емди бирәр бағнача, Башынғә теги бағна садым нечә – Өрмелеп барады екем ана жаққа, Басқыштын баспалдағын санамаққа (5909-бәйт). Егер өрмелеу іс-әрекеті жоғары жаққа бағытталатынын ескерсек, мұнда да көтерілу мағынасының бір семасын беру үшін қолданылғанына көз жеткіземіз.

2. Ұшу мағынасы: Йа Иса болуб көккә ағдым тақы мен, Йа Нушинраван-тег төрү түз йурыттым – Исадай ұштым көкке рауандай, Ең әділ заң орнаттым Нәушаруандай (6316-бәйт).

3. Жоғары мағынасында: Йағыз йер йашыл көкда ерди көшүш, Анар берди тәңри ағырлық өкүш – Қара жерде, жасыл көкте – ең ірі, жоғарғы құрмет берген оған Тәңірі (43-бәйт).

4. Өсіру, арту мағынасында: Кишиг тил ағырлар булур қут киши, Кишиг тил учулар йарыр ер баша – Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер, Бас та жарар, қадір-құтты ол өшірер (159-бәйт).

5. Тұру, орнынан көтерілу мағынасында: Ағырлады хажиб орун берди төр, Адаб бирла Айтолды олтурды көр – Төрден орын беріп хажиб о тұрды, Сақтап әдет Айтолды да отырды (564-бәйт).

Ақ моносиллабының көтерілу мағынасы көне түркі тілінде де кездеседі: 1. Көтеріл мағынасы: Ай йоқары ағар – Ай жоғары көтерілер (ДТС; 16); 2. Тік тұру мағынасында: Мені көрүп йини

ағды – Мені көріп (қасқырдың) түгі тік тұрды (қатты қорықты) (ДТС; 16); 3. Шық мағынасында: Зұлқарнайын Қаф тағына ағды – «Ескендір» Зұлқарнайын Каф тауына шықты (Боровков, 1963, 36-б.); 4. Көш, жөнкі мағынасында: Булут ағмыш – Бұлт көшті (Ибатов, 1974, 25-б.).

Ақ моносиллабының семантикалық дамуы оның өзге сөз таптарына ауысуына мүмкіндік жасады. Қазіргі тілімізде ақ жауын, ақ жанбыр фразеологизмі қолданылады, оның мағынасы – ұзаққа созылып, майдалап жауатын жаңбыр. «Кутадғу билиг» ескерткішінде қолданылған мағынасы бойынша тұрақты тіркестің мағынасын қалпына келтірсек: ақ жауын – ағып тұрған жаңбыр. Ақ моносиллабының басқа да орта ғасыр ескерткіштерінде қозғалыстың, процестің, күйдің сан алуан түрін, сипатын білдіргенін Б.Сағындықұлының еңбегінде де талданған [4, 136]. Сонымен ақ жауын фразеологизмінде ақ сөзі сын есім емес, етістік қызметінде жұмсалудан тұрақтанған деген қорытындыға келеміз.

Ақсу географиялық атауы – Қазақстанның көп жерінде қолданылатын топоним. Біздің Павлодар облысындағы да бір қалашық осылай аталады. Топырақты өңірлерде немесе жаңбыр жиі жауатын жерлердегі өзен лайланып, мөлдір болмай, ағарып ағатыны белгілі. Бір қарағанда, бұл атау судың түсіне қойылғандай көрінеді. Ал егер орта ғасырдағы жазба ескерткіштерде қолданылған мағыналарын қалпына келтірсек, онда қимыл-қозғалыс мағынасын білдіретініне оңай көз жеткіземіз. Сонда Ақсу – ағын су немесе аққан су. Етістік мағынасы дами келе сын есімге айналып кеткен. Белгілі тілші Б. Сағындықұлы ақ етістігі трансформация (конверсия) тәсілі арқылы ақ сын есімі пайда болған деген пікір айтады. Жиі қолданыстан ақ етістігінің мағынасы абстракцияланып, нәтижесінде түркілік үрүң сөзін ығыстырған дей келе ғалым конверсиялық тәсіл бойынша етістіктен, сын есімдік мағынасы, дамудың келесі сатысында одан заттық мағынасы пайда болған дейді [5, 137]. Ғалым қазіргі сөздік қорымыздағы сау (сағ-), жау (йағ-) үш сөздері, сонымен бірге шыр-ақ; от-ақ; шу-ақ; там-ақ сөздеріндегі түбірге кірігіп кеткен –ақ (-ек, -ық, -ік, -к, -к) өлі жұрнақ осы байырғы ақ моносиллабынан тарағандығын дәлелдейді [5, 137].

Зерделеп қарасақ, демеулік шылау қызметінде жұмсалатын ақ сөзінің де түп-төркіні Ақ моносиллабына барып тіреледі. Ақ-етістік ретінде қызмет еткенде белгілі бір процесс қимылдың тоқтаусыз, үнемі іске асатынын білдірсе, ақ шылауы осы күйдің бір кесегін, бір бөлігін үзіп көрсетеді.

Орта ғасыр жазбаларының тіліне талдау жүргізе отырып, қазақ тілін, сол сияқты басқа да түркі тілдерінің қазіргі сөздік қорындағы бірқатар сөздердің даму ерекшеліктерін анықтауға болады. Сонымен қазіргі барлық түркітілдерінде аз дағдарған фонетикалық өзгерістермен қолданылатын Ақ моносиллабының семантикалық құрылымы: қозғалыс, жылжу (судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы), шығу; қозғалыстың белгілі бір бағытта іске асуы; сұйықтықтың (тер, қан, жас, сорпа және т.б.) сорғалап құйылуы; сан мыңдаған майда бөлшектердің бірігіп, бір бағытта орын ауыстыруы; орын ауыстырудың ілгері, жоғары қарай бет алуы (көне түркі тілінде: ай ағар – жоғары көтерілер мағынасы); тұру, орнынан көтерілу (ескерткіштердегі хажиб ағырлады (орнынан) – тұрды мағынасы); орын ауыстырудың кейін, төмен қарай бет алуы; сан мыңдаған майда бөлшектер жиналып, белгілі бір күшке ие болуы (судың ағыны қатты болуы, т.б.); орын ауыстырудың белгілі бір уақытқа байланысты болуы; ілгері қозғалудың баяу іске асуы (ескерткіштердегі өрмелеу мағынасы); баяу қозғалыстың артуы, өсуі (ескерткіштердегі тіл өсірер мағынасы); қозғалыстың тез, жылдам іске асуы (жұлдыздың ағуы; ұшу); қозғалыстың үнемі, ұзақ уақыт ішінде іске асуы (ақ жауын); басталған қозғалыстың аяқталуы, сұйықтықтың таусылуы; сұйықтықтың біртіндеп құрып бітуі.

Сөздің лексикалық мағыналарының мазмұнын құрайтын семалар азаю немесе көбею, ерекшелену, басқаша өң алу немесе сөздің қолдану, тіркесу ерекшелігіне қарай күрделі семантикалық құрылымдағы белгілі бір семалардың жетекші қызметке ие болуы, әлсіз семалардың көмескіленуі немесе жылжып, басқа семамен бірігіп кетуі және т.б. тілде толып жатқан процестерді басынан өткереді. Бұл даму өз кезегінде мағыналық, тұлғалық, тұрпаттық өзгерістерді тудырады. Осыдан барып сөздің семантикасы, дыбыстық құрылымы, морфологиялық тұлғасы, синтаксистік қызметі өзгереді. Байырғы Ақ түбірі осындай өзгерістерді басынан өткізе отырып, фоно-сема-морфо-синтаксистік жағынан дамып, біздің заманымызға әр түрлі сапада жетіп отыр. Тіліміздегі әр моносиллабтың даму жолдары әр басқа. Оларды зерттеп, ақиқат даму жолын анықтау арқылы қазіргі тіліміздің бірқатар күрделі мәселелерін шешуге көмегі зор.

«Кутадғу билиг» ескерткішінің тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі бір буынды түбір-негіздердің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау арқылы аталған тілдердің дыбыстық жүйесін, морфологиялық құрылысы мен семантикалық құрылымын

тереңірек танып, қазақ тілінің орта ғасырдағы түркі әдеби тілімен сабақтастығына көз жеткізуге болады.

Халық байып, ырысы артты елінің,

Тілін безеп көтерді елі Елігін.

Құт дарыды, өсті халық өрісі,

Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі[6, 26].

М.Қашқаридың «Түрік сөзінде» өрісті деген сөзге анықтама берілген: «Ол меңа шағығ шермешді – Ол маған қамшы өрісті. Басқаларға да осылай, бәсекелескенде де осы сөз қолданылады»[7, 299].

Қамшы өру деген сөзге кейінгі тарауда анықтама береміз. Қамшы дегеніміз барлығымызға аян атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал.

Мал өрді деген тіркес өріс ұғымына байланысты қолданылады.

**Өріс** – мал жайылымы (тура мағынада). Малмен күн көрген қазақ халқы үшін мал өрісі маңызды орын алған. Мал күтімі үшін қыста күзеуге, жазда жайлауға шығып, өрістерін кеңейтіп, жаңартып отырған. Осыған байланысты қазақ лексикасында көптеген тіркестер бар. Мәселен:

Өрісі кеңіді – мал жайылымына жер кеңіді (тура мағынада).

Өрісін кеңісін – ұрпағың көбейсін, үбірлі – шүбірлі бол (ауыспалы мағынада).

Өріс алды – кең тарады, жайылды мағынасында.

Өрісін кенге жайды - өрледі, өркендеді, қанат жайды және т.б.

Халық байып, ырысы артты елінің,

Тілін безеп көтерді елі Елігін.

Құт дарыды, өсті халық өрісі,

Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі[2, 26].

Халық өрісі, өрді деген тілдік бірліктер тікелей өріс сөзінің негізіне байланысты.

М.Қашқари сөзінде:

ШЕРМЕЛДІ: өрілді; тоқылды.

Шавығ шермелді – қамшының ұшы өрілді[7,331].

Өрілді – ырықсыз етіс тұлғасында келген. Қазақ тілінде өрілді, тоқылды деген сөздер жиі қолданылады. Мысалы: шаш өрілді, қамшы өрілді (тура мағынада); әңгіме өрілді (ауыспалы мағынада) әңгімелері жалғасты, жарасты дегенді білдіреді).

«Құтты білік» ескерткішіндегі келтірінді мағынаның метонимиялық жолмен жасалуы:

**Жақсылардың** көтер жебеп, еңсесін,

**Жамандардан** бүтін сақта ел шетін.

Занды түзе, сұмдық сонда сасады,

Құтын өсіп, абыройың асады [26, 26]

Тірі өлер, ақыры жер жастанар,

Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар(9-бап).

Сөздерінің бірі – **қоқыс**, бірі – **қак**,

Наданды жұрт теңер малға тілі жоқ!

Желбуаз сөз – **қара құлық** айғағы,

Ойсыз басқа түсер қаңғып қайдағы (19- бап).

Көпірме сөз – басқа пәле төндірет,

Есті сөзден, құрығанда ел жөн білер.

Надан, пасық – сөзге өгіздей жайылар,

Тойса, ыңқылдап жатып – күйіс қайырап (19 – бап).

Ақылды адам **қарын бақпас, ой бағар**,

Жан семіртер, ой семіртер, ойланар...

Қарын бағу, ой бағу – ауыс мағынада. Түпкі мағынасы қой бағу, мал бағу дегеннен шыққан. Мал бағу – адамның істейтін еңбек әрекеті. Ой бағу, аузын бағу – ойына абай болу, байқап сөйлеу мағынасында болса, қарын бағу – тамақ іздеу, қарынының қамын ойлау мағынасында. Бала бағу тіркесі де жиі қолданылады. Балаға қарау, күту, бағып-қағу мағынасында. Жаңа туған жас балаға күтім қандай қажет болса, жас өспірім шағында да ақыл-кеңес, тәрбие қажет. Ата-анасы үнемі әр қадамына назар аударып отырады. Бала белгілі педагог Ы.Алтынсариннің айтуынша, «бақша ағаштары сияқты, қараусыз қалса, қисайып, дұрыс өспейді».

Тән семіртер – нәр ауыздан сіңеді,

Жан семіртер – сөз құлақтан кіреді(19 –бап).

Семіру тән қатысты құбылыс. Дененің артық салмақ жинауы. Семіру құбылысы малға тән. Тек малға байланысты оң қабылданады. Қазақ үшін малдың семіруі – жақсы соғым, нәрлі азық. Адамның артық салмақ жинауы медицина тарапынан зиянды болып табылады. Қорыта айтқанда, семіру адам мен малға байланысты қолданылса, тура мағынада жұмсалғаны. Жанның семіруі, ойдың семіруі – ауыспалы мағынада. Білдіретін мағынасы: көңілі көтерілу, ойы сергу, жан дүниесінің толығыуы.

Қазір халық эстетикасында тұрақты мағыналары қалыптасқан, белгілі бір символдық мәні ежелден қанық «ақ», «көк», «қызыл», «қара», «жасыл» түстер бояу рендеріне қарай қалыптасқан поэтикалық қызметіне орай жиі қолданылады. Мысалы:

Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,

**Қара жер**, ел, заман, уақыт, бұл күнді(1-бап Әзиз уа ұлы төңірдің күдіреттілігі айтылады).

Қарап тұрсаң, бізден бұрын барғанды:

**Қара халық** бек билеген жалғанды(9-бап).

Келтірінді мағынаның метафоралық жолмен жасалуы:

**Тіл – арыстан** есік баққан ашулы,

Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды! (7- бап).

Кісілерге мирас ата сөзі ғой,

**Ата сөзі** – ұқсаң – **құттың көзі** ғой(7- бап).

Қорыта келе айтарымыз, Ж.Баласағұнның «Құтты білігі» лексика-стистикалық тұрғыдан өте бай шығарма. «Құтты біліктің» тілдік ерекшелігі біршама зерттеулерге арқау болған. Алда талай зерттеулердің нысанына ілігері сөзсіз. Біз бұған ғұлама туындысына лексика-семантикалық талдау жасау барысында көз жеткіздік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 280 б.

2 Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006. – 248 б.

3 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын. – 192 с.

4 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 б.

5 Кононов А.Н. Слово о Юсуфе из Баласағуни и его поэма «Кутадгу билиг» – Советская тюркология. – 1970. – №4. – С.3-12.

6 Егеубаев А. Құтты білік/Баласағұн, Жүсіп; Көне түркі тілінен ауд., алғы сөзі мен түсініктерін жазған Егеубаев А. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.

7 Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары. – пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2003. – 152 б.

## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДЫҢ «ДИУАНИ-ХИКМЕТ» ДАСТАНЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЛАЛЕШ Ж.

студент, 1 курс, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ЖУМАНБАЕВА Р. О.

ғылыми жетекші, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қожа Ахмет Ясауидың өз туындысын қыпшақ, оғыз ұлыстарының ана тілінде – көне түркі тілінде жазуы дін тарату талабынан туса да, ол бұл шығармасы арқылы түрік тілінде жатық, әрі көркем жыр жазудың қайталанбас үлгі-өнегесін жасады. Сол мақсатта ақын өзіне дейінгі әдебиетте бірыңғай үстемдік етіп келген араб, парсы тілдерімен жарыса жазып, түрікше де көркем шығармалар тудыру мүмкіндігін ашып берді.

«Диуани хикметтің» тілін тек бір халықтың тіліне телуге болмайды. Өйткені шығармада қазақ пен өзбектің, ұйғыр мен татардың, тағы басқа түркі тектес халықтардың тіліне ұқсастық бар. Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген дәуірде бұлар әлі жеке ұлт болып қалыптаса қоймаған еді, тек түрік елі, түркі тілі деген ұғым ғана болатын. Қ. А. Ясауиды ұлтқа бөлуге болмайды, өйткені ол кезде қазақ, өзбек, түрікпен ұлттары әлі жоқ еді. Олар әлі де ұлыс болатын ... Мұны түркі халықтарына ортақ тіл деген жөн. Сондай-ақ құрылысы, буындық өлшеуіші өзгелерден гөрі бізге, қазақ тіліндегі өлең-жырлардың буындық өлшеуішіне ұқсас келеді. Мұны тіл бейнелеу құралдары да, көркемдік жүйесі де дәлелдейді» [34].

Қожа Ахмет Ясауидың өмірі мен шығармашылығы ең алғаш М. Ф. Көпрүлүзаде тарапынан зерттелген[35]. Ол Ясауитанудың негізін қалады, алайда осы бағалы еңбектері үшін қуғындалып, қайтыс болған. Қазақ жерінде де Ясауидың тіпті аты аталуына қатаң тиым салынған кездер өткен. Соған қарамастан белгілі ақиық ақын-жазушыларымыз, әдебиетші-тілшілеріміз М. Дулатов, Ж.Аймауытов, бертін келе Н. Сауранбаев, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, Р. Бердібаев, С. Бакбергенов, Ә. Қоңыратбаев, Х. Иманжанов, С. Битенов, М. Жармұхамедұлы, Ж. Әбдірашев, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы т.б. зерттеулер мен мақалалар жазады.

Қ. А. Ясауидың бізге жеткен жалғыз еңбегі – «Диуани хикмет» болғаны рас [36]. Бірақ бұл оның қолынан басқа шығармалар тумаған деп айтуға негіз бола алмайды. Өйткені, соңғы жылдары ақынның «Рисала» атты туындысы табылғанын көптің бәрі біле бермейді. Ясауидың басқа туындылары болды ма, жоқ па деген

мәселеде оның «Диуани хикмет» туындысының бас жағындағы «дәфтар сани» (екінші дәптер) және «Бу дунияда мениң төрт дәфтерім бар» деген жолдары күмәнға жетелейді.

А. Жолдасова Қ. А. Ясауидың «Хикметтерін» талдап, қазіргі қазақ тілі теориясымен салыстырылып, 2009 жылы «Диуани-хикмет» ескерткіші тілінің грамматикалық ерекшеліктері (тәуелдік, жіктік және көптік жалғауларының қолданылуы) тақырыбында кандидаттық диссертация жазған[37]. Жұмыс нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасалған:

– «Диуани-хикмет» тілінде тәуелділік қатынасты білдірудің тәсілі – түрік изафетінің I және II типі өте сирек ұшырасады, III типі жиірек қолданылады. Бірақ «Хикметтерде» тәуелдік жалғауларының жалғануында, қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда, айтарлықтай айырмашылық байқалмайды;

– тәуелділікті білдіретін сөздердің мен, сен, ол жіктеу есімдіктерімен тіркесіп келуі «Хикмет» тілінде сирек кездеседі;

– тәуелдеулі сөз бастауыш қызметінде тұрғанда, оның қай жақта тәуелденгеніне қарамастан онымен байланысатын баяндауыш тұлғасы әрдайым III жақта тұрады деген қағида «Хикмет» тілінде де сақталып қалған;

– ілік септігінің **-ның** формасының орнына **-ни** тұлғасының келуі «Хикмет» тілін басқа ескерткіштер тілінен ерекшелеп тұратын, сондай-ақ орта ғасыр ескерткіштері тілін біріктіріп тұратын құбылыс.

«Хикмет» тілінде көптік мағынаны білдіретін көптік ұғым туралы да тұжырым жасалған. Онда көптік жалғауының III жақ жедел өткен шақта жіктелген етістікке жалғануы жиі байқалатыны жазылған (келділер, бардылар). Бұл орта ғасыр ескерткіштерінің тіліне тән тілдік тәсіл болған. Тәсіл қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде, мысалы өзбек, түрік тілдерінде жиі кездесіп, кимыл іс-әрекетті орындаушылардың көптігін білдіреді. Алайда, мұндай қолданыс қазіргі қазақ тілінде кездеспейді.

**-лар, -лер** көптік жалғауы көптік мән берумен қатар, жинақтық ұғымын да білдірген. Көптік жалғаулары дене мүшелерін білдіретін атауларға жалғанып, жұптық мәнін және автордық субъективті көзқарасын білдірген (көзләрім, тілләрім). Қазақ тілінде мұндай қолданыс тек жыраулар поэзиясында көрініс тапқан. Сонымен қатар уақытты білдіретін сөздерге жалғанып, көптік жалғаулары көптік мәнін емес, үстеудің белгілі бір тұлғасын жасап тұр (сахарлары, кечалары). Мұндай қолданыс қазіргі қазақ тілінде кездеспейді.



Араб тілінің «бұрыс көптік» тұлғасы арқылы жасалған сөздердің үстіне **-лар, -лер** көптік жалғаулары қабаттасып қолданылған (машайықтар, халайықтар, әруақтар). Бұндай тәсіл – қазіргі түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде де қалыптасқан құбылыс[38].

Көптік мән беретін сөздердің құрамында көптік жалғауы өлең өлшемі, ырғақ, ұйқас секілді шарттарды орындау үшін қолданылған (чөлләр кезіб – чөл кезіб, қанлар йұтты – қан йұтты). Қазіргі қазақ тілінде мұндай қолданыс та кездеспейді.

Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикмет» туындысы – әлі де көп зерттеуді қажет ететін еңбек. Шығарма тілдік тұрғыдан болсын, діни тұрғыдан болсын бұл кезге дейін түбегейлі зерттелмеген.

«Диуани хикмет» шығармасын оқи отырып, ақынның білімдарлығына, діндарлығына тәнті боласың. Ясауи «хикметтерін» зерделей оқыған азамат тек діни жағынан ғана емес, адамшылдық, тәрбиелік, сабырлылық, үнемділік, сыпайылық, жауапкершілік секілді этикалық әдептерден де сабақ ала алады. Өйткені бұл шығарма нағыз парасатты адамның қолынан туған.

Ахмет Яссауидің «Даналық кітабы» секілді ұлы шығармалары, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбунасыр Фарабидің бұған дейінгі біршама игерілген ғажайып мұралары тұғырлы тарихтың, ұлы мәдениеттің, мол біліктің мәңгілік мәуесіндей» – деп, бұл жәдігерліктердің жаңа заманның жеке тұлғасын тәрбиелеуге зор үлес қосатынын айтқан болатын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Айғабылұлы А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы: Атамұра, 2004. - 385б.
- 2 Исаев С, Назарғалиева К, Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. Алматы: Атамұра, 2002. - 317б.
- 3 Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 550 б.
- 4 Көпрүлүзаде М.Ф. Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағылымы. – Шымкент: Арыс, 1999. – 122 б.
- 5 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: Мұраттас орталығы, 1993. – 261 б.
- 6 «Диуани-хикмет» ескерткіші тілінің грамматикалық ерекшеліктері (тәуелдік, жіктік және көптік жалғауларының қолданылуы) / филол. ғыл. канд. дис.: 10.02.06. – Алматы, 2009. – 121 б.

7 Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 126 б.

#### ҚАЗІРГІ БАҚ БАСПАСӨЗ АГЕНТІ

МҰСА А. С.  
студент, 2 курс, «Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақстан бүгінде жаһандық ақпараттық қоғамның қалыптасу процесіне объективті түрде тартылған. Бұл БАҚ, мемлекет және қоғамның өзара қарым - қатынасын өзгерткен тәуелсіздікке келген мемлекеттің медиа кеңістігін зерттеу үшін маңызды фактор болып табылады.

Бұқаралық аудиторияның барлық визуалды кеңістігін толтырған ғаламтор болса да, теледидар әлі де әлеуметтік қызығушылықтың және технологиялық жетістіктердің шыңында. Теледидар бағдарламаларының форматы мен сапасы сөзсіз өзгереді және бұл өзгерістердің мәні күрделі және алуан түрлі. Осы өзгерістердің арқасында теледидар өзінің маңыздылығын сақтап қана қоймай, сонымен бірге қоғам өзінің білімі мен дүниетанымдық ұстанымдарын сақтайтын, өзгертетін немесе көбейтетін материалдық және рухани тарихи тәжірибеге әсер етудің әмбебап арнасына айналды.

Теледидар жеке тұлғаны құндылықты бағдарлаудың тиімді құралы болып табылады және бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялар ғана емес, сонымен қатар айна, барлық объективті шындықтың проекциясы ретінде әрекет етеді деп айтуға болады. Бұл халықты ақпараттандырудың заманауи әдістері, бұқаралық ақпарат құралдары мен бұқаралық аудиторияның көрнекі қарым-қатынасының заманауи интерактивтілігі, цифрлық хабар таратудың инновациялық технологияларын дамыту және қолдану телевизиялық бағдарламаларға өз көрермендерімен одан әрі жақындасуға, ең тиімді, жедел және сонымен бірге эмоционалды байланыс құралдарының бірі ретінде позицияларға ие болуға мүмкіндік беретіндігіне байланысты. Телевизиялық жанрлар мен телевизиялық бағдарламалардың эволюциясы Тәуелсіздік пен егеменді мемлекет жолында әртүрлі даму мен қалыптасу жолдарынан өткен бұқаралық аудитория мен қоғамның эволюциясымен тығыз байланысты.

2023 жылғы шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда 5659 БАҚ тіркелген. Жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарының саны артып келеді [1].

Бұл сандар үлкен боп көрінеді, бірақ шын мәнінде қазақстандық ірі басылымдар көп емес. Tengri News, Информбюро, Atameken Business. Тағы халықаралық БАҚ өкілдері де бар. Forbes, Esquire, Harper's Bazaar және тағы басқа.

Агенттіктерді былай жіктеуге болады:

Қоғамдық-саяси: Tengri News, ҚазАқпарат, Информбюро, Нұр.kz, Qazaqstan, Хабар.[2] Информбюроның мақалаларын, жазбаларын басқа сайттар, агенттіктер, соның ішінде мемлекеттік сайттар үшін ақпарат көзі ретінде жиі пайдаланады. Qazaqstan мен Хабар телеарна болып саналады. Сонымен қатар екеуі де өз жаңалықтарын шығарады. «Хабар 24» телеарнасы YouTube-тан «алтын түйме» алды.[3]

Бизнес агенттіктерне: Forbes.kz, Atameken Business (TV), Zakon.kz [2]. Мысалы, Forbes.kz Қазақстандағы бизнес, бизнесмендердің тарихы, жетістіктері мен сәтсіздіктері жайлы айтады.

Ауылшаруашылығы саласында: Агробизнес журналы, Елдала.kz, Daily News Kazakhstan [2].

ElDala.kz – агробизнес өкілдеріне арналған сайт, онда қазақ және әлемдік ауылшаруашылығы туралы барлық қызықты мәліметтер: кеңселер мен өрістер туралы жаңалықтар, соңғы оқиғалар туралы сарапшылардың пікірлері, топ-менеджерлермен сұхбаттар, аналитика мен рейтингтер, инсайдерлер мен эксклюзивтер, әртүрлі онлайн-жобалар.

Тау-кен металлургиясы саласында: Metalmininginfo, «Тау-кен металлургия өнеркәсібі» журналы [2]. Бұл сала бойынша БАҚ баспасөз агенттігі аз. Және де Metalmininginfo.kz сайтында қазақ тілінде ақпарат жоқ.

IT-да Digital Business, The Tech, 5Q Media. [2] Осының ішінде, әсіресе, айтқым келетіні – Digital Business. Ол Қазақстандағы IT туралы ең танымал БАҚ. Оның формасының ерекшелігі стартаптар, вакансиялардың болуында.

Өмір салты жайлы: We project, The Steppe, The Village Kazakhstan, Comode.kz, Esquire.kz [2]. Осының ішінде өзіме ұнайтыны We project. We project – Орталық Азия халқы туралы негізгі БАҚ. Әсіресе, оларды жиі ТикТок бағдарламасынан көруге болады.

Спорт: Sports.kz, Vesti.kz, Prosports.kz, SportX.kz, Kazfootball.kz [2].

Prosports.kz тек спорт жайлы жаңалық шығармайды, онымен қоса, ол спортқа арналған заттарды сатады.

Мәдениет және сән: Elle.com.kz, Harpersbazaar.kz, 98mag [2].

Harper's Bazaar Kazakhstan – Қазақстандағы жалғыз кәсіби сән журналы десек те болады.

Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының жетістігі: «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының 100 жылдығын, «Qazaq radiosu» радиостанциясының 100 жылдығын мерекелеу; қазақ тілінде «Тілі» және «Nickelodeon» телеарналарының ашылуы [3].

Қорыта айтқанда, 1992 жылдан 2000 жылдардың басына дейінгі кезеңдегі Қазақстан БАҚ қызметін талдау егемен мемлекеттің ақпараттық нарығының елеулі өсу серпінін көрсетті. Тек мамандандырылған өнім көлемінде ғана емес, кәсіби және шығармашылық өсуде, сонымен қатар, ең бастысы, сөз бостандығы мен демократия тұрғысынан БАҚ-тың мемлекеттік билікпен өзара іс-қимылының басым ұстанымдарының өсті.

Осы жылдар ішінде жасалған және болашақта күтілетін барлық жаңалықтар заманауи шындыққа сәйкес келеді және елдің ақпараттық мазмұнының сапасын арттыруға бағытталған [3].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 GOV.kz «Статистика СМИ по состоянию на июнь 2023 г.»
- 2 vc.ru «PR в Казахстане для иностранных компаний: краткий обзор рынка СМИ»
- 3 inform.kz «Развитие и достижения отечественных СМИ»

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

МҰХАМЕДҚАЛИҚЫЗЫ Б. К.

студент, 4 курс, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

БАҚ-тан күн сайын ақпарат аламыз, жаңалық тыңдаймыз. Эфирге шығатын жүргізушілердің сөйлеген сөзі дұрыс не бұрыс екенін қалың көрермен ажырата бермейді. Байқап қарасақ, тіл мәселесіне байланысты бірнеше бөліп көрсетерлік проблемалар бар. Олар кен қанат жайып, тындарманға әбден үйреншікті болып

кеткен. Бұл қазақ тілінің заңдылықтарының бұзылуына, тілдің ерекшеліктері мен дұрыстығының жойылуына әкелуі мүмкін.

Біріншіден, калька сөздер мен тіркестер мәселесі белең алуға. Күнделікті өмірде халық та солай сөйлейді, журналистер де бұл қателікке бой алдырады. Жалпы калька дегеніміз бір тілдегі түпнұсқа сөздердің, тіркестердің сөзбе-сөз аудармасы. «Калькалау-басқа тілдің немесе тілдердің лексикалық-семантикалық және лексикалық-синтаксистік үлгісін пайдалану жолымен жаңа сөздер жасау немесе тілге синтаксистік құрылымның жаңа тәсілдерін енгізіп, оларды сол тілдің морфемаларымен толтыру» [1]. Орыс тілінен тікелей аудару арқылы қазақ тілінің болмысы мен табиғатына сәйкес келмейтін сөздерді қолданамыз. Олар бір көргеннен аса білінбейді, тіпті кейде қалыпты жағдайда қолданатын болып көрінеді. Дегенмен, мән берсек, сәл оғаштау болатын тұстары да жоқ емес. Осыған орай, Abai TV арнасының «Сана» бағдарламасында филология ғылымдарының докторы, профессор Жантас Жақыптың пікірі: «Тілдің табиғатын бұзса, бұл қауіпті. Ал тілдің табиғатын бұзбаған калькалар бізде бар ғой. Мысалы, «ештен кеш жақсы» деген калькалар бар. Олар дамытады. «Ойымен бөлісті», «пікірімен бөлісті» деген сияқты калькалар тіліміздің табиғатын бұзып жатыр. «Ой бөлісті» деп калькалауға болады». Яғни, аударма қазақ ұлтының дүниетанымына, қазақ тілінің табиғатына сай бейімделуі керек. «Мәтінді оқырмандардың құзыреттілік деңгейіне бейімдеу, яғни оқырмандар ешкімнің көмегінсіз қабылдай алатын мәтін шығару» [2]. Тілімізді дамытатын калькалар да бар. Олар дұрыс аударылып, тілдің болмысына қайшы келмеуі керек. Ал журналистер тек оң нұсқасын қолдануы керек.

Екіншіден, әріптерді дыбыстау. Қазақ тілінің 9 төл дыбысы бар. Олар: ә, ө, і, ұ, ү, ғ, қ, н, һ. Алайда көптеген журналистердің бұл дыбыстарды сәйкесінше қолданбайтынын көріп жүрміз. Ең кең таралған мысал н мен ң әріптерін шатастыру немесе ң әрпін тіпті дыбыстамау. Бұл-фонетикалық қате. «Алтын күз» емес, «алтын күз» деп айтса, құлаққа жағымсыз естілмей ме әрі қисынсыз. «Оқиғаның салдары» деген тіркесте «оқиғаның» деген сөзді «оқиғанын» деп айтса, бұл да қателік. Майда-шүйде секілді көрінгенмен, өте маңызды мәселе. Үлкен қырағылықты талап етеді, осы бір қателікке баса мән аударған жөн. Себебі тіл құндылығын, тазалығын, оның өзіне тән ерекшеліктерін сақтау керек. Тіл-ұлттың басты құндылығы, егер ол жоғалса, тұтас ұлт та жоғалады. Осындай «кішкентай» қателер де болмау керек, бұл немқұрайлықтың белгісі.

Екі ұқсас әріпті шатастырып айту болашақта өзге де өрескел қателерге ұласуы мүмкін. Сондықтан осы бастан барынша дұрыс сөйлеу маңызды.

Үшіншіден, тіл жұтаңдығы, сөздік қордың шектеулі болуы. Жаңалықтар репортаждарында қолданылатын шектеулі сөздік қоры. Журналистер көбінесе қайталанатын мазмұнға әкелетін сөздер мен сөз тіркестерінің тар жиынтығына сүйенеді. Бұл жаңалықтар сапаны төмендетеді. Журналистерді үздіксіз оқыту арқылы сөздік қорын кеңейтуге ынталандыру және оларға сөздіктерді, кітаптарды оқу арқылы сөздік қорды кеңейтуге болады.

Тағы бір маңызды мәселе-журналистикадағы тілдің сапасы. Орфографиялық және грамматикалық, лексикалық, морфологиялық қателер тым жиі жіберіледі, бұл материалдарға деген сенімділікті төмендетеді. Тілдің сапасыздығы кейбір журналистердің сауатсыздығы мен қабілетсіздігі туралы әсер қалдыруы мүмкін.

Шетелдік сөздерді қолдану. Жаһанданумен және күнделікті өмірге жаңа технологияларды енгізумен Қазақстанда жаңа терминдер мен ұғымдар пайда болуда. Бұл көбінесе шетелдік сөздер мен сөз тіркестерін қолданумен қатар жүреді, бұл қазақтың лингвистикалық және мәдени бірегейлігін сақтау туралы пікірталас тудыруы мүмкін.

Мәселелерді шешуге тағы бір шолу жасап шығайық. Қазақстандық журналистикадағы тіл мәселесін шешу үшін қазақ тілінде сапалы мазмұн жасау және журналистердің біліміне назар аудару маңызды. Тілдің табиғаты мен ерекшеліктеріне назар аудару, яғни калькасыз сөйлеу немесе дұрыс калькаларды, аудармаларды қолдану.

Жаңа терминдерді дамыту: лингвистикалық және мәдени бірегейлікті сақтау үшін жаңа терминдер мен ұғымдардың қазақ тіліндегі аналогтарын белсенді түрде дамыту қажет.

Шектеулі сөздік қорын көбейту үздіксіз оқу арқылы жүзеге асатыны белгілі, бұл тек қана әдемі сөйлеу емес, мағыналы сөйлеуді білдіреді. Оқуға ақын-жазушыларымыздың еңбектері, сөздіктер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер кітаптары да жатады. Неғұрлым көп синонимдер, антонимдер мен амонимдерді білсе, тұрақты сөз тіркестерін, даналық сөздерді, т.б. білсе, соғұрлым журналистің тілі бай да әсерлі болары сөзсіз.

Кодтарды ауыстыру: кодтарды ауыстыру, бір әңгіме немесе мақала аясында бірнеше тілді кезектестіру тәжірибесі қазақстандық журналистикада кең таралған құбылыс болды. Екі

тілді аудиторияға қызмет ету үшін кодты өзгерту қажет болуы мүмкін, бірақ шамадан тыс пайдалану жаңалықтардың кәсібилігін түсінуді қиындатады. Журналистер өз мақалаларында тілді дәйекті қолдануға ынталандыру, қажет болған жағдайда аудармалар немесе түсіндірмелер, айқындық пен оқылмды арттыра алады.

Байырғы тілдерді қосу: Қазақстан көптеген байырғы тілдердің отаны болып табылады, олардың әрқайсысының өзіндік ерекше мәдени маңызы бар. Алайда, бұл тілдер көбінесе негізгі бұқаралық ақпарат құралдарында шектеулі түсінікке ие болады. Қазақ журналистикасына байырғы тілдерді енгізуге жәрдемдесу мәдени әртүрлілікті сақтауға және әртүрлі этникалық топтарда тиесілілік сезімін тәрбиелеуге көмектеседі. Медиа ұйымдар осы тілдердің байлығын көрсететін мазмұнды әзірлеу үшін қазақ тілінде сөйлейтін адамдармен және лингвистермен ынтымақтаса алады.

Тілдік дағдыларды дамыту: журналистердің тілдік дағдыларын дамытуға инвестициялар қазіргі қазақстандық журналистикадағы тілдік мәселелерді шешу үшін маңызды мәнге ие. Тілді қолдануға, грамматикаға және сөздік қорға бағытталған оқу бағдарламаларын, семинарларды және ресурстарды ұсыну жаңалықтардың сапасын едәуір арттыра алады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының ұйымдары бір-бірінен оқуды ынталандыру үшін журналистер арасындағы тіл алмасу бағдарламаларына ықпал ете алады.

Қорытындылай келе, бұл мақалада қазақ журналистикасының ең маңызды әрі көп таралған тіл мәселелері талқыланды және мүмкін болатын шешімдер келтірілді деп айтқым келеді. Бұл тақырып неге маңызды? Себебі осындай қарқынмен қазақ тілінде қате сөйлейтін, қателерді норма деп ойлайтын, қазақ тілінің даралығын, бірегейлігін, байлығын ескермей сөйлейтін бірнеше ұрпақ болуы ғажап емес. Бұл ауыртпалықты журналистерге ғана арта алмаймыз. Алайда БАҚ-тың күші өте үлкен. Теледидар болсын, радио немесе баспасөз басылымдары- бәрі де халықтың тілді қалай қолданатынына тікелей әсер етеді. Әр көрермен, тыңдарман, оқырман журналистің барлық сөздерінің дұрыс не бұрыс айтылуын қадағалап отырмайды ғой, сөздіктен қарамайды. Ал бұл қателер жиі қайталанса, адамдарға жиі ұшырасады деген сөз. Демек, олар сол қалпында қабылдап, жаттап алады. Кейін әрбір қателікті түзету қаншалықты мүмкін немесе қанша уақыт алады? Одан да қазір бұл проблемалармен жұмыс жасау және тіл білімінде білімді арттыру әлдеқайда қолайлы, маңызды.

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады»[3],- деп айтып кеткен ұлт ұстазы Ахмет.

Ал фольклор танушы, этнограф Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгіні және болашағы. Жері жоқ мемлекет болса да тілі жоқ ел болмайтыны ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде біз бақытты мемлекетпіз деп мақтанып та, марқайып та айтсақ болады»[4],- деген екен. Біз шынымен- ақ бақыттымыз. Ол бақытымыз мәңгі, тілге деген құрметіміз жоғары болсын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007.

2 Жақыпов Ж.А. Аудармашы анықтамалығы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2009. – 176 б.

3 Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы тағылымды ойлары [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/asyil\\_soz/36592/](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/36592/)

4 Түрік тілінің ішіндегі ең гаухары- қазақ тілі: Мәшһүр Жүсіптің сөзі <https://7-su.kz/news/cat-12/10881/#:~:text=Мәшһүр%20Жүсіп%20КӨПЕЙҰЛЫ.%20Тіл%20–,та%2C%20марқайып%20та%20айтсақ%20болады>

#### СТУДЕНТТЕРДЕГІ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІК: ТАБЫСТЫ ОҚУ МЕН ӨМІРДІҢ КІЛТІ

РАБЕ К. А.

студент, 3 курс, «Филология және журналистика» кафедрасы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Студенттік өмір көбінесе стресс пен мазасыздықпен бірге жүреді. Күрделі оқу жүктемелері, әлеуметтік өзара әрекеттесу және ересек өмірге көшу студенттерге айтарлықтай шиеленіс тудыруы мүмкін. Алайда, стресске төзімділік студенттердің бұл қиындықтарды шешу жолында маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада біз стресске



төзімділіктің не екенін, оның студенттер үшін неліктен маңызды екенін және оны қалай дамытуға болатынын қарастырамыз [1].

### **Стресске төзімділік ұғымы**

Стресске төзімділік – бұл адамның стресстің әртүрлі түрлерімен күресу және бейімделу қабілеті. Бұл қабілет эмоцияларды жақсырақ басқаруға, негізделген шешімдерді қабылдауға және қиын жағдайларда тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

### **Неліктен студенттерге стресске төзімділік қажет?**

**Стресс пен студенттік өмір қатар жүреді. Студенттер стресстің көптеген көздеріне тап болады, соның ішінде:**

**Оқу жүктемелері:** Емтихандар, тесттер, үй тапсырмалары және жобалар стресстің жоғары деңгейін тудыруы мүмкін.

**Әлеуметтік өзара әрекеттесу:** Студенттер жиі жаңа адамдармен кездеседі, түрлі жағдайларға тап болады, бұл қиын болуы мүмкін.

**Қаржылық қиындықтар:** Білім беру ақысы, тұрғын үйді жалға алу және басқа шығындар стресстің қосымша көзі бола алады.

**Оқу мен өмір арасындағы тепе-теңдік:** Студенттер көбінесе оқу мен жеке уақыт арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселесімен күресуге мәжбүр.

Сондықтан стресске төзімділік студенттер үшін маңызды дағды болып табылады. Ол оларға көмектеседі:

**Оқу жүктемесімен күресуге жеңіл:** Стресске төзімді студенттер тиімді оқуға және оқу міндеттерін шешуге қабілетті.

**Денсаулық пен әл-ауқатты жақсарту:** Стресс физикалық және психикалық денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін. Стресске төзімділік стресстің ағзаға әсерін азайтуға көмектеседі.

**Көшбасшылықты дамыту:** Көшбасшылық қиын жағдайларда шешім қабылдау және стрессті басқару қабілетін талап етеді.

Стресске төзімділікті қалай дамытуға болады

Стрессті басқару және бейімделу қабілетін дамытуға болады.

### **Мұны істеудің бірнеше жолы:**

**Медитация және релаксация тәжірибесі:** Тұрақты медитация және релаксация әдістері стресс деңгейін төмендетуге және стрессті басқару қабілетін жақсартуға көмектеседі.

**Салауатты өмір салты:** Дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік және дұрыс ұйқы стресске төзімділікті арттырады.

**Уақытты басқару:** Уақытты жоспарлауға және басқаруға үйрену. Уақытты тиімді басқару оқу мен тапсырмаларға байланысты стресс деңгейін төмендетуге көмектеседі.

**Қолдау және қарым-қатынас:** Достарыңызбен, отбасыңызбен немесе психологпен сөйлесу стрессті жеңуге көмектеседі. Айналаңыздағы адамдардың қолдауы маңызды рөл атқарады.

**Мақсат қою және жоспарлау:** Мақсат қою білу және оларға жету үшін жоспар құра білу стрессті басқаруға көмектеседі, бақылау сезімін жақсартады.

### **Мұның бәрін толығырақ қарастырайық:**

#### **1. Медитация және релаксация тәжірибесі**

Медитация – бұл бір сәтке назар аударуға және ішкі шу мен мазасыздықты азайтуға көмектесетін тәжірибе. Тұрақты медитация стресстік реакцияларды бақылау қабілетін жақсартып алады. Дзен медитациясы, тыныс алу және дем шығару медитациясы немесе терең релаксация сияқты медитацияның көптеген әдістері бар. Студенттер әртүрлі әдістерді зерттей алады және өздеріне жақын келетінін таңдай алады [2].

#### **2. Салауатты өмір салты**

Физикалық денсаулық пен психикалық денсаулық бір-бірімен тығыз байланысты. Дұрыс тамақтану, тұрақты физикалық белсенділік және жеткілікті ұйқы стресске төзімділікті жақсартуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану денені қажетті қоректік заттармен қамтамасыз етеді, физикалық белсенділік эндорфиндердің - қуаныш гормондарының түзілуіне ықпал етеді, ал жақсы ұйқы физикалық және психикалық денсаулықты қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

#### **3. Уақытты басқару**

Уақытты тиімсіз басқару студенттердің стресс деңгейінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Күнінізді жоспарлауға, басымдықтарды белгілеуге және кейінге қалдырудан аулақ болуға үйреніңіз. Күнделікті кесте жасаңыз және оның орындалуын қадағалаңыз. Бұл асығыстық пен уақыттың жетіспеушілігін азайтуға көмектеседі.

#### **4. Қолдау және байланыс**

Достарыңызбен, отбасыңызбен немесе психологпен сөйлесу стресстік кезеңдерде қолдаудың маңызды көзі бола алады. Жақындарыңызбен немесе кәсіпқойларыңызбен сөйлесу сіздің сезімдеріңізді білдіруге және стрессті басқару бойынша кеңестер алуға мүмкіндік береді. Бұл көптеген студенттердің ұқсас мәселелерге тап болғанын және олармен қалай күресетінін білуге мүмкіндік береді.

#### **5. Мақсат қою және жоспарлау**

Өзіңізге нақты мақсаттар қойыңыз және оларға жету үшін егжей-тегжейлі жоспарлар жасаңыз. Бұл сіздің жетістіктеріңізді

көруге және жағдайды бақылау сезімін сақтауға мүмкіндік береді. Студенттер өз мақсаттарына жету үшін қандай қадамдар жасау керектігін нақты түсінген кезде, бұл аландаушылық пен белгісіздік деңгейін төмендетеді.

### 6. Шекараларды белгілеу

«Жок» деп айта білу және шекараларды белгілеу шамадан тыс жүктемеден аулақ болуға және маңызды тапсырмалар үшін энергияны үнемдеуге көмектеседі.

### 7. Әлеуметтік желіні қолдау

Достарыңызбен, жақындарыңызбен және студенттер қауымдастығымен қарым-қатынас жасау арқылы сіз өз эмоциялармен бөлісе аласыз және қиын жағдайларда қолдау ала аласыз. Қазір менің ойымша, барлық адамдар әлеуметтік желілерге хабарлама жібереді. Олар әртүрлі нәрселер туралы жаза алады және бұл тақырыпқа жазылған талдау адамға жақын, түсінікті болса, оған оқуға юолатыны сөзсіз. Иә, тіпті адамдардың проблемалары басқа адамдар үшін қызықты. Кейбіреулер бұл жағдайға қатты ене алады.

### 8. Позитивті ойлау

Өмірге оптимистік және шынайы көзқарасты дамыту қиындықтар мен стрессті тиімдірек жеңуге көмектеседі. Сіздің баға жетпес күндеріңізді, айыңызды, жылыңызды қайғыға және ренішке жұмсау қателік. Өмір сондай қысқа. Мен әр сәтпен өмір сүруге тырысамын. Мен жақында ғана осылай ойлана бастадым. Бұл шынымен де көмектеседі.

Стресске төзімділікті дамыту - бұл ұзақ мерзімді процесс және әр адам оны өз көзқарасына сай таба алады. Әр адамның стресстің әртүрлі көздері мен онымен түзету әдістері бар екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан әртүрлі әдістермен тәжірибе жасап, студенттік өмірдегі қиындықтарды жеңуге көмектесетін тәсілдерді табыңыз [3].

Стресс сонымен қатар студенттің мансабы мен кәсіби дамуына ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін. Стресстен туындаған жағымсыз эмоциялар мен мотивацияның төмендігі оқуға деген қызығушылықтың жоғалуына, орынсыз мамандықты таңдауға немесе өз қабілеттеріне деген сенімсіздікке әкелуі мүмкін.

Жалпы студенттің күйзелісі оның болашақ өміріне жағымсыз әсер етеді. Сондықтан стрессті басқаруды үйрену, релаксация жолдарын табу және оқу, демалу өзін-өзі күту арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды болып табылады.

Осылайша, стресске төзімділік стресстен туындаған жағымсыз эмоционалды және физикалық жағдайларды тиімді басқаруға

мүмкіндік беретін маңызды жеке қасиет болып табылады, сондай-ақ бізге бақытты және қанағаттанарлық өмір сүруге мүмкіндік береді. Стресске төзімді адамдар әртүрлі жағдайларға жақсы бейімделеді, олардың өзін-өзі реттеу және ойлау икемділігі жоғары. Олар стресстің өміріндегі өнімділігі мен әл-ауқатына әсер етуіне жол бермей, қиын жағдайларда позитивті ойлауға және шешім қабылдауға қабілетті. Сіздің өміріңізде стресстің ұзақ уақыт болуы денсаулық пен жалпы әл-ауқатқа теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан стресске төзімділік дағдыларын дамыту маңызды.

әдебиеттер

1 Monica Porter. Молодой ученый. – 2021. – № 25.1 (367.1). – С. 11-12. – URL: <https://moluch.ru/archive/367/82746/> (дата обращения: 04.10.2023). Молодой ученый. – 2021. – № 25.1 (367.1). – С. 11-12. – URL: <https://moluch.ru/archive/367/82746/> (дата обращения: 04.10.2023).

2 Стресске төзімділік: бұл нақты нәрсе және сіз оны дамыта аласыз <https://kk.youthministryinitiative.org/stress-resilience-its-realt-hing-and-you-can-develop-it-4850#menu>

3 Стресске төзімділік тесті және стрессті басқару ережелері. <https://kk.psychicslog.com/10760666-stress-tolerance-test-and-stress-management-rules>

4 Э. Ховард бойынша стреске төзімділік, басқару ережелері.

## ЯЗЫКОВОЕ ВЫРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУР ЖУСУПА

САТТАРОВА А. Т.

к.ф.н. профессор, Ошский технологический университет,  
г. Ош, Республика Киргизия

АБДУЛЛАЕВА К. М.

докторант, Торайгыров университет, г. Павлодар, Республика Казахстан

Если когнитивный мир человека отражается через его мыслительную деятельность, то сновным индикатором данной деятельности является язык. В ходе взаимодействия с миром в сознании человека формируется понятие об этом. Это понятие в лингвистической литературе называют «картиной мира». О связи между мышлением и языком одним из первых заговорил В. фон Гумбольдт, он «рассматривал язык в тесной связи с живым

организмом, и считал что это мыслеобразующий орган». В понимании В. фон Гумбольдта, «каждый отдельно взятый язык – это результат формирования национального языкового сознания, поэтому к проблеме определения функции языка невозможно ответить без понимания развития внутренней жизни языка, без осознания национальной духовной силы и его особенностей. Язык и духовные силы не развиваются раздельно, неразрывно, они вместе порождают целостную функцию интеллектуальной способности. Только язык может выдать очень важные тайны и все нюансы, проявления характера народа» [1, с. 67-69].

Л. Вейсгербер поддерживает предложение В. фон Гумбольдта, «которая основывается на знаниях о внутренней форме языка, создающая образы окружающей действительности через человеческий язык, как целостная теория дающая познать окружающий мир через глаза и язык» [2, с. 62].

Ученый высоко оценивая деятельность языка, опирается на принцип словесного познания мира, подчеркивая передачу особого мировоззрения, поведения, образ жизни будущему поколению через сохранившиеся языковые средства. Действительно, невозможно описать человека вне языка. Человек, прежде чем овладеть языком, знакомится с Вселенной в своем сознании, через органы чувств понимает сущность явлений в бытии, обобщает информацию о вселении, выявляет сходства и различия явлений. С каждым разом предыдущие данные дополняются новой информацией и способствуют формированию глобального образа в сознании.

А. Ислам изучив ранее исследованные работы ученых относительно данной темы, говорит: «Человек познает окружающую среду через мышление и оно отражается в сознании человека. Если познание истины достигается через мысль, то язык является инструментом, закрепляющий результат образного мышления» [3, с. 13]. Таким образом, мы должны понимать под языковой картиной мира передаваемой через язык, сводную информацию о ценностях нации и мира в целом. Потому что индивид владеет языком на семантической базе того же языка. Культурные ценности в языке формируют национальный характер и национальный менталитет через значения слов.

Обилие языковых единиц, представляющих национальную культуру в произведениях Машхур Жусупа, свидетельствует о национальном характере его языковой личности. «За каждым текстом стоит определенная языковая личность, а поскольку

«само содержание понятия языковая личность переплетается с этнокультурными и национальными чертами индивидуальности», то национальная принадлежность и включительность в соответствующую культуру определяют картину мира, тезаурус писателя, отражающийся в языке его произведений» [4, с. 131]. «В рамках художественного текста языковая личность создает художественный образ мира, передавая через различные языковые подходы описание, национальное познание, духовную культуру своей эпохи» [5, с. 70]. «Литературные произведения иллюстрируют определенные этапы исторического развития нации и предоставляют информацию из данных этнографического, географического, культурного, экономического, политического, социального, цивилизационного характера» [6, с. 24].

Главной особенностью стиля Машхур Жусупа является умение создавать свою национальную идею, используя различные языковые приемы. В произведениях поэта проявляется национальная особенность, национальный характер присущий только казахской нации. К примеру, в стихотворении поэта «Қазақты жамандаушыларға (Тем, кто говорит плохо о казахах)» особо описывается *гостеприимство* казахского народа. Доказательством тому, приводим следующие стихи: «Қазақта қонағасы айт пей тойдай, Отырмас қонақ келсе, бір мал соймай». Это проявление гостеприимства. Гостеприимство – особенная любезность, почтительное отношение хозяина дома к гостю. Вольность и щедрость казахского народа проявляются в их особом гостеприимстве. Оказывать гостю достойное уважение, радушно встречать, накрывать дастархан – это издавна сложившаяся традиция. В этом контексте «Принимать гостя как Бога» является долгом для каждого шанырака. По традиции прошлого хозяин дома, заметив гостя, идущего в дом, в зависимости от возраста и положения гостя выходил сам встречать или отправлял старших детей. Встречали гостя в месте где привязывания коня, помогали сойти и сопровождали в дом. Кроме того, при подходе к аулу путник сходил с коня, показывая всем видом кто он и к кому направляется, и до дома доходил пешком. Традиции и законы гостеприимства кочевого населения служили основным стержнем прочных связей внутри страны, сохранения социальной целостности. Гостеприимство-сохранилось у казахского народа до сих пор.

Особенности самобытной культуры, отличной от других народов, характерных для данной нации занимают огромную

роль в языковой картине мира языка этого народа. Например, в стихотворении Машхур Жусупа «Мына заман (Эта эпоха)» в строках «Екеуі құда болды «Құдай!» – десіп, Биылғы жыл құйрық пен бауыр жесіп» слова «құйрық-бауыр» могут восприниматься для представителей других национальностей как анатомическое название или как блюдо, но не каждый может знать что, в казахской культуре «құйрық-бауыр» это традиция сватовства, традиция двух сторон, где кто-то выдает дочь, а другой принимает невесту. Хотя это обряд сватовства, в действительности в казахской национальной традиции он занимает особое место. Когда сватовство происходит по согласию обеих сторон, то они вместе с құйрық-бауыр преподносят специальные подарки друг-другу. При этом все сваты должны пробовать это блюдо. «Құйрық-бауыр» является законным признаком сватовства – закреплялся как документ. Ясно, что такие слова и словосочетания как, *қонақжайлық, құйрық пен бауыр жегізіп* отражает культуру казахской мыслительной системы.

Как известно, с древнейших времен казахский народ летом переезжая на жайлау, зимой возвращаясь на зимовку, вел кочевой и воинственный образ жизни. В традициях кочевого народа есть свои особенности и грани. То есть перекочевка в жизни народа имела свои особые характеристики. У поэта: в произведении, «Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста» строки «*Жаз болса ауыл үй боп ыңғай қонып. Басында Ақшақолдің жаз жайлауда, Қошпелі қазақ болып қырга шықты*» дают понять что казахи вели кочевой образ жизни. Об этом тюрколог В. В. Радлов писал: «Характер, поведение, традиции, система мышления, одним словом вся жизнь и действия народа непосредственно связаны с кочевьем». Таким образом, можно сказать, что Машхур Жусуп описывает особенности языковой культуры мира в казахском языке при помощи своеобразных традиции, присущих только казахскому народу, и национальной культуры, отличающейся от других народов.

Понятие общего мировоззрения основывается на объективных и субъективных факторах. Воображение автора в произведении относится к субъективному фактору. Но из этого не следует, что мировоззрение поэта абсолютно субъективна, потому что он формирует его, опираясь на объективные факторы, основанные на мировоззрении истины и опыт нации. То есть на формирование мировоззрения поэта, писателя влияет определенный исторический период, социальная среда в обществе, национальная картина мира. Она проявляется и рождается через слово. Слово – знакомит нас с

мировоззрение поэта, показывает его отношение к окружающему миру, позволяет определить место в культуре.

Определяющая самобытность любой национальной, языковой картины мира является сравнение, метафора, и.т.д. На основе этих языковых механизмов познается картина мира. Если говорить о сравнениях в поэзии Машхур Жусупа, то сравнения поэта отличаются тем, что неожиданными сравнениями друг с другом различных предметов и явлений. Например: в строках «*Дүние өтер бәйге атындай желіп шауып* (Промчится жизнь как конь на скачках)» [8, стр. 80] или «*Барады өтіп гұмыр аттай шауып* (Скачет, проходит жизнь как конь)» [8, стр. 193] говорится, о том как быстро проходит жизнь, подобно скачущему коню. В следующих строках: «*Жібермей жүр шығуға биік өрге, Қорғалатар қайдағы тау мен жерге. Ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып, Күндекүнде түсіріп қара терге*» [8, стр. 027], здесь сочетание «*ұйтқып соғу* (дуть напористо)» в прямом значении означает «*желдің тез көтеріліп, кері үйіріле соғуы* (резкое дуновение и обратный порыв ветра)» [8, стр. 856]. Но в отличии от прямого значения этих строк, есть и своеобразный художественный контекст «*ұйтқып соққан боран суреті* (картина порывистого бурана)», передающий образ эпохи не всегда поддающийся твоим желаниям.

В произведении Машхур Жусупа «*Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз*» истинная картина его эпохи тоже передается через сравнения: «*Үлгісі чиновниктер осы болып, Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан. Құрметлі ел билеген әкімдер де, Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан. Бас салып мұңлы-зарлы, кем-кетікті, Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан. Әркімді арбауына түсірем деп, Түлкіше құйрықтарын бұлаңдатқан. Жүзіме көрінгендер сөз салсын! – деп, Өз бойын тоты құстай сылыңдатқан*». В данном куплете разоблачается несправедливое насилие власть имущих над слабыми. Здесь образы «*қасқыр (волка)*», «*жылан(змеи)*», «*бүркіт (беркута)*» даются как отрицательные, и изображаются как обладатели большой и внушительной силы. Но *түлкі (лиса)* символ – хитрости, *тоты құс (жар-птица)* – символ красоты.

По мнению исследователей, метафора является главным средством образительности. Метафора напрямую связана с процессами концептуализации, системой оценки пользователя языка, понятием о вселении, а также его способностью находить сходство между групповыми объектами. С. Сыбанбаева заключает: «Концептуальная метафора это новое понятие, «возникает в



результате метафорического процесса, целью которого является создание концепта», – констатирует она, и что концептуальная метафора – это получение название абстрактных и не абстрактных понятий, возникших в результате закономерностей мыслительного процесса, таких как аналогия ассоциация в познании человека, так же получение нового лексического значения названия старых слов языка» [9, стр. 19]. «А авторские метафоры представляют ее создателя как языковую личность, с характерными поэтическими, философскими особенностями мышления. «Философские размышления и художественная деятельность связаны с особым осмыслением бытия человека и окружающего его мира. При таком понимании нормальные явления воспринимаются по-новому и имеют различный оттенок» [9, стр. 38]. Например, авторская метафора в поэзии Машхур Жусупа: «*Доңгелегі шыр айналған заман* (Время, когда колесо крутится без остановки» [7, стр. 12], в познании поэта – это устройство, вращающееся колесо времени. При этом состояние работы устройства сравнивается с ходом времени. Время – это неодушевленное устройство, не знающее остановок.

Метафора, являющаяся результатом личностного познания поэта, это: «*Сөз – бір жүк: басқа мақұлық көтере алмас* слово – это груз: одолеть другим существам его не под силу» [7, с. 140]. В познании автора слово воспринимается как весомый предмет. Здесь автор дает возможность сравнить его веса с силой слова. Слово – вещь с могущественной силой. Его не каждый может одолеть, под силу он лишь тому, кто понимает его достоинство, подсыл.

Машхур Жусуп создает уникальный художественный мир, используя и преобразуя простые слова в поэтический язык. Это показывает силу мышления поэта при создании ассоциативных образов языковой картины мира. Если обратить внимание выбору альтернативных словесных лексем в поэзии акына, то видим что он использует своеобразные, свойственные только ему манеры наряду с общеизвестными аналогиями.

Особенностью поэзии Машхур Жусупа являются его взгляды на жизнь, в выражении своего мнения к окружающей действительности. Они передаются через языковые средства, в результате чего формирует информационную систему. Это отражается в его концептуальных выводах о вселенной.

В заключение, можем сказать, что национальное познание в целом повторяется в сознании человека. Язык его объективизирует. Мышление и язык имеют тесную связь между собой. У казахского

Адвентистер баптистік салт-жораларды (шоқындыру, нан үзіп ауыз тию, неке қию, басына қолын қою) сақтай отырып, бесінші – нан үзіп ауыз тию алдында аяқтарын жуу рәсімін енгізген. Оның барысында ер адамдардың аяқтарын ерлер, әйелдердікін әйелдер жуады. Бұл рәсім қоғамның барлық мүшелерінің теңдігін, кішіпейілділік пен адамдардың бір-біріне қызмет етуге дайын болуын білдіруі керек. Шіркеудің барлық мүшелері үшін өз табыстарының оннан бір бөлігін қауымдастықтың кассасына төлеу міндетті болып есептеледі [1, 218 б.].

Жаңа діни ұйымдарға діни ілімдері мен культтерінің тұрақсыздығы, құбылмалылығы (транзитивтілігі), топтық қауымдастыққа тән мүшелердің өзара әрекеттесуі, олардың салыстырмалы түрде жоғары ұйымшылдығы және де топтың барлық мүшелеріне тән ортақ белгілердің болуы тән. Діни ілімдері мен культтерінің транзитивті сипатына байланысты жаңа діни

ағымдар дәстүрлі діндерге қарағанда қоғамның әлеуметтік-саяси жағдайына, уақыт талабына және т.б. әлдеқайда жеңіл әрі жылдам жауап қатады.

Жаңа діни ағымдардың адепттермен жұмыс істеу әдістері өте қарапайым: олар өздерінің діни ілімдерін қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізеді. Олар қарапайым және қолайлы уағыздарды айтады, олардың адамдармен күнделікті өмірде қолданылуы ескеріледі. Барлық діни рәсімдер мен жоралғылар өте әсерлі және қызықты өткізіледі. Пасторлар мен пресвитерлер қарапайым киім киеді, сондықтан олар келушілерден ешқандай ерекшеленбейді [9, 31 б.].

Көріп отырғанымыздай, христиандық жаңа діни ұйымдардың идеологиясы мен діни тәжірибелері католицизм және православие діндерінің дәстүрлерінен айтарлықтай өзгеше. Жаңа діни ұйымдар соңғыларына да үлкен қауіп төндіруде. Біздің елімізге келсек, жаңа діни ұйымдардың қызметі әсіресе жастарды адастыруда, ұлттық құндылықтарымыз бен руханиятымызға орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Жалпы, жаңа діни ұйымдардың идеологиясы мен діни тәжірибелері дінді жеңілдетуімен, жаңашылдығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Сол арқылы мұндай ұйым жетекшілері өздерінің қатарын көбейтуді мақсат етеді.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) гранты негізіндегі №АР19175872 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру аясында жазылды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кучер О.Н. Христианство. История и современность. – Ростов н/Д.: Феникс, Харьков: Торсинг. 2004. – 320 с.
- 2 Дворкин А.Л. Сектоведение. – Нижний Новгород: Христианская библиотека, 2006. – 813 с.
- 3 Евдокимов А.Ю. «Новые» религиозные движения. – Москва: Рема, 2011. – 242 с.
- 4 Карпизенкова Т. В чем отличие христианской веры от баптистской? [Электронды ресурc]. – URL: <https://medyn-zarya.ru/also/v-chem-otlichie-xristianskoj-very-ot-baptistskoj/> [сайтқа жарияланған күні 25.05.2012].
- 5 Киян В.И. (пастор церкви «Благодать»). Правда о баптистах [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=8OA9XYod9Q0> [сайтқа жарияланған күні 04.04.2011].



6 Курочкин А.В. Растительная символика календарной обрядности украинцев / Обряды и обрядовый фольклор. – Москва: Наука, 1982. – 280 с. – С. 138-163.

7 Как совершается крещение в церкви мормонов? [Электронды ресурc]. – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=U7FPSuZzybg> [сайтқа жарияланған күні 01.05.2016].

8 Антоненко С.Г. Мормоны в России. Путь длиной в столетии. Опыт историко-культурного исследования. – Москва: Родина, 2007. – 304 с.

9 Mustafina Zh.D., Borbassova K.M., Maden A.T. Ideological and symbolic features of the new Christian movements // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. – 2019. №2 (68). – P. 22-33.

### ӘЛЕМДІК АДАМГЕРШІЛІК ҰСТАНЫМДАҒЫ МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ҒАҢЛИЯ СӨЗ ӨНЕРІ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТАШЕКОВА А. Т.

педагогикалық ғылым магистрі, аға оқытушы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының алдына қойған ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Халқымыз «Тәлім сөз – тәрбие құралы» деп бекер айтпаған. Ұлы адамдардың өнегелі сөздері мен ғибратты ақыл-кеңестері арқылы «Адам деген ардақты ат», «Адам болам десеңіз...» және тағы да, басқа жастарға рухани азық, ұлағатты тәрбие беретін кітаптар өте көп. *Сезімге, санаға және мінез-құлыққа ықпал жасау бірлігі ұстанымы* адамгершілік тәрбиесі құралдары мен әдістерін тандап алуда кешенді көзқарасты талап етеді.

Тәрбиелік іс-шара мазмұнын белгілеуде оның адамда көңіл-күй тудыратындай болуын, түсініктілігін, айналадағы өмір туралы белгілі бір ұғымдар қалыптастыратындығын, саналы мінез-құлыққа тәрбиелейтіндігін ескеру керек. Адамгершіліктің негізгі қағидалары – кешірімді, ізетті, әділ, рұқсат сұрау, кешікпеу, сабырлы және қайырымды болу сияқты жақсы қасиеттерді бойына дарытқан адам ешқашан дөрекі қылық жасамайды. Бала күнінен әдепті болып өскен жастар ата-ананың, Отанының мақтанышы болады. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – жеке тұлғаның әдеп ұстанымы мен қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасында маңызды.

Әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келген ұлттық психологиялық ерекшеліктің болғаны. Сондықтан барлық халықтың мақсаты өзінің ұрпағына тәрбие беруде күнделікті айналысатын шаруашылығын, шұғылданатын кәсібін ұлттық психологиялық арнада ұйымдастырып және рухани адамгершілік тәрбиесімен ұштастыра білген. Адамның түрт түрлі өлшемі бар: биологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік. Бұл өлшемдер өзара байланысты.[2, 37- б]. Осы төрт өлшемде байланысты адамның бойындағы кісілік тұлғалық қасиеттері үш дәрежеге бөлінеді:

Әр адамның өзіне тән психологиялық ерекшеліктері болады, өмір сүру ортасына байланысты адамдар бір-біріне ұқмайды.

Адам әртүрлі елдердің, тарихи дәуірдің, материалдық-рухани мәдениетімен жетістіктерін үлгі алады. Оған әлеуметтік, этикалық, ұлттық ортасы әсер еседі. Сонымен қоғамға, тарихи ортаға байланысты. Қалыптасқан білім және тәрбие жүйесінен сабақ алады. Осының бәрі адамның жан дүниесіне әсер етеді.

Адам адамзат қауымының мүшесі. Шыққан нәсіліне, туысына, ұлтына, туған жеріне тәуелсіз, барлық адамдарда ортақ адамгершілік қасиет болады: батырлық, ерлік, сатқындық, мейрімділік, қатігезділік, әділдік т.б. Осы рухани-психологиялық қасиеттерді адам бойында қалыптастыратын – тәрбие. Халық батыры Бауыржан Момышұлы: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырларды биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі ретінде санаған. Батырлық, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүрі болып қала бермек. Өткенін білмеген, онан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы - тұл, келешегі – тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық» — деген.

Демек, рухани-психологиялық қасиеттердің бірі – ерлік болса, ол тәрбиеден бастау алады. Әр халық өзінің ержүрек батырларын, олардың елін, жерін қорғана батыл істерін мақтан етіп үлгі өнеге алған. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрім-тәрбиесі, ұлт қаһармандының өмірі мен ерлік істерінің тарихы, даналық сөздері – адамгершілік тәрбие беруде үлкен роль атқарады. Қазақ халқы сөзді қадыр тұтқан, қастерлеген, өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, тәрбиелік мәні бар сөздерді тәрбие құралы ретінде пайдаланған. Осындай өреде қызмет жасаған қазақ халқының данагөйі, фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан – 5–6; ғашықтық жырдан – 2-3; қисса-дастандардан – 11-12; тұрмыс-салт жырларынан – 30-40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200–300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың кара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30–40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы, т.б. нұсқалары бар. Осы фольклорлық мұралардың мазмұнын жүйелеп, бәрін адамды тәрбиелеу жолына пайдаланады.

Адам баласының сан қилы, мын саналы жолмен дүниенің құпиясын анықтап, оны ішкі жан дүниесімен түсініп, сыйлап, негізгі ойымен ұштастыра білуде жатыр. Олай болса, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетті рухани қоғамдастықтың нәтижесі. Толып жатқан түсінбеушіліктің, түрлі қайшылықтарының болуы, дұрыс қарым-қатынас жасай алмауынан. Ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп өз еңбегінде адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселелерін қарастырған. Адамдардың ойлы, парасатты болуының қажеттілігі «адам» деген ардақты атақты алып жүрудің өзі бақыттылық екенін айтқан. Адам арасындағы қарым-қатынас мәселесін философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыда қарастырған. адамдар арасындағы қарым-қатынастың бірі - адамгершілік мәселесіне тоқталған.

Мәселен, Мәшекен: Шын жақсының бойында болмас кегі.

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп,

Жұмысын жабдықталсын ерте бітіп.

Қолына қармағанмен түк түспейді,

Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп.

Әділетті сүюге үндейтін ойларына тоқталайық.

Дүниемен болып жүрмін мен екі ұдай, Өурелік балалығым бұрынғыдай. Қараумен өз бойыма күнімді өткіз, Басқаға көз салдырма, Патша Құдай, – дейді. Енді бірде сол әділдік жолындағы күрестің оңай емес екенін былайша тұжырымдайды:

Хақылықта, туралықта тұрамын деп,

Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай ...

Құндылық қоғамның моральды қатынастарының көріну формасы ретінде әрекет етеді. Сондықтан құндылық біріншіден, жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және олардың адамгершілік әрекеттері немесе адамгершілік сипаттары, екіншіден, моральдық нормалар, принциптер, мұраттар, қайырымдылық, әділеттілік, бақыт ұғымдары деп айқындалады. Осы ретте Мәшһүр Жүсіп – Ғибрат ал, ей, ағалар, мына сөзден, Жастықта тәубе қылып иман ізден, - деген екен.

Адамгершілік қасиеттер өзекті мәселесі қайырымдылық пен қайырымсыздық, жақсылық пен жамандық, ерлік пен ездік – адамдық қасиеттің бір-біріне қарама-қарсы сипаттары. Мәселен, халқымыз қайырымды, бойындағы бар қасиетін халыққа жақсылық жасауға арнаған адамды «Ел қамын жеген ер», «Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей», «Жақсы туса — ел ырысы, жаңбыр жауса — жер ырысы», «Жақсы келді дегенше, жарық келді десенші» деген мақал-мәтелдер арқылы жұрт қамын ойлайтын абзал азаматтың портретін алға тартады. Керісінше, қара басының қамын бәрінен жоғары қоятын өзімшіл, алдамшы, опасыз жандар жайында: «Жаман қорыққаннан сыйлайды», «Жаман адамға мал бітсе, жақынын танымас», «Бір жаман мың қолды ірітер, бір құмалақ бір қарын майды шірітер» деп, жас ұрпақты мұндай жаман қасиеттерден аулақ жүруге шақырады. Халық даналығы жақсы мен жаманды салыстыра суреттеп, сайып келгенде, жақсының жақсылығын халыққа тигізер пайдасына қарай бағалайды. Міне, осындай даналықтың мәнін сипаттайтын мақал-мәтелдерді сабақтарда бүгінгі қоғамға талдау, түсіндіру арқылы оларға адамгершілік тәрбие беруге болады.

Халық адамгершілік қасиеттің жоғары түрі – ар-ұят, намыс, ождан сақтау деп біледі, «Жаным-арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті», «Ақылың болса — арынды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Жігіттің құны — жүз жылқы, ары — мың жылқы» іспеттес мақал-мәтелдер соның айғағы.

Мәшһүр Жүсіп имандылықтың биіктігі – адамгершіліктің нәрлі шырыны деген екен.

Исламның бес парызы біреуі – иман, Таппайды бұл бесеуін дүние жиған. Ықтият, шын ниетпен жұмыс қылып, Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған.

«Ағаштың бойында гүрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан. Әй, жігіттер, естерінде болсын, оны «шайтан» – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денене арам қан боп кіріп, жүрегіңе барып, жүрегіңді толқытып, өзінді бұзады. «Шайтан» деген өзіңнің

ойың...» Ақын адам атаулысына ортақ тазалықтың 7 ережесін ұсынамыз:

«Қол тазалығы». Бұл ешкімің ала жібін аттамау, артық затын алмау деген сөз. Мұнымен қатар айналамыздағы жағдайы жоқ адамдарға 1/40 немесе 1/10 үлесімізді беруіміз керектігі жайында айтылады.

«Құлақ тазалығы». Өсек, мақтан, өтірік сөзді, қорқақ, ашушаң және жігерсіз адамдарды тындаудан бас тартуымыз керек. Алтын уақытты бос сөз өлтіреді.

«Көз тазалығы». Көзді көреалмаушылықтан, кектен, қызғаныштан аман сақтау.

«Тіл тазалығы». Тілімізді жаман, былапыт, бос сөздерді айтудан сақтандырғанымыз абзал. Үнсіздік алтынмен тең.

«Тән мен киім тазалығы». Бұған гигиеналық тазалықтың да қатысы бар. Яғни тән мен киімді әрдайым таза ұстау.

«Ой тазалығы». Бұл – ойымызды жамандықтан арылту. Әрдайым позитивті ойлауға шақыру. Өзімізге жанашырлықпен қарауды доғару. Одан біз не ұтамыз? Орнына жарқын болашаққа жақсы бастамалармен аттанғанымыз жөн.

«Жан мен жүректің тазалығы». Рухани құндылықтарымызды жоғары қоюмыз керек. Өзгені сүйіп, қайтарымына еш нәрсе сұрамаңыз. Махаббат пен сүйіспеншілік – нағыз бақыт.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жанмен қатар, дене яғни тән туралы да сөз етеді. Екеуінің ажырамас байланысы туралы тың тұжырымдар келтіреді. Мәселен, адамның дұрыс өмір сүруі үшін: таза ауа, жақсы тамақ, қозғалыс, ұйқы, жақсы көңіл күй, ашудан аулақ болу қажет екенін айтады. Осы алтауы адамның саулығы мен амандығын қамтамасыз ететін қасиеттер деп түйіндейді автор. Бұл ойларға заманауи көзқараста мән берсек, бүгінгі іскер қоғамның кәдесіне қажетті пікірлер екенін көреміз. Бұндай сипаттағы сөздер қазіргі таңда батыс психологтарының кітаптарында көп жазылады. Ал Мәшһүр бабамыз болса бұны ХХ ғасыр басында айтып кеткен болатын. Демек, біз өмірімізге қажетті ілімді сырттан іздемей-ақ, Мәшһүрдің еңбектерінен оқып алуымызға мүмкіндік бар екенін ескеруіміз керек. Бұл тағы бір мәрте ғұлама еңбектерінің өзектілігін дәлелдейді.

Мәшһүр Жүсіп көркем мінез туралы айтқанда, әдептілік жөнінде құнды пікірлер келтірген: «Ердің шарапатты болуы – ғылым біліммен, әдепті болумен. Әдеп – діннің қақ жартысы. Әдепсіз болған соң, дін жарты болып қалады екен». Мінез немен

бұзылады деген сұраққа автор былайша жауап береді: «Мінез бұзылғанда, ашуланшақ болумен бұзылады. Адам әуел бастан, құлын жастан ашуды жұтып үйрену керек. Мінезді екінші бұзатұғын нәрсе – күншілдік. Күншіл болудан күн бұрын аулақ қашып, алыс жүріп үйрен. Мінезді үшінші бұзатұғын нәрсе – қырыс дүние. Дүниеге махаббаты кеткен адам, көзі-соқыр, құлағы – саңырау болады. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – төкаппарлық. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – нәпсіқорлық. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – өтегендік, өрлік. Мұндай кісінің мінезі адыр-бұдыр келеді. Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – кінә сақтап, кекшіл болу. [5, 12-б]. Бұрынғылар айтқан: «Қас жақсының өкпесі// Торғын орамал кепкенше.//Қас жаманның өкпесі//Басы жерге жеткенше! – деген халық нақылымен бекітеді.

Білімі мен мінезі келіскен адам нағыз зиялы екені анық. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Халыққа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» дегенді айтқанда зиялының идеалды тұлғасын нақты түсіндірсе керек. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы білімді кісі алдымен халқына мінезі арқылы жағатыны туралы жазады: «Адам деген – бір жалаңаш нәрсе, оны жұрт көзіне киім түсіреді. Сонда мінез, ғақыл сөз болар киім есепті. Осылар көркем болса, жұрт көзіне сүйкімді, көрікті көрінеді. Егер мінезі жаман болса, ақылы жоқ болса, сөз ретін білмей сөйлесе, киімі жаман кісі есепті болып, жұрт көзіне сүйкімсіз, жексұрын көрінеді». Түйіндеп айтсақ, ұлттың ұлы ғұламасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әдеби мұрасы дидактика мен өсиет сөзге бай.

МәшһүрЖүсіп Абай Құнанбаевтың да үлгілі сөздерін қағазға түсіргенін есте ұстаған жөн. Жалпы жиналған мақал-мәтелдердің көпшілігіне дерлік МәшһүрЖүсіп анықтама беріп отырған. Яғни ол мақал – мәтелдердің қандай жағдайда, не себептен туғандығына, ел арасында не үшін қолданылатынына, о баста қандай мағына бергендігіне, тіпті қай заманнан бері айтылып жүргендігіне де т.б. назар аудартады.

Мәшһүр-Жүсіп жинаған мақал-мәтелдерді төмендегіше топтастырып көрсеткен: Өнер-білім туралы; Ынтымақ-бірлік жайында; Адамгершілік-сыйластық жайында; Адамның мінез-құлқы жайында; Денсаулық турасында; Ел мен жер жайлы; Еңбек туралы; Озбырлық-жауыздық жөнінде; Әділдік жайында; Барлық пен жоқтық турасында; Семья, қоғам хақында; Мал туралы.; Бұл тақырыптағы мақал-мәтелдердің жіктелісіне қарағанда, Мәшһүр-Жүсіп халықтың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, адамның түрлі

мінез-құлықтарына т.б. байланысты туған мақал-мәтелдер тобын мол жинаған. Бұл ғажалия ойлар мен мақал – мәтелдер жиынтығы адамгершілік энциклопедиясы деп атауға болады.

Бес қымбат

«Ең әуел керек нәрсе иман»-деген,  
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!»- деген!  
«Құдай кешірет!»-дегенмен, іс бітпейді,  
«Иман шартын білмесе, есен(ибан)»- деген.

«Екінші керек нәрсе- ғақыл» –деген.  
«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!»-деген.  
«Аз іске ашуланып , дінін бұзар,  
Иманын кәпірлікке сатар!»-деген.

«Үшінші қымбат нәрсе- сабыр!»-деген,  
«Сабырлысы Мұратын табар!»-деген.  
«Әр істе сабырсыздың тәубе-зорлық,  
Сабырсыздық басқа пәле салар!»-деген.

«Төртінші, қымбат нәрсе шүкір»-деген,  
«Нығыметке шүкірсіздік-күпір!»-деген.  
Жаққан жерден: «Құдай кешір!»- деген-қорлық,  
«Себеп іздеп тура жолмен жүгір!»-деген.

«Бесінші, қымбат нәрсе-әдеп»- деген,  
Әдепсізде иман тұру ғажап!»-деген.  
«Кәпірлік- әдептіде тұрмағандай,  
Әдеп деген Махаббатқа себеп!»-деген.

Мәшекең өз туындысына «иман, ақыл, сабыр, шүкіршілік, әдеп» сынды бес қымбат дүниені арқау етеді.

Мәшһүр: «Бү дүние – бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын – ақиқат сөз. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізетінен адамның жаны рахат алар. Сөз жүгінің самалы Хазірет Жәбірейіл ғалайсалам болды Сөз – адам жанының, жүрегіннің – шамшырағы, » – деп айтқан. Бұл дегеніміз бірыңғай дінге емес, сөз құбылысына берілген анықтамасы. Түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі. [4, 25-6]. Ана тіліміздің құдіреті мен қуаты, оның функционалды қызметімен «Түгел адамның» адамгершілік қадір – қасиетін көрсете білді.

Жеті жетім.

Тыңдамаған сөз жетім,  
Киюсіз тозған бөз жетім,  
Иесіз қалған жер жетім,  
Басшысы жоқ ел жетім,  
Аққу- қазсыз көл жетім,  
Замандасы қалмаса--  
Бәрінен де сол жетім.

Тірлік пенен денсаулық баста бағым,

Онан соңғы байлығым – тіл мен жағым

Тіл алсаң қол қысқартып, тіл ұзартпа,  
Ауыр жүк асқар таудай мойныға артпа.  
Дұшпан біліп қоймасын сырды десең,  
Жанкүйер досыңа да сырыңды айтпа!

Дәуірдің кемеңгер ойшылы өзінің ақындық, азаматтық ұстанымынан таймай, ғұмырын ел игілігіне арнады. Адамзат ақыл-ойының тереңінен сусындап, өз халқының рухани әлемін байытты. Тұтас бір тарихи-әдеби дәуірдің идеялық-көркемдік бейнесін жан-жақты сомдаған Мәшһүр Жүсіп бабамыздың рухани дүниесі әр қазақ үшін құнды мұра деп есептейміз. Рухани серпілістің, яғни адамгершілік кеңістігінің күш – қуаты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сүбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш.- Алматы: ҚР ОҒК.- 1999. - Б.47-50.
- 2 Тугаринов В.П. Избранные философские груды. — Ленинград. Изд. Ленинградского университета, 1988. — 344 с.
- 3 Қасқабасов С.А. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ фольклористикасы. // Қазақ фольклористикасының тарихы. - Алматы: Ғылым, 1988. -Б. 138.
- 4 Көпейұлы М.Ж. Иман. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008.– 69 б.
- 5 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Сөз жүгі. Шығармалары: 12-томдық. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. – Т. 12. – 363 б.



## ХАЙУАНАТ ЖАЙЫНДАҒЫ ЕРТЕГІЛЕР

БАЙЖАНОВА А. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Хайуанат жайындағы ертегілер – барлық елдердің ауыз әдебиет қорындағы сияқты, қазақ халқының ауыз әдебиет қорында да ескі ертегілер түрінің бірі. Тарихтан бұрынғы дәуірлер мен Қазақстанда феодализмнің ең алғаш орнау стадиясынан бастап, XIX ғасырдың ортасына дейін созылатын феодализм дәуірі осы ертегілерде көп елес береді. Бұл алуандас ертегінің де ұзақ ғасырлар бойындағы қоғамдық-тарихтық халдері, экономикалық жайларды, еңбек иесі болған халықтың таптық арман, мүддесін әр алуан түрде көрсетіп отыратыны мәлім. Сондайлық мән, мағына бұл үлгілерде де аса мол, терең және өзгеше қымбат қазынадай деп тану керек.

Хайуанат жайындағы ертегілер жөнінде Ленин айтқан өзгеше ғылымдық зор мәнді пікірлер бар [1]. Добролюбов та хайуанат жайындағы ертегілерге айрықша мән беріп, көп көңіл бөледі. Бұл ертегілердегі еңбек елінің жуан, содыр, айлалы, зорлықшыл, әкімдеріне, неше алуан қанаушыларына қарсы арналған сын мен ызалы қарсылық ойы мол екенін ол адамдар ашып айтысқан. Әсіресе, тап тартысының бітімсіз қайшылықтары көрсетілетіні аталған. Және сатираның ең бір өтімді, көпшілік көңіліне қонымды, шебер, келісті құрылыстары осы хайуанаттар жайындағы ертегілерде тамаша тапқырлықпен көрсетілгені айтылады.

Хайуанаттар жөніндегі ескі ертегілерді аңдасақ, кейбіреулерінде өте көне заманды, жанды-жансыз табиғат турасындағы бұлдыр түсініктерді байқаймыз. Ондай ертегілер хайуанаттармен байланысты туған мифтік, діндік түсініктерді, әр хайуанды ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған тотемдік түсінікті аңғартады.

Бұл жөнінде мифтік, діндік ұғым-нанымдар көп ертегілердің тууына түпкі себеп болғанын есте тұту қажет. Сол ретте қазақ халқында кейбір аң, құс, хайуанат жөнінде өте ескі замандарда сол жәндіктерді ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған ескілікті, шалағай, бұлдыр ұғым-наным, жартылай діндік тотемдік түсінік бар екенін көреміз. Бұндай жәндіктерді дағдылы тіршіліктегі қалпынан, болмысынан, шындық бейнесінен өзгертіп ауыстырып әңгімелелейді. Оны жат сырлы өзгеше сипатты етіп таңдана суреттейді: «Қасқыр мен жігіт» [2], «Байғыз» [3], «Қөгірінші ертегісі» [2] т.б.

Ғажайып күшіне, құдіретіне қатты сенгендіктен, иланып, табынғандық та болады. Осының салдарынан талай елдердің ескі ерте тірлігінде әр түрлі жыртқыш аң, немесе үй хайуандарының кейбіреулерін киелі, құдіретті деп қастерлеу болған. Ие, кие, қуаты бар деген хайуанат ішінде: арыстан; аю, қасқыр, жылқы сияқтылар болғаны бар. Кейбір ескі діндер бұл нанымды діндік шарт, парыз етіп көтергені де көп.

Қазақ халқының да ертегі ескілігі мен көне дініне қарасақ, сол жаңағы нанымдарға көп орын берілгені байқалады. Осы текті ертегілер қазақтағы хайуанат жайындағы ертегілер ішіндегі ең ескі ертегісі болу керек. Мұнда мифтік, тотемдік (белгілі аң, хайуанды киелі санап, қастерлеу) нанымдары бар. Сондай аңның бірі – қазақ ертегісінде қасқыр болады. Бізге мәлім қазақ ертегісінің ішінде қасқыр екі түрлі әңгімеленеді. Бір түрінде, ең ескі түрінде, қасқыр ертегі ішінде әрі қасқыр, әрі адам жынысына киелі дос болып әңгімеленеді. Екінші түрінде қасқыр өзінің дағдылы қасқырлық, қастан мінезімен суреттеледі.

Алғашқы түрдегі әңгіменің мысалы – «Ақ қасқыр» ертегісі. Мұнда жас жігіт жат үнгірдің ішінде ақ қасқырға, қаншық қасқырға үйленеді. Қасқыр күйеуіне қырық күнге шейін шыда, не көрсен де көнбіс бол дейді. Қырық күнге шейін ол қасқыр кейпінде болады да артынан әсем адамзат қалпына түседі. Елден асқан ақылды, асыл жар болып шығады. Сынына шыдаған ерін бақ-дәулетке жеткізеді.

Қасқыр тағы бір ескі ертегіде адамзатын құбылып алдайтын қас күш болып суреттеледі.

«Күйеу қасқыр» деген ертегіде жас, жақсы қызды қасқыр күйеу болып алады. Басында қызды айттыра келгенде қара жорға ат мініп, қара құлын жарғақ киіп, қара түлкі тымағы бар, әлемде жоқ сұлу, сымбатты жалғыз жігіт болып келеді. Оңаша шыққан соң, аунап түсіп, көкжал қасқыр бола кетеді. Бұл ертегі қазақ әйелінің халін аса аянышты, қайғылы күйде суреттеумен қатар, тағы да қасқырды адамға қатал, ерекше күш иесі, дұшпан қып сипаттайды. Киелі, сиқырлы жау етіп ұлғайтып көрсетеді.

Бұл жай қазақ әйелінің патриархалдық үй ішіндегі халімен байланысты бір жайды еске түсіреді. Ол – үй ішінде қазақ әйелі күйеуге тию кезеңінде қатты үркіп, уайыммен жасқанатын. Өйткені қалыңмалға сатылған, ата-ананың бұйыруымен өзі білмес елге, ерге алғаш аттанып бара жатқан қыздың бәріне алдыңғы өмір тас қараңғы, қорқынышты, күдікті жұмбақ болатын. Әйел халінің осындай күйін Польша Лафарг өте дұрыс, терең күйде бейнелейді. Қөп

елдерде «...әйелді ерінің артынан еруге зорлап, күшпен көндіретін. Үйлену зорлықпен аралас болатын», – дейді ол. Және де осы жайдың сырын аша келіп Лафарг: «күйеуге тиюден қорқу патриархалдық үй ішіндегі өмірден туған ең алғашқы қатты қорқыныштан, қауіптен тарайтын», – дейді.

«Сырттандар» деген ертегіде қасқырдың, иттің, жігіттің сырттаны, аттың тұлпары алысқа араласады. Бұл ертегіде қасқыр нақтылы айқын, қастан күш, адамға өш, зұлымдықтың жиынтық бейнесі болып кейіптеледі. Қасқыр сырттаны жалғыз баланы туысымен жемек болады. Баламен бірге оң жау тағдыры, қазасы қоса туған болады. Сол жігітпен бірге оның дос, серігі болып, ажалына арашашы ретінде құлын-тұлпар да қоса туады. Кейін жігітке жәрдемші болып ит сырттаны араласады. Сол ат, ит достығы арқылы қасқыр сырттаны жеңіліп, жігіт аман қалады да, үлкен сыннан өтіп, үлкен шыңға шығады.

XIX ғасырдың орта кезіне дейін созылған ұзақ дәуірлер бойында хайуанаттар жайындағы ертегілерде көп құбылыс, өзгерістер, жаңғыру, даму кезеңдер болғанын аңдаймыз. Бұл ертегілердің сондай жайларында тарихтық әр алуан дәуірлердің өзгеріс құбылыстары айнаға түскендей әсер етіп, елес беріп отырады. Осы жөнінде Сталиннің «қоғам дамуының әрбір жаңа дәуіріне байланысты мәдениеттің де бар мазмұнымен өзгеріп отыратыны» жөніндегі ғылымдық ойларын есте тұту шарт.

Әсіресе, фольклорды зерттеуде осы уақытқа дейін өте аз ескерілген көркем тіл, көркем стилін халықтық-поэзиялық шығармалардың ерекшеліктерін талдау проблемасымен байланыстыра ұғыну қажет.

Осы тұрғылардан қарағанда, хайуанаттар жайындағы ертегінің де совет фольклористикасы ашатын ең мәнді ғылымдық-тарихтық зор мәселесі: халық ауыз әдебиетінің идеялық мазмұнын ашуда. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің сол өзгешеліктері көп кезде ірі сатира түрінде келетінін еске ала отырып, қазақтағы бұл алуандас ертегідегі сатиралық элементтерді айқындап ашу қажет. Көркемдік шеберлік ерекшеліктерін алғанда қазақтың да хайуанат жайындағы ертегілерінің бейнелегіш образдары тамаша келеді. Уақиға тартыстың сұрыпталып, сығымдалған жинақтылығы және дөп тигіш мәнділігі айрықша талдауды қажет етеді. Көркемдік қасиеттерін, поэтикасын талдауда бұл ертегілердегі жәндіктерді сөйлестіру – диалог формасы ерекше келтірілетінін есте тұту қажет.

Бұндағы шеберлік қасиеттің бір алуаны – бейнелеу (олицетворение). Сол тәрізді көркемдік әдістер арқылы көбінесе неше алуан айуандар, жыртқыш аңдар, қанқорлар арқылы хандардың, билердің, байлардың, ілгері-соңғы әкімдердің жайлары, таптық-қоғамдық тұлғалары көрінеді. Солардың қанағаштық сырлары ашылатынын әшкерелеу шарт. Осыған байланысты қазақтың хайуанат жайындағы ертегілері қоғамдық сатира екендігін, сол арқылы тап тартысының астары, тамыры тереңдеп ашыла отырғанын, көп уақытта юморлық, мысқыл ажуаның, өтімді, күлдіргі тілдің тамаша шебер үлгілерін танытатынын есте тұту шарт.

Бұл ертегілер де ескі заманнан келе жатқан ең көне түрдің бірі. Адамның өзінен өзге, жанды-жансыз дүниенің ішінде, ерте күннен ең көп араласатын ортасы осы жан-жануар, неше алуан дос, қас хайуанат ортасы. Ол сан алуан, сан сырлы, санап бітіргісіз жұмбағы көп, ерекшелігі, ерсілігі көп ең дүние. Есте жоқ ескі заманнан бері қарай адам сол жануар, хайуанат дүниесімен әр күйде айласу арқылы олардың алуан-алуан жаратылысы, мерзім-машығы, тілек-тәсілі, өзгешеліктері туралы көп нәрсені білген, таныған. Тіс, тырнақты жыртқыштың қалың сауыр мықтысы, қанатты, қырағы ұшқышы, су асты, жер астының жайыны мен долысы, қаскөйі мен момыны, жеміті мен жемі, ұлысы мен кішісі, әлдісі мен айласызы – бәрі де ертедегі адамды сансыз көп қиялға, ойға, тәсіл-тәжірибеге, алыс-айлаға салындырған.

Бұл дүниенің бәрінен адам қорқатын, жеңілетін, бірін керегіне, көмегіне жаратып, ішіп-жеміне жаратып, пайдаланатын. Мысалы, барлық ұзақ тарихи тіршілігін үй хайуанымен, мал атаулымен нық байланыстырған елдің бірі – қазақ халқы және қазақпен туысқан талай ескілі-жаңалы елдер. Жанағы ұзақ араласудың арқасында бұл елдер өздері істес болған жан-жануарлардың бәрін тек біліп қана қойған жоқ, олар жадында толып жатқан аңыз-өңгіме, арман-қиял, нелер сұлу, саналы жыр, ертегілер де тудырған.

Жан-жануар мінезінен адам қоғамында болатын таптық-қанаушылық, қомағайлық, қорқаулық, аярлық, долылық, кекшілдік, сотқарлық сияқты көп-көп күйлердің елесін көрген. Хайуанат тірлігімен, мінез тартыстарымен адам тірлігі, адам мінез тартысы арасында ерекше ұқсастық барын тауып таныған. Сол мінездерді ұлғайтып, адам санасындай санаға, есепке, ақыл-тәсілге жеткізіп, тіл орамға келтіріп өңгімелейтін болған.

Хайуанат жайындағы өңгіме аңыздардың бір алуаны осындай болса, мұның екі түрі бар еді. Бірінде хайуан мінез-құлықтарын

дәл хайуанның өзін суреттеу үшін айтпай, адамдағы мінез-құлыққа бейне, тұспал, мысқыл есебінде қолданылған. Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып жиренішті етіп көрсету үшін, сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп алу болған.

Қазақ ертегілеріндегі әр алуан арыстан, аю, жолбарыс, қасқырлар бейнесінде қазақтың хан, бай, уәзір, саудагер сияқты көпке залалы, тойымы-тыйымы жоқ жуан қанқор содырлары («Түлкінің алдағаны», «Түлкі, түйе, қасқыр, арыстан» [4]) әңгіме етіледі. Аталған әр алуан жыртқыш аңдар арқылы қанаушы ортаның әр тұлғалы содырларына әр бөлек мінездер беріледі. Бұл алуандас ертегілердің жалғыз қазақта ғана емес, қазақпен аралас көп елдерде бар екені мәлім. Сол ретте әсіресе, қазақ ертегісіне аса мол әсер еткен орыс халқының хайуанаттар жайындағы ертегілері екенін аңғару қиын емес. Мысалы, бір ғана аюды алғанда, оның ақылсыздау, қорқақтау және қопал, орашолақ мінезді болып келетін жайы орыс ертегісінде қандай болса, қазақ ертегісінде де және чукот, эскимос, коряк сияқты елдердің ертегілерінде де солайша қалыптанатынын аңғарамыз («Аю түлкі, қойшы» [4]).

Бұл жайлардың барлығы, Ш. Уәлиханов айтқанындай, қазақ сияқты Россия көлеміндегі елдердің барлығының ертегілеріне ерте кездерден бері қарай-ақ орыс халқының хайуанаттар ертегілерінің көп әсері болғанын көрсетеді.

Хайуан мінездерін әңгіме етудің екінші бір түрі бар. Ол хайуанды анық хайуан етіп суреттейді. Оның жанды-жансыз дүние арасындағы өз қалпы, кейпімен жүрген шындығын, болмысын адам өз түсінігі арқылы анықтап, айқындап, жетілте көрсетеді. Бұл соңғы түрде де әсірелеп ұлғайту, қосылатын кездер бар. Бірақ дәл бұл түрдегі ұлғайту, адамға айна қып көрсету емес, сол сияқты мысқыл да емес. Хайуанаттардың ерекше сырына, жұмбақ бітім жайына, өзгеше өмір тәсіліне, жат сырына тандану болады.

Біз тексеретін бір топ ертегілерде өзге хайуандар ішінде тағы да қасқыр кездеседі. Бірақ, оларда қасқыр өзге елдердің ертегісіндей анық қасқырдың өз бейнесіне жақын суреттеледі. Ондағы аңның бәрі де ескі үнді жұртының, ескі орыс ертегісінің ішінде суреттелген аңдарша адам қауымындағы өрескел, қорқау мінездеріне мысал, аллегория ретінде бейнеленген болады. Арнаулы бір келеңсіз бітім, тұлғаның қалпында кейіптеледі. Бұл алуандас мол ертегінің көптен көбі мысқыл ажуаның өзін де еңбек-тартыс тәжірибесінен алады. Айналадағы жанды-жансыз дүниеге адамның іс-әрекеті, еңбек-

тартыс арқылы қатынасуы адам қауымы мен табиғат арасындағы мысқыл етерлік ұқсастықты байқатады.

Көп ел ертегілеріндей қазақтың да талай ертегілерінде бірнеше аң, хайуан бірге жүреді. Мысалы, қасқыр мен түлкі, қасқыр, аю және түлкі, кейде қасқыр, түлкі, арыстан, түйе, аралас («Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе» [4], «Түйе, қасқыр, жолбарыс» [5]) жүреді, Бұларды ертегінің әдісінде біріктіретін әңгімелік, себеп мотив – оқыстан кезігу болады. Әрбір аң айнымас мінез иесі болады. Арыстан – өр зорлықтың, асқақ күштің иесі; қасқыр – тойымсыз қомағайлық, жеміттік мінез иесі; түлкі – пәле басы және жауырны жерге тимес, алдамшы, өзінен өзгенің бәріне іш қас, сырты дос болып жүреді. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрін мазақ етіп алдап соғып жүреді. Бұл және әр кезде хайуанаттар жайындағы әңгімелердің күлдіргісі болып араласады. Оған сөйлеген аңның бәрі «түлкі-түкім» деп, айласынан еріксіз именіп жағына сөйлейді. Өзінше бір алуан келеңсіз, ақылсыз қара күштің иесі болып аю жүреді. Орыс халқының ертегісіндей, қазақ ертегісінде аю күлкі, мақсара болып қалғыш, өрескел бітімде болады.

Момын, жазықсыздан, кен тазалықтан осы хайуандар арасында жүріп жем болатын түйе бар. Қазақтың бұл алуандас ертегілерінде («Түлкі, аю, қойшы») көбінесе қойшы араласа жүреді. Ол кейде түлкіні өзіне серік етіп, аюдай алып күштерді, айласыз қара күшті тәсілмен ұрып жүреді. Түлкі мен адам алдасып, айлақестік салыстыратыны да осы қойшы, түлкі, аю әңгімесінде болады. Қөптің ессесін жеп жүрген түлкі адамнан алданып, өзі жер қабады.

Қазақ ертегісінде түлкіні алдап женетін жалғыз адам емес, кейде елеусіз кішкентай мақұлық та болады. «Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе, бөдене» деген ертегіде: бөденеден басқаның бәрін жеңіп жүрген түлкіні бөдене алдап кетеді. Бөденені түлкі аузына тістеп тұрып, балаларыңды шақыр дегенде, бөдене «маңғыт» деп өзін шақырсаң, балапандарым келеді дейді. Түлкі «маңғыт» деп аузын ашып қалғанда бөдене «аузыңа саңғыт» деп ұшып жөнеліп, түлкіні мазақ етіп кетеді.

Хайуанат жайындағы осы алуандас ертегілердің көбі балаларға арналған күлкі, жеңіл әңгіме болып та кетеді. Мысалы, «Құйыршық» [6], «Қотыр торғай» [6], «Мақта қыз бен мысық» [4], «Шудалы торғай» [6], «Күшік пен мысық» [4] сияқты көптеген ертегілер.

Құйыршық ғажайып түрде ешкінің құйыршығынан біткен кішкентай бала болады, Ол қасқырды, жолаушыларды, үй иесін бәрін алдап, ажалдан қалып, әке-шешесіне аман-есен келеді. Бұл

алуандас ертегілер орыста да бар. «Бармақтай бала» деген ертегі кішкене балаға: «өз қайратыңа сен, қорғаншақ, жасқаншақ болма, батыл бол, тірлік үшін алысуды үйрен» дегендей үгіттерді танытады. Дүниеден адамды оқшау ету, жатырқату емес, батыл табыстыру қиялы, санасы бар ертегілер. Хайуанат жайында балалар үшін айтылатын қазақ ертегісінің бір алуаны – «Күшік пен мысық», «Қотыр торғай» сияқты кішкене жануарлар жайындағы ертегілер. Ақылсыз күшік, айлакер мысық, балаға әр жәндікті, әр кейіпті танытумен бірге баланың өз мінезіндей ойнақы күйде күлкілі, көңілді әңгімеленеді.

«Қотыр торғай» ертегісінде әңгімелік құрылыс жағынан қызық айтылатын, ерекше түр бар. «Қотыр торғай» шағымпаз, қотырын ауыртқан шеңгелге ашуланып ешкіге шағады. Ол тілін алмаған соң, қасқырға шағады, одан жылқышыға, оны байға, байды кемпір шешесіне, шешені желге шағады. Содан қайтадан жаңағылар бірін-бірі қуып, ақыры ешкі кеп шеңгелді жейді. Қотыр торғайдың кегі қайтады. Дәл осы алуандас ертегі орыста да бар. «Ешкі мен жаңғақ» деген ертегі аумаған «Қотыр торғай». Ешкі жаңғақ жеуге кетеді: Теке ешкіні қайырып кел деп қасқырды жұмсайды, ол тілін алмаған соң адамды, одан әрі аюды жұмсайды. Ақыры әңгіме қайтадан құлдилап, ертегі кейіпкерлері бірін-бірі қуып кетіп, ең аяғында ешкі жаңғақты алып, текесіне қайтады. Мұндай құрылысы бар ертегілерді, тізбекті (кумулятивный) ертегі дейді.

Қазақтың хайуанат жайындағы ертегісінің тағы бір мол тобы үй хайуандары жайында. Айнымас берік, есті дос – иттен басқа, тұлпар – серік аттан басқа «Боз інген» [4] сияқты түйе жайындағы әңгіме, ботасы өлген інгеннің зарлы шерін айтады. «Тепен көкте» [7] иелерін байытқан бөйге ат өзгеше әңгімеленеді. Малды білген, оны сүйген қазақ халқы үй хайуандары жөнінде оларды мінезді, есті, мұнды, зарлы етіп, жаны ашып, дос тұтып әңгімелейді.

Әлі түгел жиылып, жіктеліп болмаса да, қазақ халқының хайуанат жайындағы ертегілері осында саналған түрлерінің өзіне қарағанда да, мол қор екенін танытып тұр.

Әңгімелену ретіндегі тіл кестесіне қарағанда бұл ертегілер қиял-ғажайып ертегілерінен басқаша келеді. Бұнда хайуанаттарды бір-бірімен тілдестіру, әңгімелестіру көп, әсіресе, көп сөйлейтін түлкі, байғыз, қасқыр сияқтылар. Бұлардың өз мінездеріне лайық біралуан тіл, сөз беріледі. Ертектің шебер не олақ айтушы екені бұл түрлі ертегіде өте айқын көрініп тұрады. Шешен айтушының әңгімесінде түлкілер мәтелдеп, мақалдап та сөйлейді. «Түлкі мен

маймыл» ертегісінде түлкі маймылды «патша қылам» деп алдап, қақпанға түсіреді, балықты өзі жейді. Маймылға «тепкілесен кетпейтін темір бақ қонды» деп ажуалайды, «екі бақ бар – бірі басқа, бірі аяққа қонады» деп мазағын, аярлығын соншалық шешен, терен мағыналы сөзбен жеткізеді. Өзге ұсақ жәндіктерден, құстан шыққан сүйікті заттарды да жаңағыдай шешен, білгір, ділмар етіп сөйлету – қазақ халқының хайуанаттар жөніндегі ертегілерінің үлкен бір ерекшелігі. Түр байлығымен қатар әңгімеленген тіл байлығы, бұл топтағы ертегілердің стильдік, көркемдік өзгеше қалпын танытады. Осы ретте қазақтың хайуанат жайындағы ертегілерінің ішінде үй хайуандары турасындағы ертегілердің орны зор екенін есте тұту керек. Олар жайындағы ертегілерде еңбек, тартыс үстінде адамға қанат, серік болатын малдың жайы өзгеше бағаланады. Сонымен қатар әр түлік малға қазақ халқының еңбек тәжірибесі ретінде жақсы танып белгіленген мінез-әрекеттері қонымды келеді. Малға еңбек адамының, халықтың сенімі, достығы, сүйініші аса көркем әңгімеленеді. Қазақ халқының тілін байытуда үй хайуанатымен байланысты туған көп-көп атаулар, ұғымдар, ақындық, образдық, стильдік теңеу сөздер аса мол екені көрінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ленин В. И. Шығармалар. – Т. 27. – Б. 88.
- 2 Қазақ ертегілері. – Алматы, 1946. – Т. 1.
- 3 «Киргизская степная газета» («Дала уалаятының газеті»). – 1899. – № 39-40.
- 4 Қазақ ертегілері. – Алматы, 1957. – Т. 1. – Б. 179, 191, 194, 210, 212.
- 5 «Киргизская степная газета». – 1896. – № 43.
- 6 Ғылыми кітапхана фондасы. – № 140, № 1418/18.
- 7 «Ленинская смена». – 1935, 20 марта.

#### ҚАҒАРМАНДЫ СУРЕТТЕУ ПРИНЦИПТЕРІ

НАЖМИДЕН А. Б.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Өткен заман жайын шертетін өлмес, өшпес дана - шежіреші – эпос бізге ғасырлар тынысын жеткізгендей, сол кездегі жандар бейне бір тіріліп келіп, сыр - сезімін, ойы мен шынын, үзілмес



арманы мен бақыт аңсаған тілегін алдымызға жайып салғандай болар еді [1]. Әлденеше буын өкілдерінің елеп - екшеуінен, саралап - сұрыптауынан өтіп бізге жеткен эпикалық аңыздардың танымдық та, тәлім тәрбиелік те тағылымы мол. Оның ұрпақтар санасына ерлік пен елдікті, адамдық пен азаматтықты, адалдық пен пәктікті сіңіре беретін ғажайып көркем сыры, құдіретті күші бар. Эпос – халық өмірінің, тарихы мен мәдениетінің поэтикалық шежіресі іспетті.

Сан ғасырлық даму жолынан өткен эпикалық жырлардың қай - қайсысы (архаикалық, қаһармандық, ғашықтық, тарихи) болса да белгілі бір оқиғаны өзіне өзек етеді. Оқиғасыз жыр жоқ. Ал оқиғаның өрілуі мен дамуы көбіне жыр кейіпкеріне байланысты. Яғни оқиға басты - басты қаһармандардың іс - әрекетін суреттеуден туындайды. Әрі эпикалық кейіпкерлер (Қобыланды мен Құртқа, Алпамыс пен Гүлбаршын, Ер Тарғын мен Ақжүніс, Қамбар мен Назым, Қозы мен Баян, Қыз Жібек пен Төлеген т. б.) арқылы халықтың эпикалық және эстетикалық көзқарасы да көрініс табады. Өйткені эпикалық жырлардағы қаһармандар халық арманынан туған идеал кейіпкерлер болғандықтан, олардың мұрат - мақсаттары да халық идеалы. Сондықтан эпос кейіпкерлерінің бойына не бір жақсы қасиеттер жинақталған. Батырлар арқылы бүкіл халықтың мұқалмас күш - қуаты, жанқиярлық ерлігін, отаншылдық (патриоттық) сипатын, ғашықтар арқылы айнымас адалдығын пайымдаймыз. Сонымен бірге эпикалық жырлар мазмұн қызықтылығымен ғана емес, адам образын жасаудағы шеберліктерімен де айрықша назар аударады. «Қаһармандардың өте терең және айқын, көркемдік жағынан мінсіз типтерін туғызған фольклор, еңбекші халықтың ауыз әдебиеті [2]» – деген М. Горький пікірі әділ қорытынды екені ақиқат.

Эпоста қандай оқиғаны жыр етсе де соған лайық ажарлы сөздер қолданылып көркемделіп суреттеледі. «Жанр нақтылы мазмұн мен соған сәйкес көркем құралдар жиынтығының жүйесі [3]» – деп жазады белгілі фольклорист В. Гацак.

Кейіпкерлерді тартымды етіп бейнелеуде эпос стилі мен әр түрлі көркемдік тәсілдердің мәні ерекше, себебі көркемдік бейнелеу құралдарының қолданылуы бір жағынан шығарманың жанрлық, идеялық - тақырыптық өзгешеліктерімен байланысты болса, екінші жағынан, олардың сол шығарманың стильдік өрнектерін де айғақтайды [4].

Эпикалық жырлардың көркемдік жүйесі бас қаһармандар мен олардың көмекші серіктерін дәріптеуге, мадақтауға,

дұшпандарын әшкерелеуге бағытталған. Демек, қаһарманды дәріптеу композициялық құрылыспен ғана емес, бейнелеу құралдары арқылы да жүзеге асады, яғни барлық көркемдік бейнелеу құралдары кейіпкерлер образын ашуға қызмет етеді. Проф. Ә. Қоңыратбаевтің «образ – көркемдік құралдардың басы [5]», – деуінде мән бар.

Сонымен, ақын, жыршылар эпикалық жырлардағы образды суреттегенде әр түрлі амал, әдіс - тәсілдерді қолданады. Біз төменде солардың басты - басты бір - екеуіне тоқталамыз.

Ақын, жыршылар батыр бейнелерін (кейде олардың жауларының да) кескіндеп суреттегенде оларды белгілі бір қалыпқа келтіреді, яғни батырларды бір тұрғыдан суреттейді. Сөйтіп батырдың даралық қасиетінен гөрі көркемдік жинақтау арқылы жасалатын жалпылау сипаты басым болады. Демек, батыр бейнесін «типтік» сипатқа келтіру үшін әр түрлі әдіс - тәсіл мен көркемдеу құралдары пайдаланылады. Соның бірі – теңеу. Басқаша айтқанда, эпикалық образ жасауда теңеу ерекше мәнге ие. Алайда, көркемдеу құралдары жайдан - жай туа салмайды, халық өмірімен тығыз байланыста болады. Белгілі бір дәуірдің түсінігі мен эстетикалық талап - талғамына сай жасалады. «... Айтушы мен тыңдаушылар баяндалып отырған оқиғалар мен батырлардың іс - әрекетін ашық және тура бағалайтындығына сай көркемдеп - бейнелеу құралдары пайда болады. Сөйтіп, қай батырды болмасын, қай сұлу қызда болмасын бейнелейтін «универсалды» эпитеттер, теңеулер, формулалық сипаттаулар пайда болады» [6]...

Көркемдік құралдардың (соның ішінде теңеудің де) қолданылуы шығарманың идеялық - тақырыптық және жанрлық ерекшелігіне де байланысты. Эпостық жырларда кейіпкерлердің портретін суреттегенде теңеудің жиі қолданылатындығын көреміз. Өйткені жырдағы әрбір теңеу көркемдік - эстетикалық міндетті жүзеге асыруға бағытталады. Айталық, «Қыз Жібек» жырында шамамен барлығы 79 теңеу бар. Бұл теңеулерді шартты түрде бірнеше тақырыптық топқа бөлуге болады.

1. Хайуанаттар әлемі – 17 (Марал, жылан, сазан, аққу, ор қоян, үйрек, бөрі (қасқыр), бөкен, қыран, түйғын, қаз, қабан, тастүлек т. б.).

2. Жаратылыс, табиғат құбылыстары – 19 (Су, жел, күн, сағым, қар, тас, құйын, нұр, бу, ай, сүмбіл, т. б.).

3. Үй жануарлары – 11 (Қой, мая (түйе), марқа, тай, құнан, ат, мал т. б.).

4. Тұрмыстық заттар – 23 (Тана, кесе, күміс, тон, от, ұршық, бал, шекер, кетпен, балтаның сабы, май, қон, алқа, оқ, гауһар, бор т. б.).

5. Адам және оның дене мүшесі – 4 (Бала, жігіт, т. б.).

6. Шығыс теңеулері – 5 (Раушан бағы, хор қызы, зәмзәм суы т. б.).

Осы теңеулердің тоғызы ғана атқа байланысты, ал қалған теңеулердің бәрі де кейіпкерлерді суреттеу үшін қолданылған. Жалпы осы тақырыптық топтар қаһармандық эпостарға да тән деуге болады. Алайда, бұдан романдық және қаһармандық эпостардағы көркемдеу құралдары бірдей деген ұғым тумаса керек. Бұл екі топтағы жырлардың жанрлық айырмашылықтары қандай болса, олардың бейнелеу құралдарында да сондай айырмашылық бар екенін айту керек. Сыртқы жауға аттанған, ел қорғаған ерлердің іс - әрекетін суреттеу мен өмірдің, көңілдің, тұрмыстың хикаясын қозғау екі түрлі көркемдік тәсілді керек етеді [7].

Ақын, жыршылар халық қамқоры болған батырлардың ғажайып ерлік - күшін көрсету үшін оларды жыртқыш аңдар (арыстан, жолбарыс, қасқыр, түлкі, күзен т. б.) мен қыран құстарға (бүркіт, қаршыға, түйғын, лашын, сұңқар, ителгі, қырғи т. б.) теңейді. Мәселен, «Қыз Жібек» эпосында Сырлыбайдың алты ұлын:

Сырлыбайдың алты ұлы,  
Алтауы бірдей бөрі еді [8], –

десе, Қобыландының қырық мың қалмақпен соғысқандағы ерен күшін:

Қойға тиген қасқырдай,  
Сойып кетіп барады [8], –

дейді. Ал Қамбардың соғыс үстіндегі кимыл - әрекетін, «қаһар - көрін «аш бөрідей жалақтап» деуі де ұтымды. «Алпамыс батыр» эпосында қасқыр (бөрі) образы төрт рет қолданылған. Бірінші кейіпкерге портреттік сипаттама бергенде «жас бөрідей жаландатып» Аналықтың көтеріңкі көңіл - күйін білдірсе, екінші Алпамыстың Қараманмен соғысардағы батылдығын «қойға шапқан бөрідей» деп образды түрде көзге елестетеді. Ақын, жыршылар қасқыр образын басты кейіпкерлердің батылдығын, ерлігін көрсету үшін ғана емес, олардың жауларының да іс - әрекеттерін ашу үшін қолданылған. Қалмақ батыры Қараманның мүшкіл халін көрсету үшін оны жағы қарысқан қасқырмен («қасқырдай жағы қарысып») салыстырса, араны ашылған Таймастың жауыздық, тойымсыздығын «аш қасқырдай тоймас ед» деп сипаттайды. Бұл жердегі қасқыр образы Қараман мен Таймастың жағымсыз жақтарын аша түскен.

Ұнамсыз кейіпкерлер де мәлім дәрежеде көтеріңкі суреттелмесе, онда ұнамды қаһармандар (батырлардың) орасан ерліктері көрінбеген болар еді. Қасқыр образы қаһармандардың әр түрлі сапалық белгілерін ғана емес, кейде олардың ашу - ызасын, психологиялық жағдайларын да көрсетеді.

Ертедегі адамдар көптеген аңдар мен құстарды және жануарларды тотем санағаны белгілі. Әсіресе ру, қауым, тайпалар өздерінің тұрған жерлеріндегі көбірек кездесетін жан - жануарларға сиынған «Түркі - монғол тайпаларында аң, құс, құрт - құмырсқа, жылан, мал тотемге айналған» [8]. Келе - келе ру, тайпалар халық болып біріге бастады, қоғам дамыды. Осыған орай адамдардың көзқарасында, дүниетанымында өзгерістер болды. Өздеріне күшті көрінгеннің бәріне табынған адамдар енді табиғат дүниесін дұрыс түсінетін дәрежеге келді. Эпос та жаңа көркемдік сапаға өтті. Осының нәтижесінде бір кезде тотем болған көк бөрі қаһармандық жырларда батырдың батырлық салтын көрсететін көркемдеу құралының қызметін атқарған. Әзімбайдың алты ұлын:

Жолбарыстай алты ұлдың  
Айбатынан сескеніп [5], –

деп алты ұлды жолбарысқа теңесе, «Қобыланды батыр» эпосында «арыстандай ақырып» деп, Естемес батырдың ашуланған кейпін көз алдыға әкеледі. Сонымен, эпостарда жыртқыш жануарлар эпикалық теңеу ретінде көп қолданылады. Мұның өзі батыр образын жасаудағы қажеттілік. Тағы бір - екі мысал келтірейік. «Алпамыс батыр» жырында қалмақ батыры Қараманға жекпе - жекке шығып, сайысқа түскен Алпамыс:

Қаршығадай қайрылып,  
Ителгідей сүзіліп  
Ұрып - ұрып өтеді [5].

Бұдан Алпамыстың ғажайып шапшаң кимылын, ептілік - ерлігін көргендей боламыз. «Ер Тарғындағы» Қарт Қожақтың портретін:

Көк бүркіттей түйіліп,  
Лашын құстай шүйіліп [5], –

деп суреттейді. Мұнан эпикалық көркемдеу құралдарының тұрақты болатыны байқалады. «Орта Азияның түркі тілдес халықтарының эпосында халық мұраты болған батырлардың ғажайып күшін жыртқыш аңдарға дәстүрлі түрде теңелуі арқылы көрініс тапқан» [9], – деп жазады академик В. М. Жирмунский. Эпостық шығармаларда батырлар мен қыздарды неше түрлі хайуанаттардың қимыл - қозғалысы мен әрекетіне, мінез - бабы мен

тұлға - бітімдеріне байланыстыра, салыстыра отырып, қолданылған не бір тамаша образды теңеулерді ұшыратамыз. Мұндай салыстырулар ерлікпен сұлулықты аша түседі. Екінші жағынан халықтың саятшы - аңшылық тұрмысынан да хабардар етеді.

Жалпы алғанда, түркі тілдес халықтар да халықтық кейіпкерлерді жыртқыш аңдар мен қыран құстарға салыстыру кең таралған дәстүрлі тәсіл болып табылады. Бұған қарағанда әр түрлі тарихи дәуірлерді бастан өткерген эпикалық жырлардағы осы секілді тұрақты, дәстүрлі теңеулер мен эпитеттер көркемдік құралдарың арыдан келе жатқан архаикалық түрі екенін байқауға болады. «Айталық арыстан сөзінің батырға баламаға (метафора ретінде) алынуы мен батыр әрекетінің арыстан әрекетіне теңелуі, яғни арыстан сөзінің осы екі жағдайда поэзияда тілдік тәсіл болуы бір дәуірдің жемісі емес. Тегінде поэзияда батырға арыстанды баламаға алудан арыстан әрекетін теңеуге алу алғаш көрінсе керек» [10], – деген тұжырымды қолдауға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Шығармалар. – Алматы, 1969. – Т. 2. – Б. 205.
- 2 Горький М. Әдебиет туралы. – Алматы, 1984. – Б. 379.
- 3 Гацак В. М. Восточнороманский героический эпос. – М., 1967. – С. 173.
- 4 Ибраев Ш. Қазақ эпосы. – Алматы, 1987. – Б. 70.
- 5 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987. – Б. 26, 157, 258, 366.
- 6 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – Б. 31.
- 7 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1982. – Б. 130 - 131.
- 8 Батырлар жыры. – Алматы, 1963. – Т. 1. – Б. 96, 411, 629.
- 9 Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос. – Л., 1974. – С. 54.
- 10 Өмірәлиев Қ. XV - XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976. – Б. 222.

## ХИКАЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СЕРЕКПАЕВА Л. С.  
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Біздің дәуірімізге жеткен фольклор қоғамдық сананың бір түрі ретінде өнерге жатады, бірақ ол өнер дәрежесіне бірден жетпеген. Фольклордың түрлері адамзат өмірінің әр кезеңінде туып отырған, өзгеріске түсіп жатқан, тіпті, ұмытылып, қолданыстан шығып жатқан. Осы күнге жеткен дәстүрлі фольклорлық шығармалардың көбісі – сол бұрынғы фольклордың негізінде туып, солардың жұрнағын сақтап қалған, сондықтан көптеген жанрлардың құрамында, бойында, бір жағынан, алғашқы қауымға тән ұғым-түсініктің, қарабайыр діннің, екінші жағынан, қарапайым білімнің, үшінші жағынан, қарапайым өнердің белгілері кездеседі. Бұл синкреттік сипат кейінгі дәуірлерде пайда болған жанрларда да көрініс табады, өйткені, әрбір жаңадан туған жанр өзінен бұрынғыға негізделеді, соны пайдаланады, өзіне бейімдейді, сөйтіп, жеке жанр ретінде қалыптасады. Мұндай үрдісті, мәселен, хикаят жанрының туып, қалыптасуынан да байқауға болады.

Орта ғасырларда ертедегі ескі шамандықтың орнына бірқұдайлық дін келіп, ол бұрынғы діни нанымдарға қарсы қатал күрес жүргізді, бірақ оларды мүлде жоя алмады, керісінше, солармен қатар өмір сүруге мәжбүр болды, соның нәтижесінде ескі діни нанымдарды өз мүддесіне пайдалану мақсатында кейбір ежелгі ырымдар мен ұғымдарды, ғұрыптарды өзгертіп, дінге бейімдеді. Мұндай жағдай сол шақтағы фольклорда да орын алды, бұл әсіресе, хикаят жанрының тарихынан айқын көрінеді. Ежелгі миф пен хикая жанрлары – ескі діни нанымдар жемісі болса, хикаят жанры – кейін пайда болған бірқұдайлық дінмен байланысты туған, яғни олар әр дәуірде, әртүрлі ұғым негізінде туындаған. Бірақ соған қарамастан орта ғасырларда олар қатар өмір сүрді де, бір-біріне өзара ықпал етті. Сол себепті хикаят өзінің қалыптасуы барысында ежелгі мифтің де, одан кейінгі хикаяның да, тіпті, әпсананың да кейбір белгілерін бойына сіңірген, өзіне лайықтап пайдаланған. Сөйтіп, қазақ фольклорының құрамында жаңа жанр – хикаят (агиография) пайда болған.

Хикаят дегеніміз – кейде ойдан шығарылған, немесе діни кітаптардан алынған сюжеттерді көркем түрде баяндайтын әңгімелер. Хикаяттың түбінде өте ерте заманда болған деп есептелетін оқиға жатуы да мүмкін, сондықтан онда тарихи есімдер

де, мекендер де ұшырасып қалады. Сондай хикаяттарға, мәселен, Ескендір Зұлқарнайын есімімен байланысты әңгімелер жатады. Қазақ арасында Ескендір жайында айтылатын әңгімелер, негізінен, үш сюжетке құралған. Біріншісі – өлмес суды іздеген Зұлқарнайын туралы, екіншісі – қос мүйізін жасыра алмаған Ескендір жөнінде, үшіншісі – жұмаққа кіре алмаған Ескендір хақында. Осылардың біріншісі мен үшіншісі хикаят түрінде баяндалады.

Ескендір – тарихта болған адам, демек, ол туралы алғашында аңыздар пайда болған да, кейін олар әпсанаға, хикаятқа айналған. Бұған қоса тағы айтарымыз – Ескендір туралы сюжеттер қазақ еліне сырттан келген және көбіне-көп діни, тағы басқа да кітаптар арқылы тараған, соның әсерінен ол сюжеттерде, дәлірек айтсақ, Ескендірдің өлмес суды іздегені жайлы сюжетте ислам идеяларының әсері бар. Ендеше, мұнда хикаят жанрының белгілері айқын. Мәселен, кейіпкердің пайғамбар немесе әулие болып көрінуі, шығармадағы оқиғалар мен іс-әрекеттердің Алланың бұйрығы ретінде түсінілуі, неше түрлі кереметтің орын алып, көркемдік мақсатта пайдаланылуы, ескі шамандық наным мен мұсылман діні мифологиясының аралас келуі.

Хикаяттарда әңгімеленетін оқиғалар тындаушылар арасында сенімсіздік тудырмайды, өйткені, олар пайғамбарлар мен әулиелердің іс-әрекеті немесе басынан кешкен оқиғалары болып баяндалады [1].

Хикаят жанры, негізінен, Қазақстанда ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқан. Оның түп-төркіні, сөз жоқ, көне заманның мифологиялық түсінік-нанымдарымен сабақтас. Хикаят таза мұсылмандық мифологияға ғана негізделмейді, онда архаикалық мифтің де, әпсана мен аңыздың да, тіпті, ертегінің де қасиеттері ұшырасады. Сондықтан да бұл жанрдың пайда болу процесін ислам дәуірінен бұрынырақ деп түсіну керек, ал жанр ретінде толық қалыптасуы исламның қазақ еліне кең тараған кезіне сәйкес келеді.

Міне, осы хикаят жанрының белгілері Ескендір туралы қазақ арасына тараған шығармалардан анығырақ көрінеді. Ол шығармалар үш топ құрайды. Біріншісі – өлмеуге әрекет істейтін Ескендір туралы баяндайтындар. Оның сюжеті мынадай: Ескендір патша өзінің Қызыр және Илияс деген жолдастарын ертіп, өлмес суды іздеп, Зұлматқа барады, бірақ ол суды алға қарай озып кеткен Қызыр мен Илияс тауып ішеді де, соңынан Ескендір келіп жеткенде, өлмес су ғайып боп кетеді немесе ол суды қарғалар ішіп қояды. Сөйтіп, Ескендір патша «өлімге дауа болатын суды» іше алмай қалады [2].

Бұл сюжетке құрылған хикаяттардың саны айтарлықтай көп емес. Мұндай шығармалар, көбінесе, Құранды, тағы басқа діни кітаптарды көп оқыған адамдар арасында кең тараған болу керек. Оған ертеректе жарияланған мәтіндер де және біздің ХХ ғасырда жазып алған фольклорлық материалдарымыз да дәлел болады. Мысалы, 1961, 1963, 1967, 1968 жылдары біз Ескендірдің өлмес су іздеп, Зұлматқа (қараңғы жерге) барғаны жайлы хикаятты ерте кезде молда болған, мұсылманша көп оқыған, бертінде колхозда жұмыс істеген Ә. Тышқанбаев, Р. Сәрсенбин, Р. Малдыбаев деген көнекөз қариялардан жазып алған болатынбыз.

Өлмес суды іздеген Ескендір туралы хикаятта өлімнен құтылудың жолын іздестірген Қорқыт туралы әпсанадағыдай оптимистік рух пен табанды күрескерлік сипат жоқ. Егер Қорқыт ажалға қарсы тайсалмай күрессе, Ескендір олай күресе алмайды. Қорқыт адам өмірі үшін саналы түрде күрессе, Ескендір тек өзін мәңгі сақтап қалу үшін, яғни тек өзімішділік мақсатта ғана қимылдайды. Ол күреспейді де. Міне, бұл – діни кітаптардан тараған хикаятқа тән белгі. Бұл айтқанымызға тағы бір дәлел ретінде мынаны айтуға болады: Ескендір, тіпті, өлмес суды тапса да, іше алмайды, себебі, су біресе өзі ғайып боп кетеді, біресе суды қарғалар ішіп қояды, енді бірде судың өзі патшаның тамағынан жүрмей қояды. Осының бәрін көрген Ескендір «Алла тағала маған өлмес суды бұйыртпаған екен!» - деп, Құдайдың шешіміне, өлімге мойынсұнады. Сондай-ақ өзінен бұрын өлмес суды ішіп, енді өле алмай, қор болып жүрген адамды көріп, Ескендір патша дереу өзінің райынан қайтып, өлмес суды ішуден бас тартады. Мұнда да ол Қорқыттай табанды бола алмайды, өлімге қарсы ақырына дейін күресуге жарамайды. Бірақ Ескендірдің бұл іс-әрекетін хикаят сынамайды да, мінемейді де. Бұл заңды, өйткені, хикаят жанры діни түсініктердің ықпалында молырақ болады. Ал, біз талдап отырған хикаят қазақ арасына «Қисса-сүл әнбиядан» тараған [3]. Оған дәлел: біріншіден, бұл кітапта өлмес суды іздеген Ескендір туралы былай әңгімеленеді. Ескендір барлық ғалымдарын жинап алып, дүниеде көп жасауға ойланып, «өмірдің ұзақ болуына не шара бар?» - деп сұрақ қояды. Сонда ғалымның біреуі тұрып: «Қап тауының аржағында, қараңғылықта Ғайнылхаят бұлағы бар, содан су ішкен адам қияметке дейін өлмейді», - дейді. Оған басшыны Қытай елінен іздеу керек болған. Қытайлықтар Ескендірге Қызыр деген адамды басшы етіп береді. Туар малдың ең көргіші қысырақ бие дегенді естіген соң Ескендір жиырма мың бие тапқызып,



әскерлеріне мінгізеді. Қызырға қараңғылықты жарық қылатын бір жауһар тас беріп, оны ілгері жібереді. Артынан Ескендір әскерімен өзі жүреді. Ібілістің нұсқауымен Ескендір тауды өрлеп, жоғарылай береді. Алдынан қиямет күні жел жіберетін Исрафыл періште жолығады. Ескендір одан мәңгі суын сұрайды. Ол тобықтай ғана бір тас береді. Ол тас адамның көз сүйегі болып шығады. Оның сырын патшаға қасындағы Қызыр түсіндіреді. «Бұл – көз сүйегі. Адам тірлікте ешнәрсеге тоймайды, өлген күні бір уыс топырақтан қанағат табады», - деп жауап береді Қызыр [4].

Міне, бұл - «Қисса-сұл әнбия» кітабындағы сюжет. Осы сюжеттес қазақ хикаяттары, көбінесе, мұсылманша оқып, діни кітаптармен жақсы таныс адамдардан жазылып алынғаны және оның арабша хат танымайтын көпшілікке кең тарамағаны айтылып отырған сюжеттің төркіні - «Қисса-сұл әнбия» екенін дәлелдесе керек. Сондай-ақ хикаятты айтушылар «Зұлқарнайын» деген сөзді «қос мүйізді» емес, «екі дүниені билеген» деп түсіндіреді. Мұндай идея, яғни Ескендір – жарық және қараңғы, яки бұл дүние мен о дүниені бірдей билеген пайғамбар-патша деген ой «Қисса-сұл әнбияда» дәріптеледі, ал, Ескендірдің өз бейнесі барынша мадакталады.

Қазақ арасына тараған Ескендірге байланысты фольклорлық шығармалардың енді бір тобы мына сюжетке құрылған: Ескендір патша жорықта (жолда) келе жатып, керемет бұлаққа тап болады. Бұлақты бойлай жүріп, ол жұмақтың қақпасына жетеді. Патша қақпаны ашуды бұйырады, бірақ қақпаны ешкім ашпайды. Оған қақпаның ішінен орамалға түйілген адамның бас сүйегін (кейде бір дорба ұнмен қоса) тастайды. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір ашу шақырады. Сол кезде әміршінің қасындағы Қызыр (данышпан) бас сүйекті таразыға салдырып, өлшетеді. Бас сүйекті ешнәрсә баса алмайды. Сол уақытта танданған патшаға Қызыр: «Адамның көзі дүниеге тоймайды, тек топырақ қана бас сүйекті баса алады!» - деп, бір уыс топырақты сүйектің көзіне құя салады. Сол сәтте бас сүйек тұрған таразы көтеріледі. Ескендір болса, жаһангерлік райынан қайтады [5].

Бұл – жалпы прозалық фольклордағы көне сюжеттердің бірі. Дәл осы сюжет ежелгі жазба ескерткіштердің қатарына жататын «Талмуд» кітабында бар [6]. Онда мысал (притча) ретінде берілген. Бұл сюжеттің қазақ топырағына келуі Талмуд пен Библиядағы Сүлеймен, Мұса, Нұх, Исалар жайындағы хикаяттардың Құран, Тафсир, Хадис, тағы басқа мұсылман кітаптары арқылы тарағаны

күмәнсіз. Сол себепті де Ескендір тап болатын жұмақ пен бас сүйек туралы баяндайтын шығармалар хикаят жанрының құрамында қарастырылады. Оған тағы бір айғақ ретінде Ескендірдің біршама жұмсақ болып бейнеленуін айтуға болады. Егер қос мүйізі бар Ескендір жайлы хикаяттарда ол аяныш, ойлану дегенді білмейтін қатал, тасжүрек адам болып көрінсе, мұнда ойланып, өз жайын түсіне білетін патша кейпінде суреттеледі. Басқаша айтар болсақ, Ескендірді дәріптеп, мадақтаудың нышаны бар, соны үлгіге тарту мақсаты бар. Ал, бұл – хикаят жанрының бас белгілерінің бірі. Алайда, көркемдігі жағынан әпсанаға тән ғажайыптық сипат жоқ. Рас, көркем шарттылық бар. Ескендірдің жұмақ қақпасына баруы, оның күзетшісімен сөйлесуі – әрі шарттылық, әрі кереметтік элементі.

Ендігі бір көңіл аударатын нәрсе – арғы түбі Талмудқа апаратын осы сюжеттің ұлы Абай творчествосынан орын табуы. Біздің қолда бар фольклорлық хикаяттардың да, Талмудтағы мысалдың да сюжеті, оқиға өрбуі – толығымен Абай «Ескендірінің» желісі. Тіпті, кейбір эпизодтар мен детальдарға шейін дәлме-дәл келеді. Мысалы, Ескендірдің шөлде бұлаққа тап болуы, бұлақ суына кепкен балықты салуы, балықтың хош иісті болып, дәмінің өзгеруі, бұлақты бойлай жүрген Ескендірдің жұмақ қақпасына жетуі, жұмақ күзетшісімен сөйлесуі, патшаның ашуланып, күзетшіден белгі боларлық бір нәрсе сұрауы; қақпаның аржағынан бас сүйектің түсуі, ол сүйекті алтын-күміспен өлшеуі, т.т. Демек, Абайдың «Ескендір» поэмасы мен фольклорлық хикаяттың түпкі төркіні – бір, ол - «Талмуд» кітабы [7].

Алайда, ұлы Абай тек бұлармен ғана шектелмеген. Басқа сөзбен айтқанда, Абай «Талмудты» да, фольклорлық хикаятты да, басқа да әдеби туындыларды, сондай-ақ, Ескендір туралы тарихи шығармаларды да пайдаланған, оларды өзінің гуманистік, имандылық тезінен өткізіп, қорытқан, сөйтіп, идеясы, эстетикалық нысанасы мүлде басқаша, жаңа шығарма жазып шыққан.

Сонымен, басқа халықтардағы сияқты, қазақта да Ескендір туралы фольклорлық та, әдеби де шығармалар бар екені анықталды. Олар үш сюжетті әңгімелейді.

Бірінші сюжет – Ескендір патшаның өлмес суды іздегені. Бұл оқиғаға құрылған хикаят қазақ фольклорына Рабғұзидің «Қисса-сұл әнбиясынан» келгенімен, оның сюжеті, сайып келгенде, адам баласының тағдырға қарсы немесе ажалдан қашуы туралы көне мифпен тамырлас.

Екінші сюжет – қос мүйізді Ескендір мен шаштаразшы туралы. Бұл сюжет қазақ халық әдебиетіне Низамидің «Ескендір-намасы»

арқылы тараған. Ал, түптеп келгенде, мұндай сюжеттердің тууы алғашқы қауымның тотемдік сенімдерімен байланысты.

Осы сенімдерге негізделген түсінік бойынша ерте уақытта ру басы, тайпа көсемі, бақсылары, патшалары тотемнен туады, соның кейпінде болады, қасиетін бойына сіңіреді деп ойлаған. Сол себепті олар есек құлақты, өгіз мүйізді, т.б. түрде суреттелген. Егер олар осы магиялық күш беріп тұрған құлақтан, мүйізден айырылса, опат болады деп сенген. Қоғамда бұл нанымдардың жойылуымен мифтегі қиялдық элементтер әпсана мен хикаятқа көшеді. Енді акцент моральдық проблемаға жасалады: мүйізді ханның атағы үнемі зұлымдықпен шығады және оның масқара құпиясын ашу барша жұртты моральдық тұрғыда қанағаттандырады. Осының нәтижесінде бұл сюжеттегі шығармаларда ертегілік сипат бар.

Үшінші сюжет – жұмаққа тап болып, көз сүйегін алған Ескендір жайында. Мұның түп негізі – Талмудтағы мысал. Ал, Талмудқа Ескендір сарбаздары шығарған аңыздардың Шығыста тараған нұсқаларынан енген болу керек. Ол қазақ еліне мұсылман кітаптары арқылы келген. Ал, сюжеттің арғы түбірі өлмеудің амалын іздеген адам туралы миф болуы ықтимал, өйткені, хикаяттың бүкіл сарыны сонымен үндес: жұмақ, керемет су, мәңгі тірі Қызырдың бас сүйек жайында айтқандары, Ескендірдің өлім туралы ойлап, жаһангерліктен бас тартуы – міне, осының бәрі ажал мен адам күресі туралы мифті еске түсіреді. Ескендірдің «өлімге дауа болатын суды» іздеп Зұлматқа барғанда, өлмес суды Қызыр мен Илиястың ішіп қоюы осы сюжетте де көмескі түрде көрініс береді. Сонымен бірге Ескендір туралы хикаяттарда Лұқпанның бейнеленуі де кездейсоқ емес.

Лұқпан да – Шығыс халықтарының фольклорында кең тараған кейіпкер. Жалпы, қазақтың хикаяттарының ішінде Құранда әңгімеленетін Лұқман, Сүлеймен, Қарун жайында баяндайтын сюжеттер де кездеседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Диваев А. Предание о Хазрети Исмаил-Ата // Туркестанские ведомости. – 1901. – № 20, 24, 25; Киргизская святыня. Пещера Чакпак-ата // Закаспийское обозрение. – 1902. – № 31; Новицкий Ю. Ходжа Ахмет Ясави // Туркестанские ведомости. – 1912. – № 38; Мұса пайғамбардың Құдаймен сөйлескені // ОҒК қолжазба қоры. № 197-бума; Адам өмірі // ОҒК қолжазба қоры. № 202- бума.

2 Ескендір Зұлқарнайын өзінің дұшпандарын неменен жеңгені // Дала уалаятының газеті. – 1895. – № 5; Саркин Н. Киргизское стихотворение об Александре Македонском // Известия Общества истории, археологии и этнографии. – Казань, 1905. – Т. 21. – Вып. 4. – С. 373-380; Хан бұйрығы // ӘӨИ қолжазба қоры. № 118-бума.

3 Қасқабасов С. Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың «Ескендір» поэмасы // Қазақстан мектебі. – 1968. – № 2. – Б. 68-70; Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1973. – Б. 17-21.

4 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – Б. 9.

5 Төкаппар әскер басы турасынан // Дала уалаятының газеті. – 1895. – № 3; Зұлқарнайын // Қазақстан мектебі. – 1968. – № 2. – Б. 62.

6 Агада. Сказания, притчи, изречения Талмуда и Мидрашей: В 4-х частях. – Одесса, 1910. – Ч. 1. – С. 177-178.

7 Ахметов З. А. Современное развитие и традиции казахской литературы. – Алма-Ата, 1978. – С. 75-78; Сағбаева Ш. К. Казахская литература и Восток. – Алма-Ата, 1982. – С. 112.

#### ЖҰМБАҚТАР

ДАУЛЕТХАНОВА А. А.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Халық ауыз әдебиетінде кеңінен дамыған ұсақ жанрдың бірі – жұмбақтар. Мақал-мәтел, нақыл сөз, сатиралық өлеңдер сияқты жұмбақтар да ертеден келе жатқан халық шығармаларының ескі түрі.

Жұмбақ қазақ ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан жанр. Оның кейбір нұсқалары көне заманда шыққан ескерткіштерден орын алған. Мәселен, Венгер ғалымы Иосиф Бузенц «Хива диалектісі» атты еңбегінде Исхак молладан жазып алған бірнеше жұмбақты берген. Мұның кейбіреуі қазіргі қазақ жұмбағына ұқсайды, Ал XIV ғасырдың кейбір ескерткіштерінде кездесетін куман жұмбақтарының көпшілігі қазір бізде бар. Мысалы, «Codex Sumanicustin» (1880 жылғы басылуы) 143-148 беттеріндегі [1] «Отырғаны оба жер, басқаны бақыр шанақ» (үзенгі) [2], немесе «Көк лағым көгенде жатып семірді» (қарбыз) [2], «Жол үстінде ілі қайыс» (жылан) [2], «Аузын ашсаң өкпесі көрінеді» (есік пен от) [2]

сияқты куман жұмбақтары қазақ жұмбағына ұқсас келеді. Бұл қазақ жұмбақтарының ерте заманда-ақ туғанын аңғартады.

Қазақ жұмбақтарының үлгілері ел арасынан өткен ғасырда-ақ жинала бастаған. Бұл жөнінде орыстың тамаша ғалымдары: В. В. Радлов, А. Лютш, П. М. Мелиоранский, Ә. А. Диваев т. б. көп еңбек сіңірді. Олар жұмбақтарды жинап, газет-журнал беттерінде жариялады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында (1842) М. Иванов «Татар хрестоматиясы» атты еңбек шығарады. Бұл кітаптың бірінші бөлімінде мәтелдер мен ертегілер, бірнеше халық өлеңдері мен жұмбақтар беріледі [3]. XIX ғасырдың екінші жартысында 1870-1871 жылдары «Туркестанские ведомости» атты газет бетінде қазақ жұмбақтары жарияланып отырады. Бұл жұмбақтарды әрі этнограф, әрі фольклорист М. Ибрагимов «Орта Азия этнографиясының материалы» деген тақырыппен жариялайды [4]. Бұл жарияланған жұмбақтардың жалпы саны 40-50-ден артпайды. Беріректе қазақ жұмбақтары газет беттерінен гөрі журналдарда көбірек жариялана бастайды.

1874 жылы шыққан «Ежегодник Туркестанского края» [5] атты журналдың бір санында 50-ге тарта жұмбақ жарияланып, шешуі қоса берілген.

Өткен кезде ауыз әдебиетін жинаушылар айтыс түрінде айтылатын жұмбақтарға ерекше көңіл бөлгендігі байқалады, соның нәтижесінде бірсыпыра айтыс жұмбақтар жарық көреді. Алғаш рет Т. А. Сейдалиев пен С. А. Жантөрин 1875 жылы – «Қыз Болық пен Елентай» атты айтыс жұмбақты орыс тіліне аударып бастырады. Кейіннен «География қоғамы орыс бөлімінің қолжазбалары» атты журналда П. Н. Распоповтың өңдеуімен қайта жарияланады [6]. Аудармада поэзияның құны, халық тілінің көркемдік бейнесі негізінен сақталған.

Бұл айтыс жұмбақтарын 1885 жылы «Қырғыздың эпикалық поэзия нұсқалары» атты жинақта П. Н. Распопов екінші рет бастырады.

Қазақ жұмбақтарын ғылыми түрде зерттеп, көп жинаған ғалымның бірі А. Лютш еді. Ол өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» атты 1883 жылы Ташкентте шыққан кітабында 130 жұмбақ жариялаған [7]. Мұны ол Ақмешіт қазақтарының жұмбағы деп атаған. Автордың көрсеткеніндей бұл жұмбақтардың Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) тұрғындарына тәндігі жұмбақтың тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен байқалады. Олар көбіне сөздердің

лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасына (мысалы: әйдік, әңгелек, пісте, белкүрек т. т.) байланысты.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген орыс ориенталистері П. М. Мелиоранский, Алекторов те халық творчествосының бір саласы жұмбақтарды үнемі жинап, сол кездегі газет-журнал беттерінде жариялап отырды,

Олар қолдарына түскен жұмбақтарды іріктемей сол қалпында басқан. Сондықтан да олардың ішінде ислам дінінің өкілдері, дін, шариғат туралы жұмбақтар кездесіп отырады. Қазақ халқының ауыз әдебиетін сүйіп зерттеген, көрнекті ғалым Ә. Диваев өзінің «Сырдария облысының этнографиялық материалдары» атты жинағында қазақ ауыз әдебиетінің басқа түрлерімен қатар жұмбақтарды да көп жинап бастырды. Ол жинаған жұмбақтардың біразы жарық көрді (басылмаған қолжазбалары Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми кітапханасының фондында сақтаулы).

Ал 1898-1900 жылдары орыс тілінде шыққан «Тургайская газетада» едәуір жұмбақтар жарияланды [8]. Бұлардың ішіндегі көлемділері М. Иванов пен А. В. Васильев жинап бастырған жұмбақтар. Бұл дәуірдегі жарық көрген жұмбақтардың ішіндегі көрнектілері Қожахмет пен Әбубәкір айтысы, қыз бен жігіттің айтыс жұмбақтары еді. Қожахмет пен Әбубәкір айтысын, екінші рет, 1900 жылы А. В. Васильев бастырады. Васильев бастырған нұсқа бұрынғысынан өңделіп, орыс алфавитімен қазақ тілінде басылған. Мұқаметсадықұлы Сабыржан мен келіншектің жұмбақ айтысы, Сапарғали мен Нұржанның жұмбақ айтыстары 1902-1903 жылдар Қазан қаласында араб әрпімен қазақ тілінде басылды [9].

Сапарғали мен Нұржан айтысы толық түрінде екінші рет 1908 жылы «Жұмбақ мақалдар» деген жинақта жарияланды [9].

Октябрь революциясынан соң халық ауыз әдебиетін зерттеу, оны жинау мәселесіне қатты назар аударылды. Осыған байланысты жұмбақтарды жинау, бастыру, зерттеу жұмысы қолға алынды. Бұл ретте бірсыпыра жұмыстар жүргізілді.

Жұмбақ әрқашан болжал түрінде айтылады. Ол мереке үстінде туып, көбінесе ойын-сауық, көңіл көтеру орнында айтылады. Жұмбақ айтушы адамдар оның мазмұнын, көбінесе өзінің істейтін кәсібіне қарай үйлестіріп, не көрсе, не істесе соны жұмбақ ететін болған. Мәселен, егінші егін туралы жұмбақ айтса, бақташы мал туралы айтады. Пішенші шөп шабатын еңбек құралын жұмбаққа қосады. Аңшы жыртқыш аң туралы айтса, мерген атқыштығын айтады.

Жұмбақ адамның дүние тану жолындағы ой-өрісінің, адам хиялының белгілі бір сатысын көрсететін, ой тапқыштығының бір түрі. Сондықтан біздегі жұмбақтың жалпы мазмұны да өте бай. Қазақ жұртшылығы бұрын қауым тіршілігінде бірсыпыра тәжірибе көргендіктен, олар өз төңірегіндегі жаратылысты, адам өмірін дұрыс бақылап, одан өздерінше нәтиже шығарып отырған. Тіл шеберлігіне ерекше ой бөлген алғыр халық жаратылыста, адам ойында болатын барлық пайдалы затты жұмбақтап айта білген. Бұлар қандай затты жұмбақтап айтса, ол негізінде диалектика қисынына тірелген.

Қазақ жұмбақтарын мазмұн жағынан карағанда, өзге де көп халықтардағы сияқты бірнеше үлкен тақырыптарға бөлуге болады: бірінші – жаратылыс, екінші – адам, үшінші – жасанды зат, төртінші – еңбек, бесінші – білім жайында.

Сөйтіп, еңбекші халық маңайдағы жанды-жансыз затты еңбек арқылы танып, өмірінде кезектесетін барлық пайдалы затты, еңбек ісін, жұмбақ сөзбен сипаттап, оны көпшіліктің игілігі етіп отырған.

Жұмбақтың күрделі саласының бірі жаратылыс дүниесін жұмбақтау. Жаратылыс қазақ жұмбағында ерекше орын алады. Жаратылысты жұмбақтап айтуда көбірек орын алатын, әсіресе, аспан әлемі мен жер. Әлемді, аспан көлемін жұмбақтап айтқанда оны – кең сарай, байтақ дүние, көк шатыр бейнесінде, не шірімейтін, үсінбейтін қасиетімен суреттейді, Мәселен:

Дүниеде бір дарбыз бар солмайтұғын,  
Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын,  
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін  
Іші кең бәрін сақтап толмайтұғын.[10]

Кейде көк жүзін жойқын дария бейнесінде жұмбақтайды:

Қөріп едім бір үлкен дарияны,  
Барша қыз мекен етіп жатып оны.  
Ішінде ерлі-байлы екі аққу бар,  
Жарықтық жеті сарбас балалары. [10]

Мұнда дария – көк аспан болса, қыз дегені шытырман жұлдыз, екі аққу дегені ай мен күн, жеті сарбас балалары – жеті жарық жұлдыз.

Күннің көзін жұмбақтаса, оны не алма сипатында, не күміс табақ түрінде, не сандық түрінде суреттейді. Мәселен:

Алтын алма тербелед,  
Кейде бүркер алма жүзін,  
Ұлпа мақта перделері,  
Шешуін мұның кім білед (күн) [11].

Не болмаса:

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) [10].

деп, тамылжыған күннің сәулесін құлпырған ақ жібек бейнесінде айтады.

Ай жүзін жұмбақпен түсіндіру үшін оның су бетіне түскен көлеңкесі мен мезгілі арқылы бейнелейді. Бұл сурет халық қиялының поэзиялық бейнені өте сүйетіндігін көрсетеді. Мәселен:

Қонақтап күн де келер су бетіне,

Пар келмес гауһар затты келбетіне;

Мекені су жүзінде көрінеді,

Тамаша қарап тұрсам суретіне (ай жүзі) [10].

Аспан әлемінен жұмбақ болған заттың бірі – жұлдыз. Жұлдыз қазақ жұмбағында көбінесе моншақ, меруерт не қыз түрінде бейнеленеді:

Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,

Қарасаң толып жатыр көзінді ашып.

Үйіме сәулеленіп түссе жарық,

Қетеді әлгі моншақ бәрі қашып [10].

Жұлдыз кейде ұсақ тас түрінде де айтылады (үй үстінде ұсақ тас). Аспан, ай, жұлдыз, планеталарды қосып жұмбақтағанда:

Қиырсыз бір теңіз бар ол немене?

Құбылып қалқиды алтын бір тегене.

Сансыз құс жүреді ойнап ортасында,

Алты қаз бен жеті үйрек, үш бөдене [10].

Бұл жұмбақта аспан әлемі қиыры жоқ жойқын теңіз бейнесінде айтылса, үркер – алты қаз бейнесінде айтылып, жеті қаракшы – жеті үйрек бейнесінде суреттеледі; не үш бөдене дегені – Үш арқар, Таразы дейтін жұлдыз деуге болады.

Аспан көлемінен жұмбаққа мазмұн болған нәрсенің бірі – найзағай. Бір кезде халық жаратылыстың жаны бар деп және найзағайды, желді, дауылды жаратылыстан тысқары күш деп түсінген.

Жұмбақ қысқа түрде мереке, сауық үстінде айтылып қана қоймайды, ол терең ой шығармасы түрінде де айтылады. Мәселен: бір кезде даналықты, кемеңгерлікті жұмбақпен сынау әр жұрттың салты болған. Оның ішінде шешен, дана болатын жігітті сынау елдің ескі әдеті. Тапқыр, ақылды, күйеу таңдаған қыздар жас жігітке әрқашан терең жұмбақ беріп, оның шешуі көңіліне ұнаса ғана тиемін деп серт беретін болған.



Бұлардан басқа жұмбақпен толғап жыр айту Бұхар жырау, Базар жырау, Шортанбай сияқты қазақ ақындарының жырында жиі кездеседі.

Жұмбақ, әсіресе, қазақ ақындарының айтыс жырындағы шешендік ой дәлелінің бір түрі (Нұржан мен Сапарғали, Әсет пен Рысжан айтыстары осы жұмбақ түріне құрылған). Қай ақын айтысса да, олардың ой тірегі қашанда жұмбақпен қайымдасы болған. Сөйтіп, жұмбақтың тарихи, мәдени, қоғамдық маңызы өте зор. Жұмбақтың шешуі әр уақытта адамның ой-білім көлеміне байланысты. Сондықтан тіл үйрену, баланың ойын тапқыштыққа баулау үшін де жұмбақтың келтіретін пайдасы зор.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Codex Cumanicus. – 1880. – 230 бет.
- 2 Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы, 1959. – Б. 47,57,83, 113.
- 3 Иванов М. Татарская хрестоматия. – СПб., 1842.
4. Ибрагимов М. Материалы для этнографии Средней Азии. Киргизские загадки // «Туркестанские ведомости». – 1870. – № 1-6; Материалы для этнографии Средней Азии. Киргизские пословицы и поговорки, загадки // «Туркестанские ведомости». – 1871. – № 1-14.
5. Киргизские пословицы, загадки // «Ежегодник Туркестанского края». – СПб., 1874. – Вып. 3. – С. 391- 400.
6. Сейдалиев Т. А., Джантюрин С. А. Образцы киргизской поэзии, собранные и переведенные Т. А. Сейдалиевым и С. А. Джантюриним (с рифмованным переводом П. Н. Распопова) // «Записки Восточного отделения Русского географического общества». – Оренбург, 1875. – Вып. 3. – С. 149-419.
- 7 Лютш А. Киргизская хрестоматия. – Ташкент, 1883. – С. 146-154.
- 8 Состязание Хожа Ахмета с Абубакиром // «Тургайская газета». – 1898. – № 12.
- 9 Жұмбақтар. – Қазан, 1902-1903.
10. Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы, 1959. – Б. 15-19.

## РЕАЛИСТІК ЭСТЕТИКА ЖӘНЕ СТИЛЬ

МУСА М.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

М. Әуезов қазақ прозасының ерте дәуіріне қарамастан, модернистік, постмодернистік әдебиетте кең қолданылатын тәсілді еркін ойнатып пайдаланады. Дала тұрғындарының ауызекі әңгімешілдік дәстүрі туралы қос үнді сөз үлгісінің өзгеше жаңғырығы «Көксерек» повесінде ұшырасады. Әңгіме айтатын жанның күнделікті күйбеңі мен көңіл-күй аужайы жайлы пайымдаулар жіті психологтық назар, этномәдени құндылықтар сырына жетік білім өрісі, терең жинақтаушылық сипатымен оқшау. «Ақсақал мал қоралап болып, жайланып шайын ішіп, қазанаспаның аузында кейде жылтылдап, кейде лапылдап жанып жатқан отты көріп, бұрқылдап қайнап жатқан еттің ісі мұрнына келіп отырғанда, серпіліп әңгіме айтатын [1].

Жолдан қажып келіп, тынығып жантайып жатқан салбыраңқы, күңгірт пішінді жолаушылар бастарын көтерсе де, жарым-жартылап қалғи отырып, әңгіме тыңдаушы еді» [2]. Талай қазаққа тән күтімі, сәні шамалы қыстау үйдің ішінде топырлаған қонағына қарап, ошақтағы асты ғана місе тұта отырып, сыр шертетін қариялардың дара рухани мекеншағы осылай көрініс береді. Олардың атын атап, түсін түстеу қажет емес. Бәрі ұқсас. Әр кезде өмір сүрген, әлі өмір сүріп жатыр. Бірақ уақыттан-уақытқа созылып келе жатқан тарихи жағдайдың әсер шеңбері, мән-мағынасы бұрынғыдай, бірқалыпты. Жады кеңістігінде салтанат құрған ескі заманның көлеңкесі. Бүгінгілерге, ерлігіне тәнті ұрпақтарына күш-қуат, жұбаныш, мақтаныш беретін – Күшікбай батырдың айтулы ісі. Шешекпен ауырып, жанталасып жатқанына қарамастан, мұқатқысы келіп, малын барымталаған қарсыласын айбар-айдынмен жеңіп қайтар жолда сырқаты асқынып каза табатын намыскер батыр көз жұматын жер – ашу-ыза, қыжал мен наланың белгісі. Таусылмай соғатын ызғырық боран – әйгілі батырдың рухымен тамырлас құбылыс. Қыр халқына хас мифтік дүниесезіну жүйесі нақты тарихи-этнографиялық детальдарға сүйенеді. Ретроспективті баяндау компонентінде өрнектелетін намыс мотиві де негізгі әлеуметтік әділет тақырыбының құрамында символикалық танымның бір ұшына түйіп тұрғанын аңғарасыз.

Ендігі сәтте ғана автор «Январь айының аяқ кезі. Күн батуға таяп қалған мезгіл...» [2], – деп, өткен шақтан осы шақтық баяндау тәсіліне көшеді, жаңа хронотоп көзге іліне бастайды. Ұшқыр ой арқылы символ түзуге болғанымен, кешкі табиғат бедерінде объективті бағдар басым. Тек «Жоғарыда айтылған Күшікбайдан асатын қара жолдың үстінде Аркалықты бетіне алып, қала жақтан бір пар атты келе жатыр» [2] дейтін сөйлем аталған тарихи, мекеншақтық, психологиялық координаттарды тағы бір түйістіріп өтеді. Ілгері мен кейінгі уақыттың бұған дейінгі баяндау нысанына айналған өзгеше сынды кеңістік жотасында тоқайласуы болашақ мекеншақпен қалай байланысатыны белгісіз.

Тегі құпиялау амалын М. Әуезов шығарма композициясында ұтымды игерумен болады. Жұмбақтың сыры біртіндеп ашылады. Кездейсоқ жолаушылардың да аты-жөні, болмысы кейіннен танылады. Олар біршама әсем киінгенмен, қайсыбірі (Ақан болыс) ауқатты екті болғанмен, Арқалық тауының етегінде, қарлы қаңтардың аязды боранында бәрібір пұшайман хал кешеді.

Алдағы трагедиялық ахуалдың хабаршысы – Қалтай шабарманның пысықтығы мен Ақанның нәпсі құштарлығына қатысты қиялы. «Күшікбай кезеңінің түбінде бір жіңішке қара сыздық секілденіп» көрінетін «Қанайдың жолсыз қарасы» [2] болмашы серпілістен соң қайталай «көңілсіздік» сарынын кеулей бастауы заңды. Ересек және жас адамның бейіттері «Қаралы сұлуда» ерекше экспрессивті қызмет атқаратын «қара» концептінің ауыр әсеріне бөленген. «Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрған екі кішкене қара да бейіт секілді мүләйім пішінденген» [2]. Жазушы пішен қораның да, адам көргісіз үйдің де сырт көрінісі мен ішкі орналасымын соншалық дәлдікпен суреттейді. Қараңғылықта келген жолаушылар. Үйдің «іші» де «қараңғы» [2]. Мүлік-зат, көрпе-жастық, төсенішке дейін түгел сипатталған. Алайда аз да кедей жиһаздың «ыждахатты қолмен жиналғаны» [2] да назардан тыс қалмайды. Ол «Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездірмейтін уыз жас» [2] Ғазиза қылығы мен мінезін аңғартар таңбалық белгі.

Көркемдік-эстетикалық тұрғыда көңіл аудартатын нәрсе М. Әуезов мүсіндеген портреттер шынайылығы. Қайтыс болған Жақыптың шешесі мен соқыр әйелі, жалғыз қызының сырт пішіндемелері жадау үйдегі трагедиялық ахуал аясындағы үндеушілік сарынды жоққа шығармайды. «Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетінде ерекше бір қайрат білінеді, еркек пішіндес кесек, Үлкен, жалпақ маңдайлы,

кошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды. Тақырлау, сұйық қабақтың астынан көрінген кішкене өткір көздері қажыған салқын жанармен жалтылдайды. Маңдайы мен екі ұртына түскен қатпары қалың терең ажымдары өмірдің талай қайғы, талай бейнетіне куә. Бұл кемпір осы үйдің қазіргі қожасы» [2]. Өскен орта, туған жер тұрғындарының этнопсихологиялық, антропометриялық ерекшеліктерін бажайлап зерттейтін жас суреткер далалықтар арасындағы ермінезділік пен тәуекелшілдікті, қайсарлықты аса жоғары бағалайды. Ұлынан, немересінен айырылып, қайғы жұтқан кедейшіліктің тақсиретінен белі майысқан кейуана, жетім, жесірлер, соншама жұтаң тіршілік қасіретінің әуенін күшейтсе де, жүрегінің оты сөнбеген қарияның ауызекі әңгімесі шағын сюжеттік негізге құрыла отырып, намыс мотивін жаңа леппен тірілтеді. Осы аз ауыл пір тұтқан Күшікбай туралы аңыздың өмірлік сілемі жоғалып бітпегенін бедерлейтін психологиялық деталь қаһармандық сипаттағы кескіндеменің семиосфералық астарын үстейді.

Кемпір әңгімесі жанын түсінетін зиялы адамдарға емес, арам ниетті безбұйректерге арналуы трагедиялық әсерді ұлғайтқанмен, қыр тіршілігіндегі жабайы салт-дағдылардан, егесі көп, беймаза, күлкі әрекеттерден мол хабар береді. М. Әуезов әңгіме ішіндегі әңгімешінің сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, көңіл-ниетіне дейін шетін назармен өрнектейді. Автор – баяндаушы ара-тұра ремарка түрінде араласқаны болмаса, сөз тізгінін өзегін күйік жарған ерен бітімді әңгімешінің қолына тапсырады. Бұл эпизодтарда лирикалық шегініс, эмоционалдық экспликациялар және рет-тәртібі ауысып келетін бұрынғы өткен оқиғалар тізбегі бар. Мұндай суреткерлік әдіс сюжеттік композиция құрылымын жаңа жүлгелермен байытады. Кейуана тілінде шешендік арнау үлгілері, таңырқау, өкіну, наза, тіпті қайсыбір ез туыстарын менсінбеу, ұлының қайратын істері мен кеңпейілдігіне сүйсіну, ағайын опасыздығына күйіну әсерлері айқаласа тоғысып жатады.

«Жақып өлді. Одан бір жұма кейін, жығылғанның үстіне жұдырық деп, Мұқашым өлді. Күндіз-түні жылауда болып есеңгіреп отырғанымызда: енді бұл үйдің еркектері кетті, ылғи ұрғашы үй болып отыра алмайды; дүниесін бөліп аламыз; қатындарды әрқайсымыз қолды-қолымызға аламыз деп, балаларымның бет топырағы жасырылмай жатып, суық сөз жүргізді ғой. Баламның тірі күнінде ағайын ішінде жақын көріп, бауырына тартып, қолына түскен азын-аулағының жыртысын жыртып беріп жүрген жар дегенде – жалғыз сенген Ысмағұл не қылды?» [2].

Азалы жанның аһ ұрған зары өкпе-сын түрінде эмоционалдык кернеу түзеді, ой сілемі айналасындағы кейіпкерлердің іс-әрекетімен дәйектеледі, үйде отырып, сенген үнмен сөйлеу мәнері, өркөкірек мінезі түгел әдіптелген. «Мына жамандардың ішінде оның тырнағына татитыны бар ма? Жақыбым осы жолы ауырғанда – солардың кеселінен ауырған жоқ па! Менің қайнымның мылжың Дүйсен деген баласы бар ғой. Қатынша жыбырлағаннан басқа, адам сияқты бір мінезі, бір ісі жоқ. Жаннан асқан дүниекоңыз. Үйіне бір қонақ қонса, соған асқан бір жілікке жаны шығып, тыжырынып отырады» [2], – деп жалғаса беретін кемпір толғауларында болған оқиғаның фабулалық желісі де, өлі даладағы жансыз көрінетін ауылдардағы қызу қарбалас та сезім кереғарлығын тудыра отырып, қалыптасқан характерлер мен жағдай қарым-қатынасы жазушы емес, куәгер-әңгімеші атынан мейлінше ықшам әрі нанымды нақышталған. Сюжеттік әрекеттер жалаң баяндалмайды, қайта оралу тәсілімен әрі бір тұлғаның емес, әр адамның назарымен жаңғыртыла, бүкпе-қыртысы ашыла топшыланады. Кемпір мәлімдеген жайларға көзқарас көп. Жасырын кейіптегі автор ықыласы кәрі мүсәпірдің нар көңілі мен өр кеудесін кері итере алмайды. Үйдегі Ғазиза мен Зағип шеше үшін бұл – талай естілген жайт. Ал тыңдаушы Ақан болыс пен Қалтай үшін осы мәліметтер – арға сын сәт. Бұлардың тарапынан атқарылатын ауыр қылмыстың масқаралық тұрқын сана астарымен әшкерлей бейнелеуде Жақып анасының ашық монологтары елеулі көркемдік-эстетикалық жүк көтереді. Кейуана ұсақтық, қорқақтық пен қараулық тәрізді әдет-дағдыларды ұлттық менталитеттің ең төменгі, кесірлі нышандары ретінде тұжырымдама түйю үшін мол этнопсихологиялық деректер ұсынған.

Осынша қасірет құрығында қалған мүскіндердің зар күйін ысырып тастап, бейкүнә, сорлы Ғазизаны қорлайтын Ақанның тасбауырлығы, Қалтайдың ессіздігі мен арамзалығы қасіреттілік әуенін масқаралық (ужасное) аффект аясындағы жиренішті құбылыс ыңғайымен алмастырады. Бәрібір трагедиялық ахуал басым. Кемпірдің дара мекеншағындағы қуаныш пен үмітке толы әлем қазіргі ахуалмен қайшылықты күйді асқындыра түседі. Әңгімеші баяндауындағы уақыт пен кеңістік осы төңіректегі ауыс-түйіс қатынас, барымта, жесір дауы оқиғалары ауқымында ілгері-кейінді қозғалыс үстінде танылады.

М. Әуезов трагедиялық оқиға өтетін алаң, пішен қораның ішкі, тысқы орналасымын айна-қатесіз натуралистік дәлдікпен суреттейді. «Сезімі жоқ жауыз қара күштің қылған күнәсі мен зұлымдығына қатты тоң жер, суық балшық, көрдей қап - қараңғы

дүние куә болды» [2] деген жолдармен хронотоп белгілері бейнелі-сезімдік, айқын авторлық антипатия түрінде бейнеленеді. Бұған дейінгі бейтарап позиция амалсыз пердесін алады. Ол – сол дәуірдегі оқырман уақытымен есептесуден туған идеологемалық қадам.

Осыған сырт сипаты ұқсас, бірақ мән-мағынасы бөлек жағдайды Эмиль Золя да бедерлеген: «Үстінде жөнді лыпасы қалмаған, жалаңашқа жақын әйел бауырына кіріп келгенде, дегібірсізденіп барып, құшарлана қысып ала жөнелді. Оларға махаббат түні осылайша, қараңғы көр-қаптаста, неке төсегі саз балшық үңгірдің ішінде келіп жетті. Өмірден бақыт еншісін алмай өлгісі келмеген олар, тартысып та бақты, соңғы сәтте ұрпақты болмақ болды. Сөйтіп жаналқымға келген олар өлер түні ғана махаббат кәусарын жұтты» [3]. Тәркі тірлікте ешкім жоққа шығара алмайтын фрейдистік сарын екі шығармада екі түрлі қарама-қарсы рухани ахуалды көрсетеді. Жер жұтқан Ворея шахтасының астында жатып, жантәсілім беруге санаулы сағаттар қалғанда әншейіндегі сүйіспеншілік жолынан іштей ұялумен жүретін Этьен мен Катрин құмарлық жетегінде кеткеніне есеп те бере алмайды. Табиғи заңдылық өз күшіне мінеді. Оларды жазғыру қиын.

Ақан мен Ғазиза арасында еркек тарапынан жалған нәпсі құштарлығынан басқа оңтайлы ойдың болмауы бұл оқиғаның қасіреттілік бояуын тарихи-әлеуметтік, психологиялық аяда тым қалыңдатып жібереді. Ғазиза өлімі тұсындағы, одан кейінгі ақтүтек боран осы қасіреттің лейтмотиви іспетті. Әкесі мен бауыры жатқан қос моланы (бастапқы көрініс басқаша қайталаанады) құшақтап жан тапсыратын жас ару Күшікбай батыр сияқты қазақ атасын атқа міндіріп, наза ұстатқан ұлттық намыс биігінде қаза табады. Ерлікке тең ажал. Зорлықшы да, жәбір-жапаны ұждан-ынсап тазалығымен көтеруші де – бір ұлт, бір ортаның өкілдері. Қос мола – Арқалық тауы, Күшікбай кезеңі, Жақып қыстауы – әрі концептуалды, реалды мекеншақ, әңгімеде бейнеленетін қайғы мен сенімге толы өмір тартысы оқырман қабылдауындағы (перцептуалды), рухани мекеншақтағы сан алуан ұғым, пайым, эмоция, болжамға негіз салады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – Т. 1.
- 2 Шакенова Э. Художественное освоение мира // Кочевники. Эстетика. – Алматы : Ғылым, 1993. – Б. 104-107, 109, 113, 120.
- 3 Күлтегін (VII ғ.). Бірінші жыр. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы : Ана тілі, 1991. – Б. 467.

**МАЗМҰНЫ****Секция 1****Мәшһүртану және қазіргі әдебиеттану мәселелері  
Проблемы современного литературоведения и  
Машхуроведения**

<b>Актасов А. К., Жүсіпов Е. Қ.</b>	
Мәшһүр жүсіп көпейұлы түспалдап бейнелеу дәстүрін қалыптастырушы .....	3
<b>Алтаева Г. Е.</b>	
Мәшһүр жүсіптің ағартушылық көзқарастары .....	9
<b>Ахметова Т. С., Қарибаева Г. И.</b>	
Особенность собирания образцов народной устной литературы М. Ж. Копеева .....	13
<b>Боранбаева А. Ж.</b>	
Шәкәрім Құдайбердіұлының лирикалық шығармаларындағы мәселелер .....	18
<b>Джасқайратова Д. М., Мұхаметқали А. Т., Капасова Б. К.</b>	
М. Әуезов шығармаларындағы табиғаттың кейіпкер психологиясымен байланысы .....	22
<b>Қапзолла Ж. Б., Тыныбек Қ. Д., Капасова Б. К.</b>	
Мәнерлеп оқытуды үйрету технологиясы .....	27

**Секция 2****Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи – мәдени мұрасы  
Культурно-историческое наследие  
Машхур Жусупа Копеева**

<b>Айбекова А. Ж., Баратова М. Н.</b>	
Дін мен әдебиеттің тоғысындағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы .....	32
<b>Алимова А. К.</b>	
Мәшһүр Жүсіптің діни өлеңдері .....	37
<b>Бүлөжан Т.</b>	
Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларындағы ежелгі ел билеушілері .....	40
<b>Жумабаева К. М.</b>	
Вклад Сутжанова Сайфитдена в культурно-историческое наследие Машхур Жусупа Копеева .....	46
<b>Заркенова Г., Рысбаева М. Ж.</b>	
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлемі .....	52
<b>Ngisheva M.</b>	
Edebi tür olarak münacat ve Meşhur Jüsip Köpeyuli'nin münacat eserleri .....	58

**Каппаева Ш. А.**

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи-мәдени мұрасы .....	66
<b>Мухаметжан А. Ж.</b>	
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи-мәдени мұрасы .....	72
<b>Нуржанова А. С., тКибашева Б. С.</b>	
Мәшһүр акынның өміршең өлең өрнектері .....	75
<b>Нуржанова Г. К., Касимова Р. А., Жақуленова Г. Б., Сейсембаева А. Ж.</b>	
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – халқының біртуар перзенті .....	80
<b>Омар Ә., Ельмуратова Б. Ж.</b>	
Ұлы ғұламалардың ой түйінділері .....	85
<b>Пазылов Ә.</b>	
Әлкей Марғұланнның Мәшһүр Жүсіпке жазған хаттары .....	88
<b>Пазылов Ә.</b>	
Мәшһүр Жүсіп музейі – рухани мұраның шаңырағы .....	96
<b>Пазылов Ә.</b>	
Шапық Шөкіұлы жазбаларындағы Мәшһүр Жүсіп .....	100
<b>Пазылова М.</b>	
Мәшһүр Жүсіптің жастарға қалдырған мұрасы .....	105
<b>Рахметуллин Е. Т., Айтмухан С. С.</b>	
Культурно-историческое наследие Машхур Жусупа Копеева .....	108
<b>Рысбаева М. Ж.</b>	
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи мұрасы, мұражай .....	112
<b>Сальдина Г. Н.</b>	
Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармашылығындағы тарихи тұлғаларды ғылыми-зерттеу тұғырнамасы .....	116
<b>Турсынхан А. К.</b>	
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи-мәдени мұрасы .....	122

**Секция 3****Мәшһүр Жүсіп және жалпы тіл білімі мен журналистика  
Машхур Жусуп и общее языкознание, журналистика**

<b>Бейсембаева И. М.</b>	
Ағылшын тілі пәні бойынша оқушы білімін бақылау мен бағалау .....	125
<b>Бейсембаева С. М., Каппасова Б. К.</b>	
Электронды бақ журналистикасы және оның болашағы .....	130
<b>Джаубаева А. З., Бейсенова А. А., Бекова М. С., Қудайбергенова К. А.</b>	
Тәуелсіздік тұғыры және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы .....	135
<b>Дюсембаева Г. Б., Қарипжанова А. О.</b>	
Жыл мезгілдеріне байланысты лексикалық бірліктердің этнолингвистикалық арналары .....	140



<b>Елубай А. М.</b>	
Қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі әйел бейнесіне салыстырамалы талдау .....	146
<b>Жаменкенова Г. Ш.</b>	
Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тілі және қоғамдық өзгерістер.....	151
<b>Қақабай С. Ф.</b>	
Айқын газеті және өзекті мәселелер .....	159
<b>Келамшаравқызы М., Жуманбаева Р. О.</b>	
Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанының лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	165
<b>Лалеш Ж., Жуманбаева Р. О.</b>	
Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани-хикмет» дастанының тілдік ерекшеліктері.....	174
<b>Мұса А. С.</b>	
Қазіргі бақ баспасөз агенті.....	177
<b>Мұхамедқалиқызы Б. К.</b>	
Қазіргі қазақ журналистикасындағы тіл мәселесі .....	179
<b>Рабе К. А.</b>	
Студенттердегі стресске төзімділік: табысты оқу мен өмірдің кілті.....	183
<b>Саттарова А. Т., Абдуллаева К. М.</b>	
Языковое выражение национальной культуры в произведениях Машхур Жусупа .....	187
<b>Сурумбетова К.</b>	
Шекаралық тұтастық .....	193
<b>Тоймырза А. Н.</b>	
Өңірлердегі баспасөз агенттіктері мен қызметтері .....	197
<b>Шакманова А. Т., Кадырова Б. М.</b>	
Іскери қарым-қатынас: ерекшеліктері мен лингвистикалық сипаттамалары .....	201

#### Секция 4

#### Мәшһүр Жүсіп ілімінің қазіргі гуманитарлық ғылымдармен үндестігі және жаһандық өркендеудегі орны Созвучие современной гуманитарной науки с учением Машхур Жусупа и его место в глобальном процветании

<b>Авдол С.</b>	
Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы гуманитарлық ілім .....	205
<b>Бадалян С.</b>	
Искусственный интеллект – инструмент будущего поколения .....	209
<b>Батталов А. Б.</b>	
Казахская философия: от становления до современности.....	213
<b>Бейсенова А., Трушев А. Қ.</b>	
Қазіргі балалар кітапханаларының мәселелері мен жұмыс бағыттары .....	221

<b>Бекишев Е. Т., Мырзақанов М. С.</b>	
Қазіргі заманғы кескіндеме әдістері .....	225
<b>Голован В. В.</b>	
Роль физкультурных занятий в эмоциональной регуляции школьников .....	229
<b>Мустафина Ж. Д., Мәден А. Т.</b>	
Христиандық жаңа діни ұйымдардың діни тәжірибелерінің ерекшелігі .....	232
<b>Зейнулина А. Ф., Ташекова А. Т.</b>	
Әлемдік адамгершілік ұстанымдағы Мәшһүр Жүсіптің ғажалия сөз өнері .....	240
<b>Байжанова А. С.</b>	
Хайуанат жайындағы ертегілер.....	248
<b>Нажмиден А. Б.</b>	
Қаһарманды суреттеу принциптері.....	255
<b>Серекпаева Л. С.</b>	
Хикаят мәселелері .....	261
<b>Даулетханова А. А.</b>	
Жұмбақтар .....	267
<b>Муса М.</b>	
Реалистік эстетика және стиль .....	273

**«МӘШҮРТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ  
ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор А. Р. Омарова  
Корректор: Д. А. Кожас  
Компьютерде беттеген: З. С. Исакова  
Басуға 13.11.2023 ж.  
Өріп түрі Times.  
Пішім  $29,7 \times 42 \frac{1}{4}$ , Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 16. Таралымы 500 дана.  
Тапсырыс №4160

«Toraighyrov University» баспасы  
«Торайғыров университеті» КЕАҚ  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.